

84(5Қаз/Қаз7
к 29

КОШКЕ
(ҚОШМУҲАММЕД)
КЕМЕҢГЕРҰЛЫ



ШЫҒАРМАЛАР

Қошке (Қошмұхаммед) Кеменгерұлы

ШЫҒАРМАЛАР



84(5к23)кз37

к 29


Қошке (Қошмұхаммед) Кеменгерұлы

ШЫҒАРМАЛАР

Құрастырып, алғы сөзін, тусіндемесін жазып баспаға дайындаған филология ғылымының кандидаты
Рашия Байахметқызы Рүстембенова

542957

бкп



А. Садықманов

М
ББК. 83.3 Қаз.
К 69

«Тұлға» жекеменшік өндірістік
фирмасы

Қазақстан Республикасы мәдениет қоры жанындағы
«Мұрағат» ғылыми-зерттеу және баспа орталығы.

Жауапты редакторы Рүстембекова Р. Б.,
филология ғылымының кандидаты.

Ізкір жаңған Дихан Қамзабекұлы

Шығаруға жауапты Аянова Ж. М.

..

Жинақ Сталин жеңдеттерінің қолынан мерт болған Алаштың
ануды азаматқа белгілі жазушы, сыншы, тіл азаматы, тарихшы Қош-
ты Кемелгерұлының 20—30 жылдар аралығындағы шығармашылық
жолымен таныстырады. Жинақ оқырман қауымының жүрегіне жол
табады деп сенеміз.

ISBN 5-7667-3278-3

Қазақстан Республикасы
Баспасөз және бұқаралық
ақпарат істері жөніндегі
Ұлттық агенттігі

ББК-83.3 Қаз.
© «Тұлға» — Ж. Ө. Ф.

Қошқе (Қошмұхаммед) Кемеңгерұлы

(1896—1937)

Дарынды жазушы, ғалым, тыл мажаны, дәрігер, адам-
тың білімді де беделді азаматтарының бірі Кемеңгер-
ұлы 20 жылдары қоғамдағы күн сайын өзгеріп жатқан
наілге араласып, халқына анықтан қызмет етті. Қазып
тоңкерісі үшін мәңгіде бостандық өнедді, әділетті, ор-
қайды деп жаны қорамды адам институтын қабылдап, үз-
кен үміт артты. Сан-садала білімін елің көркейту жо-
лына жұмсап, қысқа өмірінде ұрпаққа өнеге боларлық
рухани қазына қалдырды.

Қошқе Омбы облысында тұған, руы — Қарлұқ.
1920 жылы Омбының рухани шаруашылық мектебін бі-
тіріп, Қызылжарда мұғалімдер дайындайтын курста хи-
мия, биология пәндерінен сабақ берген. 1921—24 жыл-
дары Омбының дәрігерлік институтында оқыды. 1924—
1930 жылдары Ташкентте пединститутта жұмысшы фа-
культетінде және әскери училищесінде қазақ тілінен дәріс
оқып әрі сырттан аспирантураға түседі.

1930 жылы М. Әуезов өкпеуі бір түнде ұсталып, Ал-
маты түрмесіне қамалды. Сол кезде абықтыңдан жол-
даған хатында:

Ашынып үш күн болды, жаттым төзіп,
Жетірмың жас өмірден күдер үзіп.
Жан жарым, жандай көрген үш құлағым,
Қаласың әлде кімге көзің дүзіп.

Қамалдым өткелі жоқ терек жарға,
Әділдік таба алмадым, аман бар ма?
Осыдан олай-бұлай болып кетсем,
Жеткізер кім сөлемді жолдастарға. —

дәйлі. Жылдарды арқалап жеткен хат-өлеңнен күйсө-
сіз күйген қыршың азаматтың өмірден күдер үзіп, дәр-
менсіздіктен шыңыған жан азабы, жүрегін жарып
шыққан ашы зары естіледі. Бұл жолы аз уақыт болса
да Қошқенің мойнына түскен қыл арқан сол босап,

ажалдың құрығынан құтылады. 1932 жылдан 1935 жылға дейін Украинаға Волуйки деген жерге айдалады. Енді үміт сәулесі елес беріп, қайтып келемін деген сеніммен бала шағасын, сүйген жарын туған-туысқандарына, ел-жұртына тапсырып:

Жаздым сәлем Әндәрға,
Тілегі бір жандарға.
Гүлсім менен үш ботам.
Бір жылша қонақ ортаңда.
Көпнен көрген ұлы той,
Сағындым деп налыма, —

десе,

Ойдасам адам — қайық, тұрмыс — теңіз,
Тұрғанда бақыт құсы көңіл семіз.
Қажыма қайратқа сал, сабырлық кыл,
Қуаныш, іренішпен екеуі егіз, —

деп, оларға қуат бергендей, тұйыққа тірелген дәрменсіздіктің орнына көптің басына түскен зұлмат екеніне көзі жеткендей. Бірақ Қошке ойлағандай бір жыл емес, туған жерінен қашықта үш жылға жуық жүреді. 1935 жылы Шарбақкөлге оралып, 1937 жылы екінші рет тұтқынға алынады. «Совет үкметін құлату мақсатында құрылған Сібірдегі ұлтшыл жасырын ұйымның жетекшісі» деген жаламен 1937 жылы тамыздың 7-сінде ұсталып, қарашаның 21-інде Омбыда Сталин жөндеттерінің қолынан мерт болады.

Сөйтіп, қаламгердің шығармашылық жолы — 20—30 жылдар аралығы ғана. Осыдан кейінгі жылдар — жазықсыз сергелденге түсіп, қасірет пен азашқа дұшар болған жылдар. Тағдыр оның қияға құлаш сермеген биік арманына бұғалық салып, үміті кесілген жылдар еді.

Қ. Кемеңгерұлы 1930 жылы түрмеден жазған хатында:

Жазығым жоқ ишелей,
Неден жала жабылған? —

деген сұрақ қояды.

Иә, абзал азаматтың бар «жазығы» — табиғат сыйлаған дарыны мен білімін туған халқының жолына бағыштағаны. Оның айғағы — жан-жақты қамтитын мұрасы. Олар: қазақ халқының тарихына, мәдениетіне, Қазан төңкерісінен кейінгі жаңалық, тіл біліміне қа-

тысты туындылары, «Жабропалықтар үшін оқу құралы».

Көркем әдебиет саласында алғашқы қадамын Қошкенің аудармадан бастаған. 1915 жылы Пушкиннің «Пайғамбар» /«Пророк»/, Н. Никитиннің «Сөзге көлдің жағасында өлеңдерін аударып, осы жылдары «Жазғы-тұры», «Солған гүл», «Бақ іздеген» атты өзінің тәл өлеңдерін де «Айқап» журналында жариялатан.

Әрине, бүгінгі талғам межелесінен қарасақ, аудармасы олық түсері хақ, бірақ сол дәуірде Пушкинмен қазақ қауымын таныстыру таалайының өлі айтуға тұрарлық десек, әрі Қошкенің орыс классиктерінен сұғынған нәр алғандығын көреміз. «Бақ іздеген» өлеңінде /«Айқап», 1915, № 12/ Шығыс ақындарының, Абайдың «Мағұд» поэмасының ықпал-әсері сезіледі. Байлық, мансап, махаббаттың жолында көп іздейін әділетсіздікке душар болған жас жігіт күзетшісі жоқ өсігі ашық ақорда, алтын сарайға:

«Еңбектің құшақ ашып тұрған жері,
Ғаделет, ар-намыстың қонған жеріне» —

кездеседі.

Ақын бақыт еңбекте деген түйін жасайды. Өлеңінің өзі бойында бейнелі көрініс пен терең мұнына сабақтасып келеді. Жас ақынның ой жүзесінде өмірді көрген кексе адамға тән көрегенділік бар:

Басыңда тұрған шақта дәулет күесі
Болмайды сенен артық тәуір кісі.
Қолыңнан кеткен күні мал менен бақ,
Бұзылар жан досыңның ашық түсі. —

дейді.

Қошкенің жоғарыда көрсетілгеннен басқа өлеңдері жоқ (түрмеден жазған өлеңдерін айтпағанда).

Қаламгердің көркем әдебиеттегі орнын 1955 жылы асығыс шығарылған кішкентай жинағы бойынша бағалау қиынат болар еді.

Ол жинаққа кірмей қалған мақала-өчерктерің есептемегенде, журналдарда жарық көрген: «Қазақ әйелдері» («Әйел теңдігі», 1927, № 4), «Момынғай» («Лениншіл жас», 1925, № 3) «Жетім қыз», («Жас қайрат», 1924, № 6), «Назика» (1928), «Дүрия» (1927), «Қаңлы толқын» («Еңбекші қазақ», 4. 1. 1926) әңгімелері — уақыт шындығын бейнелі тіл өрнегімен жеткізген реалистік туындылар. Мысалы, «Қазақ әйелдері» әңгімесінде: «Асқар белді, шалқар көлді, самал желді еркін ел Сарыарқа сайран еді. Күнде той, күнде сауық мейрам

еді. Бірақ, әйелі күң еді, әйелдің көрген күні тун еді. Сол кездегі әйелдердің қанды тұрмысы, торлы тұрмысы, көпкең бұлттай, тоғытқан қойдай алдарынан өтеді», — деген жолдарда қазақ әйелінің қайғылы, мұңды өмірін бейшелі кестемен, сөз екпінімен әсерлі суреттеп: «Ақ қағазды бояған жүректің тұңғық сырын, ауыр мұның, асау қарқынның, баяу толқынның, қаң төккен зарын, азап шеккен арын суық ақыл ұғынбайды, шетік жүрек ұғынады», — дейді. Лек-легімен төгіліп отырған сөз қуатын ұйқасын келетін әр сөйлемнің соңындағы қайталау әсерлендіре түседі.

«Назика», «Дүрия» әңгімелерінде Кеңес заманы арқа сүйен, өз уақыты үшін күрескен өжет қыздар тұлғасы арқылы жазушы сол дәуірдің аса қажетті әйел теңдігі мәселесін көтереді.

Кемеңгерұлының ден қойып жазған тақырыбының бірі — жетімдер тағдыры — «Жетім қыз» /«Жас қайрат», 1924, № 6/ әңгімесінде қаршадайынан анасынан жетім қалған қыздың аянышты, мүшкіл халін суреттей келіп: «Біз көрген жеке бақыттың, тоқтықтың құны жеті тиынға да тұрмайды — жалпы бақыт, ортақ өмір керек деген ой желісіне «Дарабек байланды» деген публицистикалық сарын — шығарма идеясы. Жетімдердің тағдыры реалистік суреткерлерді әрқашан қатты толғантқан тақырып еді. М. Әуезовтің «Жетім» әңгімесі де сол 20 жылдары жазылған болатын.

Кемеңгерұлы «Момынтай» әңгімесінде /«Лениншіл жас», 1925, № 3, 4, 5/ осы тақырыпқа тағы айналып соғады. Әкеден жетім қалған сәбидің 6 жастан қозы сонында, байдың таяғының астында өткен өмір жолын әр түрлі жағдайда шынайы бейнелеген. Шығарма соңында: «Момынтай қор тұрмыстан, қол-аяғын байлаған құлдықтан құтылды, жарық дүниеге шықты, азат болды, алампшылыққа қадам басты», — деп, жазушы көтеріңкі нафоспен Октябрь әкелген жаңалықтың жаршысы болып үн қосады. Екі әңгіменің бүгінгі жас ұрпаққа тәрбиелік мәні де халқымыздың өткен тарихын, әдет-ғұрпын білуде танымдылық мәні де ерекше.

«Қанды толқын» («Еңбекші қазақ», 4. I. 1926) атты шағын әңгімесінде азамат соғысы кезінде ақтардың әскерінің қазақ ауылдарын қызыл қанға бояп көрсеткен айуандықтарын суреттейді. Деректі әңгіме сипаттап әсер қалдырады.

«Отаршылдық ұшқындары» (1925) әңгімесі аты айтып тұрғандай, Қаладағы орыстардың ел қазағына

көрсеткен мазағына қорланған оқыған азамат Жаңатай: «Тұрмыстан ел қазағының соққы көретіні — надалдығы, оқымағандығы. Оқыған мен жұмсақ төсекте жатырмын». «Оқыған мен тапқ жемеймін, мені «арда» деп ешкім келемеж қылмайды. Ел қазағы оқымай бұл құлдықтап құтылмайды», — деп ағартушылық идеямен әңгімесін түйіндейді.

Қошкениң сан қырлы талантының жұртшылыққа көмескі саласының бірі — пьесалары. Алғашқы пьесалары көркем үйрмелерде қойылған: «Бостандық жемісі» /1919/, «Қасқырлар мен қойлар» /1920/ жайында да дерек шамалы. Қошке шығармаларына әрдайым ұлттың көкейтесті мәселесін арқау еткен. «Қасқырлар мен қойлар» пьесасында ойнаған Қошкениң жерлесі Жанқонақов Жүнісбектің естелігіне сүйенсек, оқиға қазығы 1916 жылғы патша жарлығы кезіндегі паразит беккен жуандарды — паракорларды әшкерелеу.

Қошкениң жарық көрген тұңғыш пьесасы — «Алтын сақина» /Орынбор, 1923/. Қазақтың ұлт театрының сахнасын ашқан — осы пьеса. «Еңлік — Кебек» емес. Оған дәлел — «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған мына хабарландыру:

«Ғынуардың 13-і күні кешкі сағат 6-да мемлекеттік ұлт театрының ашылу мерекесі болады. Театр әртістері Кемелгерудының «Алтын сақинасын» ойнайды. Оған сонынан концерт, демалыс уақыттарында оркестр ойнайды. Театр деректірі Дінше», — деп қол қойған. Және сол күні «Алтын сақинаның» қойылғанын, оған Міржақып Дулатов семьясының барғанын қызы Гүлнор Дулатова растап отыр.

Смағұл Садуақасов «Алғашқы тәжірибелер /«Еңбекші қазақ» 29.1.1926/ атты мақаласында сахнаға лайық пьесалар бар ма деген сұраққа: «Еңлік — Кебек», «Алтын сақина», «Сылаң қыз» /Жүсіпбек/ пьесаларын атайды. Және «Алтын сақина» жайында біраз пікір айтып, әртістердің ойынына тоқталады.

Әрине, әлеуметтік тереңділігі, шеберлік жағынан «Еңлік — Кебек» пьесасы теңдесі жоқ туынды және жазылу мерзімі жағынан да ертерек (1917 ж.).

Біз бұл арала тарихи шындықпен жұртшылықты таныстыруды көздедік, «Алтын сақинаның» аталмай келуінің себебі түсінікті де «Халық жауы» аталды ғой. Пьесаның оқиға қазығы — ене мен кезін арасындағы тартысқа құрылған. Қаһарлы ененің қияматынан қаза болған келіннің тағдыры.

Драма мазмұнын тар шеңберде қарасак, от басының қасіреті іспетті. (Кейбір зерттеушілер осылай бағалап, сахнаға қоюға ықпалсыз.) Қоғамның өзі от басынан бастылады десек, мұны ұсақ тақырып деп қарауға болмайды. Және ене мен келін арасындағы мәселе — өмірі ескірмейтін маңызды тақырып. «Алтын сақинадағы» келін мен бүгінгі келіндерді салыстыра қарасак, пьесаның гибраттық мәні айқындала түседі. Ертеректе, тіпті, 1923 жылы басылып шыққанға дейін көптеген үйірмелерде қойылып, атакты әртістеріміз Күләш Байсейітова, Қапан Бадыровтар басты рольдерде ойнаған. Қалай дегенде де бүгінгі сахнаға қоюға лайық.

«Алтын сақинадан» кейінгі шағын екі комедиясынан («Ескі оқу», «Парашылдар») басқа «Күнәсіз күйгендер» пьесасын жазған Қапан Бадыровтың естелігіне сүйенсек, «Хан Кенемен» бір кезінде сахнаға шыққан. Өкініштісі, бұл пьеса да әзірге қолға түскен жоқ. Тек қана Ілияс Жансүгіров пен Ғаббас Тоғжановтың «Қазақтың театр өнері» (1933) атты кітабында тарихи пьесалар туралы айта келіп, Қошкенің «Күнәсіз күйгендері» жайында 1—2 бет көлемде пікір бар. Пьесаның мазмұны ғана емес, сыныпшылардың пікірімен де оқырманды таныстыру мақсатымен толық келтіруді жөн көрдік: «Бұл пьесада орыс патшасының отаршылдық саясаты, қазақты жерінен айыру, жерге таласу көрсетіледі. Пьесада жер таласы қазақтың бір ауылы мен бір помещіктің таласы болып көрсетіледі. Помешікке полиция, землемер, қазақтың болысы, ауылнайы қосылады. Жер беруге ауыл қарсы болады. Мұны бастайтын бір ауыл ішіндегі беделді ақсақал болады. Талас ұлғаяды. Бастан жүрген шал оққа ұшып өледі. Артында қалған екі баласы (бірі — оқыған, көзі ашық, енді бірі — оқымаған) өсиет қалдырады: «Өліңдер, жер бермендер», — дейді.

Помешік, полиция, болыс, ауылнай — бәрі бірігіп зорлықпен ауылды көшіреді. Екі бала атқа мініледі. Жігіт жинап, помещікті талайды, егініне өрт салады. Үкімет бұларды ұстамақ болады. Бұлар ұстатпайды. Ағаш, тау арасында қашқып болады. Орысты тонайды. Полиция, болыс, ауылнай келіп, ауылда қалған қатын, балаларын сабайды. Тауып беріндер дейді. Біреуі айтып қояды. Жігіттердің үстінен шығады. Атысады. Ақырында жігіттердің оғы таусылады. Біреуіне оқ тиеді. Оқыған жігіт оғы біткен соң өзін өзі жарады. Үстірт қарзғанда пьесаның мазмұны да, құрылысы да дұрыс сықылды.

Отаршылық заманда болатын бір оқиға сықылды Бірақ бұл пьесаның сырт мазмұны осылай болғанымен, саяси бетінде, қорытындысында үлкен астар бар. Пьесадағы әр кейіпкерлер, олардың аузына салынған сөздер бір ауылдың және бір помещіктің ғана басындағы әңгіме емес. Жер үшін таласқан ауыл ішінде бастаушы шал мен оның артында қалған балалары, әсіресе оқыған баласы бүтін қазақ қорғаны — жоқшысы болып көрсетіледі. Ауылдағы өлеңшінің, бақсының аузына оқыған ұлтшыл сөздері салынады.

Қысқасын айтқанда, пьесадағы уақиға бір ауыл, бір помещіктікі болса да, көрсетілетін кейіпкерлер, сөйленетін сөздер қазақ, орыс арасына түседі. Екі ұлт арасындағы талас болып шығады. Жазушы бұл сырды білдірмейін деп, қазақ жерін алушыны жалғыз «Мішка» деген помещік қана қылыпты. Мұнысы, әрине, шымылдық емес. Бұл — әшейін жазушының сасық айласы. Жерге таласта қазақ пен помещік өзі таласқан жоқ. Помешіктің әмірі, тегіне сүйеніп, ішкі Ресейдегі помещік жерін кірістірушілерді помещікке, патшаға қарсы наразылығын басамын деп патша үкіметі қазақ жеріне ішкі Ресейдегі жерсіз кірістірушілерді әкеп салған, соларды қазақпен таластырған.

Оған соң пьесада орыстың ықпал отаршылары ғана көрінеді. Орыстан орыс патшасының отаршылығына қарсы қазақты қолдаушы не қазақты аяушы ешкім болмайды. Орыс ұлты полиция, помещік, шенеуніктер болып қана не осылардың адамдары ғана болып көрінеді, кірістіруші жоқ.

Қазақтар арасынан бір болыс, бір ауылдай ғана помещік жағына шығады. Онда да екіжүзді болып жүреді. Өзге ауыл тұтас бозалы. Жырықшақ жоқ. Өзара ықтымағы күшті, қазақ болып қайғырушы, ел қамын жейтін шал мен оқыған жігіттің артынан бірі елмен еруші болады. Ауылда тап жігі, байдың кедейге зорлығы, кейде байдың жері үшін кедейдің ұсталып кетуі, тоналуы сықылды оқиғалардың бірде-бірі көрінбейді.

Пьесаны жазушы ұлтшыл, сондықтан оның ең бұрып таңқан үлгілі кейіпкерлері де сол ұлтшылдар. Бастаушы ауыл адамы шалдың да, оның балаларының да тұрмысқа көз қарасы, жұртқа айтары қадімгі ұлтшылдардың ғана сөзі.

Әрине үлгілі кейіпкерлер ұлтшылдар ғана болса, жер мәселесіне ұлтшылдар көзіменен ғана баға берсе, сөз жоқ, ол пьеса қазақтың жер үшін таласын, орыс патша-

сының отаршылдық саясатын толық, дұрыс көрсете алмайды. Бір бет көрсетеді. Бұл табиғи нәрсе. Қошқе де пьесасында жер мәселесі таласын осы ұлтшылдық көзіменен теріс, бір бет көрсеткен («Қазақ театр өнері», 1933, 11—15-б.).

Бұл арада Жансүгіров пен Тоғжановтың баяндауы бойынша пьесаға пікір айту қиын. Мына үзінгіден түбегін қортынды: пьесаның ең басты кемшілігі — ұлтшылдық. Ол орыстардың жақсы, жаманын ажыратпай, бәрін қара бояумен көрсетуі. Сөзсіз, авторлар 30 жылдардағы үстем алған идеологияның арымымен кеткен. Және бұл еңбектің жазылған уақыты — Қошқенің 30 жылы ұсталып, 32—35 жылдар аралығында Воронежге жер аударылған кезі. Сондықтан мұндай жазушы туризмі жылы пікір айту өзін-өзі ұстап беруден бірдей еді. Ғаббас Тоғжанов ертеректе де «Қазақ тарихынан» (1924) атты еңбегі туралы «Қошқенің саяси жолы — ұлтшылдық» деп сынаған болатын. Ғаббас өзі де «ұлтшыл», «халық жауы» болып ұсталып кеткенше алғашқы бетпен таймайды.

Пьеса мазмұнынан жазушының қазақ халқының еса бір қиын-қыспаққа душар болған дәуірі — отаршылдық саясатқа қарсы қатерлі заманның қаһарынан қорықпай батыл күрескенін көреміз.

Жансүгіров пен Тоғжановтың пікірлері сол кезеңдегі әдебиетіміздің бағыт-бағдарынан көп мағлұмат береді. Және «ұлтшыл» деп айдар таққан көптеген таланттарымыздың «халқым» деп соққан үлкен жүрегінің лүпілін айғақтағандай.

Қошқе тарих, тіл білімі саласында: «Қазақ тарихынан» (М., 1924), «Бұрынғы ежелгі ұлттар» (М., 1925), «Қазақша-орысша тілман» (М., 1925), «Жапполастар үшін оқу құралы» (I—II кітап, 1928, 1929) атты бес кітап шығарған.

Кемелерулының ұзықтың көкейкесті мәселелері — тіл үйрету, тіл тазалығына арналған мақалалар, өнеркестері («Тілшілердің міндеті», «Қазақша-орысша тілман туралы түсініс», «Жат сөздер туралы», «Жат тіл оқыту жолы», «Қотыр сөздер») 20 жылдары газет-журналдардан жарық көрген.

Сонымен қатар, шаруашылық жағдайы, ел басқару ісі, халықтың тұрмыс-күйі, оқу, мәдениет саласын қамтитын («Қызмет иелімінің қонақдасы», «Ментел күйімізде болу керек», «Ақжол» тілшілерінің конференциясындағы баяндама», «Жол әсері» т. б.) мақала, жол

жазба, баяндамалары да баспа бетінде жиі жарияланып тұрған.

Ана тіліміздің дамуы саласындағы көрнекті еңбек Кеменгерұлының басқаруымен құрамында Бұралқиев Мұстафа, Байтасов Есім, Байғасқин Абдолла, Баймақанов Шәкір, Дәулетбеков Ғаббас, Темірбеков Сұлтан, Сәрсенбаевтардың қатысуымен, «Қазақша-орысша тілман» (Мәскеу, 1925) кітабы шыққан. Құрастырушылар, Қошқедең басқасы, тілші де, әдебиетші де емес. Бірақ аса пәжест істі атқаруға белсеніп кіріседі. Айталып, Дәулетбеков Ғаббас Орта Азия университетінің заң факультетін бітірген. Заң қызметінде жүріп әділетсіздік пен қиынаттық күрсі болған азамат, «жазықсыз жандардың ана жасын көре алмаймын» деп 33 жылы мемлекет банкесіне ауысып, Сол қызметте жүргенде Қызылжарда 1937 жылы ұстааны, атылып кеткен. Бұл күнде бәйбішесі сексеннен асты, тірі Жалғыз қызы Елена үлкен жылдар мектепте орыс әдебиетінен сабақ берген, бұл күнде лейнеткер. Есім Байтасов Ташкентте оқып жүрген студент екен. Мұстафа Бұралқиев оқу-ағарту саласында қызмет істеген. Бәріннің басып қосқан ортақ мүдде — қайтсем еліме себім тиеті деген игі ниет.

Сөздің тілдік мәнінде авторлар алдында үлгі боларлық нұсқаның жоқтығын айты келіп, тіл мамандарының атқаратын жұмысын өздерінің қолға алуы уақыт талабынан, туғандығын ескертіп: «Словари может послужить не только для слушателей военных школ, но и для евреевцев, служащих в Казахской Республике, а также для лиц, слушающих казахский язык», — деді. Сөйтіп, Қ. Кеменгерұлы қазақша-орысша сөздік шығаруды ұйқысы болған. Кейін оқушылардан осы кітап туралы түскен хаттарға газет бетінде «Қазақша-орысша тілман туралы түсініс» («Еңбекші қазақ», 1926, 24, XI) деген мақсала жазды. Оқушылардың «қазақша емес, жаттық емес» деген сөздерін сараңқа салып дәлелдеп: «Қазақтың сөзінің жартымен араб. парсылан Оларды қазақтың тіл сөзі деп, орысша ба?» — деп тиістікті, салмақты түрде жауап қайтарып, кейбір сөздердің мағынасын түсіндіруде М. Әуезов, Абай шығармаларына сілтеу жасайды. Сөздік тіл даму тарихындағы тұңғыш құрал болғандықтан ғана емес, мазмұнымен де күндіз рухани қазынаммыздың қатарында.

Кеменгерұлының тіл біліміндегі аты аталған күрделі еңбектерінен басқа 20—30 жылдары газет журналдары

шыққан мақалаларында ана тіліміздің тазалығы мен тіл байлығына баса назар аударған.

«Жат тіл оқыту әдісі» («Жаңа мектеп», 1927, № 3—4) атты екінші бір мақаласында автор белгілі орыс ғалымдарының тәжірибесіне сүйене отырып, шет тілді үйрету тәсілі жөнінде өз пікір-ұсынысын ортаға салады. Осы мақалада Қошқе: «Жат тілді үйренуден бұрын өзінің ана тіліне жүйрік болу керек». — дейді.

Өз басы осы биік талап деңгейінен табылған да. Ол туралы жерлестері: «Қошкемен алғаш кездесіп орысша сөйлескен адам, оны қазақшаға шорқақ шығар деп ойласа, қазақша сөйлескенде орысша білмейтін шығар деп ойлайтын, екі тілге соңшалық жүйрік еді», — дейді. Зайыбы Гүлсім шешеміздің айтуынша Қошқе араб, парсы тілдерін білген сияқты. Араб-парсы тілін білгендігінің айғағы — қазақша-орысша сөздікке берген түсінігі мен мақалалары.

Кемеңгерұлы «Қотыр сөздер» («Жаңа мектеп», 1926, № 14, 15) мақаласында сөзді бұрмалап қолданушыларды сынап, ауызекі айтылғанда кешірілгенмен, қотыр сөздердің баспа бетінде шығуына қарсы болған. Тіл мамандарының еңбектері теория болып қалмай, іске асуын талап етеді. Автор тіл шұбарлаушылардың кемшіліктерін көрсете отырып, содан арылудың жолын нұсқайды. Осы мақаладағы ойын Нәзір Төреқұловтың «Жат сөздер туралы» (Мәскеу, 1926) кітабына жазған көлемді мақаласына («Қызыл Қазақстан», 1926 № 11, 14) әкеп сабақтастырады. Қошқе жаңа дәуір әкелген шет сөздердің жазылу жобасында Төреқұловтың пікірін көп жағдайда қолдағанмен, келіспейтін жерлерін дәлелмен шегелеп отырды.

Қошкенің жан-жақты білімінің тағы бір қырын ашапай еңбектері — «Қазақ тарихынан» (М., 1924) және «Бұрынғы езілген ұлттар» (М., 1925) атты кітаптары делік. «Қазақ тарихынан» кітабында ол қазақ халқының Ресейге қосылуынан бұрынғы тарихына жалпы шолу береді. Хандардың ел билеу саясаты, орыс мәдениетінің ықпалы, кәсіпшілік, ағартушылық, халықтың мінез-құлқы жайында жазды. Халқымыздың кемеңгер ұлдары Шоқан, Ыбырай, Абай және ХХ ғасырдың басындағы ақын-жазушылар туралы біраз пікір айтады. Абайды 20—30 жылдары вульгарлық социологизмнің әсербақандары «байшыл-феодал ақын» деп аластап жатқанда, Қошқе: «Алғаш ұлт әдебиетіне өрнек берген,

алеумет тұрмысын толық тексерген, идеалға сілтеген Абай болды», — деп әділ баға береді.

«Қазақ тарихынан» кітабы — өткен тарихымыздан біраз ақпар беретін, ұлттық тарихымызды зерттеуде аса қажет еңбек. Сыңшы Ғаббас Тоғжанұлы осы кітапқа жазған алғы сөзінде тарихтан жазылған тұңғыш кітаптың бірі екенін айта келіп, танымдылық мәнін жоғары бағалайды: «Жазушы қазақтың ешкімге бағынбаған кезіндегі тұрмысын қысқаша шолып өтіп, Россияға бағынғаннан кейінгі тарихын көбірек тоқталады. Орыс патшасының қазаққа істеген зорлық-зомбылығы, қолданған саяси әдісі, оған соң қазақтың өз хандарының арзасындағы болған наразылықтары, арттарынан ерген қалың елді хандыққа айырбастағандары туралы қанша қысқа жазылғанмен де, едәуір мағлұмат береді», — дейді. Бірақ, Қошкенің басты кемшілігі — «Жазушының саяси жолы — ұлтшылдық жолы. Көздеген саяси идеясы қазақ ұлтын «бұзбай, жармай» мәдениетті ұлттыққа жеткізу. Қазақтың басынан кешкен тарихына баға бергенде сөзінің шеті ұлт қай ұлт болсын, сын таққанға, ұлтқа пайдалы ма еді, пайдасыз ба еді, саяси басшылық қай табының қолында еді? Бұл сөздерге ұлтшыл жазушымыз кәміл бөлмейді. «Өлгіменін» бұл жағын тексермейді. Сондықтан, кітапшаның бір зор кемшілігі — осы. («Қазақ тарихынан», Мәскеу, 1924, 5-бет).

Әрине, маркешілік жолды берік ұстаған Тоғжановтың бұл пікірі көздейсөк емес. Ол Қошкенің «Қазақ тарихынан» еңбегіне таққан кінәсін кейінгі сындарында қайталап тереңдей түседі. Оған жоғарыда Қошкенің «Күнәсіз күйгендер» пьесасына айтқан пікірі айғақ.

Бүгінде еліміз еркіндік алып, еңсемізді көтеріп тарихи шындықты бүкпесіз айтарлықтай күн тұрғанда Ғаббас сынаған «ол қылық» — ұлтшылдық кітапшаның құндылығы екеніне дау айта алмас.

«Бұрынғы езілген ұлттар» (М., 1925) кітабында: Ресей қоластындағы езілген ұлттардың өткендегі және кейінгі халымен таныстырады. 36 ұлттың тарихы, шаруа-кәсіп жағдайларынан һәм мәдени жағынан қысқаша мағлұматтар берілген. Әр ұлттың санын, мал басын, шаруашылық жағдайының өткені мен 22 жылы салыстырып нақтылы деректермен көрсетеді, әр ұлттың жерінің сипаты, кен байлығы, қала мен ауыл тұрғындарының саны тағы басқа «іздесе таптырмайтын» мағлұматтар — кітаптың құндылығының дәлелі.

Туған халқының ыстығына күйіп, суығына тонған алаш перзенті Октябрь әкелген жаңа қоғамның әлеуметтік саласына белсене араласты дедік. Оған дәлел — ең басқару жұмыстары туралы мақалалары.

Қошқе «Сұрауларымыз, жауаптар, (әңкеттер) кеңес қызметкерлері туралы» мақаласында («Ақжол», 1924, 9. XII) «Елбекшінің қышыған жерін таба білу, мұның жоқтап білу, шаруасын күйлендірудің» жолдарын қарастырып, жеке сұрақтарға кең тоқтап, халықтың санасына жететіндей қарапайым түсінікті тілмен жауап береді. Енді осы орайдағы кейбір пікірлеріне тоқталайық. К. Кемелгерұлы әлеуметтік жұмысқа келейлер араласу үшін саяси сауатын ашып, хат танытуды басты шарт деп қарайды. «Кеңес қызметкерлерінің адамшылығы — ең негізгі шарт және білімі міндетті жұмысын атқарарлық дәрежеде болу керек», — десе, Кеңес қызметкерлерін рушылдық дерттен сақтаңдырып: «Рушылдығын кеңес қызметкерлері қолданса, ру, сайлау таласы қанына сіңген қазақ мүлде әуейіленіп кетеді», — деп, халқының бойындағы жамаң мінездің кесіпатынан сақтаңдырып, болашаққа көз жүгіртеді. Қошқенің осы сөзі бүтінде де құнын жоймаған, әркімге ой салатын құнарлы пікір. «Қолынан жақсылық та, жамаңдық та келетін өжет, байдан қаймықпайтын» жігіттерге мінездеме беріп: «үлгі өнеге көрсе, тұрмыс шарты түзелсе, жамаңдығы мүлде қалып, іскер адам болып қететіні бар. Мұндайларды қызметке қатыстыру керек. Ал, үлгі көргенмен түзелмейтін адамды жолатпау керек», — деп, кеңес жұмысына араласатындарға биік талап, қатты сын көзімен қарап іріктеуді ұсынады. Өмір шындығы Қошқенің осы сөздерінің ақиқаттығына көзімізді жеткізді. «Шаш ал десе, бас алатын» белсенділердің салған сойқаны — соның дәлелі.

«Мұқату үшін ылау міну қызметкерлердің санасыздығы», «саламшылық, әлеуметшілдік, саналық кірмей біздің кем-кетігіміз түзелмейді», «Боластық исполком басында билікті, саналы, нұсқаушы адам губерниеден келсе» деп, халықтың жағдайымен санаспай, ұрда-жық тәсілмен елдің берекесін алып, ойран салған белсенділерді әрдайым әшкерелейді. Қошқе осылайша қалың жұртшылықпен газет бетінде сұхбаттасып, оларға ақыл-кеңес беріп отырған.

Кемелгерұлы 1924 жылы Берлин университетінен келген профессор, доктор Макс Кучинскиймен бірге Семей уезінің біраз жерін аралайды. Сол сапарында істе-

ген жұмысын, көргенін «Жол эсері» («Қазақ тілі», 13. 15. 8. 1924) атты көлемді мақаласында жариялайды. «Қазақ арасындағы ауру түрлерін, тазалық шарттары, қазақ елінің жалпы тұрмысымен танысу мақсатымен келген профессор аз уақыт аралап қайтқанда біздің халқымыз туралы: «Бұрын қазақпен кітап арқылы да таныстығым жоқ еді. Германияда ең маңызды жағрапия Зейде дегендікі. Сонда қазақ туралы екі-ақ жол бар: «Қазақ көшпелі, мекені — киіз үй, баққаны мал» деген. Енді байқап қарасам қазақ туралы екі жол емес, әлденеше том кітап жазуға болады екен. Көшпелі тұрмысқа қолайланған. Мәдениеттен қазақ күр алақан емес. Әсіресе үй ішіне арналған ою-кестелері өте шеберлікті көрсетеді. Мал баққан-ел әнші келеді деген пікірді қазақ елі айқын дәлелдейді», — дейді.

Бұл сапарында Қошке профессордың қасында журналист, тілмаш қана емес, дәрігер ретінде көп көмек көрсетеді. Ел адамдарының денсаулығын тексеріп, оларға ақыл-кеңес береді.

Сол кездегі көпшіліктің дәрігерге көз қарасы «Жол эсерінде» мына жолдардан көрініс тапқан: «Біздің ауру қараймыз, тегін дәрі береміз дегенімізге сенімсіз қараған жерлер де болды. «Негылған батпан құйрық, тегіннен-тегін жатқан құйрық, қазақ қазақ болғалы тегін емдейміз деген бұларды көрдік» деп. Бірақ тоқтаған жерлерімізде ауру қаратуға тартынған қазақ болған жоқ. Бір ауылда 2 күн болдық, 3—4 шақырымнан құлақтанып ізден келетін аурулар болды. Қанша ауруларды қарағанмен, уақыттың аздығынан 10—15-тен аурулар қаралмай қалып отырды», — дейді Қошке.

Ел ішіндегі әр түрлі ауруларға тоқталып, Қошке соның түпкі себебіне зер салады. Айталық, жұқпалы ауру сақтанбаудан, ревматизм халықтың көшпелі өмірінің, қысқы суықтың салдары десе, асқазан ауруының да өте жиі кездесетін себебінің бірі қомағайлық және майлы тамаққа әуестік әрі етті дәл жатарда жең асқазан жұмысын ауырлатады дейді. 20 жылдары денсаулық туралы сауатты, көпшілікке түсінікті тілмен ақыл-кеңес беруде әрі маман дәрігер, әрі журналистік өнерін жұмсайды. Губерниялық дәрігерлік бөлімнің бұл салдарғы дәрменсіздігін, немқұрайды қарайтындығын сынға алады.

Кеменгерұлы Макс Кучинскиймен бірге араларанда көрген-білгендерін түйіндеп, ойын талпындайды: «Ауру қазақтың ауқаттыларының арасында кедейлерге қара-

192 945

ғанда көбірек», — деп, оның бірнеше себептерін көрсетеді. Соның бірі — еңбексіздік, кедейлер секілді ауыр жұмыс істеп ыстық-суықта ысылмайды деген қорытынды жасайды. Енді аталған індеттерден құтылудың жолы қандай? Осы сұраққа да Қошке нақтылы жауап береді: «Елім дегенде, алашым — қазағым дегенді ермек, атақ үшін ұстамайтын қазақ оқығандары шама келгенше қырды тазалыққа үйрету керек», — деп шын жана-шырлықпен халқының адал перзенті, оқыған азаматтарға неқ артып үміт күтеді. Өзінің қолынан келген еңбегін аямайды. Бұл сапарында дәрігер болып қана қалмай, уақыттың көкейтесті, күрделі мәселелері: «Кооперация», «Оқу жәйі», «Салық жәйі», «Отырықшылық жәйі», «Өткен тұрмыстың белгілері» деп, арнайы тоқталады. Әкімшілік, милиция жәйі де назарынан тыс қалмайды. Қошке әсіресе «Оқу жәйі» дегенде халықтың көшпелі тұрмыс жағдайында қандай жолдармен жұмыс жүргізуге болады: «1) Жаз оқытып, қыста шаладүмбілез мұғалімдердің білімін толықтыру; 2) Қыста оқытса, интернат ашу; 3) Кедей балаларын жазына есебіне кіргізу» сияқты қиыншылықтан шығудың жолын нұсқайды.

Кеменгерұлы ауыл шаруашылығы мектебінде де оқын білім алғандықтан, мал шаруашылығында тұқымды асылдандыру мәселесін көтеріп: «Шаған болысында Арынғазы Аблайхан деген фельдшер сиырдың сementал деген тұқымын өсіреді. Бірақ құты қашып кететіндей басқаға сementалын сатпайды, ауыстырмайды деп естідім. Қазақ мал асылдандыру қаулыларын іске асыратын уақыт жетті», — дейді.

Ел аралағанда көзі көрген жөнсіздік, жолсыздықтың бәрін тізіп, одан шығудың жолын да нұсқап отырады. Халықтың рухани байлағы, мол қазынасы ән, күй, обаяқорғандардың жойылып кетпеуіне көңіл аударады. «Жол әсері» мақаласының соңында «Жоғарыда ат үстінен қарастырылған денсаулық, оқу, кооператив, шаруа жайына қазақтың тіршілігі байлаулы. Қашанда, ұлыкішілі жұмысты жат елдің үлгісімен қойып қарамай, қазақтың бойына шақтап, өміріне үйлестіру керек», — деп түйеді Қошке. Ел басқарушылар осыны ескермеді ғой. Қандай көрегендік. Қазақ халқының басынан кешкен қасірет, зобалаң Қошке көтерген мәселелердің қаншалықты терең мәні болғанын, ақиқаттығын дәлелдеді.

Кеменгерұлы қандай тақырыпқа жазса да, үлкен жауапкершілікпен қараған. Мысалы, сырт қарағанда

пәлендей мәні жоқ сықылды көрінетін қонақасы деген мәселені газет бетінде әр кезде көтеріп отырған. «Елге шыққан өкілдерге қонақасы беруге тыйым салу» («Еңбекші қазақ» б. 4. 1923), «Қызмет адамдарының қонақасысы» («Еңбекші қазақ», 26. 12. 1926) атты мақалаларында шаруаның қолындағы бірлі-жарым қойға өкілдердің келуі «топалаң тигендей» зиян келтіреді деп қынжылады. Осының төңірегінде газет бетінде біраз айтыстар да болады. Қошкеге тән бір ерекше сипат — жөнсіздік, жолсыздықты жазып қана шектелмей, шығудың жолын іздейді. «Елге шыққан өкілдерге қонақасы беруге тыйым салу» деген мақаласында да «Қой сойған үйге де, қойын жеген өкілге де қатал шара қолдануды» ұсынады. Қошке мұндай әдеттің шаруашылыққа зияндылығымен қатар дәрігер ретінде денсаулыққа да зиян екенін түсіндіреді. Осының бәрі туған халқының бойындағы індетті жойып, мәдениетті өскелең ел қатарына қосыласы деген азаматтық ізгі ниеттен, жаңашырлықтан туған іс-әрекеттер еді.

Кемелгерұлы өзінің журналистік мақсатын жақсы түсінген, оның айғағы — «Ақжол» газеті тілшілерінің I конференциясында «Тілшілердің міндеті һәм мәнісі туралы» баяндамасы. «Ел жайы не артық, не кем жетпей, баспасөз жүзіне дұрыс түссе, елдің жайына қарап іс қылып отырған үкімет адаспай, қышыған жерді дәл басады» («Ақжол» тілшілерінің бірінші конференциясы. Түркістан. 1925. 3-б.), — деп, жаңа қоғамды құруда тілшілердің үлкен күш екенін айтып, бағыт-бағдар сілтейді.

Қошке тілшінің назар аударатын мәселелері: «Ауыл салты, ел тіршілігі, елдегі өзгерістер, коперация, сот, тергеуші, милиция, болыс, ауылнай, яшейка, қосшы ұйымдары, мектеп жайы, салық жұмысы, әйелдің қалыңмалға сатылмауы — бәрінің жазылып тұруы тілшілердің міндеті», — деп нақтылы атап көрсетеді. Бұдан басқа да сол жылдарда уақыт көтерген, жаңа дәуір көтерген келелі мәселелердің ешқайсысы журналист назарынан тыс қалмау керек деп Қошке: «Бақсы-балгерлер» бағасы ел көзінде бұрынғыдан қалай?» деген мәселенің төркініне бойлау арқылы халықтың ой-санасындағы өзгерісті көрсетпек болады. Денсаулық мәселесін мал зуруымен байланысты қарауды ескертеді. Баяндамашы көтерген мәселелердің көпшілігі бүгін де құнын жойған жоқ. Мысалы, коперация жайын алайық.

Қошқе тілшінің міндетін саралап атап көрсеткеннен кейін, баяндамада тілші болу үшін керекті шарттарға тоқталады: 1) «Елді жан-тәнімен сүйген кісі болу керек; 2) Ел тілшісі кедей таптан болады. Сыртымен мейтін тілшісі деп бадырайып тұрмау тиіс; 3) Мақсаты, тілегі айғайлап аттан салман-ақ, істің мәнісінен барып шығатын болу керек», — дейді. Және баяндамашы тілшілерге тіл тазалығы, тіл байлығына мұқият болуды ескертіп: «Тілші сөзі қазақтың қоспасыз өз тілімен жазылу керек, ұғымды тілмен, құрғақ әңгіме қосылмай, қыса-қысқа жаза білу керек» және тілшінің сауатты жазуы, стильдік норманы ұстауы сөз қайталау, шіріп қайталау, бөтен тіл қатынастырудан сақтандырады. Тілшіге қойылатын бірден-бір басты шарт адал болу, шындықты жазу екенін айта келіп: «Кейбір тілшілердің көзі көріп, қолы ұстаса да, көбінесе қорқып, қорғалып, жаза алмайды» (сонда, 4-б.), — деп сыға алады.

Қошқе Кеменгерұлының аталмыш баяндамасы қоғамдық өмірде өзінің мақсат-мүддесін айқындап, халқының адал ұлы болып қызмет еткенін тағы да дәлелдеп, оның адамгершілік, азаматтық болмысын таныта түседі.

20 жылдары қызу айтыс-тартыс қоғамның әр саласында кен етек жайғаны белгілі, идеология майданында да осы көрініске кезігеміз.

1926 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің бетінде әдебиет төңірегіндегі айтысқа Мұхтар Әуезов, Қошқе Кеменгерұлы, Абдрахман Байдиқдин, Мәжит Дәулетбаев, Сәбит Мұқанов, тағы басқа белгілі сыншы, жазушылар жиі араласты. Соның бірі Қошқе мен Сәбит арасындағы айтыс ерекше.

Сәбит Мұқанов «Еңбекші қазақ» газетіндегі (14. X. 1926) «Көркем әдебиет туралы (айтыс ретінде)» мақаласында кедейлер әдебиетінің хал-ахуалы, әдеби бағыт, ұлтшылдық секілді сол кезеңнің көкейтесті мәселелері төңірегінде ойын ортаға салады.

Қазақстан автономия болған аралықтағы алты жылдың ішінде қандай жұмыс істелді деген сұраққа «жоқ» дегеннен басқа жауапты айту қиын» деп, оның 3 түрлі себебін атайды.

1. Қазақ елінің сауатсыздығы, оның ішінде қазақ кедейінің 99 проценті хат білмейді.

2. Білімі жоғары жолдастардың біразы кедейден көтеріліп келе жатқан, жазуға қыры барларды менсінген жоқ. Жазуға кәсігіленген Әуезұлы Мұхтар, Жұмабай-

ұлы Мағжан, Аймауытұлы Жүсіпбектерге қойған шартты жаңа жаза бастағандарға қойды. Оларға қатаң қарап сынағандықтан, біразы бұғып қалды.

3. Көмек болмады. Бірінің білмегенін бірі үйрету керек еді.

Газеттің келесі санында (15.X.1926) жоғарыда айтқан пікірін әрі қарай сабақтастырып, «ұлтшыл-байшыл» жазушыларды сынап, кедей әдебиетінің өркен жаймауын баспа маңындағы ұлтшылдардан көреді.

Сәбиттің өзі: «Қара шаруадан шыққан төрт жүзден артық жазушылардың шығармаларының дұрыс жазылған біреуі жоқ», — деп мойындайды да: «Мағжанның, Міржақыптың «Оян, қазақ», «Шолпанындай» көжелерінді біздің кедейден көтеріліп келе жатқандардың қайсысы болса да жазады», — деп өз пікіріне өзі қайшы келеді.

«Кедей жазушыларына қойылатын кінәнің бірі үгіт-насихат болса, Голощекин Қазақстанда «кішкене октябрь керек» дегендей, кішкене айқай да керек», — деп, Сәбит пікірінше ұлтшылдардың таптық көзқарасы жат болғандықтан пайдасыз, кедей «жазушылар» сауатсыз, құр айқайшы, көркемдіктен жұрдай болса да қоғамға қажет.

Қошқе Қоменгерұлы Мұқановтың айтылмыш мақаласына жауап ретінде «Көркем әдебиет туралы» («Еңбекші қазақ» I.12.1926): «Қарама-қарсы пікірлерді салыстырған да дұрыс шығар. Пікір таластырғанда кекетіп, мұқатудың, сөгудің керекі жоқ дегенге қол қойып, мәселені салқын қанмен шешейік», — деп басталатын мақаласымен мәдениетті де сынайы түрде тегеурінді жауап қайтарады.

Ең алдымен Сәбиттің алты жылдық табысты жоққа шығаруын Қошқе қатты сынайды. Бейімбет, Сәкен, Жүсіпбек, Мағжандарды ұлттық әдебиетіміздің үлкен табысы деп санайды. Әрине, жалпы сауатсыздық халықтың рухани өмірінің күлаш жазуына кесел болғанын баса айтады.

Әдебиетке ауыл үй қонабайтын сауатсыз дүниелерді шығаруға Қошқе мүлде қарсы. Сондықтан: «Біздің жас жазушыларымыз қайтеді? Емдені білмей жапын қатардан қалғысы келмейді. Өлең жазғысы келеді. Бір жазушы пьеса бәйгесіне өлеңмен жазып 4 бөлімді пьеса жіберген, бар жазғаны 6 бет. Өлеңде шнедей ырғақ,

ұйқасым болса бұйырмасын. Осындай күр кеуделер көп», — дейді.

Кеменгерұлы сол кезеңде келей әдебиетінің өріс жан қоймағанын айта келіп: «Бұдан былай келей әдебиеті өрісін кеңейтер деп үміттенуге болады», — дейді. Бірақ ондай өзгеріс аз уақыттың ішінде бола қоймайтынын ашып айтады. Ал сынның қаталдығын келей әдебиетінің дамуына кедергі емес, қайта пайдалы, көзғаушы күш қатарында санайды. Сынан қорыққан адам тоғыз қабат торқаға орасаң да жазушы болмайды, — дейді Қошқе.

Сәбиттің «ұлкен ұайымының бірі ұлтшылдардың көркем әдебиеті көп басылып кетті» деген пікіріне қарсы: «Өзі ұлтшыл болғанмен, бұқара, келей турмысын жазатын болса не айып-шамы бар. Жүсіпбектің пьесаларынан, «Қартқожасынан» қандай кінәмшіл адам болғанмен, ұлтшылдықтың иісін таба алмас. Мұхтардікі де осындай», — дейді. Орыстың Тургенев, Достоевский, Фет, Пушкин, Толстойларды үстем таптан шықты демей, дәріптеп отырғанын тілге тиек етіп өз пікірін дәлелдейді.

«Орыстар ескі жазушыларының, ақындарының жазғандарын тандап алып басып жатқанда кең бұқара-шылдық рухында жазылған кітаптардың баемданына Сәбит неге ренжиді?

Қазақ әдебиетінде тоғыз секіретін күн әлі тұған жоқ», — дейді. Міне осы сипаттағы Сәбит екеуінің арасындағы айтыста сол кезеңдегі идеология майданындағы біраз шындық ашылады. Және бұл мақала Қошқенің жан-жақты терең де ауқымды білімінің тағы бір айғағы. Орыс әдебиетінің бұлағынан ерте сусындап нәр алған жазушының классикалық әдебиет ғана емес, 20 жылдардың басындағы ағарту сыйшылармен таанысып, теориямен қаруланған диалектикалық ой жүйесін көреміз. «Негі болса да орнына, заманына, тарихи жағдайларға қарай бағалау керек»... «Оян, қазақ» пен «Шолпан» шыққанда жазба әдебиет қандай күйде еді, отаршылдық қандай еді. Мұны Сәбит ескермейді. Орыстың әдебиеті жана басталған дәуірде Карамзин, Дмитриев, Державин сықылдыларды әулие аспан көрген. Осы күнде солардай жазушыларға, ақындарға орыс оқушылары пысықырып та қарамайды. «Оян, қазақ» алғашқы шыққанда Грибоедовтың «Горе от умасындай» болған. «Оян, қазақты» ел қазақтары құрандай жаттаған. Міржақыптың атын алты әлашқа таратқан «Оян, қазақ» болатын.

Міржақыптың «Бақытсыз Жамалы» «Бедная Лиза» сияқты болған. Мағжанның ақын болғандығы «Шолпандағы» «Бұлбұл» деген өлеңпен көрінген», — деп, орыс әдебиетімен салыстыру арқылы көкейге қонымды шындықты аңалды. Сәбитке тереурінді жауап береді.

Қошке көркемдік, ақындық туралы ой-пікірлерін де дәйекті теориямен шегелеп, Сәбит «кішкене үгіт, кішкене айғай керек» дегеніне: «Үгіт, айғай пайдалы шығар, бірақ онымен ақын, жазушы шығаруға болмайды». «Ел кедейін жандандыру, сезіналандыру үшін кішкене үгіт-теп де, көркем жазу тиімді», — дейді. Осы орайла Абайдың «іші алтын, сырты күміс» деген қағидасын ескере отырып, «Абай пәлсапаны болғандықтан, мазмұнға артық баға береді. Пікір жағынан мазмұны алтын болса, сұлулық жағынан түрі де алтын болу керек дегенді ұран қылу керек», — деп, Қошке түр мен мазмұнға бірдей жоғары талап деңгейінен қарайды.

Қошкенің Сәбитпен келіспейтін үлкен мәселесі талант төңірегінде. Сәбиттің: «Мағжан біреудің ақылымен суретші болған жоқ, орыстың атакты жазушыларымен танысып, солардан үлгі алып болды», — дегеніне Қошке: «Мағжан біреудің ақылымен суретші болмаса, кедей жазушыларды газет-журнал баудымалы, ұйым басшылық көрсетпелі, суретші қылмалы деп Сәбит неге кінәлайды? «Бір сөйлемдегі екі пікір бір-біріне қайшы. Сәбит біреуін ғана кемдену керек елі. Жалпы Сәбит талантқа қарсы», — деп, талант туралы қарсыласының пікірінің негізсіз екенін дәйекті айғақпен дәлелдейді. «.. Сәбит айтқандай, үйренумен ақын, жазушы болса, мен де (мақтанып жіберейін) бір қазақтың баласындай орыс әдебиетімен танысып, өлең жазу әдісін де білемін, бірақ қанша тырбансам да Мағжандай болатын емеспін... Талайлар Мағжандай болғысы келеді, бірақ талантында кемістік болатын шығар», — дейді.

Қошке талантқа өскен орта, алған өнеге, үйренудің әсерін жоққа шығармайды. Бірақ ақындық дарын табиғаттың, күдіреттің берген баға жетпес сыйы. Яғни ақын болып туады дегенге қол қояды. Сондықтан да ол талантқа бәс ініп, Мағжандай алаш азаматын сыншылардың шабуылынан қорғап отырған. Мысалы, Сәбитке қайтарған жауабында да «ұлтшыл» деп, Мағжанның 5—6 өлеңін тарты берудің қажеті не, ол өлеңді жазса, ақын тарихи жағдайлармен байланысты жазған шығар» — деп, Мағжанды жақтайды. «Ұлтшыл» деген сөзден қаймығып, кері қақпай коммунистің пікірін қуат-

тамаса да, қоғамға тигізетін пайдасына қарай бағалау-
лы еске салады Қошқе.

Отаршылдықпен күрескен дәуірді суреттегенде ұлтшылдық кейіні (тип) жақсы болып шығатынын ашық айтады. Осы пікірі оның «Отаршылдық ұшқындары» әңгімесінде, «Күнәсіз күйтендер» пьесасында және «Қазақ тарихы», «Бұрынғы езілген ұлттар» атты еңбектерінде шешімін тапқан. Аталмыш шығармаларында Қошқе Ресейдің отаршыл саясатын батыл әшкереледі.

Қошқенің өз басы ардайым коммунист сыншылардың нығаясы болып, «ұлтшыл» деген қоныраумен жүрген. Бірақ ұлтшыл қызмет етуді қасиетті борышы санаған адам ешқашан ешкімнен қаймығып, қорықпаған. Қаламгерлердің алдындағы міндетті кең ауқымда түсініп келелі пікір айтып, көркем әдебиеттің «күнағана алтын» тасырыптардың он бір түрін атайды. Бәрі де ұлтшыл тарихымен байланысты мәселелер.

Қошқе қаламгерлерді байшыл, кедейшіл деп бөлмейді. Қайткенде де ұлт әдебиетін — қазақ әдебиетін дамытудың жолына қызмет етуге шақырады. Олардың ұстаған бағыты таптық тұрғыдан үйлеспесе де, бір ұйым құрып, ортақ журнал — термелер шығаруды ұсынады. Осы орайда Ресей жазушыларының тәжірибесін тілге тиек етеді.

Сәбит әдебиетте — байшыл, кедейшіл, жолбикелер деп үш ағымды атаса, Қошқе бұқарашыл, кедейшіл деп екі ағымды атайды.

Қошқенің мақаласына жауап ретінде Сәбит «Көркем әдебиет туралы» («Еңбекші Қазақстан» 5. 7. 1927) тағы да көлемді мақала жариялайды. Талант жайында бұрынғы пікірін қайталап «ақын болып тумайды» дегенді дәлелдеуге тырысады. Және ұлтшылдармен ешқашан ымыраға келмейтінін кесіп айтады. Осыған дәлел ретінде Ахмет Байтұрсынұлының 1921 жылы «Еңбекші қазаққа» жарияланған мақаласындағы: «Бауырмал қазақ қайраткерлері бибауырмал бола алмайды. Сыртпен болса да ішін өзгертпейді. Бибауырмал үкіметке еріп қазақ елін пісіріп жегізе алмайды», — деген жолдарды айтақ етіп, Ахаң кеңес үкіметіне, коммунистік партияға қосыла алмайды, осы ойымда қаламын деп түйіндейді. Әрине Аханның сөзі коммунистерге ұнайтын сөз емес, бүгінгі ұрпақ үшін халқын қалтқыеміз сүйіп, соның жолына басып тіккен, Алаш азаматының жүрек жарды, жанашыр сөзі екені ақиқат. Сәбиттің ұлтшыл ақындар өз табымын — байшылардың жоқшысы болды деген пі-

кіріне берген жауабында Қошке: «Байлар табынан Абайдан, Мағжаннан басқа ақын да, жазушы да шыққан жоқ. Жүсіпбек пен Мұхтар келейден шықты дегеннен кейін, Сәбит алғашқы айтқанынан айнып... өзі келей болса да, пікірі байшыл «ентелегент», ондай «ентелегентте», табан болмайды. Тап күресі туған күні, дүние аласапыранға айналған күні олардың басында мны қалмайды. Қайда барарын білмейді...» деп әрі қарай «ентелегентке» қарсы шабуылын үдете түседі: «Энтелегентке бай жақсы. Себебі олар тазалықты сүйетін халық. Келейлердің кір қолы оған ұнамайды». «Энтелегент емес келей ұлдары оларды еншілес қылып ала алмайды», — деп, осындай қара дүрсін, дөрекі сөздермен қайтарған жауабын орынды деп қабылдау қиын. Сол себепті Қошкенің де көңілі толмады.

Бар болмысымен «ұлтшылдарды» жек көрген Сәбит, көп жағдайда әділеттіктен көрі, «ентелегентке» қарсы қалыптасқан санасы, таптық көзқарасы тізгінін тежеудің орнына «ұлтшылдарға» өшпенділігін қамшылай түскен секілді. Өмір бойы Сәбит осы бетінен қайтпай кетті. Өз сөзімен айтқанда: «Табым үшін күресіп келемін» деген.

Сәбит «Көркем әдебиет туралы қорытынды пікір Қошкеге жауап кетінде» («Еңбекші қазақ» 5. I. 1927) атты мақаласымен айтысты жалғастырмақ болады. Бірақ Мұқанов сөзіне көңілі толмаған Қошке «Сәбитпен айтысты доғардым» («Еңбекші қазақ» 30. I. 1927) деген қысқаша жауабында: «...Маған қарсы жазған мақаласында Сәбит өзіне-өзі қарсы келіп отырған. Мұндай адаммен айтысарлық менің уақытым жоқ. Сондықтан айтысты доғардым. Білім жолымен айтысатындар болса мен даярмын», — дейді. Әрі қарай Сәбит: «Мен айтысты тоқтатпаймын» дегенмен, Қошке тарапынан ниет болмаған соң айтыс жалғаспайды.

Қошке мен Сәбит арасындағы айтыс туралы «Еңбекші қазақта» (8, 9. VIII. 1927) «Екеудің» (Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов) мақаласы шығады.

Екеу негізінен Қошкенің көзқарасын — көркем әдебиет жайындағы пікірін қолдаған. Әдебиеттің «тез арада күшейіп, өседі дегуге толық себеп жоқ» екенін дәлелдей келіп, Сәбит пікірін: «... тым ұшқары, тым желпілеткен сөз болуға мүмкін» деген жалаң сөзбен емес, сол кезеңдегі белгілі сыншылардың еңбектеріне сүйеніп білім жолымен дәлелдейді.

Шын инетімен емес, өңін өзгертіп еңбекші болып жүрген жазушылар бар екенін, «олай болса шын жүректен шықпаған сөз ақындыққа жатпайды, бейнамаздың намызы болып шығады. Міне осы себептен де әдебиетіміз, оның ішінде тапшыл әдебиетіміз, жуырда аяқтанып алмайды», — деген түйінге келеді.

Көркем шығарманың үгіттік сипаты туралы: «...үгітшілер бұлай жазғанына өздерінше дәлел келтіреді: «Еңбекші таптың, партияның мақсатын орындап жүрміз» — дейді (партияның жолын өнерсіздікпен емес, өнермен орындауға болмайды-ау!).

«Жабайы сұр өмірді жазуға әуестеніп, өнер болу жағын ескермеу», «үгіт болмаса, «еңбекші» деген сөзді қыстырмаса дәретсіздігі сезілетіндей тым қысылақыстырыла жазатын» жазушыларды сынайды Екеу. «Ақын сөзді ажарлаумен ақын» болатынын айта келіп, Сәкеннің «Экспрессе», «Аэроплан» өлеңдерін атап, осы сипаттас өлеңдер «көпке, оның ішінде еңбекші қазаққа қандайлық ұғымны, жұғымды болар екен», — дейді «өздерін төңкерістің «белбаласы» санап жүргендердің табына, тегіне қарап бай, кедей деп бөлуіне Екеу түбегейлі қарсы. «Еңбекші таптың дүниетанысын, жан дүниесін, тілеген арманын өнер моншағының көзінен өткізіп көрсетерлік күшті қалам әзір жоқ. Себебі қазақта шын мәнінде пролетариат жоқ. Олай болса, пролетари әдебиетінің де уақыты жетпегенін» дәлелдеу Қошке пікірінің ақиқаттығын көрсетеді.

Әдеби бағыт туралы да Сәбитке қарсы шығады. Екеу сол кезеңдегі атакты сыншы, ғалымдардың көркем әдебиетке байланысты еңбектеріне сүйеніп «Жолбикелер мен бұқарашыл» оқығандардың орнын жоғары бағалайды. Көркем әдебиетті төңкерісшіл немесе төңкеріске қарсы деген өлшеммен емес, көркемділігімен бағалауды және жазушыға ақындыққа жол ашу үшін еркіндікті негізгі шарттың бірі санайды Екеу. Мақала иелері «Көргенді ел» жазушыларынан өнеге алуға шақырып: «...Үйірге жаңа түскен сәуірікше бірін-бірі сауырламайды, мүйіздомейді екен. Сынаса өзін емес, сөзін сынайды екен», — деп, Сәбит сынының дәрежелігіне сілтейді. Қошке мен Сәбит айтысының басты мәселесінің бірі талантқа байланысты да Қошке пікірінің дұрыстығын ғылыми жолмен дәлелдеп, Сәбиттің айтуынша: «Ақындыққа арналған мида бір бөлшек болады. Сол бөлшекті қозғап жіберелік оның өмірінде себеп» кездесе, ақын болып, кездеспесе, ақын болмайды екен.

Екеу бұған қарсы: «...Бұл пікір бұл күнде мансұқ болған пікір... Ақындыққа немесе басқа өнерге арналған мидың бөлшегі жоқ, тек жалпы ақыл-ой, сана қызметін басқаратын үлкен ми бар. Дененің бар мүшелерін қозғап басқарып тұратын бөлімшелері бар екені рас. Мидың осы бөлімшелерін Сәбит әлде ақындық туғызатын бөлімдер деп шатастырып отыр.

Сәбиттің жаратылыста ақын болып тұмайды. Барлық адам бірдей болып жаратылады дегені де білім жолына қайшы. Тегіне тартудың шындығын бүгінгі ілім биогенетический законмен бекітіп отыр. Қазақтың «Ер тағайына тартады» дегені тәжірибеден шыққан, білім растап отырған пікір. Тегіне тартқандықтан, сүйегіне біткендіктен адам әр түрлі болып жаратылады. Сүйегінде — жаратылысында ақындығы жоқ болса, «май құйсаң» да ақын болмайды. (Ал Қошке өзінің мақаласында «тоғыз қабат торқаға орасаң да» деген еді — Р. Р.) Сүйегіне бітпесе, хат бізмейтін Марабай, Махамбет, Шәжелер кімнен үйреніп ақын болды? Жасы, тәрбиесі, оқытуы бірдей болса да, мектептегі балалардың біреуі зерек, біреуі миғұла, топас болатынын Сәбит немен дәлелдейді? Үйретумен ақын қыламыз деу болмайтын әңгіме», — дейді.

Демек, Екеудің ғылыми тұрғыдан бұлтартпайтын айғақтары Қошке пікірлерімен үндес екенін дәлелдеудің қажеті болмас. Екеудің Сәбит пен Қошке айтысына жазған мақаласы Кеменгерұлының тұлғасын толықтыра түседі. Сол себепті Екеудің пікірлерінің қорытынды түйінін оқырмандарға Екеудің өз сөзімен жеткізуді жөн көрдік: «Қазақтың ұлтшылдығы, үстемдігі, бағындыруды көксеткен, шегіне жеткен, озбыр ұлтшылдық емес, алдымен бас қорғауға, жансауға қылуға, жете алса теңдік алуға талпынған тіленші ұлтшылдық. Тұрмыс жүзінде уақ ұлттардың қалып бұқарасы теңгерілмей тұрғанда ұлтшылдық жойылмайды. Бұрынғы жалаңаш ұлтшылдық бұл күнде бұқарашылдыққа айналса, бұл — бір саты, бұл — табиғи жол. Қазақ капитал дәуірін аттап өтіп, тегістік тұрмысқа жетсе құба-құп. Жете алмаса, әлебиетті аттаттам дегенмен, тұрмыс аттатпайды. Қазақ жұмыскерлері шын мәнісінде пролетари емес, бұқара көншілік — кедей мен орта шаруа. Ендеше орметікі тәрізді, біздің әлебиетіміздің мінезі де халықшыл — бұқарашыл болуға тиіс. Әдебиет техникаға байланса, онда тым бұқарашыл болу керек.

Әдебиетті, өнерді оқығанның өнерлісі, оқымағанның самароттары жасайды» («Еңбекші қазақ» 8, 9. VIII. 1927).

Ұлы ағамдардың бұл пікірлеріне қосып, аларымыз жоқ. Қошқе мен Сәбит Мұқановтың көркем әдебиет туралы айтысының төрелігін Екеудің осы қорытынды сөзімен аяқтаймыз.

Оқырман қауымның көкейінде «Қошқе Кеменгерұлынан қалған ұрпақ бар ма екен?» деген сұрақ тұруы мүмкін, соған жауап бере кетейік.

Халқымыз «Ат тұяғын тай басар» дейді ғой. Қошқенің: Зайра, Сәуле, Нарманбет (Нартай) есімді үш баласы қалған. Сәулесі (1993) жылы дүниеге салды. Зайра ұзақ жылдар «Ұзынағашта» мектепте орыс тілінен сабақ берді. Бұл күнде зейнеткер. Нарманбет Шарбақкөл ауданында, «Томар» мектебінде тарих пәнінен сабақ беріп әрі мектеп директоры болып қызмет атқарды. Зейнеткер.

Нарманбеттен — Каршыға, Гүлнәр, Ризабек. Ризабектен — алты бала, бәрі домбыра тартып, ән салады — шетінен өнерпаз.

Кеменгер немересі Ризабек пен келіні Боташтың қатысуымен отбасының ансамблі Омбыда жүздеген деңгейде болған. Әсіресе, Қошқенің шәбересі Қайырбек тырнақалды өлеңдерімен-ақ болашағынан үлкен үміт күттіреді. Мысалы, «Күзгі түн» өлеңінде:

Жапбыр желмен сырласып,
Жасың төгіп тоқтады.
Жалаң ағаш мұн басып,
Жалпырағын жоқтады, —

деп келетін жолдарда 16 жасар Қайырбек құбылысты бейнелі (образлы) сөздермен суреттеп көз алдымызға әкеледі. Ақынша көріп, ақынша сезінелі. Немесе «Мағжан» атты өлеңінде ұлы ақынды оқығанда балғын жасқа тигізген әсерін, толғанысын, алған ләззәтін:

Бұл — қураным, нақыл сөздер бар мұнда.
Көңіл кетті терең ойға, зар, мұңға.
Меккеға да, жәһәңнетқа да бардым да...
О, тәңірі, бір жасап мен қалдым ба?
Күнге шаптым, айға қолды салдым да,
Күміс қасық балға шомып малдым да.
Балдан таттым, балқып естен талдым да.
О, тәңірі, бір жасап мен қалдым ба? —

деп, бүкіл жанымен сезініп, Мағжан лирикасының күдіретіне табынып жазады. Ұлы атасы Қошкенің армандаған мақсатын жалғастырушы Қайырбек болғай деп, ақындық жолына сәт сапар тілейік.

Нарманбеттің өзі де өлең жазып, газеттерде жарияланып тұрады. Әкесінің ұсталып кеткеніне 40 жыл толуына арнап жазған:

Талайдың түбіне жеткен отыз жеті,
Тарихтың қара түнек ол бір беті.
Айырып жаңжарынан, баласынан,
Ерлерді арамыздан алып кетті.
Ол кезде жеті жасар бала едім.
Ермегім ойын-сауық дала еді.
Әкемнің жарқын жүзі ғайып болып,
Анаммен бірге жылап қала бердім,
...Жетінші ағұс, жылында отыз жеті, —

деп келетін өлең жолдары Нарманбеттің өзі тағдырлас — әкесіз өксіп өскен ұрпақтың қасірет-қайғысын, көңіл-күйін жеткізген.

Қошкенің бәйбішесі Гүлсім нар көтерер жүкті бір өзі арқалап, балаларын тәрбиелеген ақ жарқын, кеңпейілді, аналық жылушының шапағатын айналасындағы адамдардан аямайтын абзал жан еді. Ол кісінің қасіретке толы азапты жылдары 1930 жылдан басталады. 1933 жылы Қошкенің соңынан Зайра, Сәулені ертіп барып ауыртпалығын бөліседі. Алып барған алтын, күмістерін азыққа айырбастан харекет жасағанын айтып отырушы еді. Зайыбының кіншіпейілдігін, елге келгенде ауру-сырқаулардан аямайтын көмегін — адамгершілігін айтатын еді. 35 жылы айдаудан оралып, Шарбақкөлде тұрғанда аңдушы жеңдеттерден сақтандырып қасына келгендерге Қошке: «Маған жақындамаңдар, мен күйелі адаммын ғой», — дейді екен. Осы бір ауыз сөзде қаншама терең сыр жатыр. Екі жылға жуық мерзімде әрбір сағат, әрбір күн — әзірейіл-жеңдеттердің келуін күту. Бірақ қолынан қаламы түспеген. Қамауға алынудың алдында бәйбішесіне өз өмірімнен үлкен бір дүние жазып жүрмін деген.

XX съезден кейін зайыбы Гүлсім ақталу қағазымен Алматыға келеді. Баспанасыз қорлық көрген абзал ана қаншама мекеменің табалдырығын тоздырып, табанынан таусылғанын айтсаңызшы. Оның өзі бір хикая. Өлең жазатын өнері болмаса да, тығырыққа тіреліп, тағдырдың тоқпағын көрген адамның халін кешкен

Қошкенің бәйбішесі өлеңмен арыз жазып Дүйсеновқа барып жазушылар үйінен алған бір бөлмеге немересі Гүлнәр екеуі көшіп келген болатын. Сол өлеңді Гүлсім шешеміз көркем баспаның редакторы Шолпан Тоқсанбаеваны дәмге шақырып отырып берген екен, Шолпан жиырма жыл сақтап бізге табыс етті. Тоқсанбаевлар аяғысымызды айта отырып, осы өлеңмен оқырманды таныстыруды жөн көрдік. Бұл арада Қошке жесірінің ақындығын айту үшін емес, тағдырдың тауқыметін кешкен адамның, сол кезеңнің тарихи шындығын өз аузынан естісін деген ниет. Ешбір жөндеусіз сол қалпында беріп отырмыз.

Қалалық Советтің председателіне

Тұрағым Алматының қаласында,
Калинин ауданының қол астында,
Өмірден жапа шеккен мен бір ана,
Сөзімді қарт екен деп шаласыба.
Жолдасым оқымысты адам болған,
Ертеде шала жанып, гүлі солған.
Қырық жыл одан бері уақыт өтті,
Опасыз екен пәни дүние жалған.
Дүниеде жапа шеккен мен бір ана,
Тұрмыста рақат жоқ көңіл алаң.
Халқының аяулысы, қамқоршысы рақым ет.
Біздей жанға, жаным балам!

Онаша от жағатын үйім болса,
Отыратын немереммен күйім болса,
Мен сізге арыз айтып келмес едім,
Онаша бір бөлмелі үйім болса.

Қос кемпір ортақ кухня үйіміз бар,
Төбелес, күнде қырғын күйіміз бар.
Шошқаның басын үйтіп кухняда,
Дозақтың отын жаққан күйіміз бар.
Бармаған жер қалған жоқ жәрдем сұрап.
Калинин ауданының райисполкомы,
Біздерге көрсеткен жоқ ешбір шырақ.

Көп болды бір кемпірмен тұрғаныма,
Сыймаймын, немерем бар, туғаныма,
Калинин ауданының райисполкомы
Қиналам әділ заңды бұрғанына.

Бұл күнде көп жүруге қалым нашар,
Түсінер адам болса сырм ашар.
Советтік ақ ниетті азаматы өзіңіз ғой,
Халықтың қамқоршысы көзін ашар.

Февраль, 1971.

Қошкенің бәйбішесі 1988 жылы 84 жасында Нарманбеттің қолында тұрып дүние салды.

Тардырдың өзі ХХ ғасырдың басында тарихымыздың алаңына алуан түрлі дарынды перзенттерді әкеліп-ақ еді. Амал қанша!...

Бірақ ешқайсысының еңбегі еш қеткен жоқ.

Бүгінде демократия, еркіндіктің жалауы желбіреп, халқымыз дербес ел болып шанырақ көтерген күні Алаштың саңлақтарын еске алмасқа болмайды. Себебі, еңселі ел болу, тілімізді, дінімізді қастерлеу, отаршылдыққа қарсы үн көтеру — жаңалық емес, кешегінің — сол Алаштың аяуды азаматтарының даусының жаңғырығы.

Қошке Кеменгерұлының рухани мұрасын зерттеуде кейінгі кезде болашақ жас ғалымдар ат салысып жүр. Біздер айта алмаған сөзді жастар толыстырар деген үміттеміз. Бұл кітап Кеменгерұлының шығармашылығын зерттеудің бастамасы ғана болуға тиіс.

Разия РҮСТЕМБЕКОВА,
20. II. 1994.

ДҮРИЯ

Шолпаннан айрылған соң, Ес талма түстің шағында Қонақбайдың аулына келді.

Әр үйдің алдында қыбырлаған адам, самсаған ат. «Бұ неғылған мезгілсіз топ, елдің той тойдайтын кезі емес.

Әлдебіреу қайтыс болды ма екен? Әлде разверстка болып жатыр ма екен» деп Ес ойға қалды.

Ауылдың шетінде жолыққан жас жігіт: — Төре келіп жатыр еді, — деді. «Төресін көрейік» деп Ес күлімсіреді.

Салем бере табалдырықтан аттасымен Естің көзіне тілегі бір, жүрегі бір ескі жолдасы Көбен жылы ұшырай кетті. Екеуі шүйіркелесе кетті.

Мамық жастықты шынтақтай жатқан Көбен орнынан кұшағын жая атып тұрды.

— Көктем түстің бе? — деп Көбен күле жайнап, әдетті дәстүрімен ауыздан сұйді.

«Мынау осал төре емес шығар, ауырған кісіше жастықтан бас көтермейтін Көбен де жеңілтектеніп кетті», — деп басқа отырғандар да аяқ астынан тұрасты.

Жай-жапсар сұрзсылды.

Ес үй ішіндегілерді шолып өтті:

Он жағында беті бір қазан, семіздіктен тышқан көзі бітелуге айналған, дөнбектей кеспелтек, кебеже қарынды Жуанбай деген отырды. Жуанбай мына заманда болыс болмаса да, аузынан сөз, қолынан билік кетпеген адам еді.

Оған таяу күлімсіреген жіңіек көзді, өртке шалдықпандай көсе, тыржық бет Дауылбай ку еді. Дауылбайдың өмір бойы кәсібі дау-шардың арасынан жем түсіру еді. Көбеннің сол жағында хатшы отыр, оған таяу қабағынан қар жауған, қара бұлттай түнерген Далабай ақсақал еді.

Далабай ақсақалдың қабағы қалай ашылсын? Күнге-желге тигізбей, құдай қосқан құлама ұзатам деп отырған жалғыз қызы Дүрия қашып кетіп отыр. Кіммен кетіп отыр? Өзінің қонысы, пысықшалау болып

жүрген, жалғыз атты Мұратпен кетіп отыр. Халық бұл бүгін Дүриядан жауап алмақшы.

Далабай ақсақалдың ашуы осал-оңтағай ашу емес, зілді ашу. Өмір бойы дақ түспеген Далабайға қызы қашты деген ат жаман. Тым болмаса теңімен қашқан жоқ, неше жыл табанынан тесіліп, қой баққан Бөріштің баласы Мұратпен қашып отыр. Бұрынғы қол күші, ақша күші заман болса, көрден көрге тығылса да, қызын қайтарып алар еді. Амал жоқ. Бұрын Далабайдың айдынынан ағайын түгіл жат ығысушы еді, енді әлпештеп асыраған қызы қаймықпай кетіп отыр, қойшы Бөрештің баласы әкетіп отыр. Кешегі тел ешкі сауған Сәбдінің Қөбені төре болғансын, кара жорға мен түлкі ішікке қарамай отыр.

Есік жақта шөп үстінде қаудырлап, көзі былшықтанып Бөреш шал отыр.

Басқа отырғандардың арасынан көзге оқшауданып түсерліктей ешкім жоқ еді..

— Бүгін осында қон! Арманымыздан шыға кенесейік, — деп Қөбен қолқа салды. Далабай қу көзін мүлгітіп жіберіп:

— Жұмысы болмаса төренің қонғаны жақсы, — деді.

Кешеден бері өңінен де, түсінен де Шолпанды шығара алмай келе жатқан Ес ойын бөлу үшін, жинада кедеймен қашқан байдың қызын көру үшін тәктауға көнді.

Далабай қу мырық болған түйеше пышылдап отырған Жуанбайды тізеге қағып далара жөнелді. Іле артынан борсаңдап Жуанбай да шықты.

Дауылбай қу тыржық бетін бұрынғыдан да бетер тыржитып:

— Қырсыққан бір жол болды. Үш күннен бері ақ үй де, кара үй де сенікі десек те, қатқан тондай жібімей отыр еді. Оның үстіне ипеліктей қатқан арық төре кездесіп отыр, өңі ызғырық желдей, коммунистің барып тұрғаны шығар. Мұның алдында бүгін жауап алғызбай, бұлталаққа салып, ертеңге қалдырайық. Ұзаққа созылса Қөбен де қажыр, Жорға мен ішікті қойып, ақша ұсынайық, — деді.

Жуанбай қамтып күрсініп:

— Жарықтық Некен заманында қацтардағы бурадай қалшылдап, өңін суытқан төрелер екі айналуға келмеуші еді. Енді сұм заманның бабын таба алмадым. Арадағы жеңге өзіңсің. Әйтеуір Далабайдан мол қамты! Тең жара бөлерміз — деп күлімдегенде күрек беті бұрынғыдан да жалпайды.

Үйге кірісті.

Дауылбай ку құбылған өнмен, жағымсызған дауыспен:

— Кеш те болып барады. Қыздың үйін шауып кеткендігі туралы екі куәм келген де жоқ. Және қаздай қалқыған, үйректей жүзіскен досыңызбен ойнап-күліп отыруға да бөгет болар. Жауапты ертеңге қалдырсаңыз қайтеді? — деді.

Көбен:

— Билігін Еске бердім, — дегенде:

— Бул мырза да у-шусыз ойнап күлгенді жең көрмес. Бір қара қазақ қарға сияқты мазаларыңызды ала беретін шығар, — деп жылның тілге салды Дауылбай.

Ес:

— Мен ертең ерте жүремін, ішінде болсам жақсы болар еді, — деп Көбеге қарады.

«Кудайдың көк соққаны екенсің», — деп Жуанбай ішінен мықтап жаман көзімен бір қарап алды.

«Дауылбайдан алатын атым кесір болды», Дауылбай ку ішінен әкесі өлгендей ренжіді.

Көбен хатшыға қарап:

— Қағаздарыңды жөнде, — деді.

Дауылбай ку хатшыны жарылқаймын деп қойған. Хатшы да Естің түрінен шошып, қағаздарын көңілсіз реттей бастады.

Бәрі далаға шықты.

Көбен Естің кешкі қонағасын реттетіп жатқанда, Дауылбай ку жорғалай басып, есікке таман жақындап, ернін жалап, көзін күйкылжытып:

— Таксыр! Туысымыз бірге арғын ағаның баласымыз. «Бітер істің басына, жақсы келсін қасына» деген. Кешегі күт орнаған, дуа қойған ордамыздың жалғыз қызы азғырынды тілмен кетіп отыр. Көбен мырза досыңыз екен. Атаның аруағына қосылсаңыз жақсы болар еді..

Далабай ақсақалдың қолы ашық кісі. «Адамды намыс өлтіреді», қызын қайтарған аламан бар малы аяйтын түрі жоқ. Өңіңіз жылы болған соң айтып тұрғаным, — деп жылмиды.

Тон мінезді Ес:

— Қызды сүйгенінен айыруға болмайды! — деп теріс айналды.

Үйездеген малдай, әр жерде бір бас қосу. Сүйткенше болмады, бір нар ат, екі салт түсе қалды. Басында түбіт шәлісі бар, орта бойлы әйел шаңдан солғындау түсті,

жанындағы сұршалду келген жігіт мылтық асынған милициямен сөйлескендей болды.

Үріккен қандай даладанылар үйге қарай бет алды. Көбен айғай салды:

— Ес пен қыздан басқаларын үйге кірмендер, — деп. Үйге ұмтылғандар кейін жөнкілді.

«Бір кезде барымта, сойылмен жесір қайтаратын қазақтың жуасып-ақ қалғаны-ау. Ру күші, ақсақал билігі адыра қала бастаған екен. Жасанған жаудай жан аямай мал айыратын қазақ жуасып-ақ қалған екен. Жаны кетіп отырса да, бидің сөзін тындасты» деген оймен Ес үйге кірді.

Мықынынан салбыраған алты атары бар милиция Дүрияны үйге алып келді.

Шешел қабақты Дүрия томағасын сыпырғандай шәлісін жұлып тастап, Ес пен Көбеннен көзін айырмай отырды.

Көбен заң жолымен сұрауға кірісті:

— Бөреш баласы Мұрат сені қалай әкетті?

Дүрия болар-болмас езу тартып:

— Мұрат мені әкеткен жоқ, мен Мұратты әкеттім, — деді.

— Қандай нәрселер әкеттің?

— Өзіме тиісті жасауымды алдым.

— Басқа да көп дүние әкетті деп, әкен арыз қылып отыр.

— Қыз қашса, қазақтың шауып кетті дейтін әдеті ғой. Мен дүние құмар болсам, шіріп жатқан бай, атастырған күйеуіме барар едім.

— Азғырынды тілге ерді деп әкен отыр.

— Адамды азғырса, байлық азғырады. Мен байлыққа қызыққан жоқпын. Мені азғырған — әйелге бостандық тиді деген заман, — деп Дүрия өткір тілін безеді.

«Қайратын кара таудай сырттан екенсің. «Тегін кісі таз болмайды» деген оймен Ес Дүрияның алды-артып түйктап жауап қайырып отырғанда сүйсініп отырды.

Тағы да Көбен:

— Қазақ қызының бүгін сүйдім деп, ертеңінде әкешені қия алмай жанылып қалатыны болатын, — деді.

— Он саусақ та бірдей емес. Қазақ қызының бәрі бір кісіден туған жоқ, — деп Дүрия да күлімдеді. Қыздың қайратқа біткен тұлғасына, тас түйіндей жауабына Көбен риза болып, бостандық қағазды жаздырта бастады.

Бостандық қағаз жазыла бастаған соң Дүрияның суық өңі жылы бастады.

Қағазды берін жатып Көбен:

— Ерік өзінде, бақытты өмір сүр! — делі.

Ес: «Қазақ әйелінің күндей мейрімді көңілі, дариядай терең сезімі Шолпанда еді. Қазақ әйелінің алмастай ойма тілі, қамал бұзған қайраты Дүрияда екен», — деп ойлады.

Ес Дүрияға карап:

— Адам баласының құлдық ұрған байлығын аяқпен теспің, ата-анадан сүйген жарды артық көрдің? Тусанту! Сендей әйелі бар қазақ ел болады. Сүйген жарыңмен тату-тәтті ұзақ өмір сүр! — деп алғыс берді.

Қуанышы көлдей болып, қош айтысып Дүрия жөнелді. Далабай жағының мойны қайрылып, байын жоқтаған катындай Николайды жоқтасып, Еске қарғысты мол беріп қала берді.

ЕРЛІК ЖҮРЕКТЕ

1902 жылдың жазы.

Арқаның ерке желі жорғадай жылжып, өрден ылдига құлағанда, торғындай толқыған салалы көк шалғын бұйраланып, жаңа түскен келіншек құсап тәжім өткендей. Марқа құлын жасырығандай көкорай дариясында белуардан сүңгіп, шағаладай шапқан үйлер арқасын күнге беріп, мүлгіп тұрды. Ақмеруерт көбікпен қанат жайып, арқаның кербез сұлуындай бұраңдап, күн сәулесіне күлімдеп сылдыр қаққан бұлақтың мөлдір суы ауылды қуалай белдеулеп ағып жатты.

Қара күрттай қаптаған қалың жылқы шаң боратып, жер қайыстыра дүбірлетіп кең өріске қоныр салқынды құшақтай бара жатты. Көгеннен босатылған көп қойдың тас бұғаудан босанып шыққандай мәз боп маңырай борсандап жүгіргені, жар басынан ойнақшып қозылардың шапқаны — бірін-бірі іздеп маңырасқан мал атаулы төңіректі азан-казан шумен дүрліктіріп жатқанды.

Жаратылыстың осындай бір жадырау шағында ортадағы күмбез ақ отаудың ішінен Зайраның күйінген ащы зарлы үні шар тарапқа естіліп жатты.

Ә, құдай, мен не жаздым зарлатқандай,
 Қанды жас кара көзден парлатқандай.
 Соққы жеп қол-аяғым бекінгендей,
 Көгертіп ақ етімді қандатқандай.
 Мөлдіреп кара көзден қан аққандай,
 Мүсіркеп жан болмады мұң шаққандай.
 Ақша отау абактыдай құлыптаулы,
 Көргенім кара түнек ай батқандай.
 Айдының аққуы едім, қаймақ ілген,
 Шілде күн суық болды мұз қатқандай.
 Құда деп құдай дескен әке болғыр
 Елеусіз кете барды мал сатқандай.
 Армансыз болар едім, әй дариға,
 Жарықты көріп өлсем көз қаққандай.
 Бар еді кімнің құны қаматқандай,
 Бір күнді жылға балап санатқандай?
 Анадан әйел болып неге тудым?
 Жасаған риза емен жаратқанға-ай! —

деген Зәйраның жалынды зарын, көмекеіз-күшеіз зарын, мамықтан жеңіл, шырдаң өткін кешкі таза ауа, сағымдай көтеріп әкеткен ұшқыр жел, тасбауыр адам ісі мынау деп айналаға таратып тұрды. Зәйраның зарына тау қабырғасы қайысқандай жанғырығып күңіренеді. Жел үдей соғып, көк шалғын тенселеді, құлынтайдай секіріп ойпақтаған бұлақ суы да зар шеккендей.

Әңгіме былай: Зәйраның ескі әдет-ғұрып шырмауынан шыға алмай еріксіз қосылған күйеуі өлгелі жыл өткен-ді. Ертеңіне Зәйраның өз әкесі Шалқарға қайын атасы Қарабай «Су сүзілмейді, сүйек үзілмейді» деп Зәйраның сыртынан билеп, қырыққа келген үлкен баласына қатын үстіне алдыртпақшы болған. Зәйраға: «Бүлінбе, жарылма» деп ақыл айтып Шалқарекен Қарабайдың отыз аттың алдынан келген бәйге көгін жолына алып кеткен.

Алғашында Зәйраны көнер деп, сылап-сипап ұстады. Зәйра сөзге көнуден кеткен сөз: «Талай байы өлген қатын таяқтан қажып көнетін» деп, бұл күннен бастап Зәйраның тұңғы етінен ашы таяғын арылтпады. Қанып кете ме деп қолын байлап, есікке құлын салып қойды.

Күн батар кездің белдеу жарығы жамырады. Қымызға тойғандар күйік тартқандай уңлеп, іші ауырғандай қарнын сипап, балуанға түсетіндей жалаңаштана дөңбекшіп жатыр. Мұнарадай мойны созылған, тай жүзген сабадағы көл қымызды желдей толқытып піспекті құлаштай көтеріп, кара терге малынып, Қара-

байдан мақтау аламын деп Көбен байғұс күрс-күрс пісіп жатыр. Әр үйдің есігінің алдында жерошақта жылмандарған сиыр тіліндей қазының қара күйесін жалғарған жалынның балық көзді ұшқын ұшып, көкке құлашын сермейді. «Апа, мен сүт ішемін» деп, козы тостағанын, кетік қасығын даярлап, қасқыр тартқан козының күйрығындай жырымдалған көйлекті өзімшілдіктің өрісіне кірмеген, қара тұрмыстың дәмін татпаған сәбилер қазанды айнала қоршап ап, бақадай шуылдасады. Қотанда көп қой біріне-бірі ұйлығып, қадым оқыған молдадай жақтарына дамыл берместен күйсеп жатыр. Ілуде бір жерде үйінен, елінен айырылып, күзетте тұрған саздаттай, түрегеп тұрған қойлар да бар.

Үйге жақын көк майсада көп түйе паровоздай пысылдап, кейбіреуі сәждеге бас қойғандай мойнын қылқитып, мұрнымен жер тіреп жатыр.

«Өмір негізі — қозғалыс. Мен сияқты қозғала беріңдер, мен қараңғылыққа бас немін, жолымнан қалмаймын» деп сылдыраған бұлақтан басқа қараңғылық туманына тұншыға табиғатта үн жоқ. Аспанды торыған бұлттың санылауынан жұлдыздар жылт-жылт етеді.

«Жаратылыстың жағасы жайлау, төбесі қыстау болып мамырлап түрегенде жесір кетіргеннен өлгенім жақсы емес пе? Азуы алты қарыс менен жесір кетсе, алты алашта естілмеген сұмдық болмай ма! Бір қамшымен үйіріп, өргізіп отырған еліме қойшыдан кәдіреміз бол бедел кетпей ме» деп, ой ұршығына піріп отырған Қарабай ортақ емес. Туғанымдай жан сүйген жетпем Зәйраны қапастан қалай құтқарам. Біреу-міреу сезіп қалса, өзім де, үйім де атпас тап, ашылмас тұман болады ғой деп, ой әлпейшегін теуіп отырған, уыз жүрегі кілең мейірімнен жаратылған Қарашан ортақ емес».

Астан кейін Қарабай тұтылған күндей қабағын түйіп, түндей тұнжырап, қан-сөлін ішіне тартып, Оқатар мен Қылышбайды шақырып алды да, күркіреген күндей екпінді тауыспен бұйрық берген әскер құсап: «Тағы да барып жүзіқараны ұрып келіңдер», — деді. Екі жігіт Қарабайдың бұйрығын күн алып, орындарынан құстай ұша жөнелді.

— Жесір ерден кетсе де, елден кетпейді, — деп Оқатар әлдепеше рет Зәйраға құлақ қағыс қылған еді. Зәйра ыршып түсіп, маңына жуытпаған. Өтімсіз ұсақ көк үшін ішінен быжсып, ор қазатын мінез қазақтың көбінде бар. Сол мінезден енші алған Оқатар да Зәйраның менсінбеген кегін алып жүр. Қылышбай болса

Қарабайдан сауын сауып, ат мініп, жыртық-тесігін бүтіндеп, Қарабайдың түшкіргешіне «жәрекім алла» деп, Қарабайды құдайдай көретін. Қарабай өлімге жұмсағанда бағын киярлық көңіл болатын.

Албастыдай басқан қараңғылықтың құшағында, жез қармақтай бүктеліп, уыз денесі, жалынды жаңы жараланып, жанбырдай жасын төгіп Зайра жатыр. «Кертартпа суық ақыл осыны жаңыңды қинап, сонша азап тартқанша, елдің салтынан шықпай көп! Қазак казак болғалы жесір еркімен кеткен емес» деп ұйтқытады. «Жер жүзін ұмына сиғызған от көңіл, өмір көрген бейнетті балауыздай мөрлеген көңіл, әуелде елдің рәсімінен шыға алмай, ата-ананың көңілін қимап келіп едің, екі жылдай Бермекшімен бос өмір өткіздің, түнде төсекте бір өлімтікпен қатар жатқандай жаңын жиіркенуші еді, қызыл гүлдей жайнаған өмір танында ойын-күлкі орнына ү ішіп едің. Күнлестің қолында, таяқтың астында шірігенше, кара көрге кіргенің жақсы» деп қуат берді.

Құлып сылдырап, күбір сөз естілгенде, күңгірт оймен күресіп жатқан Зайра, біз сүккандай бағын жастықтан жұлып алды, тағы да ұруға қелдің-ау деп запые болған жүрек зу етті. Оттай ыстық дене төбедеп суық су құйғандай мұздап кетті.

Аяушылық сезімнен айрылған жеңдеттер жаландан, жыландай сын етіп кіріп келді. Қылышбайлың қолында солғын тартқан өмірдей күңгірт жанған білте шырақ. Оқатардың қолында өгіз өрім, жез бауыр жуан қамшы. Оқатар кілемнің шаңын қаққандай елеусіз келіп, Зайраның денесіне жыландай бұралтып, бұршақтай жаудырта қамшымен тартып-тартып жіберді. Ашу, ыза, қайрат денесін кернеген Зайра жағы қарысқандай тістеніп, үн шығармалы, бірақ қашан да болса қайратқа бағынбайтын барлық қазак әйелінің қанды тұрмыстан көрген ауыр азабы жиналды. Бет қисайды, бұрын оқтай қадалатын кара көз аларып, жоғары-төменді төңкерілді, жартастай тік маңдайға екі қастың арасынан садақтың оғындай терең әжім байланды.

Құлқыны үшін сатылғандығы болмаса, негізі жуас Қылышбай енді болар деп, Оқатарды тоқтатты, үйден шықты.

Сол қалпында Зайра біраз отырып, жастыққа сылқ етіп шапқан шөптей құлай кетті. Адамнан көрген қорлығын, әуелі жарғандай қатты деп шығарумен, тереңнен созып күрсінуге, меруерттей көз жасын селдетуге

сыртқа шығарып тыныс алды.

Ел жатты. Енесінен айрылған қозының иіде-санда көңілеге жылы, дірілдеген жас дауысы естіледі. Кой күзеткен Тұмларбай Қарабайды разы қылайын деп, көрдің ішінен шыққандай өлімсіреген дауыспен: «Айт! Айт! — деп қояды. Біраздан соң «айт» деуден де айрылып, көңінен бірге ұйқыға кетті.

Жұрт ұйықтады дегенде, Қарашаш жастықтан басын көтерді. Тастай қатып, демін алмай зузын ашып тысылдағандардың, қорылдағандардың есебін алып, шығына қаптал шапанды желбегей тастады. Қолына күртмай, кездік түйілген орамалды ұстап, кебісін алып, қыз оятқан бозбаладай ештеп басып, тәсілі алынған есікті көтере ашып, тысқа шықты.

Аспанды көмірдей кара бұлт басқан, найззғай ойнап, бұлтты қак жарып, етегін жырып жаркылдап тұр.

— Ашырым-ай, Зәйраның сорына жауын болады-ау деп, күндіз белгілеген бақан мен аңыршақты алып отаудың жанына келді. Бақанды сыналай керегенің аяғынан жіберіп, көтермелеп аңыршақты айырыпз салды да: «Жеңешетай, дез шык!» — деп, күшті сыбырмен шақыра. Қарашаштың дауысын таныған Зәйра жүрегі аттай тулап, қаулаған қалың үміт оты шырақтай жайнап іргеге келді. Тезірек шык деп, іргені қаусыра көтергенде Қарашаш бұл күшім қайда сыйып жүрген деп өзіне-өзі тәнданды. Екі қолы намазда тұрғандай, қусырылып байланған Зәйра, суға түскен дөңбектей аударылып, жыландай жиырылып, жан ұшырып әреп шықты. Қарашаш қолды шырмаған бұйра шылбырды қара кездікпен бар кеселді шылбыр істегендей, қажырланып тұрап тастады.

Қанатын жайған аққудай құшағын ашып:

Қалқам, — деп туған шешедей мейір төгіп, үстінен тау түскендей серпіліп, Қарашаштың бетінен сүйіп алды. Қуанғаннан көзінен жас тамшылап кетті.

— Көзге түсерміз, бұл арада тұрмайық, — делі Қарашаш, ауылдан жүз қадамдай жерге барып, шарт жүгініп отырған молданың бойындай бір түп шидің тасына отырды. Қарашаш камырып:

— Туған жеңгемдей едің, енді бір-бірімізді көре алмаймыз ғой. Күндізгі зарланғанын жанымға жаман баты. Сенің кеткенің сүйекке намыс болса да, көңілім шыдамады. Мен де сүйгеніме барайын деп отырғаным жоқ. Заң қандай, заман қандай болады. Саған істеген

жаксыдырым алдымнан шығар, енді тұрма, жөнел! — деп түйіншек орамал мен кездікті берді.

Зәйра жыламсырап:

— Өлсем аруағым, тірі болсам жаным риза. Сен үйге барып жатқанша мен кетпейін, сені сезіп қалса жамаң болар. Мен не болса да көнген бейбак, сені отқа тастап кеткенше қолдарыңда мен-ақ өлейін. — деп Зәйра Қарашаштың бетінен оңды-солды сүйіп, өксіп жылады. Қарашаш та жылап үйіне қарай жөнелді.

Жайшылықта елегізің, түнде далаға жалғыз шығуға қорқатың, әсіресе, күн күркірегенде жүрегі алып ұшып, зәре-қуты қалмайтын Зәйра тауды еңсергендей қара бұлт қабақ түйіп, селдей қаптап келе жатқанына, найзағайдың от шашып жалындағанына, аш қасқырдың алыстан созылып ұлығанына қарамастан, қайратқа мініп, жүректің соңынан еріп, жаншығанынан жалмауыздай жұтуға айналған қараңғылықтың аясында темірқазықты бет алып келе жатты. Еркіншілікті көксеу адамға емшек сүтімен бірге кіреді, бірақ қара тұрмыс таудай кедергі. Мұны аттап өтетін жан сирек, сол жанның бірі Зәйра болды.

Зәйраның артқы өмірі — алдамшыл адам бетіне қара күйе болып жағылған, тасқа салған бедердей мөрленген қанды соққы, қара қайғы, еркіншілікті көксеген жан күйзелісі, алдыңғы өмірі — көмескі, мұнар-қара тұман. Баспана болар деп келе жатқан үйі, елі құшақ жайып қарсы алалы, жаны ашиды деп үміт артқан Зәйра көңілі тоқырамайды. Балаһандай шырылдатып ұстап береді-ау, — деп үрейленеді. «Өлуге бейіл бол! Қарабайдың босағасын көрме», — деп қайрат шегелейді. Бірақ Зәйра аз ба, көп пе, қолы байлаусыз, соққысыз, өз еркімен келе жатқанына қуанышты.

Адамнан көрген қорлығын табиғатқа
шаққандай. Түн бұлбұлына ұқсаған шерлі
Зәйра баяу толғанып мұн төгеді.
Кернеген ішті қайғы қалың өрттей,
Сарғайып санаменен болдым оттай.
Кең дүние құшағына ал, мендей сорлыны!
Панам жоқ сүйенерлік бір тал шөптей.
Ей, алла, көрсетіп ал атқан танды,
Айнала — қамалаған көр қараңғы.
Қанатын тасқа соққан ақ сұңқарым,
Мәрмәрдай ашпақ етім жараланды.
Кім сорлы — бұл жалғанда әйел сорлы,

Несіне жаратылып адам болды?

Кей дүние, күшағына ал мен байғұсты.

Жас жүрек жараланып уға толды, —

деген Зайраны аяғандай кара бұлт төңкеріліп, ашуын төкпеді. Бұлт астында жасырынған тая да қылаң бере бастады. Түн шырағы — жұлдыздар таңнан қуғын жеп, селдірей басталы, белдеуленген ақтанлақты көргенде, сағынған аңаның баласын көргендей Зайраның қуанышы қойнына сыймай кетті, жанды жабықтырған, басты торлаған қайғы тағы да серпілгендей болды.

Уайымсыз боз торғай көк жүзінде шарықтап, қлашағандай жылтарып, жібектей созылған, күмістей сылдыраған әніммен жаратылысты түн ұйқысынан оятып тұр.

Ақтанлақтың бетіне қан жүгіріп, тау шымылдығы көк мұнармен қушақтасып, алып қанатын жабыпқырап, күн шығыстың бетін қызғылт-көгілдір жібекпен кестеледі.

Біраздан кейін бриллианттап көзді ойнатып, анадай мейірімін төгіп, сары алтындай сәулесімен әлемді жарық нұрға бөлеп бауырмал күн басын көтерді.

Бұл кеше ғана бір көруге зар болған күнім еді. Жақсылықтан үміт үзуге болмайды екен деп, төбесі көкке жеткендей маз болып Зайра келе жатты.

Бойды билеген ашу кеткен соң, неше күннен бері жабыққан дене, түні бойы демалмаған дене шаршағандығын сездіре басталы. Сарылдап аққан өзеннен су ішіп мейірін қандырып, түбінен қарағанда бөрік түсетіндей биік жартастың басына шығып, Зайра бір тасалау көленке жерге отырып, кеш болғанша жатайын деп ойлады. Далала тағы болып өскендей көңілден көпкү кетті, бойы үйренді. Күрт-мәйіп жел отырып, Қарашаштың ерлігіне сүйініп, тірі болып Қарашашты бір көрсем арманым болмас еді деп отырды. Биікке күланын сермеген ойды қалжыраған дене жеңіп ұйқыға кетті.

Зайраның жанын білген соң, Қарабай қаңтардағы бұрадай қалшылдап, кара өрттің түтініндей бұрқылдап, жер жүзінде болса тауып әкеліндер деп, айнала жол-жолдың бәріне шолғыншы аттандырды, өзі бас болып Зайраның тәркішіне бет алды.

Шалқар түс, күн нұрын құйып тұр. Балдырған гүлдер емшек емген балалай, күнге бауырын төсеп мاستануда: аз өмірге алданып, аз өмірін қызықпен өткізген көбелек гүлден-гүлге қонақтап, серуендеуде, күрт-кү-

мырсака тамак іздеп, жер бауырлауда, күн сәулесімен сүйіскен тәу өзені құлашын сермен ағуда.

Тасқа тиіп тарсылдаған тұяқ даусынан Зәйра шошынып оялды, қуғыншы екенін сезді, тап үстінен шыққандай көріп, көрмегенмен де қуғыншылардың төркініне баратынына көзі жетіп, таудай үміті шөгіп, жартастың басына томағасын сыпырған бүркіттей шыға келді.

— Бәрекелді! — деп қуғыншылар аттарын борбайлап, етек-жендерін жел көтерген түндіктей жалпылдапты қарсы шабуылдады.

Қашан қуғыншылар жақындағанша балапансыз, серіксіз тасқа біткен қу қарағайдай Зәйра қасқайып тұра қалды. Өткен өмірі найзағайдай көз алдынан тізбек-тізбегімен зулап өте берді...

ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІ

Асқар белді, шалқар көлді, самал желді еркін ел — Сарыарқа сайран еді, Күнде той, күнде сауық мейрам еді. Бірақ, әйелі күн еді, әйелдің көрген күні түн еді. Бағасы мал еді, жүрегі қан еді. Сол кездегі әйелдердің қанды тұрмысы, торлы тұрмысы көшкен бұлттай, тоғысқан қойдай алдарынан өтеді. Ақ қағазды бояған жүректің түңғыш сырын, ауыр мұңын, асау қарқынын, баяу толқынын, қан төккен зарын, азап шеккен арын суық ақыл ұғынбайды, ыстық жүрек ұғынады.

ҚАРАШАШ

Ай батқан, ел жатқан мезгіл еді. Қара түннің аясында, қалың талдың саясында қайғылы Қарашаш күңіренеді:

Тайынша, күл ат айладың базарына,
Жаманның қайдан қалдым назарына?
Жаманды жер соқтырып кетер едім,
Қараймын ата-ананың ажарына.

Қарашаш қарайғы түнде, елсіз жерде кімді күтеді?
Ойпаз-құлген, көңіл сүйген жарын күтеді. Ақтық жолығыс, бойды ұлаған күйініш. Қарашаш ертең кетеді.

— Уәде де бармысың, жаным, — дейді, Қарашаш қамықты, сөз булықты мөлдіретіп көзден жас төкті.

— Ата-анам, Ата-анам... Белсенген дауды, жасанған жауды қалады. Олар үшін мен құрбан. Әлпештеген ата-анамның қарғысын алып қайда барып мен оған? Мен

шіріген жұмыртқа, ата-анамның ажары үшін бел байладым, сүймесем де жат-жұртқа.

Ай өтті, жыл өтті, бір жаманға қосықтадып Қарашаштың қайғымен өмірі өтті. Қарашаштың есі кірді:

«Аямай берген, малдай көрген, ата-анам неге керек еді? Неге қарадым арыма? Неге кетпедім сүйген жарыма? Ата-анам жолдас болды ма? Алғыспенен олдым ба?» — деумен Қарашаш қайғы жеді. Өмір таңы, бақыт шамы сөнген соң, аюдай енеден, жаман күйеуден соққы көрген соң кара қайғы менделі. Кара қайғы жеңді. «Неге қарадым арыма, неге кетпедім жарыма» деумен Қарашаш қараңғы көрге кірді.

НАЗИКА

Қыстың бас кезі, шаналық көбік қар, Күншуақ. Төрт жігіт екі шанада, Шана басы қос ат. Үлкендерінен жасырынып шыққандағы ойлары — қыз алып кашпак. Бұларды көлденен көргендер қақол арасынан өгіз жинайтын сәудегер деп ойларлық. Отырықшы елдің жігіттері неге болса да орашалақ. Көшпелі елдің жігіттері етек-жеңін түргендей жинақы, қырандай қырағы, сауысқанлай сақ келеді. Біздің жігіттердің тым болмаса біреуінің салт мінбейтіні сөлекет-ақ. Бірақ бұларға ертоқым да болмаған шығар, өйткені отырықшы елде ертоқым некен-саяк болады. Аттам жерге арбасын салдыратып, шанасын сырылдатып жеге бастайды.

Қансонардан жұрт аяға шығушы еді. Біздің жігіттер қыз алып кашуға шықты. Бұлардікі ай жарықта ұрлық қылғанмен бір есеп. Ішір жарығы жамырай, ел орынға отыра Назика сайдың басынан табыспақ, сол арадан кетпек. Қыз шыға алмай қалса қайтеміз? Қолға түссек, таяқ жесек не боламыз деген үш ұйықтаса ойларына кірмейді. Бірақ жігіттеріміздің сенімдері де осал-оңтағай емес. Заман советтікі, теңдік әйелдікі. Төрт жігіт ішірді қаза қылмай бес күн үдәймен сай басын келіп жүрді. Сайдың басын көп қоянның жымындай шарлап кетеді. Көшпелі елде болса қыз әкесі Ержанмен дүр-араз бір ағайынның тауып алып жеңге қылып, қыздың неге шыға алмағанын екінші күні-ақ біліп алар еді. Назика уәдесінен тайып қалды деп ойлағандар, Ержан бай да, би де болған, қулық-сұмдысқа құран жаттаған қарияларынан аспаса кем соқпайды. Назика толқыған көңілін әкесіне білдірмесе де, әкесі заманның түрінен

сезіктенетін. Бәденшенің қызы қашып кетіпті, түгеншенің қызы қашып кетіпті деген сөздерді күнде еститін Ержан ұл бәзасымен Назика жайында оша сөйлесіп, қыз-келіншектерді көшке аңдып, ертемен айналадағы іздерді байқап қой дейтін. Тартпай кеткір ысқаяқ мінезді ұлы құрғыр Назиканың соңына тыңшыдан бетер түсіп алған. Бір киетін таза киімін ала алмай, киімеіз кетуді көңілі қаламаған Назика шыға алмай қалған. Ертеңінде-ақ жайрап жатқан іздерді бала көріп, әкесіне айтты.

Қызын басқа үйге қондыруға тіріде сенбейтін. Ағайындарымен де осы жайында мүлде арыз. Түн болса Ержанның баласы ұйқы көрмейді. Төрт жігіттің де торып жүргені сезіліп қалды.

Исполком бастығы әнербақан ұрда-жық еді: «Қыз уәдесіне берік болса қайтадан барындар. Мен де арттарыңнан жетермін», — деп жігіттерге қуат беріп қойған. Алтыншы күн іңірде жігіттеріміз Ержанға құда түсетіндей жетіп келді. Іңірде келу бұларға парыз секілді, әйтпесе, үкіметке сүйенген соң күндіз келсе де болмай ма?

Болыс, хатшысы, милиция сондарынан жетпек. Екі шананы көрісімен Ержанның баласы: «Ұры тонап жатыр!» — деп үй-үйге зыр қағып жүріп хабар берді. «Алары болса да, берері болмайтын» ағайын, әншейінде Ержанды иттің етінен жек көрсе де, шыдаспады. Біреуі балта, біреуі айыр, біреуі сойыл алып жүгірісті.

Жігіттеріміздің көздері шарасынан шығып жамаң қорықты. Бастығы Таласбай:

— Мылтық қайда, атындар, — деді.

Таласбайды көрген жұрт:

— Уа, сен Таласбаймысың? Ерте айтсаң болмайтын ба еді? — деп төбелеске келгендер сылқ ете түсті. Мұның мәнісі — Таласбай бұл ауыламен жақсы таныс болатын. Болашақ күйеу далада қалып, үш жігітіміз қораға кіре бергенде Назика ашулы дауыспен:

— Мен сендерге кел дегенде осылай кел деп пе едім, — деп жалт берді, үш жігіт жамаң қысылып, тесік болса кіріп кетерлік күйде қалды. «Құдай ұрды ғой», қатты састы, шегінуге шара жоқ, амалсыз салбырайып үйге қарай аяңдады. Ұрлық үстінде қолға түскендей болды. Табалдырықтап аттай бергенде, Ержан орнынан көтеріліпкіреп, Таласбайға қарап күрілдек даусымен өктем сөйлеп:

— Осы таяқтың астына алайын ба? — деп таяғын көтере түсті де, қайтадан жайланып отырды.

Ержанның таяқ жұмсамауы сабырдылығынан ба, Таяласбайды сыйлағаннан ба, заманынан қорықты ма, онысы жұмбақ.

Ержан ауыл адамдарына ашулы өмімен ызғарланып:

— Мыналарды байлап тастаңдар! — дегенде-ақ, есік артында тәсада тұрған Назанка бетінен қаны қанып сұрланып, көзі жайнап, ептелей кіріп:

— Бұларда жұмыстарың болмасын, шақыртқан мен, байләсандар мені байландар! — деп қасқып тұрып алды. Ержанда үн жоқ, тек саусақтары мен ерні дірілдей берді.

Болыстар да келіп қалды. Ертеңінде төрт жігіт таптал түсте Назиканы алып кете барды.

ЖЕТІМ ҚЫЗ

Түні бойы тұншықтырған қандай ұясы қара жерден құтылып, түтелеген қоңыр түбіттей жұқа бұлтты шымылдықтай серпе тастап, көк жүзіне құлындай ойшақтап, құшағын жайған ана күн бала сәулелерімен жер бетінің маңдайын ніскеп екі найза бойы көтерілген шак. С қаласынан Шыңғыстың Досбалай асуына баратын қара жолымен түн қатқан бес жолаушы аттары жалқаусып, сары масадай шакқан қамшыны елеп қылмай болдыруға айналған соң ат шалдыруға тоқтатты. Тоқтаған жерлері шалшық судың жағасы, сасыған жұмыртқадай қорыстан шыққан нісі мұрынды жарады. Алысқа салған көз көсенің бетіндей тап-тақыр тау-тасқа түседі. Аяқ астында шала үйтілген күйқадай, тырбың беттегі қадау-қадау жерлерде ыстықтап үйездеген үйірлі жылқыдай түпті ши. Бір түптегі шидің кейбіреуі сексенге келген кемпірдей бүгілген, сахарға салған сүйектей бозарған. Кейбіреуі буырылданған, кейбіреуі — жаңа өспірімдері — бойы биік. Күн жағындапылардың көленкесіне бастарын тығып тіршілікке бет алған. Тоқтаған жерден жарты шақырым мөлшерінде таумен бірге тұнжырап киізі қара қайыстай ысталған, жамаудың әр атасымен шокпытталған, еясесі түскен түн. Түлік малдың толықсыған, жер құртындай кең өлкеге қаптап жайған күндерінде көк орай шалғынның түсің сүйін, орда атанып сары қымызға қандырып алатын үйлер едік, шырайымыз — көк еркесі күміс айға,

су еркесі — шағалаға, ас еркесі — сүтке ұқсатылушы еді. Енді қара күйемен құрдас болдық. Жел-жаңбыр сүнегімізден өтеді. Ақтылы қойдан қысырап жетім болдық деп, күнгірт ойға қалғандай қара лашын үйлер тұр. Өріске қарай кілем түріндей жайқалып шыққан көп қой жоқ. Қоңыр белден шұбатылып шыққан түйе жоқ, үркердей біраз сиыр тауды бөктерлеп, жолда кетіп барады. Жаратылыс сараңдығына қоса ауылдың малдан жалған болуы Дарабектің көңіліне ұялаған қара күнгірт қасбақты қалыңдатты. Шай қайпағанша мызғып алайын деп жатса да, көзіне тіреуіш салғандай Дарабектің ұйқысы келмеді. Мұндай тіршілікте не қажет бар екен деген сұраудың соңына қуны бардай ежіктей берді. Бірақ бұл сұраққа талай жауап балапандзай шықса да, қорытынды пікір қазыққа арқандалмады. Шақырайған отты күн кен қорытқан нештей қыздырып сүрлейтіндей топырақты кентіріп, ыстық сәулелерін құя берді. Күн ыстығына шыдай алмай, шала ұйқы мең-зең қылған Дарабек жастықтан басып көтеріп алды. Шайдың буы бұрқырап, дастарқан жайылып жатыр. Дастарқаннан тайып шыққан көзі ауыл жақ бетте жиырма қадам бойында сүзек аурудан жана тұрғандай өңі қуарған, шілдеме тұрған қанмақтай жұқа қабағы түнерген, шаңыраудай терең мұңды көзімен дастарқандағы үйме төбе болып жатқан бауырсақ, қант, етті сүзген жасы 7—8 шамасындағы қызға түсті.

Қыздың үстінде сауышынның киіміндей сауысталған, боршаланған етпей жырымдалған түйе жүн көйлек, басында жабағыдай ұйысқан айдар, аяғы шаң-топырақтан бұлғарыланып, суықтан жарылған ағаштай тілімденіп кеткен. Екі нығы сынып қалғандай салбырап, қол терісі қабыршықтанып, жапырағы түскен ағаштай күр сүйегі, тарау-тарау тамыры көрінеді. Дарабек несіті ақ сабынды көпіртін беті-қолын кіршік қалдырмай жуынып, таза орамалға сүртініп шайға отырды. Қағылған қазықтай бір орнында тұрған жас қыз бауырсаққа ғашық болғандзай көз айырмай тұра берді. Дарабек бір уыс қызара бөрткен бауырсаққа қоса бір шағым қантты қыз балаға ұсынды. Қыз бала жер ойылып кетердей ертеп басып, мұңды көзі шаралзай жайнап, бауырсақты алып, бойы үйреніп, бір тізелен жақын отырып, бауырсақты бір-бірімен тышқандай кеміре бастады. Екі көзі қантта болды, шай құйып отырған атқосшы мырзаларына жарамсақтанайын деген оймен қыз

балаға үйге бар деп қабағын көтеріп, басын изеді. Қантты таңырқап шарасынан шығып отырған көзі тағы да мұң басып, қыз бала ренжіген өймен, жыламсыраған дауыспен: «Үйге барсам балалар тартып алады», — деп бауырсақ берген кісі аяр дегендей Дарабекке қарады. Дарабектің «тима, отырсың» дегені туған анаың парағымындай көрінді. Маңадан бері тұрған тұлғасы, сөз сарыны жұмбақ көрінген қыз баламен Дарабек әңгімеге кірісті.

— Шырағым, балалар неге тартып алады? Бермесен болмай ма?

«Шырағым» деген сөзді қыз бала ат мінгендей көріп, өңі жылынып, қантқа қараған қалпымен қарауытып, кезерген ерні дірілдеп:

— Біздің анамыз өліп қалған, осы күнгі анамыздың баласы бар, жұрттан сұрап әкелген төрт бауырсағымды балаларына тартып әпереді. Үйдегі айран-күртты балаларына береді. Бұзауға, козыға бізді жұмсайды. Тамаққа жарытпайды, — деді қыз бала, әр сөзін өлшеуге салғандай салмақтап тақ-тағыммен орындады.

— Шешеннің өлгенін білесің бе?

— Білмейміз, біз жас қалпымыз. Туған анамыз болса мұндай болмас едік, — дегенде ерні дірілдеп, жінішке бұйығы дауысы қалтырап, көзінен ана махаббатын жоқтаған жетімдік жасы жосылып бетке түсті.

— Өзімен туысқаның бар ма?

— Жоқ-жоқ, біздің тамағымыз аш, — осы қалыппен отырып қыз бала бауырсағын бітірді. Бірақ қантты алтындай аялап, сақтап отырды. Дарабек тағы да бір уыс бауырсақ беріп: «Анаы неге жемейсің?» — деп қантты көрсетті. Жетім қыз таңырқаған өймен:

— Бұл немене? — деп Дарабекке қарады.

— Бұл қант, — дегенде жетім қыз аузын ашып, бірдене ойына сап ете түскендей болды.

— Бұрын көрген жоқ па едің?

— Біз көргеніміз жоқ, — деп қантты аузына салып тістей бастады. Дарабектің ішкен шайы умен бірдей болды. Дариядай терең, сағымдай бұлдыраған ойдың өрмегіне шырмалды. Адамның ең қасиетті белгісі «мен-нені» айырылған, мендігін көрсете алмай, «бізге» қосақталып, шер қорқақ болған жас бетеге өмір таңында аруақтай семіп аштықтың азабын тартқан 20 ғасырда қантты көрмеген қазақ даласының терең түкпірінде толып жатыр ғой. Біз көрген жеке бақыттың, тоқтық-

тын құны жеті тиыңға да тұрмайды. Жалпы бақыт, ортақ өмір керек деген ой желісіне Дарабек байланды.

МОМЫНТАЙ

Әкеден жетім қалған Момынтай есі кіріп қозы бағуға жарғанша үстіне қабықтай лыпа іліп көрген жоқ. Анадан жазынаш туған қалшымен өтті. Жазбен бірге жанданып, қыбырлай жер бетіне шыққан құмырсқамен қатар Момынтай да домаланып, көрдей үйшікті тастап кең даланы шығушы еді. Жаз бойы Момынтай ойын соғып, шаң-топыраққа аунап, күнге күйіп бар денесі қоныр былғарыға айналушы еді. Қыс болса Момынтай інге кірген үйшігінен шыға алмай, іші иысын жаз қашан болады деп төрт көзімен күтуші еді. Момынтайдың шешесі ерте-кеш Байтоқтың үйінде жұмыс істейді. Кей уақытта шешесі жоқта Момынтай жаз ойындары есіне түсіп жалаңаш бойымен жүгіре далаға шығып, отқа тойған бұзаудай ойнақтан аяғын тоқдырып, дірілдеп қайтып келеді. Далаға енді шықнастай болып отырады. Біраз күннен кейін тоңғаны ұмыт болады, тағы да даланы сағынып бұрынғысын істейді. Осы қалыппен жүргенде ызғарлы, ашулы қыс өтті. Күн жадырады. Көк шықты, тар абактыдай үйшігінен Момынтай босанды. Байтоқтың жалғыз баласы Құдайбергенмен Момынтай ойнайтын болды. Тіршілік заңы күн көріс әдісін жан-жануар, өсімдікке үйретеді ғой. Сол әдісті Момынтай да үйренді. Құдайбергеннің қалтасы толған құрт-бауырсақ. «Мен сенің атын болады екенмін, мені жемдейді екенсің» деп Момынтай Құдайбергеннен тамақ жейтін. Немесе «жылы болып оттайды екенбіз» деп құрт-бауырсақты шашудай шаштырып, Момынтай төрт табандап аузымен топырақты қоса упалап жейтін. Кей уақытта Момынтай күзейтін, қысырақ салатын, бие байлайтын, күзем алатын ойындарды жасаттырып, ырымы деп Құдайбергенге үйінен тамақ алғызады. Бір күні Момынтай ойнап-ойнап, Құдайбергеннің тамағына тойып тас қопарғандай шаршап, аяқ көсілсе сыймайтын қоста ұйқы соғып жатыр еді. Байтоқтың үйінен шешесі келіп барлық жан иесіне ортақ аналық махаббатпен Момынтайдың бетінен сүйіп оятып:

— Қарағым, мынау тоңшаны Құдайбергеннің әкесі берді. Енді әжен үйінің көп қозысын бағып жүресің.

жасың алтыға келіп қалды, жігітсің, — деп күлімсіреп Момынтайдың арқасынан какты. Момынтайдың сәби жүрегі өлшеусіз қуанып, көзі оттай жайнап, тоншаға қолын соза берді. Алдындағы бақытсыз күндерден хабарсыз Момынтай тоншаны торқадан кейін көрген жоқ. Қаудырған қатпа тоншаны шұңтитып киіп алды. Айнаға жүз қаранып, көлбеңдеп киімнің өте жарасымын іздейтін кербес әйелден Момынтай кем болған жоқ. Қоразданып тұрды. Момынтайға тоншаны кию бір қызық, қой бағу екінші қызық. Бұрын марқа қозыға мінген ересектеу балаларды көргенде «мен де мінсем-ау» деп Момынтайдың талай-талай аузынан сілекейі аққаны бар.

— Қазір Жұмашпен өңкей қозыларды ағытып жардың қабағына айдайды. Сен де бар, бірақ қозыға мінбе! Бай атаң ұрады, — деп шешесі айтқанда Момынтайдың даулаған бір қуанышы су сенкендей басылап қалды.

— Анау күні қозыға мінген Жұмаштарды бай атаң неге ұрмады? — деп таңырқап, бұйығы дауыспен Момынтай сұрады. Шешесі:

— Олар мінді екен деп мінбе қозыға. Мінбесен, жамыратпай қайырын жүрсен, әжең май, бауырсақ, айран береді, — дегенде Момынтайдың көз алдына тәтті тамақ елестеп, бұйыққан көңілі жадырап кетті.

Санаулы өмірдің төрт жылын Момынтай қозы бағумен өткізді. Қозыға мінем деп байдан талай рет таяқ та желді. Ащы таяқ балауыздай жұмсақ тұщы етке тигенде енді қозыға мінбеспін деп өзіне талай рет уәде берді. Сонда да кектің, бейнеттің табын тез жуатын ұмытшақ сәби жүрек уәдені ұмыттыра береді, таяқты жегізе береді. Ойынға елігіп қозы жамыратқан күндер де болды. Ол күні әжесі күрғыр айран бермей аш қоятын. Жүре келе Момынтайда тіршілік сезімі күшейді. Байдың айтқанын екі қылатын болса, ашығатынына көзі жетті. Соңғы жазда қозыны жамыратпай жақсы бағып, байдан мактау алды. Мактауды бала түгіл үлкен сүйеді ғой.

— Момыным жігіт болды, қозыға биыл жаздай ұқыпты карады, ендігі жылы Момынға қой бактырамын, — деп бай Момынтайдың тағдырын шешіп, ет асатып, қымыз бергенде, Момынтай мактауға семіріп, төбесі көкке аз-ақ жетпей қалатын. Момынтайдың әбден есі кіргенге, байға жаққанға шешесі де жатса-турса Момынтайдың амандығын тілеп қуанып жүрді. Үлгілі ана тәрбиесін, мектеп бетін көрмеген Момынтайдың тұрмысқа көз

қарасы өте саяз еді. Шешесі болса өзін байдың босағасында күн болып өтуге жаратылғанмын, байымды алған құдай, кедей қылған құдай деп тағдырдың тақсиретін басына біржола кигізіп қойған.

Момынтайдың күндегі өмірден алған тәжірибесі: «Байсыз күн жоқ екен, байға жағу керек екен» деген оймен түйықталды. Айнала қамау терең жарға тірелді. Жалғыз-ақ қамаудан сырылып шыққан таңсықтың жолымен Момынтайдың көңіліне мықтап орныққан бір сұрау болды. Осы жұрттың бәрінің аузынан құдай түспейді. Құдай қандай екен? Көрер ме еді? Бір күні Момынтай шешесінің жанында аруақтай тарамданып, тілімденген, шаң-топырақтан ысқаяктанып кеткен аяғының кара кожырларын шұқып отырып:

— Құдай қандай? Қайда тұрады? — деп үлкен кісідей салмактанып отырып шешесінен сұрады.

Шешесі бізбен сұғып алғандай селк етіп, отқа күйгендей ыршып түсіп:

— Құдай сенің құрдасың ба? Тек отыр, күнә болады, — деп қабағын түйіп ұрсып тастады. Момынтай тарыға құмыққандай үндемей қалды. Бұрын күнәнің не екенін білмейтін Момынтай құдайды былай тастап, «күнәнің» соңына түсті. Өз ойы шеше алмаған соң:

— Күнә не? — деп шешесінен сұрады.

— Күнәнің не екенін молда біледі, сен баққан қозыңды біл. Құдай-мұдайдың, күнә-сүнәнің не керегі бар, — деп шешесі сөзді шорт кесіп, байдың үйіне жұмысқа кетті.

Күнә немене екен, тегінде адамға зияны бар шығар деп, қалай ұғынарын білмей Момынтай отыра берді. Момынтайдың тәрбиенен баулыныбаған жас қалпы кеңінен шарықтай алмады. Өзінің қорқатыны қасқыр мен жып еді. Тегінде, күнә қасқыр сияқты, не жып сияқты деген ойға тоқталды. Осы әңгімеден былай Момынтай күнәдан қорқатын болды, қасқыр сияқты болса қозымды алып кете ме, жып сияқты болса өзімді алып кете ме деп қорқып жүретін болды. Бір күні:

— Күнә кісіге тимей ме? — деп шешесінен қорыққан, жалынған дауыспен сұрады.

— Күнәнің кісіге тиетін жаны жоқ, — деп шешесі сендіре жауап берді.

— Ендеше қозыға да, өзіме де тимейді екен. — Момынтай қуанып қалды.

Момынтай малсақ қапығы қойшы болды. Қой баққанына байдан жылына төрт бойдақ қой, төрт киім

алады. Қызғалдақтай жас өмір қойдың айналасында өтіп барады. От өмірдің жалынын қой дүниесі жұтатын болды. Айт пен той, ақсүйек, алтыбақан Момынтайға арам аспай, Момынтай күндіз қой соңында шегеленіп екі елі қалмайды, кеш болса-ақ бай: «Қойдан айырылып қаласың», — деп, өзінің үйіне абақтыға жапқандай жатқызып, ойнатпайды. Кешкі таза ауаны жаңғырықтырып даланы жарған балалардың дауысын естігенде тоқты көрген жүйріктей Момынтайдың бүйірі қызады, елреді, «әттең, қойшылық, қылдың-ақ» деп күрсініп, аунақшып жатып ұйқыға кетеді.

Күн ұясынан көтеріле сарымасадай ызындап, тәтті ұйқыда жатқан Момынтайды бай оятады. Дыр-дыр қасынып отырып киініп, Момынтай айран ішіп, күрт жең, торсыққа айран құйып алып, қойын айдан жөнеледі. Өріске жан-жақтағы ауылдардың қойшылары келеді. Қойдың оты қанған кезде жусатып, қойшылар өзара ойып ойнайды. Өгізшелерінің үстінен аударыспақ ойнайды, әңгімелеседі, қорықтық ішіседі. Қу қойшылар жан торсықтағы айранын тастың түбіне жасырып келіп, момын қойшылардың айран-күртына ортақтасады. Бала қойшылардың ішінде жасы алпыстан асқан Бердікүл деген ертектің, әңгімешіл шал бар. Ми қайнатқандай ыстықта, қойлар ауыздарын кере қарыс ашып, тілдерін салақтатып, бүйірлерін солқылдатып жатқанда шекедегі шөк үкідей тәпталған, жібектей күлтеленген қалың бетеге түстегі бала қойшылар: «Ата, ертегі айт», — деп Бердікүлді қоршап отырысады. Бердікүл өкпесі сырылдап, мұрны шуылдап бейнеттің терең ізі түсіп, шалбарланған бетін тыржындатып ертегіге, әңгімеге кіріседі.

Сарыарқадай кең тілмен, ашыққа күн бәткәнде Алтайдың шағылысқан көріністеріндей әр сөзін безбендеп отырады. Бердікүл жеті басты жалмауыз кемпірді, тауды ұршықша ойнатқан дәулерді, қалың жауды қашыраған, тас камалды талқан қылған батырларды, судыраған жібек киген қалың орман несі жез тырнақты, махаббат отына күйген, әлшеусіз бейнет шегіп мұратына жеткен ғашықтарды айтады. Бала қойшылар ауыздарынан су ағып Бердікүлді сол минутта қойларына қасқыр шапса да елең қылмайтындай ұйып тыңдайды. Бірақ көне қойшы Бердікүлдың аузы әңгімеде болса, көзі қойда. Бір күні қойшылар:

— Ата, өз басыңнан кешкен бір әңгімені айт, — деп

жалынып отырысты. Бердікүл бірсыпыра уақыт ойла-
нып:

— Шырақтарым-ай! Бір кезде мен де сендердей
уылжыған, қылшылдаған жас болғанмын. Жасымда
қу кедейліктен басқа мінім жоқ еді. Осы күнгідей су-
лы көз, битті көз, құрысқан, қуарған шал емес едім.
Жырмадағы кезім. Байдың қойын бағып жүрмін. Бай-
дың ай жүзді, қарақат көзді Гүләйім деген сұлу қызы
болды. Гүләйім атастырған күйеуін менсінбейтін. Оның
күйеуінің жанында мен патшадаймын. Жылбысқан боз
сопақ. Ішімнен Гүләйімді жақсы көремін. Бірақ қал-
жындап сөз айтуға бата алмай жүрдім. Сол Гүләйім
құдай ықыласын салып, өзінен-өзі мені жақсы көріп сыр
білдірді. Екеуміз ойнап-күліп жүрдік, қызды еріксіз
атастырған күйеуіне беретін болды. Бір күні қыз: «Ме-
ні орыс қаласына алып қашып кет, боз сопаққа барға-
нымнан кара жерге кіргенім артық», — деді.

Қашуға дайындалып жүргенімізде құдай төбедеп
ұрып, Гүләйімға қорасан шығып бір жұмалап кейін өл-
ді. Бай қызы болса да менің кедейлігіме, қойшылығымға
қарамай сүйгені бір сыбаға емес пе? Құдай жазбаса
сон амал бар ма? Мынау манлайдың қасбағы қалып
сордың екі елі арылған күні жоқ, — деп, ызамен маң-
дайыш қойғылап, аттай мінген көрілік сөндірмеген ма-
хаббат отының үшкінын сыртқа шашыратып, қамығып
күрсінді.

Тыңдап отырған бала қойшылардың бірі Момынтай
ішінен шалды аяп отырды.

Кедейлік те, құдай да бақытқа кедергі, аяққа тұсау
деген ой Момынтайдың көңіліне ұялады. Осыдан былай
қарай кедейлік туралы, құдайдың да әділетсіздігі ту-
ралы көп ойланатын болды. Ойланған сайын бай құ-
дайдың еркесі екендігі, байдың артықшылығы, зорлығы
айдай айқын көрінетін еді.

* * *

Үлкен айт. Әр үйдің алдында буы аспанға шығып
қазан қайнап жатыр. Теріге құлқыны құрыған қу мол-
далар: «Қыл көпірден құрбандығымна мініп шзуып өте-
сін», — деп қойы жоқ кедейлерді құрбан шалдыртып
жүр. Байшешектей түрленген, қызыл-жасыл әдемі киін-
ген қыз-келіншектер сылаң қағады. Әр ауылдың боз ба-
ласы әсем киініп, жүйрік, жорға, көрнекті аттарын мі-
ніп, айттасып, қыз-келіншекпен әзіл қағысып, айттық

алысып кұмарларынан шығысып жүр. Тай-кұнанды қылтыллатып жас балалар жарысып жүр. Жалғыз-ақ бұл қуанышка Момынтай ортақ емес. Мейірімді сұлу алтын күн үйқысынан оянып, ұясынан шығып, найза бойы көтеріле Момынтай өріске жайқалған топты қойды айдап кетті. Жұрт қатары айттай алмаған өшін Момынтай астына мінген қоныр құнаншадан алып жүр, борбайлап ұра берді. Кедейлік аябастыдай елестеп тұнжырата түседі. Басқа бала қойшылардың әкелері қойға өздері кетіп, балаларып айттауға қалдырады. «Қу құлай, тым болмаса әкемді тірі қоймадың» деп Момынтай қобыздай күңіренеді. Ұлы бесін кезінде қойды ауылға жақын әкеліп ет жеп кетерсің деген байдың жылы сөзі бар. Ұлы бесінге шыдамай, шаршы түсте Момынтай қойды ауылдың жанына жақындатып, өзі ауылға келді. Ойын-сауыққа белшесінен батып жүрген жастарды көргенде Момынтайдың іші қазандай қайнай берді. Байдың қойған етін көңілсіз отырып жеді. Қайта далаға шыққан кезінде Момынтай екі ауылдың арасында қөкбар алып құйындатып келе жатқан бір кер аттаны, оның соңында жау құғандай тасыр-тұсыр шапқан көпті көрді. Ұлы дүбірді көрген соң Момынтайдың ойынан қой шығып кетті.

Бірсыпыра уақыт қызыққа қарап тұрып қалды. Қырсықтың бір шалса шала беретін әдеті ғой. Момынтайдың қойы белдің астына түсіп кетіп, қалтарысты аңдыған қасқырға тап болды. Қасқыр қойларды тамақтан ойран-ботқа қылып жүрген жерінен көлденеңнен келе жатқан бір жолаушы айырып алады. Төрт қой арам өлді, үш қойдың құйрығы алқам-салқам жараланып қалды. Бұл жағынан Момынтай да барды. Қызыл-жосынды көрген соң басын кара түнек орнады. Байдап қорқып ботасы өлген інгендей зарлап, қойын қайтара берді. Жолаушы ауылға айта келді. «Аттанға» шапқандай әркім қойын түгендеуге жүгірісті. Ол арада басқа ауылға айттап кеткен бай да оралып қалды. Әкесінің өлгенін естігендей бай қапаланды. «Мал ашуына жан ашум» және ұлыстың ұлы күні қойға қасқыр шапқан жаман ырым деп ұғынатын бай кара бұлтай түнеріп, бүркіттей түйіліп Момынтайға аядайдан: «Иттің баласы-ай, айт сенін не теңін еді?! Ойбай-ай! Қанша қойды арам өлтірттің?! — деп, Момынтайды жуан таяқтың астына алды. Момынтай өзін жазықты санап, арқасын қисандатып, таяқтан қорғанып үндемей қозғала берді. «Құлқының қуарған қу антүрған, аштан өлеңін деп

жүргөн жок едін, аузынан ак кайрылган жок еді!» — деп таякты тулакка түскен сабаудай шатырлатып Момынтайды ұрып жатқанда таяк шарт етіп қак айрылды. Қарсы ләм-мем дерлік Момынтайда шама бар ма? Тек шыбын-шіркей болып еңірей берді. Ендігәрі қойға не болайын деп жалынды. Таяк сынған соң бай жудырық пен тепкіге түсті. Өлімтікке конған күзғындай жұлма-лай берді. Момынтай соққының күштілігінен тышырлау-ға шамасы келмей талықсып кетті. Бай да ұрудан шар-шан, аң қуған иттей еңтігін, жындапшандай аузы көпірін үйіне карай аңдады.

Көріп тұрғандардың бірі де арашалауға келмеді. Кейбіреулер «енді айттамайды» деп мысқылдап тұрды. Кейбіреулер арашаға келуге байдан қорықты, желі ба-сында бие сауын жүрген Момынтайдың шешесі алғаш-қы кезде «байдан бұрын да жейтін таяғы, ештеңе ет-пес» деп тұрса да, Момынтайдың шырылдаған даусы аштырақ шыға бастаған соң, аналық сезімі қолды-аяқ-қа тұрғызбады. Арашалауға баруға байдан бата алма-ды. Қуып жіберсе, бас пана қылып күн көретін жері жок. Әлсіздіктің, қорғансыздықтың белгісі көп жолы-дай тарамданып, тамшыдай домалап түскен жастан кө-рінді. «Көрінде өкір, бай! Тек баланың алдына кел-сін» деп, зарланып қарғағаннан көрінді. Желі басы-нан шешесі қайтқанша Момынтай есіп жинап, тас арт-қандай соққыдан ауырлаған денесін көтере алмай, қа-ра құрым қосқа сүйретіліп әреп кірді. Шешесі қосқа жылай кіріп, денесі көк ала қойдай болып көгерген, мең-зең қалыпта жатқан баласын құшақтап өксіп-өксіп жі-берді, зарын шағып, Момынтай да егілді.

— Құдай сорлы қылған соң амал бар ма? — деп шешесі ескі сарынеа салды зарды.

— Құдайын күресін! — деп Момынтай ақпанын ызғырығындай ашуын төкті.

Айтта жеген таяқ Момынтайдың жүрегіне шер бо-лып байланды. Есінен кетпей кегімді бір алсам деп жүр-ді.

«Балшебайлар» келді, келейге теңдік теңеді, байлар-дың малын келейлерге алып береді» деген ұзын құлак, алыпқаш сөздер Момынтайдың құлағына тиетін болды.

«Қашан бізге балшабай келеді?» деп Момынтай көп-тен жолықпаған жарындай бір көруге ынтығып жүрді. «Балшабай келіп байдан бір өшімді алсам-ау» деп ой-лайды. Талай сайлаушы, талай милитсе, салық агенті байдың ауылына келіп жүрді. Бірақ оларды Момынтай

балшабай деп ойлаған жоқ. Ойламаған себебі, олар келсе байға түседі, етін жейді, қымызын ішеді, төрт қабат көрпешің үстіне бүйірін таянып шалқайып отырады. «Келей» деген бір ауыз сөз болмайды. Байдың тышқик аяғын да келейге алып берген жері жоқ. Балшабай келейді жектейді, мал алып береді деген бекер болды. Құдай оң көзімен қараған байларға не болушы еді деп. Момынтай үміт кешуге айналды. Енді не де болса байға жағышып жылқышы болайын деген ойға Момынтай бет алды.

Қойшыдан жылқышы болу болыстық қызметтен бірік секіріп кіндік қызметкер болғанмен теңдес. Жылқышы сыйлы, ерке болатыны Момынтайға белгілі: қыс қыстап шыққанда сарандау байдың жылқышысы ту бие сойып алып қазы мен қартаға бөленеді, жаз бойы қымыз жылқышының аузынан кетпейді. Бие құлындап жатқан кезде сайлауға шыққан нұсқаушыдан күтімі кем емес. Момынтай жылқышы болудың қамымен байдың қыбын тауып, күрдай жорғалап қызмет істеп жүргенде, бір күні байдың ауылына партияда жоқ келейлердің болыстық жиналысы шақырылды. Әр ауылдайлы жаяу шұбырған, екі аяқты арбаны өгізге салып тобымен мінген, бір-бір шоланы мініп салт келген, көне-тоз жалбыр киімді, аш өңді келейлер қойдай ағылып байдың ауылына келіп жатты. Бзе аяғы жиналғанша көш те болды. Ерте келген келейлер асығып отырғысты. «Байдың, жуандардың жиналысы болса әр жерден будақ-будақ түтін шығып, бағлан тоқтылар сойылып, аяқ-аяқ қымыз ішіліп той сияқты болар еді». — деп келейлер әңгімелеп отырды. Екінді кезінде. «Ой, басталды, балшабай төресі келеді», — дегенде мұның шаққалы Момынтай да келді. Үйезден келген семіз жуан сары жігіт сөз бастады:

— Балшабек үкіметі — жұмыскер мен келейлердің үкіметі, күндерің туды, мұн-мұқтаждарына кеңес партиясы, кеңес үкіметі көз салады, — дегенде жан-жақтан келейлер шулап қоя берді:

— Балшабай келгелі үш жыл болды. Әлі соқыр тыш көмек көргем жоқ. Сотқарбай жалғыз биемді тартып алды.

— Жуанбай 5 жылғы қарымызды бермей шығарып жіберді.

— Борсықбай қатынымды еріксіз тартып алды.

— Кезекпен сөйлеңіздер! — деген нұсқаушының тоқтау сөзіне қарамастан келейлер байлардан, кулар-

дан көрген зорлықтарын айтып барып тоқтасты. Нұсқаушы:

— Кос жүре түзеледі. Соғыс, аштық кеселінен үкімет сіздерге көз қырын сала алмады. Бұдан былай ескереді, балшебек үкіметі салықты байларға салады, кедейлер салықтан азат болады дегенде тағы шу ете түсті.

— Әлі салықтан көзіміз ашылған жоқ — деп әркімдер мұқын бұршақтай жаудырды. Нұсқаушы:

— Сендерге салық салатын — қулар. Исполкомге өздеріңнен сайлаңдар, сонда салық тартпайсыңдар, — деді.

— Бұл дұрыс екен, сайланушы байға ауып кетпесе біз сайлар едік, — деп кедейлер өткен сайлауларда көрген тәжірибесінен айтысты.

Нұсқаушы:

— Балшебек үкіметі кедейлерді оқытады, — дегенде кедейлер дүрсе қоя берді: — Біздің өз күшімізбен оқытуға шамамыз келмейді. Оқытатын орын болса, шығынын қазына көтерсе, біз бала беруден тайынбас едік, — деп.

«Байдың малын бөліп беру, байдан көрген қорлықтарыңызды айт» деген сөз нұсқаушының аузынан шықпаған соң, Момынтай көңілеіз тұра берді. Нұсқаушы:

— Қане, балаларды қалаға оқытуға жіберетіндерің жазылыңдар. Осы жолы жазылған балалардың ішінен іріктеп 30 бала алып кетемін, — дегенде, Момынтай күетай ұшып нұсқаушының алдына жетіп келді де:

— Оқуға мен барамын. Өмірім қойшылықпен, қорлықпен өтіп келе жатыр, — деп жүрегіне байланған ескі шерлі ақтара салды. Жиналыстағылар Момынтайға қарай қалысты. Нұсқаушы кедейлерді қызықтырайын деген ниетпен:

— Міне жігіт, — деп Момынтайдың арқасынан қағып, аты жөнін сұрап алды. Өмір бойы шешесінен басқа жаннан жылы сөз естімеген Момынтай нұсқаушының арқасынан қағып, «жігіт» дегеніне көңілі тасып айтпағы таяғын ұмытып кетті. Нұсқаушы басқа кедейлердің балаларын жазып отызға толтырды. Кедейлерге тұңғыш санлау ашқан, кедейлердің тұнба дертін сыртқа шығарған, тұңғыш жнилыс тарқады. Нұсқаушы Момынтайды өзімен бірге қалаға алып кетті. Момынтай көр тұрмыстан, қол-аяғын байлаған құллықтан құтылды. Жарық дүниеге шықты, азат болды, адамшылыққа

кадам басты. Келешекте Момынтайдың қандай адам болатынын тұрмыс көрсетер.

ОТАРШЫЛДЫҚТАРДЫҢ ҮШҚЫНДАРЫ (Өткен тұрмыстан)

Күн жалтаң, шаңқай түс. Жыландай пірілген кара жолдың жусаған шаңын аспанға атып бүркыратқан, ауыздығымен алысып оқтай зымыраған қоңыраулы пар атпен шаруа школында оқып жүретін Жанатай тәжірибе атқару үшін белгіленген қаласы Преснов станциясына (Қызылжар уезінде) түмсық тіреді. Жан-жақты сүзбелеген көзге арасы жермен көктей шалғай бір-біріне қатыспайтын екі сурет сап етті. Бірінші — айдың көлді белдеудей орныққан еңселі, биік қарағай үйлер, талай сорлының көз жасынан, еңбегінен құрылған сомаға, көптің көзін дін атымен бояу үшін салынған күмбезді, күнмен шағылысқан ақ шіркеу. Екінші — сырлы таза қарағай үйлерге күйесі жұғатындай оқшау тұрған алқам-салқам кара құрым киізді, жеркенедей жабысқан жатақ болған қазақтардың үйлері. «Қазақ» гизетін оқумен ұлтшылдықты иман қылып ұстаған Жанатай «Мынау, бишара жатақтар шаруа құлдығында тұраланып, өрмекшінің уысына түскен шыбындай, бірте-бірте сорылып, қазақтық белгісінен айырылады-ау. «Айқын зорлықтан, сүліктей соратын көрбілте зорлық жаман» деген пәлсәпемен қалаға кірді.

Тап-тұйнақтай жиыстырылған Земский пәтерге түсті де, шай қайнағанша базар көрейін деп көшеге шықты. Бұл қалада сәлшық қарын, бөтегелі, майлыбет маңайдағы қазақтарды неснемен сорзататын байлардың бәрін ұзын етек, жалбыр шаш күдайды сатып, ақ патшаның тілеуін тідететін поптың бәрін, түксік мұртты, жылдан көзді, жалтыр иықты, ел обыры адамшылық сипаттан айрылған пристав, орядниктер — бәрін бұрыннан Жанатай жақсы білетін. Басқа жаққа алдапбай базарға келген мәнісі осы.

Алыс-беріс сауда істеп, тіршілік заңымен бірін-бірі алдап-арбап, илеудегі құмырыскадай қайнап жатқан халықтың шетіне жақындағанда «атты көргіз, арда» деп ақбанның аязылдай ызғар төккен орядниктің қырық бұралып шыпылдаған қамшысының астында құлындай даусы құраққа шыққан, жер құртындай домалаған, жөндеу киімді бір қазақтың «мен, төре жазық жоқ, берблюд бұйда жоқ» дегені естілді.

Үстінде оқып жүрген школының сарала түйме «формасы» бар Жанатай дедектей басып жақындағанда, орядник сескенгендей болып, қырындап жүре берді. Жанатай:

— Не жазығың бар еді? — деп сокқыдан бас көтерген қазақтаң сұрады. Тарамданып аққан жаспен сақалын жуып, жас баладай өксігін баса алмай еңкілдеп:

— Тақсыр, анау арам қатқыр бұйдасыз түйе алып қашып, мынау мұжықтың атын үркітті. Соны көріп әлгі шіңкілдек сені қаталашкеге жабам, болмаса 5 сом ақша бер деді. Мен пысықтығым ұстап бермей қарысын тұрып алдым. Сен көнбейтін екенсің деп қамшыны бұршақтай жаудырып сойғаны ғой, — делі.

Жанатайдың іші оттай қайнады, күресуге дәрмен жоқ. Бұл базарды көрмей-ақ пәтеріме қайтайын деп сырт айналғанда:

— Малақай! — деп бір қазақты аяғынан шалғылаған, тұмағынан тартқылаған казак-орыстың үш-төрт баласын көрді.

Бұрын шаһәрлі жерде өсіп, әділсіздікті кітап оқумен білгені болмаса, көзімен көрмеген Жанатайға мынадай ұнамсыз суреттер ауыр тиді. Сай-саланы өрлеп тасқындаған судай, үмітсіз көп ой ұыз жанды жаралай берді. Оз құқығыңды өзін жоқтап теңлік ала алмайтын болған соң, несіне казак болып тудық деп жаратымлыспен ұрысты.

Терең ойдың жарына тіреліп, қанды саясаттың жемісін айқын көріп, Ресейге бұдам болған хандарға лағнат айтып, ноктағз басын тыққан хандар деп түсініп, ашу-ыза кернеп пәтер үйге келді.

Ауырған кісідей керуетке сұлап жатып алды. Күн жарығы тозып, қараңғылық қиыт жая қарсыдағы қаланша басында күзетте отырған қазақтың күңірепген дауысы естіле бастады. Бірде қобыздай зарландырып, елді күйзелткен жатқа кеткен жерді жоқтайды. Бірде шабуылданған байге атындай екпіндетіп жазғы жайлау той-тойдап, ойын ойнаған ерке елді суреттейді. Бірде жаяу ғана өлеңсіз мұңлы сарыңғз салады. Бірде өлімсіретіп, үзілдіріп, сауық-сайраннан айырылып кедейлік қобін күген, тобынан адаыш, айлалаға қонақтаған қаздай жетімсіреп өзін өлең қылады:

Асқар белден айрылған ел қайғылы,

Ерке елінен айрылған бел қайғылы.

Тамақ үшін сарызған ертеңді-кеш,

Елсіз, жерсіз еңірген мен қайғылы.

Әйтеуір жағында тап атқанша дамыл болмады. Жанатайдың жас жүрегі қаланшадағы қозақтың мұнымен күйленіп бірге толқындады.

Тұрмыстан ел қазағының соққы көретіні — илділігі, оқымағандығы, оқыған мен құрым үйде жатпаймын, мінекей сампаян қакқан бөлмеде жатырмын. Оқыған мен таяқ жемеймін, мені «арда» деп ешкім келемеж қылмайды. Ел қазағы оқымай бұл құллықтан құтылмайды деген пікірге сенген қалпымен Жанатай ұйқыға кетті.

ҚАНДЫ ТОЛҚЫН

19 жылдың күзі. Күн қаражауын. Жел ызғырық. Көкті күркелеген, тұнжыраған сұр бұлт, жасылы солғын, суық сорған жер қуаң. Көкке құлашын сермеген, қарауытып қабақ түйген бұйра жалды кара адыр. Тау бөктерінде кенедей жабысқан, қордалы көнмен араласқан қыстау. Ауыл ақсақалы Сарқынбай көңілсіз күйдің қушағында күңіренеді. Бағы қаралы, жүрегі жаралы. Сарқынбайдың есін ала қайғы түседі. Күмістей сақалын ыстық жаспен жуалы. Жаз жайлауда жүйрік жорға мініскен, кербез-керім киіскен, ойын-сауық іздескен сылқым-сері жастардың ішінде желдей ескен Тынымжаны есіне түседі. Ауылды қамаған, найзасын жарқылдатқан, мылтықтарын атқан казак-орыс есіне түседі. Сарқынбайдың жалғыз баласы Тынымжанды «білшебекпен жүздесесін» деп атып кеткені есіне түседі. Жалғыздан қалған еркек тұяқ бір жаста. Соны күтіп келіні Жайныма басқа байға тимей отыр. Осыны ойлап та Сарқынбай толғанады. Ала қайғымен Сарқынбайдың жүрегі қан болды. Басы лаң болды, теректей бойы бүгілді, бұрыл сақалы ақ қырауға айналды, кәрілік әжімі тереңдеді. «Балшінбей дінді бұзады, малды тартып алады» дегеннен Сарқынбай сескенеді. Бірақ қарашығын суалтқан, жалғызды жардан құлатқан Қалшақтың қарасынан тәуір көреді. «Мал да, жан да жалғзынан артық емес, жалғызымды жайратқан қара тілмашты қолыммен бауыздасам арман болмас еді» деп ойлайды. Тынымжанның «әкелік қаныңды кеш» деп пірілдеген дауысы Сарқынбайдың құлағынан кетпейді.

Тұманды ойда адасқан, жарық сәуде таба алмаған Сарқынбайдың көкілін көп аттың дүбірі бөліп жіберді.

Қараса, жау кугзидай шапкылдаса он шақты салт атты, Саркынбай тоқайған отырметан тоқтаусыз шабысқан орыс екенін байқады. Үй іргесіне ерт келіп қалғандай ауыл адамдары у-шу болды. Жақсы аттарды іздеп түкпір қараңғы қораға кірісті. Аттан басқаға тиелі деген ауылдың ойында жоқ. Шуылдасқан солдаттар... жөңкіле қашқан ақтардың бір шашрандысы. Ақтардың жосыла қашқанындай, қызылдардың таскын судай екпіндегенінен ауылдың бұрын хабары жоқ.

Келе сала солдаттар ауылды шошыту үшін тәре-түре ата бастады. Қатып-қалаш азан-қазан болды. Екі солдат қарауылда қалды. Басқалары эт іздеуге кірісті. Төрт ат тауып алды. Ат педерін «жасырдыңдар» деп мылтықтың дүбімен дүрсідетті. Жылы киімі, жақсы етігі барларды өлімтіктей домалатып алып жатты. Көздеріне қан толған, өңдері сурланған екі солдат Саркынбайдың қорасына кіре берді. Біреуі Тынымжанды өлтірген қара тілмаш екенін Саркынбай танып қалды. Ескі кектің жарасы ашылды. Өшімді қалай алам деп орында қара тастай қатып қалды.

Екі солдат Жайныма отырған үйге кірді. Қасқырша қараған түрлерінен қорқып, Жайныма орнынан ұшып тұрып, далаға шығуға ыңғайланғанда екі солдат бір-біріне ым қакты. Қара тілмаш Жайныманы бас салды. Серігі есікті ұстады. Келіншек буынын алдырып аяғы қырқылғандай басуға келмеді. Қара тілмаш Жайныманы аш белден көтеріп төрге апарып бірақ соқты. Зорлауға айналғанын көрген соң Жайныма алас ұрды. «Мама... нелза... сестра» деп жалынды. Орысшалағаны: сендердің шеше, қарындастарың бар ғой, жарамайды дегені. Бірақ шолақ тіл алмастай өткір, шешен сөзді толық жеткізе алмады. Жайныма бауыздардағы малдай тыпырлай берді. Қан шенгелдеген, адамшылық мінезден айрылған екі солдатта иненің жасуындай мейірім болған жоқ. Жанталаса арпалысумен әлсіреген Жайныманың есі ауды, оған қараған солдат жоқ.

Бір кезде ботакөз сұлу аталған Жайныма өлімтікке айналды. Толқынды қою қара шаш күйын соққандай қоқырады. Мәлдір бота көзден нұр кетті, қаймақ ерін дүрдіп қара-күрес тартты.

Күткен солдаттары ұзақ кешіккеннен соң, Саркынбай түнерін үйге қарай аяңдады. Есікті тартты ашылмады. Бір сұмдықтың болғанын білді. Бұрышнан бетер ашу қысты, арыстандай айбат шегіп тұрды. Женсегі басылған екі солдат есікті ашып шыға бергенде Сар-

қынбай қак желкеден қара тілмашты салып жіберді. Қара тілмаш өкіре жығылды. Балтаны қайта сермен сала бергенде, екінші солдат мылтықпен басып жіберді. Солдат та құлады, Сарқынбай да құлады. Сарқынбай суық жерді құшақтай жатып:

— Тынымжан, қаныңды ақтадым. Жайныма!.. Сен де разысың... Тынымжан!.. Қарағым! Маңдайыңнан сүйгізші... Құшақтатшы... — дегенде, ақ балтаны орақтай сілтеген, қайратты, кекті қолы созылып барып, көлкілдеген қанға көміліп сылқ ете түсті.

АЛТЫН САҚИНА

Қ а т ы н а с у ш ы л а р:

1. Халима — бай жерге түскен келіншек.
2. Жәния — Халиманың енесі.
3. Сағынтай — Халиманың күйеуі.
4. Тәуірше — Сағынтайдың нағашы апасы.
5. Үмсындық — Тәуіршенің қызы.
6. Өрік — көршілес ағайынның тоқал қатыны (сақау).
7. Бану — сол ауылдың бір жас әйелі.
8. Бекболат — сол ауылдағы бір жас жігіт, Сағынтайдың құрдасы.
9. Қойшы бала — Сағынтайдың үйінің қойшысы.
10. Аруақ — Халиманың өлген шешесі.

Бірінші перде

Перде ашыларда Халима төсек алдында машинамен іс тігіп отырады. Сағынтай Халиманың бас жағында төрге таман жатып, домбыра шертеді. Көңілді бір күй.

Сағынтай (жалынып). Әй! Менің жанымға келіп отыршы біраз...

Халима (күліп). Сағынып қалдың ба?

Сағынтай. Сағынбасам шақырам ба, назданбай келесейші!

Халима (тағы да күлімсіреп). Сендей мен ерігіп отырмын ба? Нағашы апамның баласына беретін камзолды бітіруге аласұрып, асығып отырмын.

Сағынтай. Несіне асығып, бітер.

Халима. Бүгін нағашы апам жүреміз деп отырған, нағашы апамның өзі қылт-сылт еткен адам көрінеді...

Сағынтай. Жүрсе жолы болсын, камзол бітпес деймісің... Ішім пысты... Біраз жанымға отырып көңілімді көтерші... Мен шақырғанда не жаның шыдап тұрады?

Халима (орнынан тұра беріп, мұңды дауыспен). Жаны құрғыр елжіреп-ақ тұрады-ау, бірақ қатар түзеп отырғанымыз жұрттан ұят қой. (Күрсініп өзінен-

өзі) Әлдеқандай заман болады? Көрген түсім де жаман. Жүрегім де қағып жүргені.

Сағынтай (Халиманың қолынан өзіне таман тартып). Сенің өнін кешеден бері маған ұнамайды, айт пен тойда жүрген кісідей жайрадап жүруші едің, бұрын мен шақырғанда ерінбей жаныма келуші едің, неге ренжіп жүрсін? (бетінен сүйеді).

Халима. Жоқ... жоқ... Ренжіп жүргенім жоқ... Сенің көленкең маған болады.

Сағынтай. Маған ренжідің бе?

Халима. Алдарыны алла біледі, әлі сенен икедей көңілім қалған жоқ.

Сағынтай. Мені шыныменен жақсы көрсен, менен қуанышыңды да, қайғыңды да жасырма.

Халима. Кеше нағашы апам шешемнің өлерде көзімдей көр деп қолыма салған мынау алтын сақинаны сұрады, сонан бері көңілім біртүрлі болып жүр.

Сағынтай. Соған кісі ренжи ме екен! Оның алуына басқа нәрсе жетер.

Халима. Нағашы апамды өр кісі дейтін. Апам да бірбет кісі, айтқан тілге еріп кетпесе жарар еді... Және бір жаман түс көрдім.

Сағынтай. Осы сенің-ақ түсің таусылмайды екен.

Халима. Түсімде сенімен бір ақ жіпті ұстап тұр екенмін, бір адам келді де, қара пышақпен қиды да жіберді, өзім шошып ояндым.

Сағынтай. Барлығы осы ма? Түс деген тұлкінің боғы, мен түсімде таудан құлаймын, суға кетемін, жараланамын, әлі құдайға шүкір, ешнәрсе болған жоқ...

Халима. Кейбір түс айында келмесе, жылында келеді; құдай сақтасын, сенен өліп айрылмасам тірі айрылмаспын.

Сағынтай. Жоқтан қорықпашы (бетінен сүйіп), көңілді ашайын... (домбыраны басып-басып жібереді).

Жәния (сырттан дауыстап). Нағашы анаң (Халима ұшып тұрып, орына отырады) жүремің деп жатыр... Тезден самауыр қойып жібер.

Халима. Қазір... (Күйеуіне қарап) Келіншегінің жанынан шықпайды екен деп сөз қылып кетер.

Сағынтай. Одан басқа бар ма?

Халима. Жұрт менен көреді ғой, күйеуің жанынан шығармайды деп.

Сағынтай (күліп). Ал ендеше сен үшін шығайын (домбырасын жанына алып қояды, Халима Сағынтай-

дың етігін алдына тастап, ілулі тұрған жерден шапанын алып кигізеді).

Сағынтай (жүре сөйлейді). Нағашы апамнан тезірек құтылайық. Кекетіп, мұқатып, ызғарымен отыратын кісі екен.

Жәния (сырттан). Самауыр қоюға әлі шыққан жоқсың ба? Не қылған бап? (Жәния, Тәуірше, Ұмсаидық кіреді).

Халима. Біржолата көйлекті бітіріп шығайын деп жатырмын (Халима шығып кетеді).

Тәуірше (Сағынтайға қарап). Қарағым, біз жүрейік деп ниет қылып отырмыз.

Сағынтай. Асығыс шаруаларыңыз болмаса тағы да бірер күн жатсаңыздаршы, (ішінен) тезірек кетсе садақа берер едім. (Дауыстап) Жүретін болсаңыздар аттарыңызды ұстата берейік (шығып кетеді).

Тәуірше. Келіннен мәз жасау келмеді деп, аузынды қу шөпнен сүртесін, мынау тұрғанның бәрі жасау емес пе?

Жәния. Кедейге бұ да жасау, бірақ біздің берген малымыз көп.

Тәуірше. Мұнда бөтен кісі жоқ қой... Берген малдарыңды естіп жаттым.

Жәния. Кісіге сыңар суыртпақ бермегеннен жасау болып тұрған шығар.

Тәуірше. Бермей сараңдық қылып жүрген өзіңіз бе, болмаса келіннен бата алмай жүрсің бе?

Жәния. Келіннен неге бата алмайын, үй ішінің көркі кетпесін деп жүрген өзім-дағы... Келісімен жасауды өзің алдың, бір қалайтының бар шығар...

Тәуірше. Жасауды не қылайын? Өз дүнием өзіме жетеді.

Жәния. Әдейі келіп күр кетесің бе? (Ішінен) Алмағаныңа ырзамын.

Тәуірше. Төрдегі жасаудың бұзылмағанын өзін де жақсы көреді екенсің, сені ренжітіп еншәрсә алмаймын...

Жәния. Басқаға қимасак та саған қиямыз. Көңіліңе алғаныңды айта отыр.

Тәуірше. Пәленшөнің келіншегі не алып кайтыпты деген жұрттың сөзі болмаса...

Жәния. Дұшпан көзі, келген жолыңа Сағынжанның торы жорғасын лайықтап қойдық. Ұмсаидықжанға да тана-мөншак тағармыз.

Тәуірше. Ойың — ойың, шың — шың, менің өз

басым таңа-моншаққа да ризамын. Үмсындықжан артық соғатын көрібеді. Халиманың шашбауы мен қолындағы алтын сақинасына қызығып, қыңқылдан жүр... Бала шіркін ұятты біле ме?

Жәниә. Шашбау мен сақинаның жарасы жеңіл, енді шашбау таққанмен қыз болмайды, алтын сақина үлде мен бұлдеге орашып отырған кісіге жарасалы... Оның енесі менде де алтын сақина жоқ. Шаруа қыдағын кісіге алтын сақина жараспас. Ертең шаруаны сол істемегенде мен істеймін бе? (Өзіне) Жүгіме тимегені жақсы болды.

Тәуірше. Ене мен байдан асатын келін болмайды... Сағынтай екеуін бер десен береді.

Үмсындық. Мен шашбау мен сақинаны аламын.

Тәуірше. Бұйрық біледі.

Жәниә. Келінім жуас, сөз айтпай береді.

Тәуірше. Жуастан жуан шығып жүрмесе, кім біледі. Үндемей жүрген бәле болатын... Шашбау мен сақина бергізуге әлің келе ме? Не келер, не келмес, бірақ менің айтқан ақылым — осы бастан қатты бол, тыйын ұста, азір жұмсақ болсаң, бара-бара басыңа секіреді.

Жәниә. Оңайлықпен секірте қоймаспын, балама тағы екі қатын алып берсем де малым жетеді... Малға кім қыз бермейді.

Тәуірше. Сен келінді жуас, береді деп отырсың ғой, мен бермейді деп ойлаймын.

Жәниә. Қайдан білдің?

Тәуірше. Кеше байқап қалдым.

Жәниә. Сұрадың ба?

Тәуірше. Сұрамасам да жағалатын едім. Мына сақина Үмсынжанға лайық екен дегенімде қапып ішіне тартып, сұрланып кетті. «Басқа кісінің қолынан түспі қала ма? Басқа кісіге лайық емес пе?» — деп шығып кетті.

Жәниә. Бір ынғайы болар. Не сақинамен, не менімен болар. (Сағынтай кіреді). Қарағым, нағашы апаның керек-жарағын даярладыңдар ма?

Сағынтай. Даяр.

Жәниә. Қарағым, сен білесің бе? Әуелі құдай жақын, онан соң жақынымыз осылар.

Сағынтай. Әлмисактан бері білемін.

Жәниә. Нағашы апаның көңіліне алған нәрсесі бар ма, сұрамаған соң ешнәрсе айтпай отыр.

Тәуірше. Дүние өзімізде де бар... Осы жолы жібермеймін десе де нағашы жезденмен төбелесіп, қуа-

нышка кутты болсын айтуға әдейі келдім.

Жәниә. Сен көңіліңе ешнәрсе алмасаң да, мына баланың көңіліне алғаны бар шығар.

Тәуірше. Баланы қойшы... Бала айта береді.

Жәниә. Баланың да көңілі қайтпасын.

Тәуірше. Баланың ойы көп жерде. Қыз болма-ғыр нәсіліне тартады ғой, келіннің шашбауына, сақинасына көз салып отыр.

Сағынтай. Сақинасын бермесе де, шашбауын берер.

Тәуірше. Бөліп жаратың көп нәрсе емес.

Сағынтай. Еркі өздерінде, келісе беріндер (шығып кетеді).

Жәниә. Екеуі де менен шығып қайда барар дейсін.

Тәуірше. Бұл заман катын билеген заман емес пе? Еркек болып, бай болып, жігерленіп тұрғаны қайда?

Жәниә. Екеуі де менен шығып қайда барар дейсін.

Тәуірше. Мен кісі танысам, екеуі де құрық алыз кеткен көрінеді.

Жәниә. Оны қайдан білдің?

Тәуірше. Келінің жұмыс істемейді. Не шаруаң болса да екеуімен ақылдасасың.

Жәниә. Қан жайлауда жана түскен келіншекке жұмыс істетуге ұят қой деп жүрмін, болмаса келінге шаруа істетуді мен де білермін. Шындап істетсем, ешкімге де ақылдаспасың! Кәрі жыным келсе күлдерін көкке ұшырармын. (Халима кіреді.)

Жәниә. Шайың пісті ме?

Халима. Пісіп келеді.

Тәуірше (Үмемидыққа қарап). Жиеніңнің тіршілігінде әлдеқеше сақина сзларсын.

Жәниә. Неге үнің өшіп қалды. Сондай бір бұралған жезді табылмағ дейсін бе?

Халима. Жез табылмайды деп тұрғаным жоқ, шешем өлерінде қолынан суырып алып, өз көзімдей көріп жүр, өлгенше қолынан шығарма деп, қолыма сзлеп сақинасы еді.

Тәуірше. Сыныққа сылтау табылатын, бермеске кісі не айтпайды. (Халима шашбауын жыламырап алдына тастайды.)

Тәуірше. Берсең түгел бер... Болмаса жырмалап алмаймын (Халимаға лақтырып жібереді). Сұрғанды

алмаған соң несіне жақын болдымыз, бергенді ғана алатын мұнда тіленші жоқ.

Х а л и м а. Осы үйден қарайған жасаудан алыңыз қалатқаныңызды, сақинаны бере алмаймын.

Т ә у і р ш е. Мен басқаны алмаймын, мен сенен тамақ асырағалы, киім қиғелі келгенім жоқ. Берсең баланың көңіліне алғанын бер.

Ж ә н и я. Осы үйде от оттап, тыныштықпен су ішемін десен, қайсарланбай бер.

Х а л и м а. Апа.., сіз үшін жанымды қиямын, бірақ, сақинаға бола беделіңізді салмаңыз, көңіліңіз қалар.

Ж ә н и я. Келмей жатып мені билейін деген екеңсің ғой.

Х а л и м а. Өлген шешемнің сөзін далаға тастай алмаймын.

Ж ә н и я. Өлі аруақты қоя тұр, әуелі тірі аруақты сыйла. Өлген шешеннен біз арзан болдық па?

Х а л и м а. Өлген кісімен таласқандарыңыз ұят қой.

Ж ә н и я. Бермесен берме, адыраймашы!

Т ә у і р ш е. Аман болсаң, ашамның жаулығын талай қолыңа берерсің.

Х а л и м а. Сіз келіп бүтіндеп бермеңіз.

Т ә у і р ш е. Не десендер де разымын... (Халима жылап үйден шығып кетеді). Мен кісі танысам, мына келінің енді бір-екі жылда мойнына аттай мінеді.

Ж ә н и я. Кімнің аттай мінерін құдай біледі.

Т ә у і р ш е. Келінді келген күні қолға алмасаң, көретін күнің осы. (Сағынтай кіреді.)

Ж ә н и я. Катаның жаңа сақинасын бермегенімен жай тұрмай, тіл тигізіп, бетімнен алып иттей қапты!

Т ә у і р ш е. Ашамның бар сүйенгені келін болса, жастықпен аузына келгенін қайтармайды екен, келмей тұрып тіл шығарғанын сенен деп білемін.

С а ғ ы н т а й. Шешемнің сақинасы деп қимай жүр ғой.

Ж ә н и я. Сен де катаныңның көңілін жұбатасын...

С а ғ ы н т а й. Мен қойдым сөзді (шығады).

Т ә у і р ш е. Мынау көсегенді көгертеді, жарылқайды деген балаң. Бишара-ау, мына қалыппен ажалдан бұрын өлесің ғой.

Ж ә н и я. (Халима кіреді.) Сақинаның сазайын тарттырмасам, Жәния деген атым құрысын, жетсе малым, жетпесе басым, біреуге күн орнына барсам-дағы

балама екі қатын алып бермесем, түү деп бетіме түзір (үшеуі де шығып кетеді).

Халима а. Құдай-ау! Берейін десем, шешемнің тілі далада қалады, аруаққа шет боламын ба деп қорқамын. (Жылай) Бермейін десем, үй ішінен ұрыс кетпейді деп қорқамын, түсімнен тағы қорқамын, неге болса да көндім... Көндім... Көндім...

Шымылдық түседі.

Екінші перде

Үйдің іші әуестегі көрініс, киіз үй. Сол жақта төрт таяу Жәнипаның төсегі. Оң жақта босағана таяу Халиманың төсегі. Төрт жаққа Бірінші көріністе Жәнип мен Өрік сөйлесіп отырады.

Жәнип а. Мені рас жақсы көресің бе?

Өрік. Апа, сені шынымен жақсы көйем.

Жәнип а. Шешеннен артық көресің бе, кем көресің бе.

Өрік. Айтық көйем деп қазір айтайын, бірдей көйем.

Жәнип а. Шешен өлімге жұмсаса да барамысың? Шешеннің сыршыл елге жаямысың?

Өрік. Шешемнің ішын кімге айтам, өлімге жұмсаса да баям.

Жәнип а. Менің Халимамен араз екенімді өзің де білесің ғой.

Өрік. Шақинадан бейі аыз екенімді білем?

Жәнип а. Білсең, осыны тастатып, балама бір қатын алғызғым келеді... Азырып осы күнде де ұрғыза бастандым. Сонда да әлі қатынын жақсы көреді. Халимадан Сағынтайды бір жола көңіл қалатын бір жұмыс істесең екен.

Өрік. Обай бояды ғой.

Жәнип а. Үндеме, обал саған не керек, айтқанымды істесең бір көйлек, бір жаулық берем.

Өрік. Битида көйек бейем деп айдағаншын.

Жәнип а. Сатпн көйлек берсем, бәріннің де орны толар. Ретін тауып онанша жерде Сағынтайға жолығып, былай деп айт: «Анау күні өзің қалаға кеткенде, ала сәуледе осы үйден құрдасың Бекболат шығып кетті» де, сонан соң өзі білер.

Өрік. Өтпінкті қанш айтамын, Халиманы ұйып жүймесе?

Жәниә. Көйлек, жаулық керек болса, өтірік айтарсың, үсті басың далба-дұлба, тым болмаса үстінді бүтіндеп ала... Маған сөз ұрғаны керек.

Өрік (үндемей біраз тұрып). Жазыды айтайын. (Сырттан аттың дүбірі естіледі.)

Жәниә (ақырып дауыспен). Сағынтай келіп қалды білем. Сен кебісінді тастап кетіп, сылтау қылып қайтандан келерей. (Сағынтай кіреді.)

Сағынтай (өзіне). Халима таңертепті таяқтың ашуымен бір жаққа кетіп қалған ба? Тіп тигізіп кісіге қарсы қарамайтын еді... Осы шешем үшін ұрамын деп, үй ішінің берекесін кетіріп, басымды дан қылды-ау. (Өрік кіреді.)

Өрік. Кебісім ұмыт қайыпты.

Сағынтай. Халима қайда кеткен?

Өрік. Шағымыл қайдан ба? Қыдырып жүрген шығай.

Сағынтай. Ойыңды қойшы, көрдің бе?

Өрік. Мені күжетке қойып па едің?

Сағынтай. Ие, күзетке қойғанмен, күзетуге жармаймысың?

Өрік. Жейіккен қатыныңды мен күзеткенмен бойа ма?

Сағынтай. Желігін не істеп қойыпты?

Өрік. Әйкім әйтпейлі шөж айттып жүйсе де нанбушы едім. Апазкүні өзін қайыра кеткенде, таң атып кейе жатқанда, ала шәулекшінде ошы үйден құйдашың Бекболат шығып кетті, бетім шикін-ау, өшім ұяйып қыйдым (шығып кетеді).

Сағынтай. Өк бе?... Түс пе? Нанайын ба?... Нанбайын ба?... Ең аяғы жаман күнге де мазақ болдым-ау... Енді ұрмайыншы десем де бір толқын кез келеді. Екі арада басым даң болды... «Үйлендің — үйдей бәлеге жолықтың» деген осы екен (біраз үндемей отырып). Жошынан таспа алмай болмас, бұл қорлыққа кім шыдайды! (Сағынтай шығып кетеді. Жылаған, басындағы орамалдың төбесі жыртылған, бір беті көгерген, қоқырсыған бойымен Халима кіреді.)

Халима (өзіне). Үш жылдан асып барады таяқтан көз ашпағаныма, неден құдайыма жазықты болдым (жылайды). Балдан тәтті жүрген күндерім-ай! Күйеумен тату тұрған жалғанның ұжмағы екен!.. Иненің көзінде жазған жазығым болса екен-ау!.. Құдайдан көрейін бе?... Адамнан көрейін бе?... Құлағымнан сөз, басымнан таяқ кетпейтін болды. (Бекболат кіреді.)

Бекболат. Неге ашуанып отырсың? Ашуаны мен жазайын (жұлқылайды).

Халима. Қойшы, құрдас, мысыққа ойын, тынқашға өлім керек. Осы үйге сендердің келгендерің маған қырық...

Бекболат. Бетіңе не болған, көгеріп кеттігі ғой! (Халима үндемейді.) Өй! Неге үндемейсің, бие теуіп қалды ма?

Халима. (бетіне алара қарап). Құрдасың теуіп қалған.

Бекболат. Ол ит тебетін маз болды ма? Онысы несі иттің?

Халима. Сендер шалдан қанша артықсындар?

Бекболат. Еркекті малға теңеп отарғанда сойып селтіуін ба?!

Халима. Айтқан сөзге нанбасшыңдар, тым бөтәмен қабілет көріп, қолмен ұстап, кінәны мойыңға қойып үресіңдар екен, өлтіресендер де кісі разы ғой (үйіледі).

Бекболат. Байың жас, неге үйілейсің?

Халима. Құрдасың кетіп қалса, бәле қылады, тезірек үйіңе қайтшы... Құдайға да, адамға да зам, құрдас-ау, менде де, сенде де зрам ойдың жоқтығы, алының сайтанынан адамның сайтаны күшті, әркімнің пазыруымен кім көрінгенге табылған менің басымда неек көп.

Бекболат. Өй, ол ит олай ойлайтын болса, аузың бұзайын!

Халима. Бұрынғы жайдары мінезді құрдасың емес... Мінезі қатал, азәзілдің қуштілігінен жаман сөзге еріп осындай болды... Тезірек шықшы, құрдас. Шықшы.

Бекболат. Бір бөліс ел сенің ақтығыңа жан берер... Келген соң ол итке мен айтайын, қояр.

Халима. Айтсаң тағы маған бәле болады, айтпай-ақ қой, келіп қалар, шықшы! (Бекболат тағы бір сөз бастап ау дегенде) Сен шықпасаң мен шығайын (Халима есікке қарай жөнеледі).

Бекболат. Тынысың тарылып отыр екен, мен-ақ шығайын (шығып кетеді).

Халима (есікке барып сығалайды). Көріп қалмаса жарар еді... (Мұнданып) Ей, алда-ай! Мұндай күнге кез келтірдің-ау! Үш ұйықтап оясам түсімде жоқ еді, жұмасында бір бәле жабысатын болды-ау. Бұрынғы мінезіне қарағанда, дүниеден мұсыз-ақ өтермін деп ойлаушы едім. Ол ойлағаным бекер екен, адам

басына әр түрлі істер түседі екен, ой, алда-ай! Бір емес, екі емес... Күйеуім мені жек көрмеуші еді. Екі тауды айырайын дегенде, саптан әзезіл осылай айырады екен ғой... Жақсы көргеннен қызғанып осындай қылды ау... Менің сөзіме және сенбейтін болды. Қалай сендіремін (жылайды). (Сағынтай кіреді.)

Сағынтай. Неге жылайсың! Басыңды жұтайын деп отырсың ба? (екі теуіп қалады). Болмаса байың өліп, басың қаралы, жүрегің жаралы болды ма?

Халима. Неме жетісіп жадырап отырайын.

Сағынтай. Байың келіп кетсе де жадырамаған екенсің!

Халима. Қайдағы бай? Құдай-ау тағы...

Сағынтай. Бекболат неге келді?

Халима. Сені сұрады да шығып кетті.

Сағынтай. Қалаға кетті ме екен деп келді ме?

Халима. Қаласы не?

Сағынтай. Иттің баласы, біліп, білмегенсіп отырғанын қарашы. Тап атып келе жатқанда көңілдегіңді үйден шығарып салуды білер едің...

Халима. Жақпаған күйен қалмасын!..

Сағынтай. Шық үйден... Кесірін жұтады... Жанды байына бар!.. (Қолынан ұстап сүйреп алып шығып кетеді, сырттан: «Бұдан да өлтіргенін жақсы, ұруына көндім» деген Халиманың сөздері естіледі). (Жәниә кіреді.)

Жәниә. Қалай екен... Ойлағанымда жетіп келемін... Ұруында кемдік жоқ. Енді тастатсам екен, арманым болмағ еді. (Өрік кіреді.)

Өрік. Бишайы жаман ұйып таштады ғой.

Жәниә. Жаны шықсын!

Өрік. Жазған жазыры бай ма? Би кісінің жуасы Халимадай болай.

Жәниә. Ойбай-ау! Көзгірсін сендерге жуас көрінеді.

Өрік. Осы жолы мұнағы менің шөшіммен ұйғын жоқ па. Кеше камшат бөйікті Халиманың абдыясынан өзің ұйлап алдың да, бүгін бөйік үшін тағы ұйғызайын деп отырсың.

Жәниә. Халима сзған бірдеме берді ме?

Өрік. Түк көймейін... Бейген жоқ... Әншейін аяғым.

Жәниә. Сенің аяған не теңің... Үстіңді бүтінден ал.

Өрік. Көйігегіңді қашан бейесін?

Жәниә. Жаның шығып бара ма? Кеш болсын...

Жүре бер...

Өрік (шығып бара жатып). Әуелі көйлегін алып айтпаған екем.

Жәния. Не үйдегі, не даладағы нәрседі береке жоқ, жалғыз мен қай жағына жетермін... (Сағынтай кіреді. Жәния ашуланған түрмен) Ешнәрсеге не болмайсың. Тым болмаса әкенің көзіндегі нәрселерге не болмадың ғой.

Сағынтай. Ол не нәрсе? Не жау келіп қалыпты? Неменеге не болмапсың?

Жәния. Не болғаны сол, қатының төркініне қамшат бөрік пен кемер белбеуді беріп жіберіпті. Мына қатын біздің түбімізге әбден жетіп келеді.

Сағынтай. Жоғын қайдан білдің?

Жәния. Мен жала қылып тұрған шығармын... Қамшат бөрік пен кемер белбеу Халиманың абдырасында еді... Менің өз абдырамнан көп нәрсе жоғалған соң, сезіктеніп жүруші едім. Кеше абдыраларды ақтарып нәрселерді түгендесем, жоқ болып шықты...

Сағынтай. Басқа біреу ұрлаған шығар.

Жәния. Қатыныңды ақтамай-ақ қой... Көрген кісі бар. Нанбасаң қазір қатыңыңа абдыраны ашықшып көр. (Сағынтай шығып кетеді.) Ойлағаным орындалып келеді. Былтыр айына бір сабата алмаушы едім, осы күнде күн құрымайды. Бұл аз, тағы бір тоқал алғызбай тоқтамапсың.

(Халиманы алдына салып Сағынтай кіреді.)

Сағынтай. Қамшат бөрік пен белбеуімді алып бер!

Халима. Үш жылдан бері алынбаған нәрсені не қыласың?

Сағынтай. Не жұмысың бар, керек.

Жәния. Алып берсейші!

Халима. Әпсере салсаң қолыңа жұға ма?

Жәния. Біреудің абдырасында не жұмысым бар?

Халима. Ішінен нәрсе алуы оңашада білер едің.

Жәния. Өз ұрлығыңды маған жаппа!.. Әуелі бөрік пен белбеуді тауып бер.

Халима. Мұнда жоқ қой.

Сағынтай. Жаның бар да тап жылдам!

Халима. Біреу ұрлап кеткен бе? Жау келген бе? Мен қайдан табайын!

Жәния. Кім ұрлайды! Үйде мен кетсем сен қаласың, сен кетсең мен қаламын, екеуміздің біріміз ұры.

Халима. Ұрласаң ұрлаған шығарсың.

Жәниә. Міне, өз көзіңше ұры қылып тұр. (Сағынтай скі-үш рет қамшымен салып, салып жібереді.)

Халима. Сенің ұрғаныңа көптенмін, ұра бер...

Сағынтай. Тап жоғалған нәрсені! Сәйтәп алып кетті ме? Көңілдесіңе бердің бе? (Түйіп-түйіп жібереді.)

Халима. Ұрлаған өзіңнің шешен, мен көргем жоқ!..

Жәниә. Төркініңе беріп, тағы мені ұры қылаып деген екенсің. (Сағынтай шығып кетеді.)

Халима. Әдейі ұрғызу үшін істеп жүрсің...

Жәниә. Таңба! Төркініңпен көріп келген кісі бар...

Халима. Күйдірме жанымды! Осығыз да мен күйіп жүрген кісі! Жазықсыз күйдіргенің үшін аруақ, құдай табар. (Жәниә қарай қалады.) Қарамашы! Қарағаның менің өкпемнен өтеді.

Жәниә. Бір ханның қызы мұнан шықты! Сенің сақина бермегенің менің өкпемнен өткен жоқ па? Өлгенімше ойымнан қалмас. Сен де қыларыңды қылдың...

Халима. Ұрғызғаннан басқа қыларың бар ма?

Жәниә. Асықта! Азынсаң тағы да бар! Көңсен, күн боларсың, басыннан таяқ кетпейді, көңбессен, жолың анау...

Халима. Осы үйден өліп кетпесем, тірі кетпестің.

Жәниә. Кетпесең бір ит болып жүрерсің... Иттің қызы!.. Қарсыласып, менімен салтыласып алдың ба өзің!

Халима. Аруақ сыйлайтын шығармын... Маған сен не қылмай отырсың қарсыласпағанда?

Жәниә. Иттен жаралған! Шошқадан туған!! Мынау қалай, қалай соғады, ойбай... Кешегі малға сатып алған күйің!

Халима. Өлген шешеме тіл тигізбе! Тіл менде де бар, аламан туғандағы мінезің мынау ма?..

Жәниә. Мені сен түзейің деп пе едің, шошқаның қызы, сөзінді қой енді.

Халима. Қоймағанда не қылаың деп едің... Мен бір-ақ кісіге қатын, екі кісіге қатын болып алмаймын.

Жәниә. Боларсың, иттің қызы, шошқаның қызы, боларсың... Болмақ түгіл боларсың!

Халима. Бір емес, екі емес немене иттің баласы, шошқаның баласы дейсің! Өзің ит... өзің шошқа!

Жәниә. Кімге тіліңді тигізесің (Халимаға ұмтылады).

Халима. Өлтір! (дауысы шығады).

Шымылдық түседі.

Үшінші перде

Алаңдағы көршіне ағаштың іші, томарлы жер, иірі уақыты, Халима өзі шелек су әкеле жатады. Алаңдан сыртына бірте-бірте қайып кеткен сайын мұнда дауыспен мынау өлеңнің бастағы еді жолын айтады.

Х а л и м а. Біз сорлыға атар таң болар ма екен,
Соған көңіл гүлденіп толар ма екен?
(алаңға кіреді).

Малға сату жоғалып, күн қып ұстау,
Хайуандықты еркектер қоя ма екен
(жылзайды).

Үй, бір азырақ демалайыншы. (Екі шелекті жерге қойып, бір томарға отырып) Арылмаған сорым, ашылмаған маңдайым-ай! Ой-хой, күнім-ай.. Міне мен келіншек болып түскелі, төрт жыл болып қалды. Алты ай өмірімнің ұжмағы екен. Содан соң-ақ, араға жел кіре бастады.. Бас бәле сақинадан басталды.. Күйеуімнің өзіне қарсы айыбым болса, өлтірсе де ырзамы.. Не шаруасын істемесем екен! Шаруаны қылдай сыпырам, сонда да жақпаймын.. Осы күнде аяғым ауыр.. Соған да қармай жазу су әкеліп жүрмін. (Көкке қарап) Алла-ау! Саған не қылмысыммен жақпадым! Таяқсыз өтетін күнім жоқ. Күйеуім сабамаған күні енем сабайды.. (Біраз үндемей отырып) Алдымда жарық күн жоқ. (орнынан ұшып тұрып) сөз естіп, таяқ жеп қайғыда жүргенімше, өлейін (жүгіреді де, тоқтай қалады). Іштегі баланы қалай өлтірем, өзге күнәм да аз емес (қайта келіп отырады).. Бар үмітім — іштегі бала. Осы бала туған соң өлсем де арманым боямас еді. Сақинадан бергі көзден төгілген жасымды бір жерге жинаса, көл-дария болар еді. Сорлы анам!.. Мені өзінмен бірге неге алып кетпедің! Менің мұнда дүниенің тамұғында жүргенімді сеземісің, мені жанған оттың ішіне тастап кеттің-ау! Мен сорлыны неге тудың? (Біраз уақыт қолын маңдайына тіреп отырады.)

А р у з а қ. Жаным Халима! Сенің қайғың маған бастады, көзіңнен бір тамшы жас тамғавы менің кабірімді көл қылды.. Сен көрген бейнетті, қайғыны мен де көргем.. Менің көрген қайғымның оныан бірін көрген жоқсың.. Таяқ жеп қорлықта, кемдікте жүрген жалғыз сен емес. Сендей болғандар қазақта сансыз. Ол дүниеде біздің көз жасымыз, аққан қанымыз, іште қайнаған жалынымыз, денеге мөрленген көк таңбалар басқа кетпес: теңдік күші туар.. Құшағыма алайын.. Қуантайын, қуандырайын, уандырайын, қуандырайын.

бейнеттен кұтылтайын... Келші, жаным! Келші! (Күшаны жаяды).

Х а л и м а. Ана жаным! Ал мені! (Аруак жоғалып кетеді. Халима көзін ашып, орнынан түрекеліп) Түсім екен ғой... Көзім ілініп кетті ме? Бойым серіліп қалыпты ғой... (Бану келеді).

Б а н у. Күңіреніп өлең айтып жүрген еси бе? Денің сау ма, Халима?

Х а л и м а. Мен сорлы болмағанда, кім дейсің?

Б а н у. Саған сорлылық қайдан келіп қалды?

Х а л и м а. Түр мынау. Үсті-басымы мынау!

Б а н у. Шаруаны кім істемейді? Үсті-басыңнан кірі шаруа істегендіктен. Мен түскелі де үш жыл болды, содан бері сарала етек салпылдап әлі жүрмін... Бұзау көрдің бе? Бұзау жоқ болып теңертеңнен бері іздеп жүргенім.

Х а л и м а. Жоқ, көргенім жоқ.

Б а н у. Қалай жүдеусің, танымай қала жаздадым...

Х а л и м а. Өз үйің, босағадан шыққан соңғы көрген күнді қоя түр!..

Б а н у. Үйдегі күнді көксемей-ақ қой.

Х а л и м а. Адыра қалған күнді көксеп қайта келеді деп отырғаным жоқ. Ол күнді қос атпен қуса да енді келеді деймісің? Әшейін ойыма түсіп кетеді.

Б а н у. Қыз күндегіні қоя түр! Ақсүйек, алтыбақан, шілдехана, айт пен той енді түсіңе де кірмес.

Х а л и м а. Қамсыз күндерді еске түсіріп ашы жараның аузын тырнамашы.

Б а н у. Өткен күндерді біздің еске түсіретін орнымыз бар... Сенің көксегенің бекершілік, ен дәулетке кіріп кеттің.

Х а л и м а. Ен дәулетің құрысын. Жалғыз атты кедейге тиіп күйеуіңмен тату тұрсаң, қайыи ебенің қармағынан азат болсаң, екі дүниенің қызығы, рақаты сонда... Жалғанның, мал-жаннның тұрмысы татушылықта, ерлі-байлы кіеінің тату тұруында...

Б а н у. Мен сені армансыз шығар, күйеуі болса әдемі, айналдасы толған дәулет, мұның кемдігі жоқ деп ойлаушы ерім.

Х а л и м а. Дәулеттен де, әдеміліктен де күйеуің шып көңілмен сүйіп, жылы қабағымен қарағаны жүз есе артық.

Б а н у. Сені күйеуің жек көре ме?

Х а л и м а. Күн сайыа таяқтайтыны жақсы көргендіктен бе?

Б а н у. Таякты кім жемейді! Кеше мені, әлгі шайды сұйық құясын деп қолыма ыстық шайды шашып жіберіп қолымды күйдірді... Азырақ күнкілдейін деп едім, көлденеім мен ұзынымды бірдей қылып сойып салды.

Х а л и м а. Жалғыз байдың ұрғаны ешнәрсе етпес еді. Шешесі қосарланып ұрады... Шіркін-ау! Екі қабат күнімде ұрғаны өмірімде ойымнан кетпес, мен бір қиналсам, іштегі бала екі қиналады.

Б а н у. Байдың ұрған орны тамуққа күймейді.

Х а л и м а. Өйтіп алған ұрмағын құрысын... Құдайда әділдік жоқ... бізді мұнда күн орнына, хайуан орнына жаратқанның жаратпаса қайтеді.

Б а н у. Тірі жүргеніміз неге тұрады.

Х а л и м а. Кірпік қакқандай жап рақат болмаған соң тірліктің сәні не? Дүниеде рақат, жаны тыныштықты әкеліп еркектің маңдайына жазып па? Көр азабы, қиямет — бәрі өтірік шығар. Бар болса әйел, біздер еркекпен бірдей жақсы-жаман, рақат-бейнетке ортақбыз... Білгі дүниеде рақатта жүрген кісі ұрмаққа баратын болса, еркек барып, біз, әйелдер, түгелімізбен тамуққа барамыз. Бейнет көргендер ұрмаққа баратын болса, ылығы біз-ақ барамыз... Еркек, әйелге ұрмақ-тамуқ ортақ болса, дүниенің рақат-бейнеті де ортақ болу керек...

Б а н у. Еркекпен теңелгің келді ме?

Х а л и м а. Еркек көктем түскен жоқ... Еңбек, бейнетке ортақ болу керек... Ел-жұртты тастап келгенде күйеу үшін келдім. Қайтарбайдың тобын көбейткелі келгенім жоқ.

Б а н у. Күйеуіңнің ұрғаны ешнәрсе емес, ененің ұрғаны жаман екен.

Х а л и м а. Күйеуіме өзім де ешнәрсе деп үндемеймін. Жұда бір кісінің бетіне карап сөйлесе алмаушы едім. «Қорқақты көп құса батыр болады» деген, енемнен оны күнде тайынбаймын, әбден ашынын алдым.

Б а н у. Әйелдің қолынан не келеді дейсің?

Х а л и м а. Жағаласып өл! Бишара деп сені аяйтын кісі көрінбейді.

Б а н у. Қой енді! Сен тұрмысыңа риза болмаған соң басқара не жоқ.

Х а л и м а. Оң бес сиырды жалғыз өзің саусап... Күн шықпай тұрғаннан жатқанша ламыл көрмесен, үйін ұрыс, талас, керіс-тартыстан күні құрғамаса... Басқан ізін аңдаулы болса... Езу тартып күлмесен, кірпікше-шендей жиырылып елдегі әр жастың бәрін нақақтан та-

нып, бай қылып күлеуін тұрса, отырса баека, тұрса аяққа ұрса, енең ертеңнен қара кешке шейін мылжындан соңына түсіп отырса қайтер едің? Риза болар ма едің, асылып өлер ме едің?

Б а н у. Дәл осындай қылд берсе ит шыдай ма? Қашып кетер едім.

Х а л и м а. Қашқанда қайда барасың? Еркекпен қатар істерлік ісін болмаған соң қолы шоқпар, сөзі тікенек, айуан мінезді тағы бір байға амалсыздан тиесің. Бұдан не оңа табысың? Байға тимей жастай отырып қалу кісі өлтіргеннен жаман. Кемеліне келіп, төгіне барайын десең, үйің бір жағынан құлқыны үшін малға сатқысы келеді.

Б а н у. Мен үйге екі қашып бардым, екеуінде де сүйіп болған құдамыз деп қайтып берді.

Х а л и м а. Еркекте ар жоқ... Бас-көз демей ұрып, көңіл қалдыратын сөздерді айтып, артынан тағы да татуласқысы келеді... Таяғын не қылайын, сөз сүйектен өтеді. Қорде жатқан шешемің сүйегіне жетіп, аруағын қозғайды (жылайды). Не сөздер айтты-ау! Міне енемнің осындай қылықтары ақ нәрсені (қаттырақ) қарайтын, жұмсақ жүректі қатайтады.

Б а н у. Құдай бізді қорлық көрмесін десе, әйел қылып жаратпас еді ғой.

Х а л и м а. Әйелге қорлықты құдай жазып қойып па? Анау күні біздің үйге бір қазақтың оқығаны келгенде, сол қатынын әлпештеп-ақ отырды.

Б а н у. Көп тұрып қалдым-ау, әлі бұзауды тауып алғаным жоқ... Уайымдама, жүре бер, көндігерсің... Мен де үш-төрт жылға дейін оңа алмадым... Адамдық санына іргеніме маған да екі-ақ жыл.

Х а л и м а. Үйдегі қақпас кемпір мені жұтпай тыныш таппас... Жана осы арада жыдап отырып қалғып кетсем, өлген шешемді көрдім, мені шақырады...

Б а н у. Жаман сөзді айтпашы... Аяғы ауыр кісіге не болса сол көрінеді, хош, Халима!

Х а л и м а (оршынан тұрып). Жалғыз атты кедейдің бызы... Жалғыз атты кедейдің қатыны, сонда да менен көнді көтеріпкі, жүзі жарқын... Жағасы жайлау, төбесі қыстау. Үйде менің сыбағамды да беріп жатқан шығар, сүгімете айланып бүгін күндегіден көп кешіктім-ау... Қалай ұрса да көнген бишара!.. Жасаған, жазғаныңды

даярлай бер. (Шелегін көтеріп, өлеңдетіп, жылап)
Қара түнде қайғылы қалғаным ба?
Ақ өлім, мен риза алғаным!

Шымылдық түседі.

Төртінші перде

Перде ашылған кезде бастанқы екі бөлмедегі үйдің іші, Сағынтай төсегінде жатады. Жәниә тұрып отырады. Ішір уақыты.

Жәниә (ашуланғын). Құдай өңшеп аманатты маған тапсырып қойды. Бірі мұнда жатыр ма е болған кісіне, бірі мана кетіп еді суға, әлі келген жоқ... Жалғыз мен қай жағына жетем!.. (Жан-жағына қарап, өзіне) Бүгін Халимаға бір сын, өлтіре бір сойғызбасам... Біраздан бері маған қарсы келетін болыпты. Сақинаның күнын алдым... Таңқтан шіріп өзі де өлер. (Сағынтайға) Уақыт болды, тұрсайшы, дүниеден үмітің бар ма! Азырақ шаруаға көзің салсайшы!

Сағынтай (басын көтеріп). Шаруаны кім алып кетіп барады?

Жәниә. Кімге сеніп жатырсың, «бақпасан мал кетеді, қарамасаң қатын кетеді», не малға не болмадың, не қатынға не болмадың.

Сағынтай. Қатынды қалай бағам (ашуланғын), сенің сөзіңмен күнде бір ұрсам да, күнкіліңді қоймадың..

Жәниә. Мен үшін қатыншыды ұрма! Маған жала жаппа! Қатыншыды арқаға қағып отырсаң да ерік өзінде. Мешің жұмысың не? Бірақ жұрттың қаңқу сөзі өлтіріп барады.

Сағынтай. Сөз келсе маған келеді.

Жәниә. Сені пәденшенің баласы дейді. Ауылдағы қойшы шалдың баласы болсаң, сенде жұрттың не жұмысы бар! Сен де бір, ит те бір болар еді... Ендеше мейлін, қисайған жағыңнан тұрма! Қатының бетімен жүре берсін, сен мұнда ұйқыңды қандыра бер!

Сағынтай. Бетімен жүріп не істеп тастады.

Жәниә. Бнесің екі иіні болды, мана кетіп еді суға, әлі келген жоқ.

Сағынтай. Жұмыс қылса бір пәле, қылмаса екі пәле, сенің қай бабыңды табады.

Жәниә. Жұмыстың орны бар, екі кештің арасың

да катынына суға бар деген ешкім жоқ... Болмастан өзі кетті.

Сағынтай. Сұрамастан неге кетеді?

Жәния. Байынан билік алған қатын солай болатын, келген соң өзінен сұрарсың (шығып кетеді).

Сағынтай (ереңді-қарсылы жүріп). Бұл бәледен өліп қутызам ба, тірі қутылам ба, қой бұйткенше төркініне апарып салайын... Бұдан дүниеден қатын алмай өткенім көп жақсы. Жәнжал, төбелес — не сұмдық? Осы күнде екі тамұқтың ортасында жүрмін, ылғи ұрып бұл қатынды қалай ұстап отырамын. Көзіммен көрсем, бір жайлы қылар едім. (Жәния жүгіріп кіреді.)

Жәния. Өтірік деп сенбеуші едің, далаға шықшы! Аған ішінен екі кісі шықты, бірі әрі, бірі бері қарай келе жатыр... Бері қарай келе жатқан сенің арсыз қатыны... Әбден масқара болдық қой. (Сағынтай қамшысын алып шығып кетеді.) Не бола, ол бола... Ойдағаныма жетіп келемін... Балама қатын табылар... Алдақашан шіріп қалған шешесін менен артық көргені өлмей тіріде есімнен кетпес. (Өрік кіреді.)

Өрік. Миза жігіттің өңі сұйланып кетіпті... Неге ашуланып жүй?

Жәния. Шірік кісі солай жүреді... Сұрланғанша, арбаға мінгізіп ондай суық жолға жүретін қатынды алып барып таста. Малды матап беріп тағы бір қызды аял да кел... Қартайып отырған жоқ.

Өрік. Мен бисем, Халимада жашық жоқ... Тап осы үйде Халимадай жуаш адам жоқ... Суық жолға жүйеді дегенін әшейін жайқан жайға ғой, болмаса Халимадай күйеуін шұлайтын адам кем шығай.

Жәния. Жалғыз күйеуін сыйлағаны не керек, мені неге сыйламайды.

Өрік (өзіне). Шешін бабынды құдай таппаша, адам таппаш.

Жәния. Халиманың сөзін сөйлеп тұрсың, Халимадан бірдене алдың ба?

Өрік. Түк те ағаным жоқ... Әншейін зияғанымнан айтамын.

Жәния. Жаман кісінің әдеті аямпаз келетін.

Өрік. Өнкен жөн болса да, қамшат бөйік пен кемеі бейбеуді өшін тығып қойып, ұйғызғаның жөн бе?

Жәния. Сенен жөн сұрадым ба?

Өрік. Құдайдан қойықпайсыз ба?

Жәния. Жоқ сөзбен мылжыңдан басты ауыртпашы.

Өрiк. Әдейi обалына ойтакташқанымна қани көйек-жаулықты бейген жоқсың.

Жәннiя (күлiп). Жаның шығып бара ма? Берермiн... Әлi жұмыс бiткен жоқ.

Өрiк. Өне бойына жұмыс бiткен жоқ дейсiң.

Жәннiя. Қашан Халима тәркiнiне кетсе, сонда жұмыс бiтедi.

Өрiк. Халимадан миза жiгiт өймей тiштi айыя ма.

Жәннiя. Аман болсам, айырармын.

Өрiк. Миза жiгiт Хайиманы ұйғаны болмаса, жақшы көйедi. Жақшы көймесе әлдеқашан арайып таштай едi.

Жәннiя. Айырғанымды бүгiн көрерсiң, жана қойшы баланы жiбердiм, Сағынтай далара шыққан кезде қайта орал да, Сағынтайға келiп... өзiм танымаймын, бiр жастау жiгiт, әрi кетiп қалды. Халимамен бiраз сөйлесiп тұрды деп айт дедiм.

Өрiк. Осыныя байенi өшiң шапшып отнып, тағы да Хайиманы жамандайсың, ұйғызасың.

Жәннiя. Аузына күм құйылған екен.

Өрiк. Мен құдайдан қойқамын, байқамай кiлiп қалдым. Көйлек-жаулығыңның кейегi жоқ... Аш күжiстеп тыныш күяк, жай жүйгенiм жақшы.

Жәннiя. Сен шiрiк күн, жұмыс бiтiрермiн дейсiң бе? Жүре бер! Қайдан құдайшыл болып кеттiң... Не қылсам да өз iктиярым, бала да менiкi, келiн де менiкi.

Өрiк. Бала да менiкi, келiн де менiкi — оған дау жоқ. Бияк миза жiгiт ошы ұйғанын қоймаса, Хайма би күнi құдыққа түшiп өйедi... Шүйтiп байешi бүкi ауыйға түшiп жүймеше жаяй едi.

Жәннiя. Өлсе — бiр өлiмтiк.

Өрiк. Даудан басынды айшып арайшың.

Жәннiя. Бұнын алдында өлгендердi даудан алып кiратқан... Күн алғанда мал алады да!

Өрiк. Уақытында көйемiз (шығып кетедi).

Жәннiя. Жүрттың үнiтпағаны маған не керек, ен паны жаман күн де маған ақыл айтқысы келедi... (Сағынтай кiредi.) Ендi сендiң бе? Ақ сүтпен асыраған апаң. Менен басқа саған жаны аштын кiсi бар ма? Сен үшiң (жыламырап) өлiп барамын.

Сағынтай. Маған не қыл дейсiң? Құдай үшiң айтшы, бұл қатынды өлтiр дейсiң бе? Тәркiнiне апарып таста дейсiң бе?

Жәниә. Мал-басқа кесір болатын кісіні қалай ұстап отырамыз! Өзі ұры, өзі долы, жамап жүрісі де бар...

Сағынтай. Бұл уақытқа дейін сенбей жүруші едім, енді анық сендім. Төркінше мен жай жібермесің, бір жолата қолдан өлтірмей.

Жәниә. Тағы да дауға қаламын десейші? Өлтіріп бәлесіне қалмай-ақ қой, ұрма да, соқпа да, төркінше апар да сал!

Сағынтай. Жұмысын болмасын... Осы үйге тірі жан келмесін!..

Жәниә (өзіне). Менің тілегім осы (шығып кетеді).

Сағынтай. Халиманы бір кезде жанымдай жақсы көруші едім... Халиманы маңдайынан шертпесің деп ойлаушы едім... Қайда кетті менің сондағы жақсы көретін мінезім... Жанымдай көрген, Халима! Менен де біреуді жақсы көрдің-ау!.. Бекболат мұнда, ол мұнда, ол сөйлескен кім болады. А... Біржолата өлтіріп қанын ішейін (есікке қарай жүгіреді, қарсы Бекболат кіреді).

Бекболат. Әссалаумағалайкум, мырзеке! Қайда асығып барасың?

Сағынтай. Не жұмысын бар?

Бекболат. Ой, тоқтай тұршы (Сағынтай қайырылып отырады). Өңің неге бұзылып кеткен, соққан, албасты басып жүр ме?.. Неге үндемейсің?

Сағынтай. Өнебойы істеген ісің осы-ау!

Бекболат. Сен шөп шауып, саржан кесіп жүрсің бе?

Сағынтай. Көңілге тыныштық болмаса, шөп шауып, саржан кескеннен қиын.

Бекболат. Сен менің орныма жұмыс қыл, мен сенің орнына жүрейін.

Сағынтай. Дүниеде қатын алдың, бәлеге қалдың.

Бекболат. Қолда бардың қадірі жоқ... Мен қашан қатынды аламын деп аңсап жүрсем, сен қатыннан безесің.

Сағынтай. Қатын алсаң, күнде ұрыс-төбелеске кіресің.

Бекболат. Ұрыстың бәрі еркектен, қызғаншақ болма, қызғаншақ болсаң, ақ көңіліңе әрнәрсе кіре береді, біреудің тіліне ерме! Қай сөзбен айтатынын білесің? Анда-санда ұрыс-жанжал әр адамның үйінде де болады. Онсыз тұрмыс жоқ! Көзбен көрсе, қалай болады?

Сағынтай. О да бір жөн. Бір кезде мен де ақыл айтқанмын.

Бекболат (өзіне). Мені шынымен Халимаға та-
нып жүр ме екен! Өзінен сұрайышы!..

Койшы бала (жүтіріп есіктен кіріп). Бекболат.
Бекболат, үйін шақырып жатыр (кетіп қалады).

Бекболат. Сенімен біраз сөйлесейін деп едім,
асығыс болды-ау! Және өзін де теріне сыймай отыр
екенсің (шығып кетеді).

Сағынтай. Менен басқанын бәрі де жақсы, бұ-
дан жалғыз атты кедей болып, ұрыс-жанжалсыз, қай-
ғығыз тұрса, дүниеден армансыз өтер едім... Мені қай-
ғыға салып отырған Халима... Бұдан құтылсам, қай-
ғыдан құтылар едім. (Сырттан дауыс шығады.)

Халима (далада). Алла-ай, өлтіргеніңе ризамын..
Жанымды қинамай өлтір.

Сағынтай (ащулаанып айқайлап). Арашалағанда-
рыңның қанын ішемін!

Жәния (үйге кіріп). Пісірің жесең де қатып өзің-
дікі, ойлағанымға жеттім... Сәті бүгін түспесе, сірә да
түспес. Таяқтан кісі өлуші ме еді, мені баяғыда аттың
күйрығына байлап сабайтын еді, осы күнгі қатындар
таяқ жей ме?

(Сырттан Халиманың дауысы шығады.)

Халима. Ой...пырмай, не жазығым бар еді.

Жәния (алаңдап). Қайдан сенің жазығым бол-
масын, алтын сақина есіңнен шығып кеткен екен.

(Сырттан дауыстар шығады) Қой енді! Өлтіресің ғой,
өлтіресің бе?

Жәния. Өлмек түгіл, мүрдем қатын (шығып
кетеді).

Сағынтай (сырттан дауыс шығады). Қатын ме-
нікі! Сендердің не жұмыстарың бар!!

(Өрік, Жәния, қойшы бала үшеуі үсті-басы қап
болған, есінен ауған Халиманы қолтықтап кіргізіп, ас-
тына мамық төсек салып жатқызады.)

Өрік. Тайып қайды бием, шу бүйкейіңші (суға
жүгіреді. Бекболат Сағынтайды жетелеп үйге кіреді,
қолынан қамшысын алады. Өрік су бүркеді).

Халима (көзін ашып, ынкылдап, аллалап жата-
ды, қолынан алтын сақинаны суырып алып Жәнияға
лақтырады). Түпке жеткен адыра... Арманыңа жет!..
Ал! Күләй кешсе... мен кештім. Ендігі алғанымен (Са-
ғынтайға қарап) тату тұр... Бәрін де куә... мен... үшін
күн... даулаушы болмасым. Қаным кешулі... Жалғыз ар-
маным... Інтегі бала... Ойлағанымға жете алмадым.

Өрік (жыламырап). Шен ақшын, кемей белбеу

мен камшат бөйікті мына шешеннің өші ұйлап Халимаға жая жауып ұйғызды. Мен жашимаймын; Бекболаттан атын келе жатқанда ошы үйден шығып бая жатқан деп айт деп, маған сөзді шешен үйеткен.. Әйгіде де қойшы баяға отнік үйетін айтқызып кейді..

Қ о й ш ы б а л а. Өріктің сөзінің бәрі рас.

С а ғ ы н т а й (жылап Халиманың жанына жүгіріп барып). Кеш, обалыңа қалдым-ау!.. (Халиманың сөйдеуге шамасы келмей Сағынтайға қолын созады.)

Б е к б о л а т. Үзіліп бара жатыр ғой, иман айту керек қой.

Ж а н н ы. Кеш! Менен қашы болды. Қәдірінді білмедім, кеш!

Б е к б о л а т. Лә-илаһа, пла-алла, мухаммада расул алла (деп иман айтады).

С а ғ ы н т а й (өкіріп жылап). Кеш! Кеш! Кеш!..

Шымылдық түседі.

.. ПАРАШЫЛДАР

Бір перделі комедия

Қ а т ы с у ш ы л а р:

Қоңырбай

Момынбай

Арызшылар

Қарабек — Крестьянский начальниктің переводчигі.

Иван — Крестьянский начальниктің хатшысы.

Максим — почтабай.

Алаң, екі бөлмелі үй, үлкен бөлме, кеңсе начальнигінің отыратын орындығы, жазатын үстелі оқшау тұрады. Қарабек пен Иванның орындықтары, үстелдері есік жаққа таман тұрады. Есікке жақын арызшылар отыратын екімейке тұрады.

М о м ы н б а й (қорыққан өймен Қоңырбайды итермелеп). Алдан сен кір! Сен кір!

Қ о ң ы р б а й (шегініңкіреп). Жок. Момеке, сіз жүрініз.

М о м ы н б а й. Жан болып кеңсеге кіріп көргенім жоқ. Мен «здрастиді» де айта алмай сасып қалармын. Ақы берсең де жүрмеймін.

Қ о ң ы р б а й. Алда сіздің жүргеніңіз жөн болар.

Жасыңыз үлкен, көрнекті сақалыңыз да бар. Ұлық үлкенді сыйлайды.

М о м ы н б а й. Үлкен сыйлап, бае тартар дейсің бе? Өзін-ақ жүр. Құдай берген ебің арқасында қай ұлықты болса да алдыңнан таратушы едің, енді неден көркіңсің.

Қ о ң ы р б а й. Ендігі ұлықтар аяқөмісдер ғой, ақсақалдың алдан жүргені жол бөлуге де жақсы. Алдан сіз жүріңіз.

М о м ы н б а й. Тілегіміз жол болу ғой. Бірақ құдайға навсаң жүрегім лүпілден барады. Қолыңды әкелші! Мінекей, жүрегім аттай тулап тұр.

Қ о ң ы р б а й (оң қолымен Момынбайдың жүрегін басып). Әлден зәре-күтін ұшып кетіпті. Нашандікке арызды қалай айтасыз?

М о м ы н б а й. Аруаққа снышып арыз айтқаныңа, буынымды бекітпін алармын.

Қ о ң ы р б а й. Жанаралмен сөйлескен Жамағатай құрлы жөксіз ба? Нашандік бае кеспес. Мен-ақ жүрейін... (Бөркін қолтығына қыстырып) Бөркінді ал.

М о м ы н б а й. Ондай пәлесі тағы бар ма еді? Алпысқа келіп сақал-шаш ағарғанда бөрікті алып, кім боп барам-ау! (Бөркін ала беріп жерге түсіріп алады. Еңкейіп алып жатып) Ойшырмай, белім-ау, белім кілт ете түсті ғой, намысқа қызып бекер келген екем. Ата-бабам қылмаған жұмыста нем бар еді? Иә, ата-бабаның аруағы қолдай ғөр!

Қ о ң ы р б а й (есікті ептеп қапа ашып, сығалайды). Босқа үрейленіңіз ғой, кеңседе сайтан да жоқ. Іркілмей кіре беріңіз! (Кіріп скамейкеге отырысады.) Құдай бізді тек жаратып па? Айнакем аруағы қолдар! Енді нашандікке арызды толық түсіндіріп айтыңыз!

М о м ы н т а й. Ойбай, арызды мен айтаймын. Ұлық алдын көргенде сасып қалатыным бар.

Қ о ң ы р б а й. Ендеше мен айтайын. Мен сөйлегенде сіз қамығып, жыламырап тұрыңыз.

М о м ы н б а й. Жылау жағынан кенде қылмайын... (Біраз үндемей отырысады. Момынбай қалғуға айналды.)

Қ о ң ы р б а й. Осы жолы жерді өзімізге қаратып қайтсақ абырой болар еді. Шығынды көп шығардық деп, тағы да елден тоқты-торым жинап алар едік... Екі жүз сомды шығынға деп елден алып келдік, бір елу сомы жанға қалса жарар еді. Бала-шағаға көйлек-көпшек алып қайтар едім.

(Максим кіреді.)

Максим. Сендердікі, казак, жұмыс не?

(Максимнің айғайынан қалғып отырған Момынбай селқ етіп оянып ұшып кете жаздайды.)

Момынбай. Қоңырбай (орындарынан тұрып, бастарын шұлғып). Біздрәсти, ыздрәсти.

Максим. Какоу здарәсти. Әйдә, шығындар.

Қоңырбай. Ұлыққа айтатын арызымыз бар еді.

Максим (екеуінің нығынан тартып) сендердікі үлiк мен.

Момынбай. Нашадiк осы болмасын. Жалтыраған шең болмаушы ма едi. (Тартқылап жүргенде, Қоңырбай жең үшiнен үш сом қараз ақшаны жерге түсiредi де, алуға еңкейе бередi. Максим тез iлiп алады.)

Максим. Бұл ақшаны маған берсеңдер, отырасыңдар.

Қоңырбай. Тақсыр, алыңыз. Тағы да қарап қалмасңыз.

Максим (күлiмдеп, дiрiлдеп тұрған Момынбайды арқадан қағып). Көрiкпа, отыр, мен ойнайды.

Қоңырбай. Тақсыр, ойнағаныңызды өзiм де бiлдiм. Сiз нашандiк пе?

Максим (қарқылдап күлiп). Мен нашандiк iнiсi, Нашадiк қазiр келедi (шығып кетедi).

Момынбай. Жүрегiм қабы жарылып кете жаздады. Аман қайтсам жарар едi. Әлгi үш сом болмағанда жанымызды қоймайтын едi. Қоңырбай ку деген атыңды осы жолы ақтадың. Бiздейлер жалғыз болса, әлгiндей жерде арам өледi ғой.

Қоңырбай. Әлгi бiздiң ақ тазыдан да жылдам, ыңғайлы екен. Ақшаны қалай қағып алды! (Қайта отырып) Момеке! Отырыңыз, аяғыңыз талар.

Момынбай. Тағы бiреуi келiп, пәле қылар. Толып жатқан бөтенге бiздiң ақшамыз шақ келмес.

Қоңырбай. Қайдан солдатша қақшып тұрамыз. Келе жатқан сыбдырымен тұрармыз.

Момынбай. Белi құрғыр шыдамайды. Әйтпесе аш құлақтан тиыш құлақ, отырмағанымыз жақсы болар едi... Нашандiктiң алдынан есiк ашатын болатын шығар.

Қоңырбай. Неге болмасын. (Қарабек кiредi, Момынбай сасып тұра бергенде, жығылып қалады.)

Момынбай (тұрып жатып). Здрәстый, здрастый.

Қоңырбай (өзiне). Өңi суық екен. Қарабек деген осы шығар (Максим кiредi).

Қарабек (өңiн суытып). Скамейканы шығарып

таста. (Максим скамейканы көтеріп бара жатып, Қарабекке қарап көзін қысып, қалтасын қағады, шырып кетеді.)

Қоңырбай (өзіне). Мына оңбарап оңдырмас. Ақшаның аязынан да ызғарлы көрінеді ғой.

Қарабек (Момынбайға тесіресе қарап). Сен кенсеге шалбарсыз неге келесің?

Момынбай (тұтығын, сасқалақтап). Тақсыр, шалбарым жоқ еді.

Қарабек. Шалбарың жоғы бізге міндет пе?

Момынбай. Жаз шалбар кимейтін атымыз қазақнайдың салты ғой.

Қарабек. Салт қуатын болсаң үйіңде отыр. Кенсе сенің аулың емес.

Момынбай. Тақсыр! Мүпекей, алтысқа келдім. Шалбарсыз жүрме деген заң естігенім жоқ.

Қарабек (даусын көтеріңкіреп). Сендер «степной арда» заңды білмейсіңдер. Сендер үшін орыстан біз ұяламыз, біз сөгіс естіміз.

Момынбай. Шалбар кию үшін елу шақырым жердегі аулыма барам ба?

Қарабек (ақырып). Енді шықпасаң арстобайт еткізем. Шалбарсыз тұрма, нашандік келіп қалады.

Момынбай. Шығайын, шығайын, тақсыр (кірер бөлмеге шығып анырайын тұрады).

Қоңырбай (өзіне). Сен көк тскеге соң керек, мені жалғыз жіберуге сенбей, бомастан келіп едің, ұрып шығармаған сен не керек.

Момынбай. Мына құдайдың ісіне шара болмақ. катыным жыртық шалбарды ки дегенде кимей едім. Не сәнім кетіп бара жатыр еді. Жаматын киіп келсем, арыз айтқанда ішінде болатын едім. Қоңырбай қу енді ақшаның есебін дұрыс көрсетпейді ғой. Мына маңдайың бар ғой (маңдайын түрткілейді). Елден де ұят-ау. Өзім өз болып бір келгенім еді? Нашандікті де көре алмадым. (Максим кіреді.) Тақсыр! Мынау үйдегі төре шалбарың жоқ деп қуып шығарды.

Максим. Сенікі құдай сақтаған, нашандік көрсе, сен каталашка отыратын едің.

Момынбай. Астапыралда! (жағасын ұстайды). Қазақ төресінің жаны ашыған екен ғой. Енді қайтем?

Максим. Бір сом берсен, менікі шалбар бар. Кенседен шыққан соң өзіме бересің.

Момынбай (өзіне). Өмірде кимеген тар шалбарды қалай киемін. Осы жолы шоқынбай қайтем жа-

рар еді. (Біраз ойлап) Бір кигенге жұғып қалмас. Қой арызды құлағыммен естимін. (Максимге) Жарайды, тақсыр (бір сомын көйлегінің қалтасынан алып береді).

Максим. Менің үйіме жүр. (Екеуі шығып кетеді.)

Қарабек. Ей, қазақ, арыздарын не?

Қоңырбай. Кең өзектегі тоғыз ауылдай Байымбеттер жерімізді шауып, малын жайып, теңдік бермейді...

Қарабек (басын шайқап). Үлкен дау екен.

Қоңырбай. Сендерде бір маркабат бола ма деп келдік.

Қарабек. Нашандік сендердің туысқандарын емес. Құрғақ маркабат қылмайды.

Қоңырбай. Азын-аулақ шығынға көңіл келдік.

Қарабек. Азын-аулақпен жұмыс бітпейді. Ең кемі үш жүз сом ақша керек.

Қоңырбай. Тақсыр-ау, ондай ақша бізге қайдан келеін. Бәріміз де нашармыз.

Қарабек. Нашар болсаңдар жердің не керегі бар?

Қоңырбай. Қанымыз бірге қазақыз ғой. Нашандікті азға көндіріңіз.

Қарабек. Мен қолқа салсам екі жүзге көнер.

Қоңырбай. Жүз елу сомға келтіріңіз. Одан артық шығынға деп алып келген ақшамыз болса, кебіміз болсын.

Қарабек. Қаны, ақшанды беріп қой. Нашандікті көңілдендірейін. (Қоңырбай береді.)

Қоңырбай (өзіне). Момынбайға жүз тоқсан сом бердім дермін. Момынбайды шалбарып жоқ деп қушып шығарғаны жақсы болды. Мана үш сом кетті. Қалған қырық жеті сом да бірешыра ұстауыма жетеді. Қатынға мақтанып баруыма жақсы болды. Шайды бір көңілденіп берсін.

Қарабек. Жазылған арыздыңды көрсетші.

Қоңырбай. Ауызша айтамыз ғой деп келіп едік.

Қарабек. Нашандік ауыз сөзді қабыл етпейді.

Қоңырбай (сасқалақтап). Енді қалай болды? Өзіңіз сүйкей салсаңыз болмас па?

Қарабек. Закон көтермейді.

Қоңырбай (өзіне). Жүз елу сомды закон көтеретін шығар.

Қарабек. Осы көшеде Аким деген арыз жазатын орыс бар. Соған барсаң жазып береді.

Қоңырбай. Қу ауыз Аким ба?

Қарабек. Иә.

Қоңырбай. Ол ақшасыз жазбайды деуші еді.

Қарабек. Мен айтты десеп жазып береді (Қоңырбай шығуға айналады). Маған ертеңге шейін жиырма бес сом қарызға бере тұрыңыз.

Қоңырбай (қиналақтап өзіне). Бермесем жұмысты бөгер. (Қарабекке) Бала-шағаға көйлек-көншек алғалы әкелген жиырма бес сомым бар еді. Сіз сұраған соң меселіңіз қайтпасын. Енді бойымда көк тнып қалса атаукерем болсын (береді).

Қарабек (күлімдеп ақшаны алып, өзіне). Әлі де қалған-қутқаны бар шығар. Неше қарғансаң да есебінді табармын.

Қоңырбай (өзіне). Енді жиырма екі сом қалды. Әлде болса қант-шайлық, көйлек-көншектік бар. Ұлықтарға бір таныс болып алсам, елден есебін келтіремін.

Қарабек. Тезірек барын жаздырт. Начальник келіп қалады. (Қоңырбай шығып кетеді.) Күнде осындай болса, қаладағы бірінші бай болар едім. Алдауға көне беретін ел қазағы жақсы. Әлгі сордыға жиырма бес сомнан аспандағы бұлт жуық (қарқ-қарқ күледі). Алақаным қышып отыр (алақанын ысқылайды). Тағы да бірдеңе бола ма? Қой, бүгінге осы да жетер. (Күлімсіреп отырғанда Иван кіреді.)

Иван. Тышту, сен арақ ішкей. Солнце, как сияние.

Қарабек (күлімдеп). Елу сом пайда бар.

Иван (таңырқап). Неужели.

Қарабек. Елу сомның жартысы саған.

Иван (Қарабектің жүгірін келіп қолын ұстап). Айда, молоден.

Қарабек. Қазір «стенной арда» келеді. Соны бір әурелейік. Сен жылтыр түйме пенжетінді киіп келе ғой. Сені мен оларға начальник дермін. Арыз бергенде көбірек оқығайсың. Арыздың үстіне көп жазған болып, болыстың қарауына деп жаза сал. Қол қойғанда таңымайтын қылып бір фамилияны жаза сал.

Иван (қарқ-қарқ күліп). Веселие интересно!

Қарабек. Тезірек жөнел, келіп қалады. (Иван шығып кетеді.) Жүз елу сом таза пайда болды. Бүгін бір алты жұлдызды коньяк алып көңіл көтеру керек (есінейді).

(Момынбай кіреді. Шалбардың тарлығынан аяғын кібіртіктеп әрең басады. Кіреді бөлмеде тұрып, шалбарға қарайды.)

Момынбай. Жыртылып қалып, тағы бірдеме тө-

деп жүрөм бе? (Күрсініп) Күдәйым-ай! Тірідей тар көрге қыстып ғой! Өңгесі келісіп тар шалбары қалды ма екен? Ақ тайлақтай тайрақтап жүретін елдегі күнім-ай! (Кеңсе бөлмесіне кіріп, жан-жаққа қарап, Қоңырбайды іздейді.)

Қ а р а б е к. Сенің жолдасыңды қаталашкеге алып кетті.

М о м ы н б а й (тұтығып). Не... не...ге?

Қ а р а б е к (қабағын түйіп). Жазасы бар.

М о м ы н б а й (күрсініп). Сауғз іздейміз деп жүріп, дауға қалдық қой.

Қ а р а б е к. Жиырма бес сом берсең шығарып алуға болады.

М о м ы н б а й. Мә... мә... алыңыз. Қаталашкеде жатыр деген ат жамай ғой, тез шығарттырыңыз.

Қ а р а б е к (дауыстап). Максим! Максим!

М о м ы н б а й (өзіне). Мана үш сом кетті. Шалбарға бір сом бердім. Міне, жиырма бес сом кетті. Қоңырбайдағы екі жүз сомнан енді қанша қалды? Үш... бір... жиырма... бес... (Қайта-қайта есептеп) Енді жүз алты бес сом бар... Нашандікке көп болса жүз сом берерміз. Қалғанын Қойырбай екеуміз бөліп алармыз. Кемпіріме базарлық алып қайтуға жақсы болды.

Қ а р а б е к (айқайдап). Максим! Максим! (Максим кіреді.) Тез барып шығарт. (Көзді қысып) Чепуха! (Максим күліп шығып кетеді.)

Қ а р а б е к. Жұмыстарыңды түзеуге, жерлеріңді өздеріңе қайтаруға бір елу сом берсеңдер болады. Қазақ болған соң менің жаным ашнды, басқа болса екі жүз сомнан кем алмас еді.

М о м ы н б а й. Мінекей елу сомды алыңыз (береді).

Өркенің өссін, шырағым, намаз сабын өмір жасыңды ұзақ қыл деп күдәйдан тілермін. (Иван кіреді. Момынбай бөркін алып, дірілден тұрады. Иван нашандіктің орындығына отырады. Момынбай өзіне.) Үсті-басы сары ала. Нашандік осы ғой. Түсі айбынды екен. (Қоңырбай кіреді. Есіктің саңылауынан Иванды көріп, нашандік деп, жүрегісініп біраз тұрады.)

Қ о ы р б а й. Түк алмайды деген Акимі бес сом алды. Жығылған үстіне жұдырық. Бір оредник астындағы атыма жала қылып, он бес сом беріп, әрең құтылдым... Қу қанжығаға жол болды. Ақырында екі-ақ сом қалды. Кетерде қатынымды да байытып кетіп едім... (Кеңсе бөлмесіне кіреді.)

М о м ы н б а й. Аман шықтың ба?

Қоңырбай. Сен қайдан естідің?

Момынбай. Жана естідім. Шығын ештеңе етпес.

Қарабек. Нашандікке арызды көрсетіңдер! (Қоңырбай арызды ұсынады. Иван оқи бастайды.)

Қоңырбай. (Момынбайды түрткілеп). Ал енді мүсәпіреіп жыламсырай бер.

Момынбай. (Қоңырбайға). Елу соммен жұмысымыздың жөнделгені жақсы болды.

Қоңырбай. Елу сомың не?

Момынбай. Анау қазақ жігіті елу сом алды.

Қоңырбай. (аңырайын). Менен жүз жетпіс бес сом алды. Арыз жазуға бес сом бердім. Өзімді ұстағанға он бес сом бердім.

Момынбай. Сені каталошкеден босатамыз деген соң, мен қазақ жігітіне жиырма бес сом бердім. Ойбай-ай, енді қайтейін? Менің жетпіс бес сомым кетіп қалды-ау!

(Қарабек күлімсіреп отырады.)

Қоңырбай. Амал жоқ, шыдаймыз-дағы. Қағазымызды жөндеп берсе, елден тағы да жинап алармыз. Қанша шығын болса да, ауыл көйіп еді ғой.

Қарабек. (Иванның қолынан қағазды алып, Қоңырбайға ұсынады). Барысымен жер өздеріңе тиеді. Пристойке бұйырып жаздырттым. (Момынбай мен Қоңырбай бастарын шұлғи береді.)

Момынбай, Қоңырбай. Спасибо. (Кіреп бөлмеге шығады. Иван мен Қарабек күліп қалады.)

Қоңырбай. Ақша көп шыққаны болмаса, жолымыз болды. Байымбеттердің кеудесіне бір мінсек, күрдай жорғалатып молда қылсақ, ақшамыздың қаруы қайтады.

Момынбай. (көңілденіп). Артық шығынды ел бермесе бермесін. Бір ат арам өліп те қалады.

Қоңырбай. Екі жүз сом артық шықты деп елден жинап алу керек. Елді аяғаныңыз не? Ел екі жүз сомнан кедей болып қалмайды. (Максим кіреді.) Мына қағазда не жазылған? Тақсыр оқып беріңізші!

Максим. (тани алмай бірсыпыра қарап). Волостнойға тапсырылған.

Қоңырбай. Басқа сөз бар ма?

Максим. Сендердікі құлақ бар ма? Мен жоқ деген.

Қоңырбай. Пристойке жаздық дегені қайда? Ұмытып жазбаған шығар, қайыра барайық (Кеңсеге екеуі кіре бастайды.)

М а к с и м (күліп). Что-то не ладно (сығалап тың-
дап тұрады).

Қ о н ы р б а й. Тақсыр, пристонке дегенді ұмытып
жазбай қойыңыз. Болыс бізді теңгермейді. Болыс
Байымбеттердің құдасы.

М о м ы н б а й (жыламырап). Қанша дүниеміз бос-
қа шығын болды ғой! (Қарабекке қарап) Шырағым!
Ұлыққа айтып түсіндірсейші.

Қ а р а б е к. Болыстан артық кім керек.

Қ о н ы р б а й. Алдағыңыз қалай? Ақшамызды
қайтарыңыздар.

Қ а р а б е к. Нашальникті ашуландырмай кеткен-
деріне тәңірі жарылғасын айтындар.

Қ о н ы р б а й (өзіне). Ақша бергенімізді нашандік-
ке айтпады ғой. (Иванға) Тақсыр, «благорды» нашан-
дік! (Қарабекке қолын сілтеп) Нашандік, дабайт моя
денге... дела не қарош... денге өзіме дабай.

Қ а р а б е к. Атаң басы «денге дабай»... Қазір ари-
стовать еткізейін. Максим, Максим! Сендер ойнайтын кі-
сіңі тапқан екенсің. Менің Қарабек екенімді білесіңдер
ме? (Максим кіреді.) В каталошку... дай им по морде.

М а к с и м (екеуін желкеден қойғызып). Айда, жү-
ріңдер! (тездетіп итермелейді).

М о м ы н б а й. Ой-ой! Шалбарың жыртылады.

М а к с и м. Айда, төлейсің (бұрынғыдан да қатты-
рақ жүлқылайды).

М о м ы н б а й. Енді ұлық алдына келсем, имансыз
өтейін.

Перде түседі.

ЕСКІ ОҚУ

Бір перделі комедия

Қ а т ы с у ш ы л а р:

М о л д а — 50 жаста (тапал бойлы, қауға сақал).

Н ө к е ш — 16 жаста, бай баласы.

Т і л е у — 10 жаста, бай баласы.

Н ұ р ы м — 14 жаста, кедей баласы.

Б е к е н — 12 жаста, кедей баласы.

Е с к е — 14 жаста, кедей баласы.

Ж е к е — 15 жаста орта ауқаттының баласы.

Ә л і ш — 10 жаста, орта ауқаттының баласы.

Аллаң Байдың қонақ үйі, кереге басында үш жас шыбық, бір қамшы ілулі тұрады. Іргеде молданың төсек орны, молда отыратын көрпесің алдында үлкен сандық, үсті толған қалың кітаптар, сия сауыты, қауырсын қалам. Балалар оң жақ боспадан төрте қарай отырған.

Кедей балалары төмен отыр. Әліш молданы байқап тұр.

Бірінші көрініс

Балалар асыр салып ойнап жатыр.

Нөкеш. Молда көрінбей ме?

Әліш. Жоқ.

Еске. Молданы жер тартып кеткен шығар.

Нөкеш. Мейірман шал ауырып жатыр деген, соған кеткен шығар.

Нұрым. Мейірман өлсе, бір-екі күн арқамыз босар еді.

Тілеу. Мана апам айтып отырған: «Бай ауырса, ысқат аламын деп, жанынан шықпас еді. Мейірман иман айт деп, үш шақырғанда әрең барды. Мейірман өлсе түсетін түк жоқ қой», — деп.

Нұрым. Ендеше Мейірманның өлгенінен бізге найда жоқ.

Тілеу. Менің әкем ауырғанда молда күніне үш келетін.

Еске. Бөкеннің боз жорғасына өлі тиіп аунақшып жатыр деген, соған аят оқуға кеткен шығар.

Әліш. Мана апам: «Ақ сиырдың бұзауы ауырып тұр, молдаға ішірткі жаздырып алам», — деп отырған.

Нөкеш. Сенің сөзде не жұмысын бар? Молданы қарап тұр! Келіндер бурақотан ойнайық (біраз ойнайды, демалысып отырады).

Нұрым. Молда ауырып қалса, қандай ойнар едік. Үйрек, қаздың жұмыртқасын сынырар едік.

Жеке. Қара көлдің суына шомылар едік.

Нұркеш. Ауырған не болады, біржола мүрдем кетіп, өлсе жақсы болар еді.

Жеке. Молданың жанын алатын біз өзрейіл емеспіз, одан да жабылып сабайық.

Бекен. Молдаға біздің әліміз жете ме?

Жеке. Бәріміз жабылсақ, молданың әлегін аспаннан келтіреміз.

Нұрым. Артынан біздің сорымызды қайнатады ғой.

Нәкеш. Мен-ақ ұрып берейін. Әзер болса оқымай кету ме?

Жекө. Еске, бәріміз жабылып ұрайық, сонда қызық болады.

Нұрым. Қалай ұрамыз?

Жекө. Молданың отыратын жеріне ише шапшып қойық, отыра бергенде кіріп кетсін (бәрі қарқылдасып күледі).

Тілеу. Молданы кұтылсам күні бойы тайға мінер енім.

Әліш. Ұйқым қинар еді.

Жекө. Ұйқы қашпас, молданы кара!

Әліш. Ойбай, молда келе жатыр.

Бекеш. Ал, дауыстап оқындар.

Бәрі. Дузбелла мен ашайтан еррақим, биесмилла ракмен рақым (қайта-қайта айта беріседі).

Нәкеш. Қатты оқындар! Ойнаған жоқ екен деп ойласың. (Молда кіреді.)

Екінші көрініс

Молда (орнына отырып). Балаларың оқу бақпайды, ойын бағады деп бай ұрысып жатыр. Ұятсыз, доңыздар. неге ойнайсындар? Жұмалықтарың қайда?

Нәкеш. Мінекей, молдеке! (он тнын береді.)

Тілеу. Мінекей, молдеке! (бес тнын береді.)

Жекө. Бір аяқ бауырсақ әкелдім.

Еске. Бір аяқ күрт әкелдім.

Нұрым. Анамнан жұмалыққа ақша сұрап едім, өзімді ұрды.

Әліш. Мінекей, молдеке! (бір тнын береді.)

Бекен (қалтасын сипалап отырып, молда қараған кезде жылап жібереді.) Жұмалығымды жоғалтып алып-пын.

Молда. Ақшаны жоғалтып, атаның басын бағып отырсың ба? Е. Нұрым! Сабағыңды тыңдат. (Нұрым өні қашып, молданың алдына келіп шарт жүгініп отырады.) Оқы!

Нұрым. Әліпсана ламға сәкін ал, қысыңқа мөмге сәкін алқам түрлу алқамду. Лам асылы латады.

Молда. Атаң басы латады (шыбықпен тартып жібереді). Лам тады ла деп оқы!

Нұрым (жыламырап). Лам тады ла (үш рет айтады).

Молда. Лам тады лада экеннің көз кұны қалды ма? (Тағы да тартып жібереді)... Сенің арқанда тартылдаған не? Тез шешің! (Нұрым жыламысырап шешінеді, арқасынан қабық түседі) Сен мені алдайын деген екенсің... Еске! Арқала доңызды. (Еске арқалап тұрады, молда ұрады)... Үш жыл оқып, әлі еже білмейсің, мигұла! Бекен, сабағынды тыңдат. (Бекен қорқып орнынан әрең тұрады) Сүйретілмей, доңыз, тез кел!

Бекен. Молдеке, аяғым ауырып жүр.

Молда. Ауырмақ түгіл, түсін қалсын, шапшаң! (Бекен шарт жүгініп отырады.) Оқы,

Бекен. Әбзет, ауаз.

Молда. Тіліңді шығар (қалтасынан орамалын алады, Бекен жылай бастайды.)

Бекен. Тілім ауырып жүр.

Молда (бақырып). Негылған ауру? Шығар деген сон, шығар! (Еріксіз аузын ашып, орамалмен Бекеннің тілін созғылайды. Бекен шыңғырып жылайды.) Неге оқымайсыңдар? (Жекені тартып жібереді). Бекен мен Әліш байдың үйінің бузауларын айдап келіндер. (Екеуі кетеді.) Сендер түні бойы ақсүйек ойнайсыңдар, көшке шейін босамайсыңдар!

Нөкеш (орнынан тұрып есік алдына барады). Молдеке!

Молда. Рүкәят (дұғалық оқып, тасбық тартуға айналады, аттың дүбірі естіледі).

Дауыс. Көпірбайдікі дастарқанға аят оқып берсін дейді. (Молда жалма-жан киініп жөвеледі.)

Үшінші көрініс

Нұрым. Әлгіңде бәріміз жабылып ұрайық дегендерің қайда? (Нөкеш күліп кіреді.) Мені ұрғанға қуанып жүрмісің?

Бекен. Молданы алдап жібергенге күліп жүрмін. Бәрі. Қалай алдадың...

Нөкеш. Жана далаға шықсам, Жанақ кетіп бара жатыр екен, молданы алдап шақыра ғой деді. (Балалар ду күліседі.)

Нұрым. Енді оқуға келсем ит болайын.

Еске. Мен де келмеймін.

Жекен. Мен де келмес едім, әкем көнбейді. Етің молданікі, сүйегің біздікі деп болмайды.

Н ұ р ы м. Молдадан өлгенше, қаңғырып өлейін.
Т і л е у. Молданың ұрған жері тамұққа күймейді дейді.

Н ұ р ы м. Өзінді ұрса тамұқты білер едің.

Б ө к е ш. Молда бәрібір менің алдағанымды біледі.
Мені ұрмай қоймайды. Сол кезде жабыла кетіндер.

Ж е к е. Басына шапан жауып жіберіп ұрайық, қайсымыздың ұрғанымызды білмесің...
Т і л е у. сен молданы карап тұр, мен молданың басына аят окнын, ырым болсын. Тыңдап отырыңдар, нә... нә... е... а, шеднегінді қайтесің, болмаған соң тоқтының басы, жал-жая, қазы, карта, белдеме, омыртқасы.

Токнак жілік, ортан жілік бұйрақуың,
Асықты жілік, кәрі жілік, жанбас пен
күйрқуың.

Сан мен мойын, ішек-қарын, өкпе-бауыр,
жүрекуың.

Тым болмаса берсен етті жүздірін майын
кордақуың.

Молдаға құдай рақметті қылсын.

(Бәрі бата қылады.)

Н ө к е ш. Мен өлең айтамын, молданы ұратын болған соң көңілім көтеріліп отыр.

Жаз келер, ақбан, қаңтар қысаң өтін,
Жерден қар, көктен суық ызғар кетіп,
Жалан бас, жалан аяқ жас балалар
Жүгірер ойдан қырға дүбірлетіп.

Т і л е у. Молда жаңа шықты.

Н ұ р ы м. Ағузы, ағам үйінің ақ өгізі.

Н ө к е ш. Әсын, әпкел кара койдың басын.

Ж е к е. Мақанғаллама, әлім келсін молдаға. (Бәрі күліседі.)

Н ө к е ш. Қу уалла ақат, біздің молда арам қат. !

Т і л е у. Жақындап қалды. (Балалар ағызуга зырлай береді.)

Н ө к е ш. Тым-тырыс бола қалыңдар! Жанжал шықсын. Мынау ишені қалай қояйын. (Молда кіреді.)

Төртінші көрініс

М о л д а. Доңыздар, неге оқымайсыңдар? (Өзіне)
Дәу де болса мені алдаған Нөкеш. (Отыра бергенде ине қадалып, ытып түседі.) Мынаны қай доңыз тастады.

Нөкеш. Еркек балада ише бола ма! Көпірбайді-
кінен іліккен шығар.

Молда. Мә саған Көпірбай. (Қамшысын алуға бұ-
рыла бергенде Нөкеш молданың қаптал шапанын үсті-
не жаба салады. Балалардың бәрі жабыла кетеді.)

Нөкеш. Қамшы қайда? Шыбық қайда? (Нұрым
қамшыны молданың жонынан салады.)

Молда. Ойбай, өлтірді.

Нұрым. Өте ме екен!

Молда. Бәріне бәддұғамды бердім, мәңгі тәмұқта
қалыңдар.

Перде түседі.

ЖОЛ ӘСЕРІ

Германиядан келген Берлин университетінің профессоры доктор Кушнискыймен Семей уезіне қараған Бұғылы, Шыңғыс, Мендеш болыстарын, Қарқаралы уезіне қараған Ағанды, Абралы, Кент, Ақсары, Дастар, Ақбота болыстарын шет пұшпақтап араап түстім. Профессордың мақсаты қазақ арасындағы ауру түрлерін, қандай аурудың көбірек тарауы, тазалық шарттарын тексеру еді. Және де қазақ елінің жалпы тұмысымен танысу еді. Профессордың елді аралап аз уақыттың ішінде алып қайтқан қортынды пікірі мынау: бұрын қазақпен кітап арқылы да таныстығым жоқ еді. Германияда ең маңызды жағрапия Зейдл дегендікі. Сонда қазақ туралы екі-ақ жол бар: «Қазақ көшпелі, мекені — киіз үй, баққаны — мал» деген. Енді байқап қарасам, қазақ туралы екі жол емес, әлденеше том кітап жазуға болады екен. Көшпелі тұрмысқа қолайланған. Мәдениеттен қазақ құр алақан емес. Әсіресе үй ішіне арналған ою-кестелері өте шеберлікті көрсетеді. Мал баққан ел әнші келеді деген пікірді қазақ елі айқын дәлелдейді. Қазақтың кейбір әндері Венгриядағы мадьярлардың әніне ұқсас. Қазақ өң жағынан бір атадан өрбіген емес. Үйткені кейбір қазақтар өндес Германияда, Италияда, Японияда, Орталық Америкада кездеседі. Әсіресе соңғы айтылған ауданда қазақ өндес көп. Бұл антропологияның (адам өнін тексеретін пән) тереннен тексеретін зор мәселесінің бірі болу керек.

Тазалық

Қазақтың тұрмысы аса тазалыққа көшпеген. Қазақ күннің, құмның, судың, таза ауаның кәдірін біліп пайдаланса, тазалықпен ауыл үй қонса, дүниеде қазақтан сау халық болмас еді. Көш, атта болғанда қазақ жері ауру емдену жағынан екінші Швейцария болар еді. Бұқараны тазалыққа үйрету, күнмен емденуді үйрету — қазақ оқығандарының міндеті. Мұны орындау

үшін үкімет заңы да, қаражат та керек емес. Тек ұғындырып, үлгі болу керек.

Жалпы жәй

Семейден шығып, Шыңғыстан Домбалай асуымен 22 шақырым шыққанда қалың елдің жайлауына кездестік. Оған шейін көргеніміз жатақ болды. Жатақтың халі нашар. Бар айналдырғаны 1—2 бұзаулы снырдың сүті. Көп салғанымыз бір десетіне егін саламыз. Егін де ерегіскенде шықпай жүр деп отырған жандарды көрдік. Жатақтың халін тексеру кезектегі жұмыстың бірі болу керек. Жүрген бетімізде көшпелі мәдениетте төрт қырқа ел көрдік: 1) бейнетпен біте қайнасқан, тұрмысы қараңғы дағдарыста тұрған жатақ; 2) тұнық сулы, қалың нұда хал кешін, мал семірткен төрт түлікке ие қалың болыс тобықтының көпшілігі қала маданиятынан хабардар; 3) Дағанды болысындағы Абак кіреді. Қазақтың қаймағы бұзылмаған ескі тұрмысы кіреді. Төңкеріс лебі кірмеген көрінеді. Аяғөзге қараған Найманмен барымтасы күшті екен; 4) Қарқаралыға қараған біз көрген қазақтар тобықты мен керейдің аралығында шаруа, білім, үй тұрмысы жағынан бұрынғы ел жуандарының аттан түскен де, түспеген де жері бар. Бірақ қаулап кеткен жуандық жоқ. Назардың әкімшілігіне үйренішті. Бірақ милицияның қоқаны, қой сойғызатыны дағдысынан кенде қалған жоқ екен. Басқа елдерде милиция жуақтау болып жүретін сияқты.

Денсаулық жәйі

Біздің ауру қараймыз, тегін дәрі береміз дегенімізге сенімсіз қараған жерлер де болды. «Неғылған батпан күйрек, тегіннен тегін жатқан күйрек», қазақ қазақ болғалы тегін емдейміз деген бұларды көрдік», — деп. Бірақ тоқтаған жерлерімізде ауру қаратудан тартынған қазақ болған жоқ. Бір ауылда екі күн болдық. 3—4 шақырымнан құлақтанып іздеп келетін аурулар болды. Қанша ауруларды қарағанмен уақыттың аздығынан 10—15-тен аурулар қаралмай қалып отырды. Кейбір қазақты қараған дәрігерлер қазақ әйелі ұялып ауруын көрсетпейді деген пікірде болушы еді. Ол пікір қата екен. Талзай жас әйелдер қаралды. Қазақ арасында ауру түрлері: қотыр, асказан, көз, құлақ аурулары, буын

ісетін (ревматизм), сүйектен болатын күрт (туберкулез), тамақ безі (мұның да күрт тұқымдасы болады), қазақ арасында күләпсан (ноғай қотыр) көп деген дұрыс емес көрінеді.

Қанша ауру қарағанда күләпсаны бар екі-ақ қазақ кездесті. Жоғарыда айтылған аурулардың қазақ арасында көп болуы неліктен деп профессор менен сұрады. Екінші бірі қотыр деуге сияды. Мұның себебі таза тұрмағандықтан. Күрт аурулары да төсек, ас-аяқтың бір болғандығынан. Қақырықтың төсенішке сіңіп шаңға айналып таралатындығынан екендігіне профессордың өз көзі айқын жетті. «Ревматизмнің көп болатындығы қазақтың көшпелілігінен. Қазақ жазғұтұрым да, күз де малдың ыңғайына қарап салқынға көп ұрынады. Қысқы тұрмысы да жылы, жайлы болмайды», — дедім. Қазақтың ауруының ең көбі асқазан ауруы екен. «Бір тойған — шала байлық», «Қарын жыртылса жыртылсын», «Досыңның асын дұшпандай же» дейтін қазақ, жемпаздықты өнер көреді. Әсіресе майлы тамаққа жаппы құмар. Ет пен қымызға ішін керіп асқазанын бұзады. Бірден көп жегенге асқазан қалыптаса алмауы да бұзады. Және де қазақ етті тап жатардың алдында жеп, қарынды кештеп, іле жата қалады. Іштің тоғын қашырмау амалын істейді. Адам — мәшине. Бір жеріне ақау түскен мәшине жүрісінен қалады. Адамның асқазаны бұзылса, басқа мүшеге де дақ салады. Не басқа мүшеге көлденеңнен келген ауруды жеңу үшін асқазан бұзылғандықтан, қан қуаттана алмайды. Бар аурудың профессор қазақтың қолынан келетін емін айтып отырды. Қалай емдеу туралы кейін жазамын.

Ауру қазақтың аумақтарының арасында кедейлерге қарағанда көбірек. Бұған себеп менің байқауымша: бұрын қазақ байлары бір-бірінің баласына қызығып қыз бен жігіттің ауру-сауына қарамай құда болысатын. Бір байда тұқым қуалаған ауру болса, басқа байлардың ұрпағына тарайтын. Күрт ауруының тарауына бас себеп ірі бай жұмыс істемейді, дене жұмысы әлсіз болады. Кедей жұмыс істейді және күннің көзіне пісіп қатады. Семей уезінде шешектен балалар өліп жатқан көрінеді. (Губернелік дәрігерлік бөлімнің құлағына алтын сырға), шешектің ұрығынан арзан нәрсе жоқ. Елдің қолына ұрық түссе, елдің өзі де егетін көрінеді. Екінші бірі ұрық бар ма деп сұрап отырды. Осы уақытқа шейін шешек егілмеді деп кім ойлайды. Біз ұрық алып шық-

қан жоқ едік. Ұрық сұрағанда губерниелік дәрігерлік бөлімі үшін біз ұялдык.

Елім дегенді, алашым-қазағым дегенді ермек, ағак үшін ұстамайтын қазақ оқығандары шама келгенше қырды тазалыққа үйрету керек. Әуелі тіл алатындардан бастау керек. Оқығанның міндеті: 1) профессор айтқандай, қазақ арасына монша керек деп, Мен ойлаймын, қазақ тегін монша салмаған соң, бір ауыл монша салса, маңайдағы көршілер монша сылтауымен сол ауылды қонағасыдан ығыр қылады. Және қотыр секілді ауруларға монша ұя болып кету қаупі бар. Моншадан бұрын жұмасына бірер қабат кір езіп ыстық суға жуыпуды әдеттендіру. Төбеден төге салатын салқын су тазалыққа келмейтінді аңғарту; 2) қазақ насыбайшы, түкірімшаз халық. Темекідегі никотин деген у микробты өлтіре алмайды. Әр үйге түкіретін бір ыдыс қою; 3) етті күндіз жеуді әдетке айналдыру; 4) ауыз, қол сүртілетін орамалдың ортақ болуы — ауру таратуға үлкен себеп. Қонақ келетін орындарға шапыпқы алдыру; 5) қонаққа салған төсекті қонақ кетісімен далаға тастап желпіндіріп күн көзіне жайып алу; 6) қазақтың дәрігерлерін өз орындарына қайтарып, ақысын молайту керек.

Кооператив жәйі

Ел арасына кооператив түгел тараған. Елдің кооперативке көзқарасы да жақсы. Бірақ кейбір кедейлердің мүшелік жарна таба алмай, кіре алмай отырғандары көп. Бұларды кірістіріп, қарызын істеу керек. Елдегі шалақ сәудегерлердің тамыры қиылыпты.

Оқу жәйі

Ел оқуға ынталы. Ел ішінде әдістерді ұстап оқытып жатқан жерлер де бар. Қазақта хат танытын 5 процент деген санақ дұрысқа келмейді. Ертеден ел ішінде жүрін байқауымыша қазақша хат танытын 10 проценттен кем болмауы керек. Қыстың күні тау-тастың қойнын сағалап отыратын көшпелі елдерде оқу жұмысын жүргізу қиын. Жаз жайлауда 5 үйден кем болмайды. Әсіресе қыста кедей баласы оқи алмайды. Қысқа лайық киімі болмайды. Басқа елде жатып оқуға танысы болмайты. Жаз көбі бір жерде топталады, біріне-бірі тамақ дұсықпай. Екі-үш шақырым жерге жалаңаш-жалпы

оқып жүруге болады. Және қазақ мектепте жаратылыс жайымен таныстыратын тастардың, өсімдіктің, жәндіктің жиыны жоқ. Бұлармен таныстыруға қазақтың жазғы өмірі қолайлы. Сонымен қорытынды пікірім: қазақ баласын жаз оқыту. Қыс уақытында шала дүмбілез оқытушыларымыздың білімін толықтыру. Қыста оқыту үшін интернат керек.

Кедей балаларын қазына есебіне кіргізу керек. Бұғылы болысында Медеу деген қазақ 12 бөлмелі мектеп салғызып жатыр екен.

Артық дәулеті болмаса да, талабы зор. Қазақтан Медеудей азамат көп шыкса игі еді!

Бұрынғы етек алып кеткен шалқыған шаруа болмағанмен, әлі де күн көрерлік мал бар көрінеді (мал кіндігі оған-бұған шаршылмаған ел Тобықты көрінеді). Біз аралаған елдердің ең кедейі Ақбота болысы. Карқаралыға жақын елдердің малының көбі сиырға айналған. Осы екі жылды ішінде егін салмаған ел көрінбейді. «Мен ұрлық қылғанда ай жарық болды» дегендей, қазақ егінге бет алғанда өткен жылы да, биыл да егін нашар.

Су алуға мүмкіндігі бар жерлер егінді суарып салады екен. Карқаралыдан Темірші жеріне жаяу барып, егін салып суарып қайтып келе жатқан қазақтарды да көрдік. Қазақ бейнеттен қашатын емес. Бірақ басшы керек. Әлеіздерге қазынадан жәрдем керек.

Жаксы, жүйрік шығатын жылқының тұқымы тобықты ішінде Құнанбайдан тараған ауылдарда бар екен. Құнанбай дәуірі жүріп тұрған кезінде ат жетер жерден жүйрік, сұлу айғыр алғызып жылқысын түзеген. Шаған болысында да жылқы тұқымын түзей бастаған байлар бар көрінеді. Шаған болысында Арыңғасы Абылайхан ұлы деген фельдшер сиырдың Сементал деген тұқымын өсіреді. Бірақ құты ауын кететіндей басқаға сементалдың сатпайды, ауыстырмайды деп естілім. Қазақ мал асылданлыру қаулыларын іске асыратын уақыт жетті.

Салық жәйі

Біз аралаған елдердің малының көбі (Карқаралының айналасы болмаса) тіршілігінің негізі қой көрінеді. Қой ұстайтынын: қыс шөп жемейді, жайылып шығады. Жүні шекпен, сүті тамақ, қиы отын болады. Әсіресе отын жағы қазақта қойды еріксіз ұстатады. Сиыр ұстауға қыс-

қы қонықта шабарлық шөп кем болады. Үш қойдың, үш ешкінің бәрі қараға есептелгеніне ел қынжулы еді. Кен болысында бір шал: «Екі түйе бір ірі қараға есептеліп, қой-ешкінің түйеден озып кеткендігі таң қаларлық жұмыс. Тегінде, Бөкей. Орал елінде түйе көп болады деуші еді. Бұл салық заңының Бөкей, Орал баласы шығарған ғой, біздің елдің қоймен күн көріп отырғанын қайдан білсін,» — деді.

Қарқаралыға келген соң 5 қой, 5 ешкі бір ірі қараға есептелетін болыпты деп естідік. Мұны қыр елі естісе, қатындары ұл тапқаннан кейін қуанбас.

Отырықшылық жәйі

Жері егіндікке жарайтын елдердің көбі-ақ отырықшы боламыз деген ниетке кірген. Биылдың өзінде қала салып жатқан елдер бар. Бірақ көшпелі қалыпта қаламыз дегендердің шабындысына ауыз салып отырықшы болсақ, еріксіз аламыз деген ниетпен қала болуға айналғандар бар. Мұны заң көтере ме? Мұны білмеймін. Әйтеуір Қарақаралы айналасындағы көшпелі мен отырықшы боламыз дегендердің арасында жер дауы жеткілікті көрінеді. Қазақта жер дауы мол. Біреуде шабынды, жайлым бар, біреуде жоқ. Бұрын жерді кім батыр, кім бай, кім би болса, сол алған. Осылардың тұқымдары жерге не. Қазақтың жерін түгел өлшеп алмай жерге отырғызудың керекі жоқ деген отаршылдықтың неі аңқыған мырзаларды қазақ үшін бір аралатып алуға болады.

Өткен тұрмыстың белгілері

Шыңғыстан асқан соң Олжабай уезінің бойында ескі қаланың орны ұзындығы бір жарым шақырымдай жердің аймағында бір ретпен қаланған тастарды көрдік. Қазақтардың қалмақ обасы қай жерде болса да кездесіп отырады. Абралыға қараған Мейзек таудың баурында бір оба көрдік. Айналасы базальт деген таспен дөңгелек қоршалған. Шаған өзеніне жете бергенде бір кішкене төмпешік тас бейіттің басында екі тас бұрқан (каменная баба) көрдік. Аса ескі замандікі болу керек. Өндері дәрекі. Обаның көп жері Кент аймағы екен. Осы аймақта обаның айналасы төрткілдеп қалаған тасты көрдік. Қазақ жерінің ескі тарихы осы обалардың ішін-

де болу керек. Кесте-өрнектері ел ішінде толық көрінеді. Түс киіз, эблірекап кестесі, текемет, үй оюлары, төсек ағашқа, текшеге сүйек ою салып кілем жапқандары, арқардың мүйізінен істеген ожаулары келісімді-ақ. Тобықты ішінде ескі күйлерді тартатындар бар екен. «Асан қайғы», «Ала байрақ» деген күйлер — ескі күй. Байрақ татар сөзі шығар. Бұған қарағанда ала байрақ қазақтың Алтын Ордадан бөлінбей тұрған кезіндегі күй болу керек. Күй тартатын кәрі шалдар. Бұлардың көзі жоғалса, ескі күйден айрыламыз. Орманбет хан өлгенде, оңсан ноғай бөлінгенде, қазақ, ноғай айрылсаңда тартылған қазақ күйі деп менің жас күнімде Омбы уезінде бір шалдың тартқанын естігенім бар еді. Осы күнде Омбы уезінде қазақ күйін тартатын бір қазақ жоқ. Сол сияқты біз бірте-бірте ескі нәрселерден де, мұн-зар, қуаныш жинаған ән-күйлерден де айрыламыз. Ескілікті тезінен жинақтап алу үшін губерналық оқу бөлімі қам қылса жарар еді.

Қорытынды сөз

Жоғарыда ат үстінен қарастырылған денсаулық, оқу, кооператив шаруа жайына қазақтың тіршілігі байлаулы. Қашанда ұлылы-кішілі жұмысты жат елдің үлгісімен қойып қарамай, қазақтың бойына шақтап, өміріне үйлестіру керек.

Білім тамағын бойына сіңіріп, құт қылатын қазақтың мінезі қандай? Негізгі жұмыстың қазақ ішінде гүлденіп ілгері баспауының себебі не? Қайткен күнде жұмыс жемісті болады? Осының бәрін жете тексеру керек. Қазақ көзімен көрмесе, қолымен ұстамаса да, өзінше біледі деген бір адам шаруа жүзінде басшылық етпесе, қанын ағызып, майын тамызған сөзіне көз алдында ұққансып, шыға беріп ұмытады. Қазақ тұрмысқа қолдайлылануды біледі. Бұл қымбат қасиет, мұнымен ел бастаған азаматтар пайдалана білу керек.

Басқармадан: бәрі жақсы-ау, бірақ бұл жерде профессор «төре» Берлин деген қаласынан (Германия қаласы) ел аралауға іздеп шығып, еріксіз ат мініп, атына ақша төлемей қазақты қорқытып, ештеп қол ісіп істеп жіберді деген хабар келіп қалды. Господин профессор, бұл қалай?

«ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ» ӨТІНІШ

Мен «Қазақ тіліне» Герман профессорымен ел ара-лағанда көрген-білгенімді «Жер өсерлері» деп жазып беріп едім. Мұны «Қазақ тілі» басып, басқарма атына профессордың еріксіз ылау мінгенін, ылау ақы төлемегенін мысқыл ретінде санап өткем.

Профессор орысша білмегендіктен, арамызда бір латыш тілмәшіміз болған. Бұл найза, қамшы үйіруге үйреніп қалған нағыз алаяқ болып шықты. Мен немісше білмегендігімнен профессорды менгеріп кете алмадым, бірақ ылау ретінде мен наразылық көрсетіп латышқа қарсы болдым.

Дегелең тауының өлкесінде, сәске мезгілде: ылаушыны қайтарып, жаңалап ат мінсейік дегенде, латышта, профессор да қарсы болды. Сол арада мен: «Ұзын мойын жерге ылау айдайтын, ылау ақы бермейтін бұрын Николайдың төредері болатын, осы күнде мұндай қылық бірен-саран милициядан шығады. Біз енді осылардың бірі болдық қой. — деп айтқанымда, латыш арбадағы аттарды қамшылап, көшірлікке салды. Біз сияқты адамдарды қалтасы қалып болмайтыны белгілі. Профессордан бөлініп кетуіме келейшілік құрғыр бөгет болып іштей тынып, амалсыздан жүре бергем. Осы аттармен 5 шақырым жерге шейін келіп, ылауақы төлемегені анық, бұдан басқа жерлерде теріс мінез болған жоқ. Жоғарыда айтылған әңгіменің жуан ортасында Ғалел Ғәппасұлының атысы бар.

Менің қандай жол тұтығанымды, латыштың арбашы болғанымна сол айғақ.

Тобықты ішінде Тортаса қажы деген бір ауруды көрсету үшін жолдан бұрып, бір күн бұрыс жүруімізге себепкер болды. Содан кейін екі жолдасым қазақ өтірікші деп сенбеуге айналды. Бір қазақты өлшеуге алуға бола ма деп, мен қазақты шыныал қылуға тырысып жүрдім. Сен қазақшылсың деп, маған азан шақырып қойысты, маған да сенбеуге айналысты.

Семей келген соң мен оттаса алмайтынымна көзім жетіп, Омбыға қайтып кеттім. Олар Зайсан жағына кетті.

Профессордың, латыштың ұнамсыз мінездерін Семей азаматтарына, басқармаға алғаш айтқан мен өзім едім. Басқарманың мысқылына мен қосақ арасында бос алынып отырмын. Оқушы мені де бар деп ұғынатын көрі-

нелі. Басқарма мысқылын құлақ-мұрнын кесіп қысқа алмай, уақиғаны түгел жазу керек еді.

«Қазақ тілінен» ұғымсыз жазылған мысқылды шешуін өтінемін.

Сұрауларымыз, жауаптар (әңкеттер) Кеңес қызметкерлері туралы.

1. 2-сұрауларға жауап

Үкіметті еңбекшіге жақындату үшін, еңбекшінің қышыған жерін таба білу, мұнын жоқтап білу, шаруасын күйлендіру керек. Әзірге жалпы еңбекшінің шаруасын күйлендіріп, төрт түлігін сай кылу мүмкін емес. Бірақ шама келгенше осы жолды тұтыну керек, қазнадан шығатын күрделі ақшаға тірелмейтін сот, әкімшілік жұмыстары мен еңбекшінің толық пайдасын орындау керек. Елге қатысы бар әкімді кілеп малшыдан жұмысшыдан сайлау әзір жүзеге аспайды. Себебі кеңес әкімшілігі орнағаннан бері, еті тірі малшы, жұмыскердің өзі де әлеумет жұмысына қатысып отыр, бұлардың өзі де көп орында сайланып отыр. Әлде болса сайлау кірмеген малшы, жұмысшы бірден өзі де сайлануды тілемейді. Мұндайды еріксіз сайлап кіргізгенмен, жемісті жұмыс шықпайды, олардың іске қатысуының бір себебі — хат білмейтіндіктері. Іске қатыстыру үшін алдымен хат танытып, саяси тәрбие беру керек. Сондықтан болыстық, ауылдық мекемелерге пысық келейден момын орта шаруадан сайлау керек. Шаруасына айналған қазақ аудандарында мұжыққа караған көзқараспен карауға болады. Көшпелі елді алатын болсақ, мұжық арасында шаруа күйінен «қулақ» деп есептелетін қазақтар малшы ұстамайды, жер пайдалану жағынан да көппен бірдей өріске мал бағалы. Мал есебіне карағанда мұжық арасында бай деп есептелетін кейбір сарабдал жанды-жақты шаруалар малшы жалдамайды. Қойын суықта тірдектеп өзі бағатын шалдар да аз емес. Қазақта дөңгелек аukatы барлар малшы жалдаған күнде де, бірден артық жалдамайды. Оны да кейбіреулері егін піскен кезінде ғана жалдайды. Кейбір қу, пысықтар шаруа жүзінде келей болса да, дау-жанжал аңдып, ел бағып, жем түсіріп, үйіне малшы ұстайды.

Орта шаруа бір малшы ұстамасын деп отырған кеңес заңы жоқ. Үй иесі шалқын жататын болмаса, қол қабыстыққа малшы ұстауға болады деп отыр.

Егін, мал шаруасын қатар ұстаған елдерде малшы жалдау керек. Бірақ мұнда да мұжық көзінде «кулак» саналатындар жапды-жақты болса жұмысшы, малшы алмайды. Малшыны, жұмысшыны көп ұстайтын бұрын саудагершілікке айналған казактар. Осы күнде жеке сауданың өрісі де кемін отыр.

Кулактығы айдай айқын көрінбесе, бір малшы ұстағанды орта шаруаға кіргізу керек. Жұмысшы саны екеу болса, оны кулактардың қауымына кіргізу керек.

3-сұрауға жауап

Адамшылығы қандай болу керек деп толғасудың қажеті жоқ. Алдымен адамшылық керек. Адамшылығы жоқты кеңес мекемелерінен аластап қуғаннан басқа не әлгіме бар? Рас, білімі міндетті жұмысты атқарарлық болу керек. Әкімшілік жұмысын аудандағаннан кейін, болыстық кеңес бұйрығы уезд атқаратын жұмыстарды мойнына жүктеп құқтығы кетіп отыр.

Ел ішінде кеңес негізінің орындалмауы — білім-өнердің таралмауы, осы уақытқа шейін болыстық, исполкомдардағы қызметкерлеріміздің білім жағынан күр алақандығы, шала дүмбілездігі. Бұл кемшіліктерді жою үшін болыстық кеңесінде төрағасы болатындарды, сайлау заңына бұл қарсы болса, төрағасы болғандарды, уездік қалаға жиілап, кемі екі ай оқытып, үйретіп, саяси тәрбие беру керек.

4, 8-сұрауларға жауап

Құлаидалы, тамыр-таныстық, дос-жарлық, туысқандықтың ел арасында әсері күшті. Сондықтан болыстық исполкомдарға басқа уезден сайланған дұрыс. Бірақ адамшылығы, тазалығы, сенімділігі айқындалған қызметкерлерді, басқа ауданға аудармалап сазырыстырудың керекі жоқ. Елдің ой-шұқырымен, мінезімен, шаруасымен әбден танысқан таза азамат бір жерде ұзақ тұрса, пайданы артық келтіреді. Жаңа келген ел мінезімен, шаруасымен танысқанша көп уақыт өтіп кетеді.

5, 6, 7-сұрауларға жауап

Осы күнде болыс ауданындағы қызметті жалғыз исполком төрағасы атқарады деуге сыймайды. Көбінесе исполком мүшелері өз ауылына жақын ауданды мен-

шіктен алып, төрағасының қызметін атқарып, билеп төстейді. Мұның зияны көп, бұдан құтылу үшін кеңсені ел ортасына орналастыру керек. Анда-саида аудандық исполкомдары бақылау үшін болыстық исполком ел араламаса, еншейін қыдырып, ет жегізуді қойдыру керек. Елде сот беделі кем болғандықтан, болыстық исполкомдар бұл уақытқа шейін сот қызметін атқарып елден-елге сабылып, көбінесе жем түсірін жүретін және ана салық, мына салық деп елді жиі аралап, шығын көбейтетін. Әліл сот өз қызметін өзі атқарса, елдің болыстық исполкомдерге жүгінуі қалар еді, жан-жақтан топырлап, болыстық исполком жатқан ауылға топырлап келіп арыз беру де сирер еді. Және бұдан құтылу үшін, елдегі сот ауданын бір сотқа қарайтын елдің санын азайту керек. Болыстық исполкомға сот орнына билік айттырмау керек.

Салықтың осы күнде саны шағындалды. Енді бұрынғыдай салықты сылтау қылып, ел қыдырудың өзі де кеміді.

Кеңсе ел ортасына орналасса, бірден исполком мүшелерін іске мойындатуға болады, екінші, кеңсенің көшпелі болуы тоқталады. Елдің шығыны да азаяды.

Кеңсенің көшпелі болуы — елдің сөры. Кеңсе жатқан ел қонақасыдан ытыр болады. Және исполкомды өзіне қаратамын деп жаудай шабылады. Кеңсе жатқан ауылдың бай-кедейі түгіл кеңсе қызметкерлеріне бір шабылса, кеңсеге жұмыспен келгендерді күтіп екі шабылады. Тұрған ауылындағы кедейдің жалғыз дағын түстікке сойғызып жеген кеңсе қызметкерлерін талай көрдім. Осындай бүліншіліктерден құтылу үшін, кеңсе үшін болыстық ауданның дәл ортасынан айдалаға үй салу керек. Маңдайында жақын ауыл болсын.

9-сұрауға жауап

Ру партиясын ұшықтырғаннан еңбекшіге пайда келмейді. Әр рудың ішінде байы бола бермегенмен жуан жұдырық (қулақтың) болуы шексіз.

Жінішке атаның тонын жамылтып, жуан жұдырық өз пайдасын егіп кетеді. Ру таласын кеңсе қызметкерлері қолданса, ру сайлау таласы қанына сінген қазақ мүлде әуейленіп кетеді. Екі ру арасында араздық күшейеді. Ата жігіт, ру партиясын өшіріп, шаруа жігіт қолдану керек.

10-сұрауға жауап

Сапа кірмеген кедей, малшы байдан батып ылау міне алмайды, қызметін атқара алмайды деп шетке қағуға болмайды. Қайта ондайларға саяси тәрбие беріп, түзу бағытқа сілтеу керек.

11-сұрауға жауап

Жақсылық та, жамандық та қолынан келетін өжет, байдан қаймықпайтын епті жігіттер екі түрлі болады:

1) Үлгі, өнеге көрсе, тұрмыс шарты түзелсе, жамандығы мүлде қалып, іскер адам болып кететіні бар. Мұндайларды қызметке қатыстыру керек.

2) Туысында жамандыққа бейімділігі бар адам (психонат) үлгі көрумен, тәрбиемен түзелмейді. Түзеліңкіресе де, көпке келтіретін найдасы шамалы болады. Ойламаған жерден ұрлық істен, кісі өлтіріп тастайтындарды ел қазағы, «аумасы», «қара құсы» бар деп аңыз қылысады. Расында мұндай адамдардың миында кемшілік болмайтындығын дәрігерлік ғылым дұрыстап отыр.

Сондықтан жамандық та, жақсылық та қолынан келетіндерді қызметке қатыстыру үшін, алдымен ондайлардың өткен өміріндегі істеген қылмыстарының түріне, қандай шартта істелгеніне көз салу керек. Егер істеген қылмыстарында психонаттық белгілері болса, ондайлардан ат-тонды ала қашу керек.

12-сұрауға жауап

Ылау міну бұрынғыдай емес, сиреп келеді. Ылау мініп сабылтатын науқанды жұмыстардың да саны азайды. Сондықтан бұл мәселеге жеңілдеу қарауға болады. Мүқату үшін ылау міну қызметкерлердің санасыздығынан. Адамшылығы бар қызметкер ешкімге қол жаулық болмайды. Сондықтан ел қызметкерінің адамшалдығына байлаулы. Адамшылық, әлеуметшілік, саналылық кірмей, біздің көп кем-кетігіміз түзелмейді.

13-сұрауға жауап

Боластық исполком басында білікті, саналы, іскер, ынталы адам отырса, әр түрлі салықтарды жоғалтып, бәріне бас-көз болар еді. Бұдан былай боластық испол-

комға уездік ауданда істеп жүрген қызметкерлерден, не осылардың қатарында жұмыс атқарарлық азаматтардан бір адам кіргізу керек. Және болыстық исполкомдары әрдайым бақылам, жол-жаба көрсетіп кететін губерниялық ауданда қызмет атқарып жүрген азаматтан нұсқаушы болу керек, уездік қалада отырған қызметкерлердің көбінің білісі шамалы және болыстық қызметкерлер мен ымпайластау болып, жауырды жаба тоқып жібереді. Сондықтан бақылаушы, нұсқаушы адам губерниядан келу керек.

Уездік қызметкерлер түзелмей, болыстық қызметкерлер түзелмейді. Бұл уақытқа шейін ел жұмысының шалалығына кінәлі — көбінесе уездік қызметкерлер. Осындай кемшілікті жою үшін губернияда отырған күшті қызметкерлерді уезге отырғызу керек. Еңбекші елге қызмет етуді өзіне борыш санаған азамат көп жалдунияны, дәрежені өзіне көксемес.

14, 15-сұрауларға жауап

Салық туралы елдің күн бұрын не пошта салақтығымен, не болыстық исполкомдардың қулығымен, не жарлықтың тығыз шығын қалуымен хабарланбай көп зиян тартып келгендігі белгілі. Салық төлеуге шәрге апарып, мал, астық сатуға жер шалғай болады. 5 күннен қалдырма деп бұрынғы салықтардың кезінде ауылдық исполком жарлық беретін. Шәрге құе болып ұшып бармаса, оралымы келмей, салықты төлегенше мезгіл өтіп кетіп айып төлейтін. Осындай шаруаға зиян болмас үшін, жарлық қолға тигеннен кейін ең кемі 10 күн ел қазағына тиісті салықты төлеуге мұрсатана беру керек. Және уездік ақша бөлімі әр болысқа неше күнде поштаның жететіндігін есепке алу керек.

16-сұрауға жауап

Ел ішінде болыстық, ауылдық исполкомдарға сайланғандардың көбі ескі әдетпен баюды ойлайды. Алған қызмет ақысы өзіне, бала-шағасына жеткенін қанағат қылмайды. Осы ретпен сорлы момынды соратындар бар: қарашығын, анау-мынау деп ел үстіне көбірек енгізіп, қалталарына басады.

Аллымен қызметкерлер ақысы үшін артық шығын салмайтын қылу керек. Қызметкердің еңбегіне қарай толық ақы төлеуге келгенде, үкіметтен алатыны бірден

жеткіліксіз, екінші мезгілімен қолына тимейді. Аш отыруға болмайды, осыдан барып тап-таза қызметкерлер пара алып бұзылып кетеді. Бірінші, үкімет беретін ақын мезгілімен тәйін тұратын қылу керек. Екінші, үкімет беретін ақы жеткілікті болмаса, үстеу қосып ел үстінен жинау керек.

«Ақжол» тілшілерінің
бірінші конференциясы.

Тілшілердің міндеті һәм мәнісі туралы жолдас Кемеңгерұлының баяндамасы.

Жолдастар елде неше жікке бөлінген қызметкерлер бар, соның ішіне мұғалім де, тілші де кіреді. Әзірге еңбегі жанбай жүрген — осы екеуі. Қазақ елі жаңа жұртшылыққа бет алып отыр. Бұл жаңа тұрмысты октябрь төңкерісі туғызып отыр. Біз октябрь төңкерісі туғызғандардың ішінде... қазақ ертеден даярланып келмегенмен, оризай алмай қалған жоқ. Қазақ ішінде де орнап отыр. Ел тұрмысы бұрынғы таз қалпында емес, бұрынғыдан аз да болса өзгере бастады. Қазақ елі ертеден жұртшылыққа не болмаған ел. Әлде де жұртшылығы жетіккен жоқ. Әлде де озбырлық, арыз, пара басқа толып жатқан жамандықтар бар. Осылардың бәрін баспасөзге түсіретін — тілші. Осы күні ел жайы газеттерге түгел жазыла алмай жүр. Жазса, анық ел ішінің тілшілері жазбай, ұзынқұлақпен даладағы кісілер — қызметкерлер жазып жүр. Ол сырттан бәл ашқан болады. Елдің жайы елден табан жерден көзімен көріп жазған тілшінің сөзі ғана жетік хабар болады. Ел жайын не артық, не кем кетпей баспасөз жүзіне дұрыс түссе, елдің жайына қарап іс қылып отырған үкімет адаспай, қышыған жерді дәл басады. Баспасөзге көмескі хабар жарияланып кетсе, алдатырлы, беттен жаңылады. Осы күні тілшілер таза жоқ емес, бар болса да, хабарға сараң, көзі көріп, қолы ұстаса да, көбінесе қорқып, қорғалап жаза алмайды.

Енді тілшінің міндетіне келейік.

Ауыл халқының күнделік салты ел қалай тіршілік етеді, елде болып жатқан тұрмыс өзгерістеріне, елдің мұңына, қалай қарайды? Осылардың бәрін дәл басып газет бетіне түсіру тілшілердің міндетіне жатады. Бұлардың дұрыс істеп жүрген жұмысы да, артық істеген, кем істегендері де, әділдік қылғаны да, қиянат қылғаны да, зорлығы, алған парасы да, бай мен кедейге қандай көзбен қараса да — барлығы да... не артық, не

кем кетірмей жазу — тілшінің міндеті.

Қазақтың болашағына қатты керекті мәселенің бірі — жерге орналасу жұмысы. Жерге орналасуға елдің ынтасы қандай, жерге орналасқандар болса, оған шыққан пайда қандай, жерге орналаспағандардың алған үлгісі қандай — оны үзбей жазып тұру — тағы тілші міндеті. Әсіресе соны қадағалап жазу керек.

Түркістан қазағының тіршілігі су мәселесіне байланысты.

Су елге жетімді ме, жетімсіз болса, неліктен? Не айлалар істеуге тиісті болар еді? Суды ел әділ пайдалана ма, әділ пайдаланбаса, оған себеп не? Мұны жазуда — тілші міндеті. Халық ағарту жұмысы қандай түрде, жергілікті үкімет басындағы адамдардың елді ағартуға ынтасы қандай, халық ағарту үшін қандай істер істеуге тиісті болар еді? Әсіресе, ағарту жұмысы ілгерілей ме, жоқ па, ел ағарту жұмысының ақсақтығына қалай қарайды? Үкіметке жәрдемдесерлік көңіл бар ма, өз тосындарынан мектеп ашарлық ойлары жоқ па? Әліппені оқыту мен тіл құралын оқытудың қандай нарқы бар екенін түсіне ме — бұлардың жазылып тұруы да — тілшілердің міндеті.

Әйел мәселесі қандай күйінде, қалың мал, құда түсу істері бұрынғы шарасынан орталай ма, орталамаса, неліктен? Қалыңмалды құртуға не айла болар еді? Ел әкімдері қалай қарайды? Елдің өзі көрі-жас, бай-кедей деп жіктегенде, қайсысы қандай көзбен қарайды? Сотқа тартылғандар болса, сот билігі не болды? Сотқа тартылмаса, үкімет білмей қалғандай болса, не себеп? Үкімет адамдарының жеңуішты жалғасқаны болған жоқ па? Бұны жазып тұру да — тілші міндеті. Әсіресе, үкіметке қатынасы бар адамдардың өз оттарының басында қалыңмен құда түсу жоғалды ма, жоқ па, соны қадағалауға тиіс.

Денсаулық мәселесі, мал ауруы бұл екеуі де — керекті күшті мәселелер. Бұларға үкімет тарапынан шаралар істеле ме, жоқ па, жоқ болса, не себеп? Жүкпалы аурулар болса, залалы қандай болады? Елдің жүкпалы ауруға көз қарасы бұрынғыша ма, өзгере ме? Өз тұсынан шара іздейтін ой жоқ па?

Бақсы-балгерлер бағасы ел көзінде бұрынғысынан қалай? Елдің дәрігерлік іліміне көз қарасы қандай — бұлардың жазылып тұруы да — тілшілердің міндеті.

Кооперацияның ел ішінде тамыр жаюы қалай, елдің кооперацияға көзқарасы қалай, елдегі кооперация

пұлдарының сәудатер нәрселерінен арзан-қымбаттығы қалай? Ел кооперацияға ұйымдаспаса, себеп не — мұның жазылуы да — тілшілер міндеті.

Үкімет заңдары ел ішінде дұрыс орындала ма? Дұрыс орындалмаса, неліктен? Үкіметтің жаңа шыққан заң-заңына елдің көзқарасы қалай, ел ұнатпаса, себебі не? Бұны жазу да — тілші міндеті.

Тілшілер, үкіметті сынағандай болмаймыз ба деп ойлап қалмаңыздар. Үкімет, әсіресе осы күнгі кеңес үкіметі бұқараның мән-жайына қарай іс істейді. Кеңес үкіметінің ел менгеру ісіне халық, бұқара қатынасады. Бұрынғыдай жеке биі билеп-төстеп, көпке сөз салмай кететін заман жоқ. Рас, осы күні билікті сүйетін төрелер бар. Олар қалың бұқараның міндетін түсініп бола алмай жүргендіктен. Бұқара іске қатынасса, ондай төрелердің жөнге келуі оңай.

Газет ел мұңына, ел жай-күйіне араласып көрсететін айна десек, мақсатсыз айна емес. Мақсатты айна. Үкімет газет жүзінен көріп, ел жайына қарап тон пішеді, жаңа заң-заң шығарады. Бір шығарғаны елге қолайсыз, тұрмысқа қонымсыз болса, екінші рет шығарады. Ленин: «Ел хаты барометр, әм саясаттың қата жерлерін көрсетеді», — дейді. Тіл хаты үкімет заңының елге жайлы, жайсыздығын білдіреді. Тілші жақсы болса, саясатқа да пайдасы тиеді. Осылардың бәріне де керекті үлкен міндет: тілшінің шыншыл болуы, көзбен көріп, ақтығына жетіп жазуы. Елдің басындағы кемшілікті өз басындағы кемшіліктей көріп, сол кемшілікті елдің жөнімен жоғалтуды ниет біліп жазуы. Өз басының ашу-араздығына бола бұрмай жазуы, қысқасы, елді жақсы көріп, тілегін елге аударып жазуы.

Тілші қайдан шығады?

Қалада да тілшілер болады. Олар қала тұрмысын жазады.

Дала тұрмысын баепасөзге ел тілшілері ғана жетік түсіре алады.

Тілші болуы үшін керекті шарттар:

Тілші елді жан-тәнімен сүйген кісі болу керек. Елді сүймесе, өз ісіне қатынасы жоқ қиянаттардан тартынақ болады. Адамға бір мақсатсыз іс істеу қиын. Елді сүйген тілші елдің ел болуын арман қылады. Сондықтан ел жайын жалықпай жазады. Ел тілшісі кедей таптан болды. Сыртымен мен тап тілшісі деп бадырайын тұрмау тиіс. Сөз жазғанда сөзінің түрі, істің мән-жайын суреттеуге ғана бағытталу керек. Мақсаты

— тілші айғайлап, аттан салмай-ақ, істің мәнісінен барып шығатын болу керек.

Тілші сөзі қазақтың қоспасыз өз тілімен, ел тілімен жазылу керек. Ұғымды тілмен, құрғақ әңгіме қосылмай қысқа-қысқа жаза білу керек. Осы күні тілші сөздің көбі өзгертіліп басылады. Өйткені тілшілер ретін білмей ұзын жазады. Болмаса жазып отырған әңгімесінен шығып кетіп, құрғақ шешендік соғады. Бұл екеуі де керексіз.

Тілшілер әлінен келгенше емлемен жазу керек. Тіпті баяғы заманның емлесіз қара дүрсінімен жазғандар бар. Ол жарамайды. Емле білмейтін тілші үйрену шарасына кірісу тиіс. Сөз жазғанда бір сөзді қайталаудан қашу керек. Жазған әңгімесі бірнеше қабат арқанға оралғандай пысықтала беру де жарамайды.

Осы күнгі камисерлердің де қазақ тілін білмейтіні бар.

Кейбір азаматтардың сөзі орыс сөзінің орыс сөйлемімен тізілген аудармасы болып шығады.

Газет сөзіне еліктесе, тілші сөзін бұзып алуға мүмкін, сондықтан, тілді газеттен үйренуден де елден үйренуге көңіл қойғаны мақұл. Қала жазушыларынан газеттерден пікір ғана алуына болады. Ел сөзі ел ортасындағы әңгімеге мол жетеді. Бөтен тіл қатынастырмау, тіпті, үлкен шарт.

Тілші жазған әңгімесіне ат қоя білу керек. Сөздің басына қойған ат, қазақша тақырып дейміз, жазылған әңгімеге дөп келсін. Мәселен: «Үлгілі ауыл» деген ат қойған сөз болса, сол ауылдың үлгілі жұмысы туралы ғана жазылады.

Міне, қысқа айтқанда, осыларды орындаған кісі тілші болады.

«ҚАЗАҚША-ОРЫСША ТІЛМАШ» ТУРАЛЫ ТҮСІНІС

Басқарушы мен болғандықтан, оқушы жолдасқа түсініс беруді міндетім деп ұғындым. Біздер «Тілмашты» жағропалықтарға арнап жазғандықтан, өте сирек айтылатын сөздерді кіргіздік.

Қазақ сөздерінің бас-басына орысша мағына бердік. Егер қазаққа арнап жазатын болсақ «утонуттын» тұсына батбақ, кетбек, ғарық болмақ деп үшеуін де қосақтар едік. Оқушы жолдас тегінде батбақ пен кетбекті біледі екен, ғарық болмақ дегенді білмейді екен.

Тізушілер. Бұралқы ұлынан басқасы, Ақмоланың Темір Қазығындағы елдердікі. Сондықтан Ақмоланың жергілікті сөздері де мол кіріп отыр.

«Тілмашқа» кірген сөздердің бірешпырасы Радловтан, Будаговтан алынған. Қазақ тіліндегі ескі-жаңалы кітаптардан алынған.

Москеудегі «Кіндік баспасөз» Мағжанға қаратып, біреуге көшіруге берген. Сол көшіруші де біраз шатақ кіргізінті. «Қақалған үстіне жұдырық» дегендей 400-дей сөз баспадан кәте кеткен; кейбір сөздердің мағынасын жойып, не ауыстырып жіберген. «Қазақтың баспасөзінің қатесін көрсе, европа әйелдері бала тастар еді» деп қыр баласы айтушы еді. «Тілмаштағы» баспаның қатесін көріп қыр баласына қол қойдым. Ал енді оқушы жолдастың пікіріне келейік:

«Оюланбақ, шешеленбек, әтештенбек» сөздерді керексіз табады. «Оюланған мінезінді таста!.. Шешелеп кейін тамақ іштім. Әтештенбе!» деген сөйлемдерді европалықтар оқыса, керексіз табар ма екен? Оқушы жолдас: «Қазақша да емес, түсінікті де емес, жатық та емес» деп біраз сөздерді келтіреді. Қазақша дегенде қазақтың төл сөзін іздейсіз ғой. Олай болғанда қазақтың сөйлеп жүрген сөздерінің жартысы араб пен парсының деушілері бар. Оларға не дейсіз? Орамалды сіз қазақтың төл сөзі деп ойлайсыз ба? Қазақша емес деп дауласқаннан кейін, әрине сізге түсінікті де, жатық та болмайды. Қазақ арасында айтылатын сөз бе? Сөз емес пе? Қазақ кітаптарында кездесе ме? — әлгіме сонда болу керек. «Тауқымет» Жүсіпбек пен Мұхтардың жазғыларында кездеседі. «Ғадауат» Абайда бар. «Саранжам» Наурызбай батырдың қызбен айтысатын қисасында бар. Қазақ жас бала өлсе «шапшағатты болсын» деп көңіл айтады. «Саламай» — Көкшетау уезінің сөзі.

«Тонқармақ» баспа қатесі, дұрысы — «тонқармақ», үйді, шөмедені дауыл құлатса тонқарып кетті дейді. «Ақыланбақты» екінші бірі айтады. Соңғы төрт сөздің орысшасын Радловтан алғанбыз. «Тазданбақ» екі орында айтылады: 1) Еліріп сөйлеген кісіге «тазданба» дейді. 2) Сора бетіне шыққан шақатты көргенде «тазданған екен» дейді. «Ғарық» түбі арабтікі. Тонкерістен бұрынғы қисаларда көп кездеседі.

Оқушы жолдас-ау! Өзіңіз білмеген сөздің бәрін керексіз қылу, қазақша емес, түсінікті емес деу ақылға сия ма? Сыр қазақтарының «әрекетін» арқа жағында

бәле мағынасында қолданады. Арқаның «әжептеуірін» бөкейліктер жаман деген мағынада жүргізеді. Осындай ретпен түсініксіз сөздерді, «Тілмашқа» кірмеген сөздерді, газет не журнал бетіне жариялап отырса, келешекте шығатын «Тілмаштың» толық болуына, кемшіліксіз болуына себі тнеді.

ҚЫЗМЕТ АДАМДАРЫНЫҢ ҚОНАҚАСЫСЫ

(Айтыс ретінде)

«Қонақасы — алты алаштың бөлінбеген еншісі» деген мәтелді көшпелі тұрмыс туғызған. Қора толған қой, өріс толған жылқы туғызған. Көшпелі шаруа тозғындап, ауданы тарылған дәуірде, егіншілік шаруасы қанат жая бастаған дәуірде қонақасы шағын шаруаға бабты тиетін көрінбейді. Қазақстанның терістік аудандарында қой тұқымы азайды. Көп елде күіз үйге шығудан қалып барады. «Оразаның түбіне мақсым жетер» сияқты азғана қойдың түбіне ел аралаған қызмет адамдары жететін көрінеді. Қызмет адамдарына ел қазағы қой соймай отыра алмайды. Бірінші қонақасы беру — елдің ата салты-мыс. Екінші, қызмет адамына жалыншты. Төңкерістен бұрын қойын сойып, қолын қусырып тұрмағандарға шабармандардың айып салатыны болатын. Сондай «шабарман» мінездестер әлі де некең-саяқ жоқ емес. Қонақасы ретінде ата салттан қызметте жалынштылық басым. Бұған дәлел 22 жылы партияда жоқ кедейлердің жиылыстарында кедейлер аштан қатқан. Жалғыз-ақ істі басқарып жүрген инструктор сыйлы болған. Ал енді жуандар бас қосқан жиылыстарда қой сою ас бергеннен кем болмайды. Кедейлерді аштан қатырған ауылдың болыстық атқару комитетіндегілерге Түндікбай қой сойып бергенін тағы көзім көрген. Бір кедейдің жалғыз тушасына шейін жегенін көзім көрген. Талай елдер: «Қызмет адамдары қой қоятын емес», — деп зарлап отыр. Әсіресе аудан сотының ел арасына шыққаны, болыстық атқару комитетіндегілердің ел аралауы, салық инспекторларының, хатшыларының жүруі қойға топалаңнан кейін тимейді. Аудан сотының орныққан жері кіші-гірім тойдан кем болмайды. Бұл қалыппен жүре берсе, бірер жылда тұқымдық қой да қалмас. Қой тұқымы үзіліп, жалпы шаруаға зиян келгеннің үстіне, қазақтың денсаулығына

да үлкен кемшілік келтіреді. Тазалықтың әліп-биін білмейтін ел қазағы жазы-қысы көр үңгірден шықпаса, аурудан құтылмайтыны соқырға таяқ ұстатқандай анық. Кейбір үйлер киіз үйді қойып, шошалаға, сарайға отыратын болыпты. Шошалаға, сарайға жарық түспейді. Және түтіннен көз ашпайды. Қараңғы мен түтін — аурудың күрдасы. Кейбіреулер «қонақасы қазақтың әдеті, салты, рәсімі» дер. Шаруаға қайшы келген әдет-салт, рәсім артын қысу керек. Заңшылар қонақасына тиюді заң көтермес дер. Ондай заңшыларды елге апарып шошалаға орыяқтырып, алдына 5—6 қой салып беруі керек. Бір жазда қызмет адамдарына 5—6 қойып сойып беріп екі қолын мұрнына тығып отырса, заң көтереді деуіне мен кепіл.

Осы күнгі қонақасы — үлкен апат. Мұны жою керек. «Шаруаны үнемдеп жүргізу» саясаты арқасында қызмет адамдарын тегін қонақасы жемейтін қылу керек. «Берген перне бұзады» дегендей, бағдан тоқтының қолдергі болатын орындары да бар. Қызмет адамына тегін қой сойып берген үй иесін де, тегін жеген қызмет адамын да газет бетіне жазып сөгіс беру керек. Екінші рет істегендерге тиісті айып салу керек. Үшінші рет сотқа тарту керек. Бір күнде пышақ кескендей тыйыла қоймас. Бірақ, жүре-жүре қәдеге асар.

Шаруа талқысында ата салты адыра қалар. Собылған қойына ақша алуды ел қазағы жек көрмес.

МЕКТЕП ҚАЙ ТІЛДЕ БОЛУ КЕРЕК

(Айтыс ретінде)

Оқудың негізі — ауыл мектебі. Ол мектепті көздеген мақсатқа жеткізу үшін үйі, құралы, сайманы, кітабы, оқытушысы сай болу керек. Қазіргі ауыл мектебінің төрт түлігі сай деп ешкім айта алмайды. Бірі болса, бірі жоқ. Осы күнде ауыл мектептерінде комплекс (жиынды) әдіспен оқыту программаға кіргендіктен, мектепте алдымен керекті оқытушы болып отыр. Оқытушы жеткілікті біліммен комплексті қолданса, мектептің басқа кем-кетіктерін толтырады. Балаларға керекті білім береді. Үйткені комплекске керек жаратылыс, шаруашылық жағдайлары ауылдан табылады. Ал енді ауыл мектептеріндегі оқытушыларды алсақ, комплекс әдісін жүргізе алатындары некен-саяқ. Жазғы даярлау

курстерден, педтехникумдерден шығып жатқан оқытушылар қайда? Қой білгіп жүр ме? Курстен шыққан толық білімді пысықшылардың көбі түрлі себептермен басқа орындарда қызметте жүр. Ең аяғы мидания болып жүр, не ілгері қарай оқып кетеді. Педтехникум бітіргендері әке десең де ауыл мектебіне бармайды. Шаһарлы жерлерде қалады. Сонымен ауыл мектебіндегі оқушылардың көбі басқа қызметтерге қолы жете алмаған, не жирай алмағандар, не шалағайлар, не өз шаруасымен байланыстылар. Бұл соңғы реттегі оқытушылар комплекс әдісін жүргізе алмайды. Қарнекті әліснен оқытуға оқыту аспаптары, кітаптары басқа жағдайлы шарттары болмайды. Екі әдістің бірі болмаған соң, шала білімді оқытушылар бетімен оқыта береді. Балалар тиісті білімді ала алмайды. Осындай дүмбілез біліммен ауыл мектебінен бітіргендер шаһардағы орта мектептердің даярлау бөлімдеріне түседі. Өткен жылға шейін емтихан болған жоқ. Сондықтан әрбір оқытушы біліміне қарамай ілгергі бөлімге кіретін болды. Әуелде білім жеткісіз шала жапсар болғандықтан орта мектепте оқу ауыр болады. Жәнді түсінбейді, жыл сайын түсінбеу молая береді. Сондықтан бұл уақытқа шейін орта мектеп бітірді деген қағаз алушылар көп, бірақ толық білім алушылар аз.

Және бұл уақытқа шейін ауыл мектебін де бітірмей, болар-болмас даярланумен орта мектептерге түсіп жүргендер де көп. Енді емтихан шығып отыр. Бұдан былай ауыл мектептерін бітіргендерге өріс бұрышымдан тарылады. Қағазбен ілгерілей беруге болмайды. Бұдан былай ауыл мектебі жоғарыдағы айтылған күйде болғанда ауыл мектебін бітіргендер орта мектепке түскенде ілгері бөлімге түсе алмайды. Ауыл мектебінде соңғы жылыда оқытуға тиісті сабақтарды бір жыл қайталап оқиды. Олай болса ауыл мектебінің соңғы жылына шығарылған шығын желге кеткен шығын деп есептеу керек. Әзір ауыл мектептеріне жеткілікті комплекс әдісін жүргізерлік оқытушыларды таба алмайтын болсақ, ауыл мектебінде оқу екі жылдық болу керек. Осыған қарап орта мектептердің неше жылдық болуын шешу керек. Мұны шешпестен бұрын орта мектептерде оқу қай тілде болу керектігін шешу керек. Кейбір жолдастар орта мектеп орыс тілінде болсын дейді. Ондағы дәлелдері: 1) казак тіліндегі орта мектепті бітіргендер орыс тіліндегі жоғары мектептерге түсе алмай-

ды; 2) жеткілікті қазақша оқытушы жоқ; 3) орта мектепке жеткілікті қазақша кітап жоқ дейді.

Әр дәлелдің салмағын ешпеп көрейік. Бірінші дәлелді бетке ұстайтындар: 1) әуелде жеткіліксіз біліммен келулері; 2) орыс тіліне шалағайлықтары. Бұған себеп орыс тілінің қазақ балаларына орыстарға арналған әдіспен оқытылуы. Сондықтан орыс тілінде оқылатын басқа пәндерге де қазақ балалары түсінбейтін. Бұл кемшіліктерді жоюға болады. Ең мықты дәлел жеткілікті оқушы жоқ деген. Егер орта мектепте оқу орыс тілінде болса, бізден еш уақытта жеткілікті оқытушы шықпайды. Ұлт мектептері, ұлт мәдениеті болмайды. Және басқа түрік ұлттары орта мектебін өз тілінде жүргізіп жатқанда қазақтың өз алдына ауа жайылуы қисынсыз. Орта мектеп орыс тілінде жүрсе, қазақ тілінде кітап басылуын қажеті болмай қалады. Пән кітаптары қазақ тіліне аударылмайды. Жеткілікті кітап жоқ деген күшті дәлел емес. Бірсыпыра кітап шығып қалды. Орта мектепте қолданылатын лабораторный әдеске қолайлы кітаптарды шығару — бір-ақ жылдық жұмыс. Орта мектепте оқу қазақ тілінде болса, алдымен керекті жаңа түрмен орыс грамматикасын қазақшаға үйлестіру ғана — «Орысша-қазақша толық тілмаш» шығару. Осы күнде орыстарда неміс, ағылшын тілдері қандай әдіспен оқытылса, бізде де орыс тілі сондай әдіспен оқытылу керек. Орыс тілін оқытуда бастамастан бұрын, орыс тіліндегі әдебиет, пән кітаптарын түсініп оқырлық дәрежеге жеткізу не болмаса орысша сөйлеу, орысша сөз, сөйлеммен дұрыс құрастыру көбінесе тәжірибемен болады. Орта мектепте қазақша тиісті пәндерден толық мағлұмат алғандар, орыс тілін толық үйренгендер орыс тіліндегі жоғарғы мектептерге даусыз түсе алады. Жалғыз-ақ орыс тіліндегі пән кітаптарының терминдерін бір шолып өтсе болады. Әзірге ашылып отырған, ашылатын орта мектептерді қазақ тілімен жүргізу үшін орта, жоғарғы мағлұматы барлардан реттілерін тандап алып оқыту әдісін үйрету үшін үш айлық курс ашып, орыстың атакты оқытушыларын шақырып оқыту керек.

Енді бір бес жылда орта мектептерге жеткілікті оқытушылар еркін шығалы. Оған шейін жеткілікті оқытушылар шығарғанмен, табылмайды деп, үміт кесетін деп басым болса, тәжірибе үшін Ташкент пен Қызылорданың екі орта мектеп ашып бірыңғай өтуші қазақ тілінде жүргізу керек. Орта мектеп қазақ тілінде бол-

са, жоғарғы мектеп те бара-бара қазақшаға айналады. Орта мектеп қазақ тілінде болған күнде округтік қадада ашылатын 2-басқыш мектеп те, педтехникум да жеті жылдық болу керек. Екеуінің де алғашқы үш жылы даярлау болады. Даярлауышқа ауыл мектебін бітіргендер кіреді. Үш жылдық даярлауышта жаңа әдіспен орыс тілін көбірек оқыту керек. Осы даярлауышты бітіргендердің процентін техникумдерге, рабфактарға жіберіп отыру керек. жылдық даярлауышты жақсы бітіргендер техникум, рабфакке кіріп, орыс тілінде берілетін сабақтарды тыңдауға әбден жарайды. Әр ауданда жатақты (интернат) 5 жылдық үлгілі мектеп жасалу керек. Осы күнде мұндай мектеп Өзбекстанда ашылғалы жатыр. Мұны бітіргендер орта мектептің негізгі бөліміне түсетін болсын. Енді ауыл мектептері көпшілікке, отырықшылыққа қарай үйлес болу керек.

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ТУРАЛЫ

(Айтыс ретінде)

I

Анда-санда көркем әдебиеттің басын бір ауыртып қояшы едік. Толғағы жеткен мәселе ғой, бұл жолы көркем әдебиет туралы қорытынды бір пікір деп, Сәбиттің көзқарасына қарсы жазып отырмын. Қарама-қарсы пікірлерді салыстырған дұрыс шығар. Пікір таластырғанда кекетіп-мұқатудың, сөгудің керемі жоқ дегенге қол қойып, мәселені салқын қанмен шешейік. Алты жылдың ішінде көркем әдебиет туралы не істедік дегенде, Сәбит «жок» деп жауап береді. Сәбит өңгені көрмесе де, Бейімбет пен Сәкенді көру керек еді. Басылған пьесаларды, әңгімелерді, газет-журналдағы өлеңдерді, әңгімелерді көру керек еді. «Қартқожа» сияқты романды көру керек еді. Осының бәрі алты жылдың жемісі емес пе? Бірен-саран теріс бағыттағы Мағжанның өлеңдеріне қарап сарыуайым төгудің қисыны жоқ. Алдымен 6 жылдың ішінде Сәбиттің өзі ілгерілеп отыр. Әдебиетке көзқарасын кенейтіп отыр. Ертеректе Абай мен Ақанлы іске жарағысыз қылған Сәбит: «ұлтшылдықты отаршылдық туғызды, «Масаны» әжетке жаратып, «Заманды әркім билемек» деп Абайдан мысал келтіріп отыр. Көркем әдебиет туралы түк істелмеу се-

бебі Сәбиттің ойынша 99 процент кедейдің хат білмегендігі менің... (?) Ойынның болмағаны. Осы дәлелдеріне тоқтап көрейік. Расында, байлардан оқыған көп еді. Бірақ Абайдан, Мағжаннан басқа байлар табынан ақын да, жазушы да шыққан жоқ. Себебі не? Жүсіпбек пен Мұхтар жалғыз процент кедейлердің арасынан шығып отыр. Себебі не?

Сәбиттің жүйесіне қарағанда оқығандары көп байлардан ақын да, жазушы да көп шығу керек еді. Тұрмыс жүзінде олай болмай отыр. «Өнер — мәдениеттің бір бұтағы, мәдениет — шаруашылықтың бір бұтағы. Әдебиет өнердің бір саласы болғандықтан, түптеп барғанда шаруашылыққа байланысты» деп Луначарский жазды. Шын марксистілердің бәрі осы пікірді қуаттайды. Әдебиетте жаңа ағым туу үшін өндіріс қатынастары өзгерсе, салт-сана да өзгереді, жаңа әдебиет ағымдары шығады. Осыны негізге алып, қазақ әдебиетінің тарихын шолып өтсек, пролетариат әдебиетінің қазақ елінде дамымай жатқан себебін білеміз.

«Әдебиет тарихы — шаруашылықтың, не мәдениеттің, не қоғам пікірлерінің айнасы», — деп Данилов жазады. Олай болса бұрын ауызша айтылып жүрген халық әдебиеті көшпелі шаруаның, ру қоғамының айнасы болды. Ұзақ заманның ішінде халық әдебиеті кемеліне жетті. Қазақ елі патша үкіметіне бағынған соң таршылық көре бастады. «Қолы жетпеген құдайшыл» дегендей шаруасы кеміп, басынан билік кеткен қазақ елінің ақындары дін үгіттерін тарата бастады. Бері келе қазақ елінің жері кетіп, сауда капитализмінің ұсынына түскен соң ру билігі жоғала бастады. Екіншілік басталды. Салт-сана өзгере бастады. Сонымен отаршылдыққа қарсы ұлт әдебиеті туды. Ұлт әдебиетінің 17 жылдық дәуірі бар. Октябрь төңкерісінен кейін де бұрыннан негізі бар ұлт әдебиетінің өрісі кеңейді, кемеліне жетті. Октябрь төңкерісінен бұрын бай, кедей деген жікті айырып үлкен, үгіт жүргізген оқыған топтар жоқ болатын. Оқыған атаулы отаршылдыққа қарсы ұлтшылдықты көксейтін. Ел үшін аласақ, байға қарсы наразылығын көрсеткен кедей жоқ еді. Жалдаған малайды бай басыбайлы есебінде ұстайтын, ұрып-соғатын, ақысын бермейтін. Кедей де, малай да бәрін құдайдан көретін. Октябрь төңкерісін қазақ жасаған жоқ деп Сәбиттің өзі де айтып отыр. Шыны солай. Құдайшыл, байшыл қазақ кедейлерін октябрь төңкерісі тез жіктей алмады, төңкеріс салт-сананы тез өзгерте қоймайды. Әлі де ел

ішінде құдайшыл, бәйшыл кедейлер, кедейді жем қылған атқа мінер кедей аз емес. Жаңа ғана кедейлер жіктеліп, ұйымдасып салт-санасын өзгерте бастады. 24 жылға шейін қазақ кедейінің қандай күйде болғанын Бейімбеттің өлеңдерінен білуге болады. Кедей әдебиетінің өріс кеңейтуіне бәсе себеп: жаңа салт-сананың кемдігі, шаруашылық түрінің өзгермегендігі. Бұдан былай кедей әдебиеті өрісін кеңейтер деп үміттенуге болады. Әлде болса кедей әдебиеті көрнекті орын алу үшін көп жылдар керек. Сынын қаттылығы бәсеу болады деген қисынға келмейді. Сынын өкесі Нәзірдікіндей болар, сонда Сәкен бүккан жоқ. Сәкен ескі жазушы деп айтатындар болар, олай болса Самат пен Байбатыр да ескі жазушылар. Қатты сыннан бүккан осы екеуі ғана. Баяғыда «Түр, қазақты» жазған Байбатырдың болатын. «Шегірткеден қорыққан егін өкпейді», сыннан бүккан адам тоғыз қабат торқаға бөлесең де жазушы болмайды. Төңкерісшіл жазушы Неверов та олай рет басқармадан беті қайтса да, түзетіп беруін қоймаған, ақырында атақты жазушы болды. Сол Неверов кейбір жазғандарын 50 рет түзеткен. Біздің қазақтың жазушылары оңай жұмаққа еңбексіз кіргісі келеді.

Кедейлеп шыққан жаңа жазушыларды газет-журналдар бауырына тарту керек еді деп Максим Горькийді мысалға алады. Максим Горький қара шаруа жазушыларын мақтаса пікір, мазмұн жағынан мақтаған. Ол кезде қара шаруа тілегі, мұңы, пікірі қоғамда болған. Осы күнде қара шаруа пегізгі ұранның бірі болып отыр. Сондықтан кедей шаруалардың жазғаны мазмұн, пікір жағынан жақсы екен деп сыйлап шығаруға болмайды. Мазмұнға түрі сәйкес болу керек, жаңа жазушының қас-қабағына қарап бейнесіз, келімсіз өлеңді, қара сөзді түзетіп отыруға басқарманың уақыты бола ма екен? Және де ұнасымды өлең, қара сөз басқармада даяр тұрса, оны баспай, түзетуге кіріскені ақылаға сия ма?

«Өңсіз, сауатсыз жазылған өлеңдер ақынның таптың саясат жүзінде өсе бастағанын көрсетеді. Мұндай өлең — мәдениет белгісі, бірақ мұндай өлең ақындыққа жатпайды. Өнерді қолға түсіру үшін көп даярлану керек. Ала-кұла өнер шын өнер емес. Еңбекшілер әдебиет әдісін үйрету керек. Үйретуге аз уақыт кетпейді» — деп Троцкий жазады. Еңлеше қатты сын сзбак болады, үлгі болады. Бірақ жазушының қара басына тиіп, сөзгүдін керегі жоқ. Ал енді біздің жас жазушыларымыз

кәйтеді? Емлені білмей жатып қатардан қалғысы келмейді, өлең жазған болады. Бұған не дерсің. Бір «жазушы» пьеса бәйгесіне өлеңмен жазып 4 бөлімді пьеса жіберген, бар жазғаны 6 бет. Өлеңінде шешей ырақ, ұйқасым болса бұйырмасын. Осындай құр кеуделер көп. Мұның бәрін жөнге салам десе басқарманың шашы ағарады ғой. Сәбиттің ұйым керек еді дегені дұрыс, бірақ шаруашылық сабасына түспей, салт-санаға нысан кірмей ұйым болғанымен, өндіргені шымалы болар еді. Бұдан былай ұйым пайда келтіруінде талас жоқ. Сәбиттің үлкен ұайымының бірі ұлтшылдардың көркем әдебиеті көп басылып кетті дейді. Ұлтшылдар газетке кінәлі болса да, басылған кітаптарға кінәлі емес шығар. Мағжанның 4—5 өлеңін кесе көлденең тарта берудің жөні жоқ. Мағжанның ол өлеңді жазуында тарихи себеп бар шығар. Өзі ұлтшыл болғанмен, бұқара, кедей тұрмысын жазатын болса, не айып шама бар. Жүсіпбектің пьесаларынан, «Қарткожасынан» қандай кінәмшіл адам болғанмен ұлтшылдықтың неін таба алмас. Мұхтардікі де осындай. Орыстың бұрынғы жазушыларында Достоевский мен Феттен он пікірлі жан өтпейді. Осы күнде соларды далаға тастап отырған жоқ. Осы күнде қалай дәріптеп отырғанды, Пушкин, Толстойды қалай құрметтейтінді ақын Сәбит жақсы білу керек. Осылардың жақсы жағын маркешіл сын, емншылар көрсетіп отыр. Орыстар ескі жазушыларының, ақындарының жазғандарын тандап алып басып жатқанда, кең бұқарашылдық рухында жазылған кітаптардың басылғанына Сәбит неге ренжиді? Қазақ әдебиетінде тойып секіретін күн әлі туған жоқ. Ұлтшылдардікі көп басылса, көркемдігі үшін басылған шығар. Бұхарниц жазады: «Өнер дегеніміз — сезімдерді суретпен жүйелеу», — деп. Ақындық суретпен ойлау дегенге маркешілдердің бәрі қол қойған.

Қара жерге қар жауар,

Қарды көр де етім көр.

Қар үстіне қая тәмар.

Қанды көр де бетім көр. —

деп Ақжүністің айтқаны кескіндеу, суреттеу болады.

«Өнер тұрмысты сұлуландырады» деп жазады Вагнер.

«Егер кескін (сурет) орнына қисынды дәлелдерді алса, не бір пікірді дәлелдеу үшін зорланып шыққан кескін болса, ол суретші емес, әлшейін «жазушы» деп Плеханов айтады. Мінекей бізден бір көйлекті бұрын

тоздырған мәдениеті марқайған жұрттардың сыншылары осыны айтады.

Көркем жазушылық пен жәй жазушылықтың арасы жер мен көктей.

Ұлтшыл жазушылар кейде қоғам кемшіліктерін тереңірек қазып жіберсе, Маркешілдік жолмен дұрыс-бұрысын сынға алу керек. «Пильняк пен В. Иванов болмаса біздің әдебиетіміз сол кедейлеу болар еді», — деп Троицкий айтады. Қазақтың «ұлтшыл» жазушылары оларға қарағанда көп иман жүзді. Кедейшіл акын Сәбит диалектиканы қолдану керек еді. «Оян, қазақ» пен «Шолпанды» Сәбиттің көже деп сынауы диалектикағы жатпайды. Нені болса да орнына, заманына, тарихи жағдайларға қарай бағалау керек. «Оян, қазақ» пен «Шолпан» шыққанда жазба әдебиет қандай күйде еді, отаршылдық қандай еді? Мұны Сәбит ескермейді. Орыстың әдебиеті жаңа басталған дәуірде Карамзин, Дмитриев, Державин сықылдыларды әулие аспан көрген. Осы күнде солардай жазушыларға, акындарға орыс оқушылары пысықырып та қарамайды. «Оян, қазақ» алғашқы шыққанда Грибоеловтың «Горе от умасындай» болған. «Оян, қазақты» ел қазақтары құрандай жаттаған. Мержакыптың атын алты аланка таратқан «Оян, қазақ» болатын. Мержакыптың «Бақытсыз Жамалы» «Бедная Лиза» сияқты болған. Мағжанның акын болғандығы «Шолпандағы» «Бұлбұл» деген өлеңнен көрінген...

Тарих қайталап отырады. «Бір басқан ізін қайталап басады» деп Гегель жазған. Оған Маркс: «Тарихтың алғашқысы қайғылы хал (трагедия), қайталағаны — ойын» деген. Сол сияқты заманында «Оян, қазақ» пен «Шолпан» қайғылы хал еді. Енді кедей акындар ондай түрде жазатын болса, ойын-күлкі болады. Нарыз көже сонда болады. Сәбит «кішкене үгіт, кішкене айғай керек» дейді. Үгіт, айғай пайдалы шығар, бірақ онымен акын, жазушы шығаруға болмайды. «Егер маркешіл суретші аптекте дәрі өлшегендей, программ бабтарына сәйкес жазуды ойласа, ондай шығарма бірбет болады, сурет ісі жойылады, сөз музыкасының келісімі бузылады; үгіт жағы сорайып тұрады, мұндай шығарма өнер жолымен әсер бермейді. Мұндай шығарма қызықтырып, едіктіріп әкете алмайды. Ондай суретшіге біздің айтатынымыз білімді маркешіл бол, еңбекшіл бол, еңбекшілермен оттае бол, бірақ жазған кездеңде өз жүрегіңмен бол, талантына бағын» деп Луначарский жазалды.

Ел кедейін жанаандыру, санаандыру үшін кішкене үгіттен де көркем жазу тиімді. Және Сәбит: «Мағжан біреудің ақылымен суретші болған жоқ, орыстың атакты жазушыларымен танысып, солардан үлгі алып болды», — дейді. Мағжан біреудің ақылымен суретші болмаса, кедей жазушыларды газет-журнал баулымады, ұйымбасшылық көрсетпеді, суретші қылмалы деп Сәбит неге кінәлайды? Небір кісінің ауыр айтқаны ақыл болып, кітаптардан үлгі алмай ма екен? Бір сөйлемдегі екі пікір бір-біріне қайшы. Сәбит біреуін ғана немдену керек еді. Жалпы негізге карағанда Сәбит талантқа қарсы, «Өнер ағымының терең болуы тап тұрмысына байланысты, өнер ағымы терең болмаға, күшті таланттардың өлуімен жарыққа шықпай қалады», — деп Плеханов жазады. Және Плеханов жазады: «Еш уақытта генидің барлық дарашылдығын өскен ортаның (среда) әсерімен шешуге болмайды», — деп. Талантқа баға берген марксистер көп.

Сәбиттің ойынша ақын тегінде: үйренумен, атакты жазушылардан үлгі алумен суретші болатын көрінеді. Мен де (мактанып жіберейін) бір қазақтың баласындай орыс әдебиетімен танысып, өлең жазу әдісін де білемін, бірақ қанша тырбансам да, Мағжандай болатын емесмін. «Кім... би болғысы келмейді, бірақ бола алмайды» дегендей, талайлар Мағжандай болғысы келеді, бірақ таланттың кемістік болатын шығар. «Ақын пайғамбар да(?) емес, — деп Данилов жазады. Осы дұрыс. Таланттық қалпына қарай өскен орта, үлгі алу пайда береді. Таланттың шамалы болса, үлгі алумен ірі суретші бола алмайсын. Таланттың өзгешелігі жан дене құрылысына байланысты. Үйретумен, атакты жазушылардан үлгі көрсетумен Сәбит Мағжандай ақын қылатын болса, мен Сәбиттен оқыр өлім. Қазақта тап ақыны бар ма яки бола ма деген мәселені біз әлі тиянақтап шешкеміз жоқ дейді де, Сәбит Ғаббас пен Әбдірахман бар деп айтты деп тағы иман келтіреді. Олай болса шешкеміз жоқ деп дүдәмәл қылудың қисыны жоқ. Сәбиттің ұстаған шараларының ішінде газет, журнал жас жазушыларды қыспақтамау керек дегені дұрыс емес, үйткені әзірге шығып тұрған газет-журналдар көптікі.

Көптің ішінде көркемдік сезімі өсе бастаған, талғап оқитын мыңдаған шәкірттер мұғалімдер, қызметкерлер бар. Бұлар түр талғайды. Сондықтан көпке ортақ га-

зет-журнал басқармалары кім жазса да сын елегінен өткізу керек.

* * *

Алты жылдың ішінде көркем әдебиеттің ілгерілегеніне, аз да болсын өрісін кеңейткеніне кімнің болса да көзі жетер. Бірақ көркем әдебиет өткен дәуірді, қазіргі дәуірді түгел құшағына алып отыр ма? Болмаса шет пұшпақтап жырымдан алып отыр ма? Бір үлкен мәселе — осы. Көркем әдебиет қоғам тұрмысын түгел құшағына алып суреттеп отыр деп кім айта алды? Шынында, біздің көркем әдебиет қоғам тұрмысын пұшпағынан тартып жүр. Сол шет пұшпақтың өзін көбінесе кейбір жазушылар романтизмге, символизмге айналдырып отыр. Кейбір жазушылар не үгітке, не жалаңаш парнографияға айналдырып отыр. Осы күнге дейін шын реализммен жазылған Бейімбет өлеңдері (мұның да біразы үгіт, насихат, ұран). Шын реализмнің қоныс теппеу себебі не? Шын тұрмыстың бәрін қисайтып жібергендік — біздің жазушыларымыздың Лебединский, Сайфуллина, Всеволод Иванов, Пильняк сияқты жаза алмағандығы. Мәселен, Лебединский «Неделя» деген әңгімесінде ЧК-нің агенті төңкеріс жауларын жалаңаштан атқанға ыңдай алмай өзі атылады. В. Иванов бір әңгімесінде партизандардың қазақ әйеліне істеген зорлығын жазады. Осындай туралы бізден де біреу жазатын болса, істің үстіне шыға келер елік. Луначарский жазады: «Дұшпанды жеңу бір басқа да, бірақ әдебиет ауданында тұмылдырық кигізу бір басқа, шығарма ашықтан ашық төңкеріске қарсы үгіттеу болмаса, оған бостандық беру керек. Шындықты өнер әдебиет жолымен айтуға еркіншілік берсек, шаардегі, ауылдардағы партияда жоқ көпшіліктің не ойлайтынын не тілейтінін қалай қарай бет алып бара жатқанын байқауымызға жақсы болады», — деп. Осындай көзқарас қазақ ұлтының көркем әдебиеті туралы бар ма? Талайлар ұлт деген сөзден қорқады. Ұлт автономиялары, республикалары ұлттық түрімен социализм қоғамына ақырын аяқпен жету екенін сезбейтіндер бар. Сондықтан ұлттық түрін қолданып жазушыларды ұлтшыл деп аластай бастайтындар бар. Ғаббастың ұлтшылдарды жіктеуі дұрыс. Ұлтшылдардың бір жігі кеңес үкіметін қазақ ұлтына пайдалы деп табады, сондықтан еңбегін аямайды, қазақ ұлтын мәдениетті болса екен дейді.

Ондай ұлтшылдар ру тұрмысына, атқамінерлерге, жуандарға, молдаларға, кейбір байларға, отаршылдарға, кеңесшілерге, қызмет адамдарының бұзықтығына, парасына қарсы еңбекшілердің еңбегін қорғайды, әйел теңдігін жақтайды, қазақ ұлтын орыс ұлтымен тең күшті болуы жүзеге асса екен дейді. Осындай ұлтшылдардан шыққан жазушы коммунистің пікірін қуаттамаса да, бағалай ма, жоқ па? Мұндай жазушының жазғаны объективная ценность емес деп кім айта алады?

Ұлтшыл, бұқарашыл, кедейшіл жазушылар, ақындар үшін қазақ қоғамында сын реализм жолымен жазарлық қандай тақырыптар бар, соған келейік. Көркем әдебиеттің құшағына түгел алатын тақырыптар: 1) қазақ елінің жер үшін талас-тартысы, орыс поселкелерімен қатысы; 2) отаршылдықпен күрескен ұлтшылдар; 3) қадимдермен күрескен жадидтер; 4) 16 жыл толқындары; 5) Жетісуда жер реформасы; 6) Февраль төңкерісінің әсері; 7) Октябрь төңкерісіндегі қазақ оқығандары, бұқарасы (арғынның алашорда болып, қыпшақтың большевик болу негіздері сияқты); 8) разверскідегі атқамінерлер әділсіздіктері; 9) 21—22 жылдағы жұттар; 10) 21 жылны көтерілістегі крестьян, қазақ қатыстары (Мұстай, Саябай сияқты байлардың большевик болу оқиғасы сияқтылар); 11) алғашқы жылдарда ел арасында ячейка жасалу тарихтары.

Омбы уезінде бір бай комсомол ячейкасына кіргенде қарсы бай партия ячейкасына кірген. Осындай оқиғалар көп. Басқа да тақырыптар толып жатыр. Мұның бәрі өткен тарихқа айналып барады. Мұндай тақырыптардың негізгі себептері октябрь төңкерісінің қазақ елі салт-санасына қарай өзінше түсінгендік. Осындай өзгешеліктерді көркем әдебиет құшағына алатын мезгіл жеткен жоқ па. Жазушының қаламын кім ұстап отыр. Жаза берсін деп ауыз мырзалық істейтіндер де болар. Бірақ ондай ауыз мырзалық өзінше іске асын отырған жоқ. Мәселен, отаршылдықпен күрескен дәуірді суреттейтін болсаң, ұлтшылдардың кейбі (тип) жақсы болып шығады.

Мәселен, октябрь төңкерісін алғанда «үш жүз» партиясындағылар большевик болып отырып, Мұхамбетрақым, Шамиль сияқтыларды (Шамел) съезге шақырғанын суреттесек, бұқарашыл әдебиетті ұлтшыл деп жатқан Сәбиттер не демекші? Алты жылдың ішінде жаңа салт-сана өрнәй бастағанда жаңа шыққан кейіпкерлер (тип) бар. Осылар әдебиет майданына шет

пушпақтап қана түсіп отыр. Мінеки, осы тақырыптардың бәрі көркем әдебиеттің толық еншісі болса, сонда ғана толық ұлт әдебиеті болады. Сонда ғана қазақ ұлтының өзгешелігі айқын көрінеді. Жоғарыдағы тақырыптар азаматтық құқың алса, жазушылар ұйымдасу керек. Әзіргі қазақ әдебиетінде 2 ағым бар: біреуі — кедейшілдік, екіншісі — бұқарашылдық. Осы екі ағымды жазушылар, ақындар негізгі пікірлері түгелімен қосылмаса да, бір ұйым жасаса, ортақ журнал-термелер шығарса, аса жемісті болар еді. Тұрмыста мұндай ұйымдасу Сібір жазушыларында, ақындарында болып отыр. Сібір жазушыларында, ақындарында екі ағым емес, әлденеше ағым бар. Сонда да бір ұйым жасалып отыр. Ал енді жоғарыда айтылған 2 ағым бір ұйым жасап отаса алмайды дегендердің дәлелдері, негіздері болса, ол уақытта бұқарашыл ағымдағылар бөлек ұйымдасу керек. Ондай болған Мәскеудегі түрлі әдебиет ұйымдарының жолын қолдану керек. Мәселен, Мәскеуде ВАПП бір бөлек ұйымдасып отыр да және жалпы Ресей жазушыларының ұйымы бөлек жасалып отыр. Қалай да болса, әдебиетшілер ұйымы туралы мәселені шешетін мәзгіл жетті.

Қандай ұйым болса да, негізгі көркем әдебиетті гүлдендіру болу керек. «Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысы» дегенде Абай мазмұнды алтын деп, түрді күміс деп отыр. Абай пәлсапаш болғандықтан мазмұнға артық баға беріп отыр. Пікір жағынан мазмұны алтын болса, сұлулық жағынан түрі де алтын болу керек дегенді ұран қылу керек. Атақты Сайфуллина айтады: «Жазушы көзін жұмбай, тұрмыстағы жараларды, тапбаларды, ауруларды көрсетсе, бірақ адамның алғыр күшіне, батыл ісіне, ыстық қанына, жалынды жанына, шығарғыш миына сеніп, жүрегінен сәуле түсіріп жазса — ол көркем болады», — деп.

Қазақ қалам қайраткерлері де жараны бетімен, таңбаны тексермей, ауруды сау қылмай, күн шығысты құлаықтан құтқарған октябрь төңкерісін кінәламай, қазақ ұлтының өткен, қазіргі дәуірдегі тұрмысын көркем әдебиет айнасына түсіру керек.

Сәбитпен айтысты доғардым.

Орыс әдебиетінде көркем өнер туралы, қала берді көркем әдебиет туралы марксистік жолын қолданып негіз салған Плеханов пен Воровский, төңкерістен бері көркем әдебиет туралы негізді пікір жазып жүрген Луначарский, Троцкий. Менің бұлардан келтірген мысал-

дарыма Сәбит «сену де қнын» дейді. Бұл неі көрсетеді? Сәбиттің жоғарыда көрсетілген шығармаларды оқымағандығын, тексермегендігін көрсетеді. Сәбит диалектиканың мағынасын түсінгенмен, тұрмыс жүзінде қолданбай отыр. Осындай себептерден маған қарсы жазған мақаласында Сәбит өзіне өзі қарсы келіп отырған. Мұндай адаммен айтысарлық менің уақытым жоқ. Сондықтан айтысты доғардым.

Білім жолымен айтысатындар болса мен даярмын. Жалғыз-ақ, көшке ескертемін: Сәбит «Қошкенің кедей оянуға әлі де болса талай заман бар дегеніне біз қол қоя алмаймыз», — дейді.

Мен жазған едім: «Бұдан былай кедей әдебиеті өрісін кеңейтеді деп үміттенуге болады. Әлі де болса кедей әдебиеті көрнекті орын алу үшін көп жылдар керек». Мен кедей оялды дегенмін. Менің пікірімді бұрып, «бүйректен сирақ» шығару адамшылыққа сыймайды. Әдебиетке орыс әсері туралы «болды», «болмады» деп мен бір ауыз сөз айтқан едім. Сәбиттің орыс әсері туралы жазуы «бас десе, құлақ» дегенмен бір екен. Сәбиттің Зеленский деген поляқтың «казак» деген өлеңі бар дегеніне айтатыным: «Отаршыл патша үкіметі Польшаға қырғын жасаған. Бостандықты көксеген азаматтарын айдаған, атқан, асқан. Зеленский Польшаның құлдықта шіріп жатқанын айқын көрсетуге болмаған соң астарлап «казак» деп жазған.

Ұлтшыл жазушылар мен казак әдебиетінің ұлтшыл дәуірі туралы бөлек мақала жазамын.

Ж А З Ъ Ы Т Ы Р Ы

Қарайды жылы жүзбен күннің көзі,
Күлімдеп сәлемдесер дүние жүзі.
Көгеріп буалданып өзендердің
Бетінде жылтыр еді көкше мұзы.

Қуаныш әрбір затта сезіледі,
Албырап күшак жайып жаз келгені.
Солкылдап қар ериді астан-кестен,
Ескенде қыбыладан өкпек желі.

Қашады үйдегі мал дала жерге,
Кеніді құрысқанның арқа тері.
Айнадай жарқырайды айдын дала,
Сарқырап таудан ағар өзендері.

Қызғалдақ желкілдейді жана шыққан,
Ойпан жер көгалданар бетегелі.
Қуарып жапырақсыз қалың ағаш,
Тұнжырап қайғылы өнде тұрушы еді.

Аңқыған қош нiспен мұрын жарып,
Көгеріп жапырағы гүлденеді.
Ұшқан құс, жүгірген аң рақатта,
Жастарға ойын-сауық болды кезі.

Кіріпті табиғаттың әбден түрі,
Алты ай қыс кетіп еді жерден соры.
Тоя алмай қызығына жазғы күннің
Сайрайды әнші құстар күні-түні.

Балалар ойын салар жалаң аяқ,
Домалап әлсіздері қалар жылап.
Көңілді әсіресе жас балалар
Әкесі алыс жолдан келгендей-ақ.

Қаз-қатар киіз үйін қазақ тігер,
Көбейіп малдың басы бірге өнер.
Қызықты тамаша ғып карауына
Таза орын, ауасы кең асқар белдер.

Көгалда жазгытұрым сауулы бие,
Сары қымыз сапырулы тегенеде,
Ішкен ас, жеген тоқ болушы едің,
Түссесің енді, жұртым, қандай күйге?!!

«Айсан», № 7—8, 1915 ж., 112, 113-беттер.

СОЛҒАН ГҮЛ

Мынау жаз келіп тұрған көгі шығып,
Желкілдеп ой мен қырға шөбі шығып,
Жібиді қара тас та қатып қалған,
Балқыған жан иесі түрі шығып.

Мынау — жаз мінген шаттық кемесіне,
Жан берген жансыздардың денесіне,
Толықсын тұрған шақта басқа гүлдер
Шомылып алтын күннің сәулесіне.

Қызыл гүл! Қураңқы болып қапсың,
Бүрісіп жылы жерде-ақ тоңып қапсың,
Аңқыған жұмақ пісін қайда кетті?
Қуарып жапырағың солып қапсың.

Басында көбелек жоқ шырын алған,
Ақырын қанат қағып демін алған,
Суалып тамырларың қатайыпты,
Не нәрсе мұндай күйге сені салған?

Жайрандап тұр едің ғой кешегі күн
Сиқырлы болғаны ма қараңғы түн?
Құлшырған қызыл гүлім, жалт-жұлт еткен,
Басыңа қайдан түсті қайғылы мұң?

«Айсан», № 14, 1915, 207—208-беттер.

БАҚ ІЗДЕГЕН

Қараңғы түн сейілің,
Сарғайып таң атқанда,
Алтын бояу түр берің,
Күн шығып келе жатқанда,
Көтерілің жоғары
Дүниеге нұрын шашқанда.

Жас көңіл жетектейді ілгеріге,
Терең ой ақыл керек санады ерге.

Соңынан жау нәпсінің еремін деп,
Көз салдым төңіректен талай жерге.

Ең баста келдім байлық сарайына,
Көңілім не де болса алайында,
Бү жерден аулақ жүр деп айғай салды,
Күзетші аңдып жүрген маңайында.

Одан соң келген жерім құрмет еді,
Қандай жан қадірлеуді жек көреді.
«Баласы пәленшенің жақсы деген,
Досыңнан бір қағазды әкел!» — дейді.

Басында тұрған шақта дәулет күсы,
Болмайды сенен артық тәуір кісі.
Қолыңнан кеткен күні мал менен бақ,
Бұзылар жан досыңның ашық түсі.

Адамға пайдасы жоқ жылмаң сөздің,
Ашуға сабыр қылсаң бойды жеңдің.
Жақсы атак алатұғын жерге келіп,
Суыған жері болды көңілімнің.

Маңызды билер отыр қарны жуан,
Тауықтың әтешіндей қоразданған.
«Қол басы берер болсаң жолың бос», — деп
Билерім мұрттан күліп, қолын қойған.

Көпірме көбіктенген жұрттың бәрі,
Ұққанға алтын, күміс сөз баһары.
Қырсыққа бір шырмалсаң шығса алмайсың,
Кеселдер кез болады қай-қайдағы.
Бірталай замандар да өткен екен,
Есігі әділшілік жабылғалы.

Тағы да көзім салдым махаббатқа,
Дүниеде не жетпейді татулыққа.
Ең әуелі төле деген дауыс шықты,
Мен қалдым сонымен бергі жақта.

Айрылдым абыройдан — тозған ажар,
Қайғысыз ішкен асың бойға жарар.
Ойландым мен сауыққа қарайын деп,
Өзіне талай жанды еткен құмар.

Біз сені танымаймыз бөтенсің деп
Ішінен жауап берді отырғандар.
Сандалып жөн таба алмай тағы жүрдім,
Көруден рақатты үміт үздім.

Ак орда алтын сарай күзетші жоқ,
Ішіне сұрамастан кіріп келдім.

Жайдары ашық жүзді адамдары,
Қол алып, қол қусырып тұрған бәрі.
«Кет» деген ешбір жанды естімедім,
Ішінде отыра да жас пен кәрі.

Еңбектің құшақ жайып тұрған жері,
Ғаделет, ар-намыстың қалған жері.
Талайшыл, түкшіл — бәрі сонда,
Солардың болып кеттім мен де бірі.

«Айқап», № 12, 1915 ж., 182—184-беттер

ПАЙҒАМБАР

(Пушкиннен)

Қаңғырдым, жап қинадым шындықты іздеп,
Елсіз жер, жанап түзде, жүрдім еңіреп
Тұр едім тоғыз жолдың торабында,
Көрінді жабырайыл алдыма кеп.

Көзімді қалды ешап қолыменен,
Тездігі ұйқыдағы түспенен тең.
Бүркіттей қорқып қалған аңдаусызда
Жарқырап нұр төгілді екі көзден

Жұғысты онап келіп құлағым,
Дүңгірлеп іші толды айғай-шуға.
Естідім: жер мен көктің сілкінгенін,
Үшқанып періштелер ой мен қырға,
Шуылдан бақа-шайн, күрт-құмырсқа
Жүргенін быж-быж қайнап терең суда.

Сай-сайды өрлеп біткен бала қайып
Толықсып гүлденгенін күн-күн сайын.
Жәніде кіріп кетіп ауызыма,
Тілімді жұлып алды жабрайыл.

Бос сөзге ерінбейтін ұзын тілім,
Кінәлі, қиянатшыл болған мінім,
Аузыма қатып қалған қанды қолмен
Жыланның экеп қойды улы жерін.

Ішімді одан кейін тағы жарды,
Орныксыз кобалжыған жүректі аяды.
Қеуденің тесігінен орнықтырып
Қызарып қатты жанған көмір салды.
Өткіздім жансыз болып неше күнді,
Сол кезде жоғарыдан бір үн келді:
«Көзіңді аш! Тұр, пайғамбар, құлағың сал,
Орнына келтір менің бұйрығымды.
Жүрегің сөзбен жұрттың күйдір» — дейді, —
«Аралар шөлді жерді, сулы жерді».

«Айқап», № 4, 1915, 58—59-беттер.

СӘСКЕ КӨЛДІҢ ЖАҒАСЫНДА

(Никитиннен)

Сәске мезгіл, ашық күн,
Жел еседі акырын,
Жасыл тоғай көгерген
Барқыттай боп өң берген.
Жарқырайды шалқар көл
Күшпен түскен сәулемен.
Айнала біткен жас шілік —
Өз алдына бір тұлқ.
Қолға үйренген аққулар
Су бетінде жүр сүнгіп,
Қалды міне бір аққу,
Қанатымен қарышып.
Шашырады мөлдір су,
Бейне маржан жайылып.
Талға байлап қайығын
Екі мұжық ау салған.
Қара құрай, көк шалғын
Ақырына ғана жайқалған.
Жалаң аяқ, жалаң бас,
Екі бала ойнап жүр.
Жаңа кескен талды жас
Ат қылып мініп айдап жүр.
Күнге күйген балалар
Бұршақтап тер ағады.
Бірін-бірі қуалар
Даңғырлатып даланы.

Бұлзрдың бүйтін жүргенін
Кішкентай қыз көреді,
Қаркылдасып күлгенде,
Қызығын іші күйеді.
Екі бала жүгірді
«Тартады» деп «тартады»,
Шортан, шабақ көрінді.
Айнала бәрі алқады
Судан ау алынды,
Тайпақ жерге асылды.
«Қарамай-ақ сілк» дейді.
Ұзын бойлы кәрі адам
Түсі суық, кеуделі,
Сақал-шаны ағарған:
«Қайдан жүрсің тастанды?
Шақырмай-ақ келесің».
Балаһын ойы жамандық —
Ұстап алды желкесін.
«Тайғыз — дейді — табанды,
Жұдырықты көрерсің».
Жаһындағы бала айтты:
«Оған неге тнесің?»
Бір шал сонда сөйледі:
«Төбелесер ең әркіммен,
Жасың жетпей келеді,
Ерік бердің тым ерте
Немереңе сен», — дейді
Қудасына қудасы.
«Бұл қыздан бізге пайда жоқ,
Үйдің кетті мазасы.
Белгілі ғой өзіне
Жаланашпын мен-дағы
Қнім, тамақ оңай ма?
Қымбаттап астық барады.
Жүрген шығар шешесі,
Сайран салып бір жерде,
Пайдасызды асыра.
Білерсің, жаным, сол кезде!»
— Үміт үзбей қудайдан,
Жаксылықты түр күтін.
Күр қалдырмас пайдадан,
Қылмай ма жұмыс ер жетіп?
— Осы бастан көңдігіп,
Үйрену керек жұмысқа.
Әзірге, бірақ, ыңғайсыз

Тамақ беру күр босқа.
Қыздың өзі ауру,
Қатын-семіп барады,
Жылай беру ерте-кеш
Арқалатты кінәні!»
Екі мұжық жөнелді,
Қалаға қарай бет беріп,
Балалар да жүгірді,
Балықтарын көтеріп,
Қайғылы өңмен қамығып,
Қарап қалды қыз сорлы.
Іші күйіп зарығып
Мәлтілеп көзге жас толды.

«Айқап», № 13, 1915 ж., 198—199-беттер.

30 жылдардың басында екі жыл Алматының түрмесінде жатқанда жазған өлеңдерінен

Ашығың үш күн болды абақты үйде
Жатырмын дым сызбастан халсіз күйде.
Осыдан олай-бұлай болып кетсем,
Жеткізер кім сәлемді біздің үйге.

Ашығып үш күн болды кетті шама,
Ауыр ой бойды билеп жүрек жара.
Осыдан олай-бұлай болып кетсем,
Жеткізер кім сәлемді мұңлы анама.

Ашығып үш күн болды төсегімде
Жатырмын белді буып тәуекелге.
Осыдан олай-бұлай болып кетсем
Жеткізер кім сәлемді туған елге.

Ашығып үш күн болды арғаным,
Тағдырдың кім көнбейді салғанымна.
Осыдан олай-бұлай болып кетсем,
Жеткізер кім сәлемді жан жарымна.

Ашығып үш күн болды жаттым төзіп,
Жатырмын жас өмірден күдер үзіп.
Жан жарым, жандай көрген үш құлыным,
Қаласың әлде кімге көзін сүзіп.

Қамалдым өткелі жоқ терең жарға,
Әділдік таба алмадым амал бар ма?

Осыдан олай-бұлай болып кетсем,
Жеткізер кім сәлемді жолдастарға?

Ашығып үш күн болды жатқаным,
Нәр қылып қара суды татқаным,
Осыдан олай-бұлай болып кетсем,
Жеткізер кім сәлемді үш ботама.

* * *

Жаздым сәлем жаным,
Өмір серік жарым,
Көшпен көрген ұлы той,
Сағындым деп налыма.

Жаздым сәлем ботам деп,
Жүрген шығар «напам» деп,
Зәйра, Нартай, Сәулежан
Келеді напам қашан деп.

Жаздым сәлем анама,
Сағындым деп жылама,
Ұрлық қылып, ат ұрлап
Жатқаным жоқ жаладан.

Зәйра, Нартай, Сәулежан,
Көңіліңе мендей бола ма,
Үш ботамды үш сүйсең,
Басылар ма көңлің сонда да.

Жаздым сәлем Әндарға,
Тілегі бір жандарға,
Күлсім менен үш ботам
Бір жылша қонақ ортанда.

Жаздым сәлем, төрт жеңге,
Жатқан қайның түрмеде,
Еркелігін Күлсімнің,
Көтеріндер аз күнге.

Жаздым сәлем, Нариман,
Бауырдай едік бір туған,
Жазығым жоқ инедей,
Неден жала жабылған?

Жаздым сәлем Қасымға,
Түскен заман бір сыңға,
Шамаң келсе қарайлас,
Күлсім мен үш құлынға.

Жаздым сәлем Мақана,
Таршылықта шын аға,
Курмелмейді қысқа жігі,
Жокшылыққа не шара,
Ойын көркі үлкенмен,
Көңіл көтер бір пара.

Жаздым сәлем бауырма,
Не де болса — жазу да,
Қойдан қоңыр жуас бол,
Асаулықты қалдыр да,
Ағайынмен тату бол,
Көңілдерін қалдырма.

Бара калса жазған хат,
Тапсырам сізге аманат,
Сәлем жазған туысың,
Көрмеген соң сағынат.

Жаздым сәлем, Қошақай,
Қалмаған көңіл, жаным-ай,
Үш ботамды еркелет
Жүрсін мені ойламай.

Жаздым сәлем, Қаднша,
Жабыққан көңіл аз мұнша,
Күлсім менен үш ботам,
Қопақ болды бір жылша.

Жаздым сәлем, ағайын,
Сарғайдым білмей ел жайын,
Ат атауға жерім тар,
Жалпыға сәлем жазайын.

Жаздым сәлем, жамағат,
Кебенек кінген оралат,
Күлсім менен үш ботам,
Мен барғанша аманат,
Аш-жалаңаш қалмасын,
Көптесе көмек табылат.



Қартішке папасынан ботасына,
Папасы айналады ботасынан,
Үш сүйсем, үш ботамды маңдайынан,
Көңілді шығарар ем қаласынан.

Болғанда адам — қайық, тұрмыс — теңіз,
Тұрғанда бақыт құсы көңіл семіз,
Қайратқа сал, сабырлық қыл,
Қуаныш реніш пенен деген егіз.

ҚАЗАҚ ТАРИХЫНАН

СССР Халықтарының кіндік баспасы
Мәскеу — 1924 жыл.

Сөз бастары

1. Басқармадан.
2. I.
3. II. Менгеру жайы.
4. Рамат жайы.
5. Әскерлік жайы.
6. Дін жайы.
Оқу жайы.
7. Жер жайы.
8. Ру жайы.
9. Қарсы қозғалыстар.
10. Қазақ халықтарының мәдени мақсұттары
11. Мәденилеу орыс қандай үлгі береді?
12. Мінез, хукүк жайы.
13. Ауыл шаруашылығының жайы.
14. Кәсіпшілік жайы.
15. Денсаулық жайы.
16. IV.
17. V.

Біздің бұл кітапшаны басқандағы бір ойымыз — аз болсын-көп болсын оқушыларымызға қазақтың саяси-тарихи тұрмысынан хабар беру. Сондықтан кітапшаның ішіндегі кездесетін кемшіліктерді, алды ала оқушыларымыздың есіне салып өтуді дұрыс көрдік.

Тарих жазушылардың тарихта болған уақиғаларға, өзінің көзқарасы болады. Тарихи істерге өзінше мағына береді, сын тағады. Тарихшының тарихи істерге беретін сыны — бағасы саяси жолына байлаулы. Мына кітапшаны жазушы да қазақтың саяси-тарихи тұрмысын тексергенде, өзінше, «сынар жақ» баға береді, мағына шығарады. Қазақ тарихында болған, көптің аузына ілінген, жақсы іс болсын, жаман іс болсын — бәрін де өзінің ұстаған саяси жолымен қабыстырады, саяси жолына өлшейді.

Жазушының саяси жолы — ұлтшылдық жолы. Көздеген саяси идеясы — қазақ ұлтын «бұзбай, жармай» мәдениетті ұлтқа жеткізу. Қазақтың басынан кешкен тарихына баға бергенде сөзінің шеті ұлт, қай іс болсын, оны таққанда, ұлтқа пайдалы ма еді, пайдасыз ба еді деген өлшеумен келеді. Ұлт ішінде қазақтың қай табына пайдалы, пайдасыз еді, саяси басшылық қай табының қолында еді? «Бұл сөздерге ұлтшыл жазушымыз көңіл бөлмейді, «Әңгіменің» бұл жағын тексермейді. Сондықтан, кітапшаның бір зор кемшілігі — осы.

Екінші кемшілігі — кітапша бастап аяғына идеялизм көзқарасымен жазылған, идеяшылдардың ойынша, әр халықтың ілгері аяқ басуы — мәдениетті ел болуы, шаруасы өркендеуі, сол халықтан шыққан саяси басшы адамның тура бастауынан; зиялылардың саяси тәрбие көруінен, «адамшылық», «әділдік» аңғары мен шығарған заң болудан деп біледі. Кітапша иесі Қошмұхамметтің де, тарихты тексергенде, қазақтың қазіргі саяси тұрмысын танығанда айтатыны — сол. Қошмұхамметтің бұл пікірлері «Халық қаһарманы Кенесары мен Наурызбай өлген соң қазақ елі мүлде жуасыды. Әлихан өзіне ерген топты діни фанатизмге қарсы тәрбиеледі. Бұдан барып татардан іргесін аулақ салған қазақ ұлты туды» деген сөздерінде ашық айтылады. Мұндай пікірді Марксизм жолы «адамның атына құл болғандық» дейді.

Марксисттер бір тайпа елдің, таптың тағдырын бір адамның қолында деп білмейді. Бір ұлттың не ұлт ішінде таптың өніп-өсуін, саяси күрес бастауын, жеңуін, жеңілуін бір-екі адамның өлуінен деп және айтпайды. Тарихты бастайтын бір адам емес. Маркс айтады: «Адам баласының тарихы — тап тартысы тарихы», — деп. Бұл сөз: «тарихты бастап келген тап тарихы» — тап күресі болып келді деген сөз. Белгілі бір дәуірде бір тап үстем болады.

1. Қоғам тұрмысын жұптайтын ой, сана — адам баласын жақсылыққа жеткізетін таза идея. Идея адам баласының күндегі өміріне құл емес, шаруа қалпына байланыбайды деген көзқарас.

Үстем тап өзіне қараған ұлтты түгел бастайды — дегеніне жүргізеді. Бір ұлттың ауызға ілінген, білікті болған басшы адамы болса, ол адам — заманына қарай шыққан ұлт ішіндегі бір таптың адамы — жоқшысы болады. Қазақтың тарихи адамдарын да осы жолмен бағалау керек.

Қазақ елі жуасыса, Кенесары мен Наурызбай өлгендіктен жуасып қалған жоқ, басқа себептері болды. Үлкен себептерінің бірі — қазақтың шаруасы күйзелді, қазақ ішіндегі үстем тап орыс патшалығының бетіне қарсы келмейтін болды, Кенесары толқыны қазақты ойлағанына жеткізбеді. Сонан соң барып орысқа қазақ қарсы болуды — шабуыл жасауды қойды. Күші кетіп амалсыз қойды. Егер қазақтың ол кездегі үстем табы күшті болса, орыс патшалығымен тең түссе, қазақ шаруасы күйзелмесе, қазақ хандығын бөлек жасауға жол болса, бір Кенесары, Наурызбай өлгенмен, тағы, өз әлінше, бір Кенесары, Наурызбайлар шығар еді. Екінші Кенесары өлсе, үшінші Кенесары туар еді.

Әлихан туралы да айтатынымыз осы. Қазақтың ұлт болуы, Әлиханның өзіне ергендерді діни фанатизмге қарсы тәрбиелегеннен болды деу қоғам тұрмысына тінті үстірт қарағандық. Әлихан діни фанатизмге қарсы болмаса, қазақ ұлты өшер ме еді? Фанатизм туының астында жүріп-ақ қазақты ұлттыққа жеткізуге болады. Бірақ гәп ұлттыққа жетуде ғана емес. Жарықшақсыз, тапсыз ұлт жоқ. Ұлт ішінде таптың бәрі бірдей емес. Бір тап үстем, өз әлінше басшы болады. Өзге тапты өз иірайына көшіреді. Бұл — тарих запы, тарих жолы. Әлиханға баға бергенде тарих құрығынан шығып болмайды. Өніп-өскен ортасы, ұстаған саяси жолы, әдісі, істеген ісі, Әлиханды амалсыз қазақтың бір табының жоқшысы қылады. Әлихан өз көңілімен «қазақтың маған бөтендігі жоқ, бәрін де жақсы көрем» дегенмен, іс жүзінде, саяси тартыста бәрінің көңілін таба алмайды. Өйткені қазақтың байының — мырза, ақсақалдарының тілегі қазақтың кедейі, момын шаруаларының тілегі болмайды. Кедей тілегі бай болмайды. Екеуінің біріне жаққан біріне жақпайды.

Қошмұхаммет қазақтың осы күнгі саяси жайын да қысқаша тексеріп өтеді. Қазақтың осы күнгі саясатшы зиялыларына да өзінше сын береді. Қазақ келешегі, шаруасы туралы да сөз қозғайды. Біз, бұл арада Қошмұхамметтің сөзінің бәрін дайындап, толғап жазуды артықша көреміз. Үйткені, әр сөздің басы қозғаған соң, бас-басына бір мақалалық орын керек. Біз, ашыа, кемшіліктердің ұзын-ырғасын ғана айтып өтеміз.

Қазақ зиялылар нисанасын бергенде, Қошмұхамметтің бір кемшілігі — зиялылар арасындағы саяси ағымдарды ашпайды. Сөзінің көбі кірбілтін — көмескі қалды. Қошмұхамметтің сөзінше қазақ зиялыларының

«нысанасы, жүрген ізі бір болса да, әрқайсысы өз бетімен сәй ерлеп, халық жүгін өзіне қарай тартатын сықылды. Осы іздегі зиялыларға, Қошмұхамметтің ұсына-тын жолы — «қазақ зиялыларында бақ құмарлық, жауу өсекшілдік, кек алғыштық бар, осы мінезден сау азаматтар көз, құлақ болып, өз жанындағыларын осы мінезден аулақ ұстау керек» дейді. Бұл пікірді біз қолдай алмаймыз. Бірінші — қазақ зиялылары бізде, нысана-сы бір деу дұрыс емес, қазақта сарнаған екі саяси ағым бар. Біреуі — ұлтшылдар ағымы, біреуі марксисттер — коммунистер ағымы. Бұл екеуі бір қонысқа қона алмайды. Бір ізбен жүріп, бір нысанаға көздей алмайды. Екеуінің саяси беті, әдісі, негізді жолы, емі басқа. Қошмұхаммет сөздің бұл жерін ашыады. Екінші, «жап-тарындағы азаматтарды бақ құмар, өсекшіл, кек алғыш болудан сақтаңдар» дегені Қошмұхамметтің саяси зиялыларды қолдан жаса, бұзық мінезділерді «райынан қайтқың» деген сөз болып шығады. Әлеумет жұмысына арадасқандағы іздегені шен болса, айтатыны өсек-өтірік болса, істегені кек алу — княнат болса, ол аямады үгіттеп саяси кісі қылам деу арамгер болғандық — болмасты болдырам деу болады. Қазақ зиялыларында бұзық мінезділер жоқ емес, «күдайға шүкір» неше түрлі тіздер бар. Бірақ мұндайларды қазақтың жұмысы, бұқара табын бастап отырған коммунистер партиясы ешбір уақытта үгіттемейді. Партия ішінде ондайлар болса, аластап шығарады. Рас, қазақ ішінде коммунистер партиясы әлі жас. Ішінде әлі кемшілік көп. Бірақ қазақ коммунистерінің бұғанасы қатып, буыны бекіп келеді. Партия жұртшылығы күннен-күнге өсуде. Партияның тура жұртшылығы, Маркс, Лениннің қасқа жолы қазақ ішіндегі бұзық мінезділерді тезге сала алады. Бұған біздің сеніміміз күшті.

Қошмұхамметтің қазақ шаруасы туралы жазған пікірін де түгел дұрыс дей алмаймыз. Қошмұхамметтің ойынша: қазақ шаруасы талқандалып құрып барады. Қазақтың желінегі «болу, не болмау» қатеріне мініп, қазақ елі айырық жолдың үстінде қалай жүрерін біле алмай тұрған көрінеді. Рас, қазақ шаруасы әлі қалпына түсе қойған жоқ. Аштық, соғыс қазақ шаруасын күйзелтті.

Сөйтсе де, қазірде де шаруа құрып баралы деуге болмайды. Қазақ хукіметінің бүгінгі таңдағы үлкен жұмысының бірі — қазақ шаруасын молайту, түзету.

Қазақтың тарихын тексеріп келіп, ал енді, қазақты

мәденилендіру үшін не жол бар дегенде, Қошмұхамметтің ұсынатын жолы 1) оқу, 2) саяси тәрбие алу керек деген сөзге тіреледі. Қазақ құрып бара жатыр деген Қошмұхамметтің, қазақ іргесі сөгілмесін деп бар тапқаны — осы екі жол. Бұл пікірді де біз қазақ тағдырының шеше қоятын жол деп қолдай алмаймыз. Қошмұхаммет қазақ ісінің бір тарауын — шетін ғана көреді. Әрине, оқу керек. Оқу жұмысы — қазақ халқының нағыз хүкіметінің қазіргі үлкен игілік жұмысының бірі. Бірақ, бар іс оқуда ғана болсын деуге болмайды. Қазақ неге оқымайды, неге нағыз жұрттың оқымысты болуы неге байлаулы, істің бұл жағын да ойлау керек. «Құрғақ қасық ауыз жыртады» дейді қазақ. Жұрттың оқуға ұмтылуы, оқымысты жұрт болуы шаруасымен байланысқан. Шаруасы өнімді шаруа, сауда-саттығы кеңіген жұртта оқуға ынта да күшейеді, оқу да молаюды. Қазақтың да оқу деген жұмысы шаруасының өнімді болып, молаюына байлаулы, айтпесе күр оқу деген сөз, Қошмұхамметтің өзі айтқандай, «сыңаржак» — байлаусыз сөз болады. Іске аспайтын жақсы тілек орынысыз хиялға айналды.

Екінші бір қазақтың түзелетін жолы — «саяси тәрбие» дейді. Қошмұхамметтің бұл сөзін де ұға алмадық. Тәрбиесі қай тәрбие? Коммунистік, маркешілдік тәрбиесі болса, ол сөзі дұрыс, бұған коммунистер партиясы көңіл бөліп отыр, іргелі жұмыстың бірі деп отыр. Қазақтың жас зиялылары, оқушылары, маркешілдік білімін үйренуге жұмыла кіріскен беті бар. Соңғы екі-үш жылдың ішінде қазақтың жас зиялылары, оқушылары, маркешілдік көбейсе бастағаны бұған дәлел. Рас, саяси тәрбие көру жұмысы осы күйінде көңілдегідей деуге болмайды — әлі қанағаттанарлықтай емес, күшейту керек. Қазақтың жас маркешілдері істе тәжірибе алып бір тәрбие көрсе, маркешіл білімін үйреніп, жолына қанып екі тәрбие көру керек, өзін шың маркешіл — коммунист қылу — әрбір маркешілік жолына түскен жас зиялылардың міндеті. Осы ретте тәрбиені біз де керек қыламыз.

Сөзіміздің басында айтып өттік. Қошмұхамметтің саяси беті — ұлтшылдық жолы, қоғам тұрмысына көзқарасы — идеализм көзқарасы деп. Сонымен, Қошмұхамметтің қанша қаламы жүйрік, тілі өткір болғанмен де, сөз түйіні кітапшасында шешілмей қалады, не шешілсе, дұрыс шешілмейді. Қазақ ішіндегі жаңалықтарға Қошмұхаммет жете түсіне алмайды. Бұған кі-

нәлі — Қошмұхамметтің тар ауданды, саяси жолы, тұрмыстың тоқсан тарауы толғағын айыра алмайтын идеализм көзқарасы. Талай білгіш — данышпан идеалисттар қоғам тұрмысының толғауын таба алмай, шеше алмай жаңылысқан, өлі де жаңылмақ. Қоғам тұрмысының жұмбағын шешкен, сырын айтып берген жалғыз-ақ марксизм жолы — марксистік көзқарасы. Қазақ тұрмысында жаңылмайтын тамыршысы — осы жол.

«Сынар жак» болмайтын, тарихты шын тұрмыс айнасы қылатын марксизм көзқарасы мен қазақтың саяси, тарихи тұрмысынан кітап жазу — қазақ марксистдерінің бүгінгі бір міндеті. Маркс жолымен жазған қазақ тарихын күттік. Әзірге, аз да болса, тарихшыларымызға тарихи мұра болсын деп мына кітапшаны бастық.

Ғаббас.

А. Ш. бұл мақала басқарманың тапсыруы бойынша жазылды.

Мәскеу, 1924-жыл.

I

Әуелі Февраль төңкерісінің толқынымен, жеке адамдардың хиялындағы автономия пікірі әлеумет алқасына түсіп, іске аса бастады, жыланша иірілген тұрмыстың тоқсан екі толғауында жүрді. Ақырында, 1919-шы жылдың жазында Совет үкіметі қазақ автономиясын жариялады. Мінекей, автономия төртінші жасқа аяқ басып отыр. Бұл уақытқа шейін жалпы саяси әуесі һәм шаруа күйзелушіліктері бұқара қазақтың пайдасына арналған істердің орындауына бөгет болып келді. Бұдан былай шаруа сабасына түсе бастаған соң, қазақты мәдениелендіру шараларын қарастыру керек деп кім болса сол айтады. Бірақ қандай жолмен мәдениелендіру дегенде жауап салаланып кетеді. Белгілі жол көрсетуден бұрын қазақ тұрмысына тарихи көз салу шарт. Үйткені қазіргі тұрмыстың шаруа, мәдени, рухани жағы болсын — өткен тұрмыстан қалып отырған мұра. Тарихи тексеруден екі мақсатқа бірден жетеміз: 1) Қандай шарттардың қазақты қазіргі күйге келтіргенін білеміз. Тарихи қарағанда, қазақ тұрмысына өзгеріс Рүссияға бағынғаннан бері кірді. Сол өзгерісті ұғу үшін Рүссияға бағынбастан бұрынғы қазақтың қалпын шолып өтейік. Ол кездегі әлеумет тұрмысы туралы жазбалы мағлұмат аз, сондықтан көбінесе ха-

лықтың ащы тәжірибесінің қорытындысы — мақалға сүйенуге тура келеді. Шыққанына екі мың жылға жуықтаса да «ай дейтін әже жоқ, қой дейтін қожа жоқ» деген сияқты мақалдар бар. 1—2 ғасырда қырғыздар ханның әже деп, үйретушіні қожа деп атаған. Осы реттегі мақалдар — тарихи құрал. Рүссияға бағынбай тұрғанда таңбасыз тайға, еңсіз қойға не болған қазақ еді киіз үйді ғана мекендеген, толық көшпелі еді. Жекелеген, хатте үй ішіне бөліну мүмкін болмаған көшпелі тұрмыстың арқандалған кіндік қазығы ру еді. «У жесен руымен», «Ордалы құлан ақсағанын білмейді» деп ақсақал аузына қараушы еді. Көшіп-қону, кек алу, жаудан қорғану, көптен құн алып, құн төлеу, немеруін қосу, жылу жинау бір рудың ішінде міндет еді. Немеруінен «Жесір ерден кетсе де, елден кетпейді» деген хұқық туған еді. Жылу осы күнгі күн батыстың «страховойына» келеді. Қонақасы алты алаштың бөлінбеген еншісі еді. Мұның бәрі әлеумет пенінің тілімен айтқанда родовый коммунизм қорамына кіреді. Бір рудың ішінде талас-тартыс болмаған, бір рудың ішінен өзара қыз алдырмау — жанжал шығармау мақсатынан еді. Қазақтың жеті атадан беріден қыз алмауы, бір руға жеті атаға шейін өрбігендердің кіргенін көрсетеді. Және әр руды бір атадан өрбіген қан жақындығымен байланысқан деп қарауға болмайды, үйткені руынан кемдік көргендерден, жауда қолға түскендерден басқа руға мүше болып кеткендер көп. Сондықтан қазақтың руын — саяси шаруа ұйымы деп қарау керек.

Ескіден келе жатқан әдетпен хан сайлаушы еді. Ханның тізгіні әр рудан басы құралған ақсақалдардың, батырлардың тобында бөлек да, күшті ру менгерудің мұрындығы еді. Ханды хат білмейтіннен сайлау әдеті — «хан қарашасыз болмайды» деген мақал, ханның халыққа байлаулығын көрсетеді. «Қараша хан тұсында, ханда қырық кісінің ақылы бар» деген мақалдар һәм «Байтақтың саны болар ма, Әділ патша өлген соң» деген өлең халықтың ханға байлаулығын көрсетеді. Еуропаның кінәздері сияқты халықтан оқшаулатып кетуге қазақ хандарының бөлек әскері болмады. Халық милициясы ретінде әр азамат қару алып жауға аттануға хұқы бар еді. Жауға аттануға азаматты зорлау болмаса да, әлеумет жүзінде қарусыз адам, әскер санатына қосылмаған адам төмен бағыланушы еді. Тәуке заманында 1) қаруды пайымның жылымадан бірін төлейтін болған; 2) қарусыз үлкенге қарулы жас орын бермейтін болған.

Ауқат

Қарусыз азамат алқасында дауысқа не емес. Және де ханның жеке күш алуына көшпелі тұрмыс бөгет болды. Себебі: ханға наразы ру бір түнде түндік алып ауатын болған. Рудың ауып кетуінен қорқып хан әсіресе күшті руға босаң болды. Күшті рудың тегеурінін босатпау үшін Тәуке хан күшті руларды ыдыратып, әлсіздерді біріктірген еді. Сол уақытта рудың тігісі сәгіліп, жеке хандар, батырлар, билер жекеленіп руды бір-біріне шоқпар қыла бастады. Билік менгеру жөнінде жазулы заң болмады. Мұны тудыратын қазакта қозғалмайтын... мұның негізіне құрылған сауда-саттық не жазбаларды өндіретін дини ұйымдар (сопыхана, құлшылық үйлері сияқты) не тасқа, ағашқа, теріге ойылған жазуларды сақтайтын отырықшылық болмады. Қасым ханның қасқа жолының, Есім ханның ескі жолының бәрі Тәуке заңының жазылмай қалуы әлгі айтылған себептерден. Жазба заңның орнына «Ауылда көрініп болса, сызып қойған хаттай болады» деген сарынмен бірден-бірте сөз мұрасын қалдырып отыратын ақсақалдар болды. Бұлар заң кітабының (кодекс заңоноу) орнына ұсталды. «Жамаң, би — жанға салар» дегеннен қашып, ол кездегі билер, ақсақалдар анық танықты ақылмен айырушы еді. Анықты қалдырған ер Едіге осы күнде де ақсақалдар аузында сөйленеді. Қазак арасына айыр-бас сауда жүргізетін бұқарлықтар еді. Бұлар керуен-керуен болып асыл бұйымдарымен қазак жақсыларының маңайына сағалап жатады екен. Қазактағы Бұқара, Қытай, Хнуаға миллиондап қой, 100 мыңдап жылқы (ол кезде сиыр болмаған) айдайды екен. Ханмен тәрбиеленбеген халық шаруасы жаратылыстың қабағына караған халық ырымшыл, діншіл келеді. Ол кезде де қазактың өзінше діншіл болғандығы орта жүз орысқа карамақ болды дегенде, дадан тобықты Қарамен би Кеңгірбайға жазған:

«Сәлем де Кеңгірбайға, кел кетелік, Мықты сөзбаз төрлетелік: Мұсылманның жұртына маңдай қойып, Аты жақсы дариядан әрі өтелік» деген сөлемінен, Абылайдың: Туркістан барып бабаларымдай Қожахмет Яссун қабырының жанында тұрамын» деген сөзінен әм Бұқар жыраудың Абылайға айтқан жырларынан, қазактың өзінше түсінген мұсылманшылықтан күр алақан емес-тігі көрінеді. Дүмше молдалардың теріс түсіндірген мұсылманшылық мөрі қазак денесіне басылмастан бұрын, қазак әйелге еркін көзбен караушы еді. Кейбір аталардың шеше атымен кетуі — әйелі билігі (матриархат)

болғандығына дәлел. «Алып — анадан», «Қош бастаған бәйбіше» деген мәтелдер қазақ әйелінің шаруа әм әлеумет аумағында еркін болғандығын көрсетеді. Еркек жаудан қорғаушы болса, әйел шаруа сақтаушы болды. Және де көшпелі киіз үйде жасырыну мүмкін болмады. Осылай еңбек бөлісін жүрген заманда, дүмшелердің шала піскен шарияты әйелді абзактыға кіргізген. Құл шығыс парсының әдеттері кіріп, қазақ әйелі тең құқтан айырыла бастады. Музыка (саз), поэзия (ақындық) қазақта күшті еді. «Қорқыт күйі», «Көкей кесті» сияқты күйлер, «Қозы Көрпеш», «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Қыз Жібек», «Алпамыс», «Қазымбек» сияқты қиссалар әм мақал, мәтел, тақпақ, әзіл мұқам, пәнді тілмен айтқанда, «Символика созидательная» жоғарғы айтқанда дәлел. Аз еңбекпен ғана тіршілік етуге мүмкіндік берген адамға бос уақытты көбірек қалдыратын көшпелі тұрмыс, көшпелілік дүние көзқарасының негізіне құрылған философияға жол ашты. Ерте кезде сурет салу бар еді. «Мен 1760 жылдардың шамасында қазақтың мола тастарында адамның, малдың суреттерін көрдім, және де ақ тасқа неше түрлі сырмен көшпеліктің түрлерінің, құмардың суреттерінің салынғанын көрдім». — дейді Григорьев қазақ арасындағы балшықтан жасалған бейіттердің әдемілігіне таңырқағанын жазып. Сурет салуды тыңған тағы да дүмше молдалар.

Қазымбек

II. Менгеру жайы

Киіз тұрақты қазақ жоғарыда сөйленген өнер-шаруа бөктеріншегімен Рүссияның қолтығына кірді. Қазақ кірейін деп кірген жоқ, қалмақ, башқұрт, қазақ-орыс, жоңғар талқысынан еріксіз кірді. Петр Великий: «Қазақ даласы — Индияға кіретін қақпа болды» деп, Сібірдің губернаторы Гагаринге «Қазақтың қатынас жаса» деп бұйырды. Тәуке де әм оған қолқабыстыққа сайланған Қайып пен Абулжайыр да бағынуды ұнатты. Гагарин Сібірден кетіп қалып, ақылды Тәуке өліп, бағыну иңкөз қалды. Қолқабыстыққа сайланған соңғы екеуі де өзі алдымен сүй өрлеп жеке үетем болуға тырысады. Сонымен қазақтың өз арасына да жанжал кіреді. Еділ қалмағын қысып, Жем мен Жайықтың арасына орныққан киші жүз Орал қазақ-орыс пен қалмақтан қағажу жеп, ізгері баруға Рүссиядан қорқып, кейін қайтуға Жоңғардан қорқып, екі оттың арасында қалып, амалсыздық күнінен Рүссияға бағынды. Бағынғаннан бай-

Тұбырлық

Болағы

А. У. Набоков

арқа
саалды тұрмыс табамыз деп ойлады. Абулқайыр хан:
1) күшті Руссияға аяқ тіреп Хиуалықты, Қарақалпақты
бағындырамын, үш жүзге үлкен хан боламын; 2) тақ-
ты мұралы қыламын; 3) қол-аяқты жиілеп алған соң,
Руссиядан бөлініп кетемін деп ойлады. Соңғы пікірмен
толқыған халықты миландырды. Руссия үкіметінің мақ-
сағы: қазақты бағындырып, қазақ даласы мен отырық-
шы Орта Азияға керуен өткізу болды.

Руссия хукіметі ұзын өлшеуге салып, бар билік, күш,
бедел, мандат — бар күшін ханды өзіне тартуға салды.
Бұлай ойланғандық 1726 жылы кіші жүз атынан бағы-
намыз деп барған Қойбағарды, Абулқайырдың ашық
қосылғандығы белгілі болмаған соң, Руссия хукіметі
қабыл алмағандығынан көрінеді.

1731—1838 жылдардың арасында кіші жүз бағынып
болды. Хукімет 1734 жылы Кирилловты Орынборға
жіберді... Оған 1) қазақты бақылайтын тыңшылар қой,
2) керуен өткізуді ретте, 3) хандарға үй, мешіт салып
бер, 4) қазақты сыймен алда деп жоба берді.

1740 жылы үкіметтен Абулқайыр сұраған: 1) зеңбі-
ректі жеткізу қиын деп бермеді; 2) ел арасына сауда
таратуға деген керуен жіберілмеді; 3) баласы аманат-
тан босатылмады; 4) Сібір бойына қазақты отырық-
шылыққа үйретуге салынысын деген қаласы қазақ бір
жерде басып қосып тұра алмайды деп салынбады. Хан-
ның да, халықтың да түпкі мақсұты орындалмады. Со-
нымен екеуі де наразылық көтере бастады.

1741 жылы Петербурға барған Абулқайыр елшіле-
рі: Байбек пен Қотыр батыр «Түркияға бағынамыз» деп
соңғының елшісіне жолыққан.

1747 жылы Абулқайыр шабуылды күшейтіп, ашық
қарсы бола бастады. Шабуылдың күшейгендігінен Цей-
доев: «Қазақтың бір-екі ауылын шауып, баласын қы-
рып, басқаларға қорқу салып, үлгі көрсету керек», —
деді. Міне, мәдени елдің үлгісі Шет жұмыстарды бас-
қаратын Коллегия: «Қазақты көрші елдерге талатып,
шекарадан куу керек, қазақтың бағынғанының керемі
жоқ» деген пікірге де келеді. Бірақ бұл пікірлер іске
аспалы.

Абулқайыр Руссиядан безіп, Персияға да бағынбақ-
шы болды. Жонғарға қызып беріп, қалыңмалына Түр-
кістанды алмақшы да болды. Бұрын құдалық тарихи
істерге әсер берген (қазақтың осы күнгі сайлау құда-
лығы сияқты), жалғыз қазақта емес, басқа жұрттарда
да солай болған. Мәселен, Стамбулды түріктер алған

сон Рим папасы грек патшасының қызы Полеологты
Рүссия патшасы Иван III-ге араға неше саты жеңе са-
лып алғызған. Ондағы мақсұты — Рүссия арқылы тү-
рікті қуу. Бұдан барып Рүссия патшалары түрікті қу-
ды, өмір бойы өздеріне иман орнына ұстап кетті. Қара-
қалпақты қаратуға шыққан бетінде Абұлқайырды Ба-
рақ өлтірді. Сонымен Абұлқайырдың хукіметке қарсы
наразылығы аяқталмай қалды. Абұлқайырдың баласы
Нұралыны хукімет хан сайлағанда «тек қағаз бетінде
ғана хан болады ғой» деп ойлады. Бірақ Нұралы да
хакімшілік іздеп, Рүссия хукіметіне түрлі тілектер қой-
ды: 1) Барақтан көк алуға һәм Хиуаны бағындыруға
10 мың әскер сұрады; 2) Абылайды хан қылып бекіткен
үшін өкпе қылды; 3) Жайықтан өте жайлауды сұрады.
Хукімет бұл тілектерін орындамады. Және де ханды
қаракшы есебінде қыла бастады, 1748 жылы тыншы
болып жасырын хабарлар жеткізіп тұрған үшін орта
жүз Наурызак баласы Тілеуберді батырлар да хан дә-
режесін алды. 1749 жылы Нұралыны бекіткелі барған
елшіліктің ішінен алты ақсақалға 100 сөмнан жасырын
сый берілді. Хатшы татар, Нұралының жоңғармен жа-
зысқан хаттарының көпшісін беріп, хукімет тыншысы
болған үшін өм Абылай хан хатшысы да осылай қыз-
мет атқарған үшін сый артық айлық алып тұрады. Кі-
ші жүз 1755 жылдан бастап Жайықтан аманат беріп
өтетін болды. «Жайықтан аманатсыз көшеміз, болмаса
Бұқар, Жоңғардан ауымыз», — деп, кіші жүз 1759 жы-
лы толқи бастайды.

тархан

жалға

Хукімет кіші жүз Жайықтан өтсе, Қырым, Кубан
мұсылмандарымен қосылып кетеді деп, Жайықты жай-
латнас үшін шөбін күйдіруге бұйырады. Осы кезде Нұ-
ралының екі баласы аманатта елелі. Және хукімет Нұ-
ралының тұғандарын сыймен қаратып араларына бәк-
күндестік тұқымын себелі. Ералы, Айнұзақ көрмен жүр-
гізген үшін ақы алып тұрады. Нұралы біржола ашы-
нып, хукіметке қарсы наразы болып, хукімет рұқсатына
қарамай, 100 мыңдай жылқыны Жайықтан өткізіп жі-
береді. Орыс қалаларына шабуыл жасап бастайды. Ху-
кімет қарсы қысым жасауға кіші жүз Қытайға ауып
кетеді деп тайсақтай берді.

КАРСЫ КОЗҒАЛЫСТАР

Хукіметтің даярлаған күлдық қамытып қазақ тезінен
күйіп алған жоқ, ұзақ уақыт бас асаулық көрсетті. Бі-

рен-саран көрсетілген наразылықтар туралы жоғарыда да айтылды. Бұл наразылықтар бір рудың ауданынан шыға алмады. Жалпы ұлт наразылығы Кенесарыда да көрінді. Кенесары толқуының шығуына бәсебептер: 1) рамаз алымының жиналуы; 2) үкімет төрелерінің қысымшылығы; 3) шенте сатылған қан тұқымдары мен еркіншілікті көкесеген хан тұқымдарының арасында наразылық тууы; 4) приказ жұмыстарының әділсіз болуы, мәселен, бұқарлық не татар сәудегерлері қазақ жерімен жүргенде мал тауарлары талансын, таландасын «қазақ талады» деп өлшеуден артық қампайтып көрсетіп, приказ арқылы төлеттіретін болған. Кейбір сәудегерлер қазақтың қанын сорып, алдып алып, таландық не «пәленше борыш төлемеді» деп арыз беретін болған. Жазғынды өтірік оқып қазаққа қол қойдыратын болған; 5) қазақ-орыс қысымшылығы; 6) болыс-болысқа бөлінген рулардың арасындағы наразылық.

Кенесары қалың қауға түскен бір шағым оттай болып, халықтың толқынын көтеріп жіберді. Халықтың әм Кенесарының несі нысана кылып ұстағаны әм не деп жауап қылғандығы сол кездегі айтылған мынау өлеңнен көрінеді:

Бағынбағын, қазақ, орысқа,
Бағынсаң, қазақ, орысқа,
Осы бастан амандас,
Сарыарқа деген қонысқа.

Береке кетер асыңнан,
Билік кетер басыңнан,
Некешпен некен күйерсің,
Күйдіруші табылып,
Көршілес жақын-қасыңнан.

Қызығып тұрсын байқамай,
Күйінгеннен айтам-ай!
Көрінісі орыстың
Текеметтің түріндей.
Ойлағаны жамандық,
Жарадан аққан іріндей.

Абакты деген үйі бар,
Қазуы қара көріндей.
Қара қазан, сар бала
Обалына қаларсын.
Кейінгі өрім бұтақтан
Қарғысын нәлет аларсын,

Ап кетейін бір жаққа.
Соңымнан ерші ерінбей.

Кенесары толқынының жалпақ жайылған әсерімен 1839 жылы Қарқаралыға қараған тобықты, сегіз найман, бай жігіт Қытай көшті Матай Шуға тартты. Сыбанкүл 1831—1840 жылға шейін Аягөз округінде, Құдайменде¹ Қарқаралы округінде толқын жасады. Сыбан 1841 жылы ұсталып айдауда өлді, Құдайменде өлгенше үкіметке қас болып, ұстатбастан кетті².

Кенесары үш жүздің баласын түгел санады: «Атқаны мұздаған, еркіншілігі сөнбеген ел бар ма», — деп тамыр тастады. Бірақ бакытсыздыққа қарай алғаш орта жүзді жинаған Балқаш айналасы малға жұрымсыз болып, мал есепсіз қырғын тапты.

Шаруа түзеле ме деп ауған елдердің салы суға кетіп қайрандай бастады.

Хүкіметтен кешірім алып Кенесары Сырдария мен Телеке арасында жүрді. Бірақ өзіне бағынбаған елге шабуылын тоқтатқан жоқ. Сібірге жақындамауға бұйырылған соң Кенесары Орынбор қазақтарының арасында көтеріліс жасады. Орынбор аймағының сызықта отырған қазақтары алғашқы кезде Кенесарыға қосылды. Мұның себебі: 1) арадағы қазақтың жерлерінің қазақ-орыс пайдасына кеткендіктен; 2) алымның күшейгендігінен.

Үкімет толқыннан қорқып, Мұғтжар тауының етегінен ырғыздың торғайға күйылатын шетіне шейін кірепестер салды. Ырғыз кірепесі салынған соң Кенесары Түркстан ауды. Толқын-толқын қажыған, хукімет шілері мықтап салынған Орынбор елі Кенесарыға тиісті көмек бере алмады. Мәселе 1839 жылы күнбатыс бөлімінің аға сұлтаны болған Баймұхаммет Айшолак баласы алыстан Темірлан, Батылдай даяқы шыққан Кенесарыға хат жазды: «Толқынының түбі жақсы бомае: сақтық керек, үлкен мүйізді қошқар көп қоймен келіп бір арыстанды жеңе ала ма», — деп. (Кенесарыны қошқарға, оған ерген елді қойға, хукіметті арыстанға ұқсатқан.)

¹ Бұл Сұлтанғазы ұлы Құдайменде Кенесарының қызын алған күйеуі, Бөкейхан ұлы Сұлтанғазы Баянауыл, Қараөткел, Ақмола, Қарқаралы, Аягөз қаласын салдырған.

² Құдайменде ұсталып Омбыда крестте жұмыста жүріп Ертістен жүзіп өтіп қашып кеткен Кенесары, Наурызбай өлген соң Қарқаралы үезіне қайтып келіп, тағы ұстаған жерде: «Енді орысқа қорбалма деп ақын-паі жарып тастаған».

Бұл хатты алеганда Кенесары: «Жақпанды құра білмеген, шапқызады» деген. Сендердің билеушілерің той. Құдайдың кең даласында жүріп, шаңға қызығып бағынғанша, ақ қазамен өлсек болмай ма! — деп, хатты Баймұхамметтің елшісі Жәртеккеге лақтырып жіберіпті.

1845 жылы Кенесары тағы да үкіметтен кешірім алып Түркістан кетіп, одан Іле өзеніндегі ұлы жүзге барды. 1846 жылы Кенесары Балқаштың оңтүстігінде тұрып ел-елге елші жіберді. Матайдан қалаған үйсіз Кенесарыны жақтады. Ұлы жүздің сұлтандары медальға қызығып Кенесарыға қарсы болды. Кенесары 10 мың қарулы кісімен жүріп жеті хиуалыққа мылтық соқтырды. Ұлы жүздің 500 үйіне астық салғызды. Орыс әскерінен қуғын жеп қамалды мекен қыла алмай Кенесары Шуға ауып, Ташкент қазақтарын қаратты. Қамалдан қашып жан-жағынан жау қамалағанда Кенесары хан болу пікірінен қайтқан жоқ.

1846 жылы Орынбор аймағына зекет жинаута, жанжал, бйрымтаны тексеруге (дінсіздерге бағынбаңдар деп) немере інісі Сейілханмен 25 кісі жіберді. Қазақта жүріп қорғана алмайтын болған сөп қырғыздың Алатауын мекендеуге ойлайды.

Қырғыз қарсы болды. 1847 жылы қырғызбен соғысқаңда Кенесары өлді.

Халық қайырманы Кенесары мен Наурызбай өлген сөң қазақ елі жылдың оны өткенде мүлде жуасыды. Одан кейінгі күн шығыс мұсылман елдерінің көршілестік әсерімен кіші жүз ішінде бірен-сэрап толқыншылар болды: Есет Көтібар балағы, Байқалам би, Жоламан батыр, Жалқожа Нұрміште баласы сияқтылар. Бірақ бұлардың толқыны от басынан өзған жоқ.

1869—1870 жылдарда алайлардың штатқа наразы болып толқын жасараны. Рукниң отрядіне шабуыл жасап, Рукниңді кескілеп өлтіргені көзге көрінерлік болды. Кенесарының жеңілуінің бас себептері: 1) Ұлы жүз бен қырғыздың Руссияны тәуір көргендігі, ол кезде Руссия Қытайдан қорқып екеуін де алдилеп арбап, алдан ұстап тұрды. Өмір бойы Руссия бізді жарыалқайды деп екеуі де Руссияны жақтады; 2) Кіші жүздің мойнына құлдык бұғалығы түсіп, тыпырлауға шамасының келмегендігі; 3) Орта жүздің ала болғандығы әм шаруасының күйзелгендігі. Кенесарының бас ақылдас адамдарының ішінде тыншы болып, Кенесарының жайынан үкімет төрелеріне хабар жеткізіп тұрған, сондай тыншылықтың көселінен арғынның Қаржас тобынан шыққан Кенеса-

рыға ерген ағайынды — Тайжанлы үкімет Қараөткелде атып, Сейтенді Тобыл жаққа айлады; 4) орыстың соғыс жөніндегі қару-жарағының әм әскерлік ұйымының үстем болғандығы.

КАЗАҚ ХАНДАРЫНЫҢ МӘДЕНИ МАҚСУТТАРЫ

Хандар өздеріне бақ, дәреже іздеумен ғана қалған жоқ. Бұл уақытқа шейін де айтылып келді, хандардың хукімет күшімен қазақты отырықшы қылуға тырысқандығы. Бұрынғы айтылғанға қосымша 1738 жылы Ташкентте тұрған ұлы жүзді билеген Жолбарыс хан Рүссияға «сауданы таратып құрмалық көрсетсең бағынамын» деді.

1770 жылы Абылай мен Дархан Жәнібектің¹ сұрауымен Троицкіде базар ашылды. Абылай қырғызды шауып, Түркістанда тұрған кенже баласы Әділге Талас өзеніне үй салдырып, айналасына елшіні қарақалпақты қондырып, көшпелі қырғызды орта жүздің солтүстігіне жіберді. «Бұлар жаңа қырғыз² аталды. Жоңғардың қайшымен (ханы) Галдан Серінге Абылайдың айтқан үш арманының бірі: қазақ орнықпай жүрген ел елі, отырықты өмірге кіргізсем деген елі. 1838 жылы кіші жүзде Құнбатыс бөлімінің аға сұлтаны Баймұхаммет те сауда ашқызды. Еке деген өзенге үй салғызып, сол жерден шаруа шөкөнің ашқызбақшы болды. Бірақ бұлардың мәдениет мақсұттары үкіметтің қара тілегіне қайшы келіп, орындалмады.

МӘДЕНИЛЕУ ОРЫС ҚАНДАЙ ҮЛГІ БЕРДІ?

Қандай қазақтың алдымен көргені — ел арасына шыққан, үкіметтің қол тоқбағы болған қазақ-орыс отрядтері. Алдамшылықтан азған, пара алушы, қорқызушы және парыз деп білген төрелер, алдау жолына арып сатқан сәудегерлер, қарауызды қайылған қазақ-орыс қалалары. Қазақ-орыс шөп басы қимылдаса-ақ «айт» деп

¹ Қошқарұлы Жәнібек. Мұны өзге жерде Шағашан Жәнібек дейді. Жәнібек — тоқал арғынды билеген. Абылайға батасын берген қазақтың басын бірі. Елі — Төребай, Қостанайдағы арғын.

² Жаңа қырғыз — Көшпелі тау үзінде, Аралдағы әр жердегі қазақ ішіндегі қырғыздар. Осы жина хырғыздан ән елге төре болып тартып Абылайдың балаларына Төленгіт болып ерін барып қалған.

камшы ойнатқаннан басқа, жайшылықта қазақтың еңбегін жеп, жерін тартып алып, қайта әреңдеге бергеннен басқа мәдени үлгі берген жоқ. Қазақ-орыс қалаларының жатқасыз болмауы, көбінің қазақ жұмыскерінеіз болмауы нағыз еңбек жегендігін көрсетеді. Қайта қазақ-орыс тіл, киім, шаруа, әдет жағынан қазақтан өнеге алып еліктеп кетті.

Орыстың сәудегерлерінің алдау-арамдық кәсіптерінен солтүстікте тұқымымен қурып қалған бұратаналар бар. Қайта қазақ араққа берілмегендіктен, көшпелі болғандықтан зман келді. «Алдамасан, сата алмайсың» деген орыстың макалы сәудегерлерді сипаттайды. Мұндай мінезді сәудегерлерден қазақ қандай үлгі алмақшы? Мәдениет сәулесін таратарлық үлкен қалалардың мәні болмалы. Сондай үлкен қаланың бірі — Омбыға «Аққу Ақакеештердің қаласы» деп. Потанин «азан» шақырып ат қойып, ерте-ақ сынаған.

Омбының манайында отырып қазақтар анда-санда біреуі болмаса орыс школдарына бала бермегені Омбыда бұратанашыл қызметкердің жоққа тәндігін көрсетеді.

Халық бостандығы үшін қуылып Сібірге айдалып келгендер болды. Бірақ олармен қалың қазақ қатынас жасай алмады.

Басшылық әсерін бағалау үшін ең қысқа дәлел: Шоканның Достоевский, Дуров, Семеновпен таныс болуы, Абайдың Мехайдегнен таныс болуы — бізге өнерге пісіп, қатарлы ел болсын деген жоқ. Екатеринаның жақын тілектері — сарайдалы ақ сүйектердің елегінен өтпей қалды. Қазақты бірен-саран білімге қарай сүйрегендік болмаса, оның негізі: әуелі қазақты жуасыту, одан кейін дінге аудару, ақыры келіп орыстандыру саясатынан шықты. Алды қазақтың 1732 жылы, арты 1865 жылы бағынып болды. 130 жылда қазақты бағындыру жолындағы саясаты, одан соңғы 1917 жылға шейін дінге аудару, орыстандыру саясаты тайға таңба басқандай қазақ тұрмысының шаруа, рухани, мінез тарауларына үлкен із қалдырды.

МІНЕЗ, ХҰҚЫҚ ЖАЙЫ

Билеу жағынан көшпелі қазақ мәдени Рүссиямен қой қаралас қоныс болса да, ілгері басқан жері жоқ. Қайта кейін кетті. Бұған себеп: зорлықшыл өмір нелерінің зақонды бетіне перде қылып ұстағандығы, үкімет

көздері қазақтың белгілі бір табын ұзақ уақыт таяныш қылған жоқ, кім адалыққа аяқ басқан болса, соны қолтықтады. Кім параны көп берсе, соны қолтықтады. Әділдік, адамшылық аңғарымен атқарылған заң болмады. Қамшының өрімі, қылштың қыры қазақтың үстінде ойпағаны, кедейдің қер шоларының алым үшін алынғаны, бикүна ұсталғанның жұмысы тексерілмеуі, абақтыда шірігені, адам ақыны парасыз іздеп ала алмауы, кірін жуып кіндік кескен жерінен қуытуы, бақдаражаның парамен табылуы — бәрі закон атымен істелді, қайткен күнде де закон қазаққа дем алдырмайтын тұмалдырық болды. Қазақ пара мен тұмалдырықты тесіп тыныс алатын болды.

Мәселен, ертерек кезде 3 сом сүйінші алған болысты қаралап, сот тексеріп 6 сом ақырында айып салған. Ол болыс өзін ақтау үшін адвокат жалдап, 350 сом шығарған. Осындай түймедей жұмыстың түйедей болып кеткені көп. Закон ұтымен қазақ округке бөлінді. 1868 жылы жаңа закон болды. Екеуінің де арты қазақ үшін жаушапқандай бүлдірді. Заңға сабақталған санақтың арты алымды қойыннан кара балтаң болсыннан асып қаны, жаны бір, тілегі, жүрегі бір өзінен шыққан оқығандарына да сенбеуге де айналды. Үкімет шапшаң тартып көз жасынан қанды еңбегінен шең-шекпен даярлап, өзіне жақындағандарға үлестірді.

«Қазекен» де бір жағынан тегіне қызығып, екінші жағынан жоғарғы хакімдерді алдау үшін жағынудың керектігін біліп, жағына бастады. Жүре-жүре жағыну әдет болды. Жағынудың бәйгесін қазақтың алғанына бір мысал: төңкерістен бұрын Ақмола уезінде «Шыңжыр балақ, шұбар төс» нағыз жуан атадан белған болыстың (өзі етті, кебеже қарын болса да) шалшық жерден крестьянский начальникті «аяғы былғананды» деп арқалап өткізген. «Бақытсыз Жамалдағы» «спаенбоға» қуанған ауылдай, қазақ арасындағы жиі ұшырайтын сурет болды.

Абайдағы:

Мәз болады болысын,
Арқаға ұлық қакқанға!
Жылтыратып орысын
Шенді шекпен жапқанға. —

деген жағынғанды толық суреттейді. Ел арасында көпшіліктің ұлыққа жағынуы сол даражада: адамшылық, мендігін жоғалтып, жансыз пәрседей болып кетті. Бұрын қазақ хусуесы тұрмыстарға ғана еріккеннен өтірік

айтушы еді: «өтіріктің идеялы 40 ауыз өтірікпен хал-ның қызын алған әңгімеге тірелуші еді. Бірақ аласумет жұмысына инедей өтірік қатыстырылмаушы еді. Хүкімет көздері ақ жолдан адасқан соң, шын жолмен жүріп, талдай жаппа шегіп, зашыс болғанлықтан, қазақтың көпшілігі өтіріктің орласы болып алды. «Орыс өтірік айтпасаң нанбайды» деген көпшіліктің арасында азаматтық хұқығын алған атым бар. Жаратылысқа шаруасы жақын тұрған халықтың жас бала сияқты көрсе қызар, қорқар, бір алдағаннан сіді қайтып аяқ баспайтын бір сенімі қайтса, сенбейтін мінезі болады. Қазақ та солай болып алды. Үкіметтің тарихи зорлықтарының жемісі сол: қазақтың құбыжығы, қорқатып құдайы — «протокол», не «жылтыр түйме», не «картоз» болды. Осы үшеуі жүрген жерден қазақ албастыдан қашқандай зымыран қашатын болды.

Қазақ өз басының хұқығын сот арқылы ізлеуден айрылды деуге болады. Үкімет адамдарынан жаман сөз есітіп не таяқ жесе, сотқа баратын қазақ некен-саяқ болды. Төңкерістен бұрын жабайы қазақтың тымалының мизытынан тартпайтын орыс аз еді...

Орыстың мемлекетшіл, ұлтшыл, білгірі — Мелакон орыс мәдениетінің тарихы деген кітабында жазады: «Түркияда көп жерлерінде түрік балалары еуропа адамдармен мазактап тас лақтырып, сөгіс сөздер айтты» деп. Сол Мелаконның құлағына төңкерістен бұрынғы орыс жігіттерінің, балаларының жабайы қазаққа айтатын «таңдама» сөздері, шалып, тартып, кесек ататындары шалыпбаса керек. Қазақтың мысқылды бойына күт қылуы — бірінші, хұқуқ есі кірмегендіктен — пои Клейстің «Михаил күлмес» деген кітабында айтылатын: «Егер маған тағдырда аяқпен тебілуге жазылатын болса, онда менің адам болып жүргенімнен ит болғаным артық» деген пікірдің қазақ есінде жоқтығынан; екінші, өз басының хұқығын қорғаушыға занын теріс қарағандығынан. Қазаққа өз басынан да тұрмыстың тұтқасы — мал бағалы. Қазақ басын жоқтамаса да, парамен болса не өнетініне көзі жетсе, мал даулайды. Екі қазақ бір-бірінен бір тын болса да, іздегіп алатын болды. Ал «жылтыр түйме», «картоз» жүрген жерге аяғын сирек басып, онда да жанға батарлық малы кетсе ізденетін болды. Мұның бәрі қазақ елінің мінез, құқық жағынан ұғымы, бағасы нольге жеткендікті көрсетеді.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖАЙЫ

Шаруа жағынан қазақ толық көшпелі, жарты көшпелі, жатақ болып үш жікке айырылды. 1917 жылға шейін толық көшпелі елдің малы көбеймесе азайған жоқ, бірақ, өскен жан есебінен шаққанда бұрынғыдан жан басына аз келуші еді. Оның үстіне толық көшпелі елден жыл сайын жатақ саны көбейе бастады.

Қазақ-орыс жеріндегі бақташы жатақтардың халінің нашар екендігі кімге болса да мәлім. Көшпелі елдердің жатақтарының да жарасып тұрған жері жоқ. Бұлар сүтке молдау болғанмен, басқа тамағы қазақ-орыс жеріндегілерден де нашар. Бұлардың халін суреттеу үшін Тарбағатай етегіндегі Базар өзенінде егін суаруға, шөп шабуға қалатын жатақтардың шалашты қымыз орнында, құртты нан орнында қалірлеп, соның өзіне де жарымай отырғандықтары, Қараөткел уезінде атсыз, сиырсыз кедейлердің барлығы дәлел. Жарты көшпелі елдер келімсектермен араласып сауда жүргізе бастады, егінді сату үшін сала бастады. Бұларда шарадан пайда жоқ, дөңгелек тұжысыз, айырбассыз кедей де жоқ, шаруа құйрық тістесіп қаралас жүрді. Үстірт қарағанда жарты көшпелі тұрмыс қазаққа пайдалы сияқты, бір-ақ бұл пайдалылық уақытша ғана — өлім алдында бой жасаған кісідей. Өйткені біраз жылдан кейін сауда ақшадан шаруа өте байлықты, өте келейлікті туғызып, екеуінің қонағына кіргендердің арасына көш-құлаш жік салмақшы. Бұл жік үлкен қалалардың айналасында отырған қазақ елдерінде төңкеріс алдында туа бастап еді. Мәденилеу келімсектерден әм қала буржуазиясымен жарты көшпелілер қоян-қолтық келгенде, көп жылдан кейін төмендей бастайтыны анық.

Бұған дәлел: Сібірдегі қазақтан басқа бұратаналардың келейленіп, саны азайып, кейбіреулерінің мүлде құрып біткендігі әм қазақтың бөкейлік тарауы ертеден ішкі Рүссияға сыбайлас болғандықтан, шаруасы төмендеп, өшпесе, өспегендігі. Омбы маңында отырып, малдарын азайтып, егін, сауда шаруасына айналған қазақ ауылдары бір жылғы егін шықпағандығын көтере алмай, ашығып жатқандығы.

КӘСІПШІЛДІК ЖАЙЫ

Қазақтан топтанған жұмыскер шығу бастап еді, қазақ даласындағы кен заводтарына, параходтарда, тұз,

ағаш кәсібінде көбінесе қазақ жұмыскерлері болды. Бұлар темір жол жұмысына кірісті. Жұмыс іздеген «пайдашылар» қазақ аймағынан шығып Үркіт, Алтай, Дена аудандарына да шығып кетті.

Төңкеріс болмай ескі «әймен» есеі бергенде қазақ елінің түгелімен пайдашы (батрак) болып кету қаупі туған еді. Пайдашылыққа ұмтылғандық Ақмола, Семей облысында көшпелі елде жұқпалы аурудай таралып еді. Бұл дағы көшпелі елдің кедейінің өте күйзеулігін көрсетеді.

ДЕНСАУЛЫҚ ЖАЙЫ

Қазақтың денсаулығы нашарланды. Ертеде қазақ желдей зулап, зеңгер тауды, жазық даланы еркінше кезіп жүрген замандарда жұқпалы ауру мүлде болмаған. 70-ке келгендерді «құлыншым» деп бұрынғылар жоқтайды екен деп қариялар аңыз қылысады. Ол кезде кенеттен өлу, не жаугершілікте, не ашаршылықта ғана болған. Қазақ-орыстан қыс бір жерде тұрудың үлгісін алып, қыстау саалды. Бірақ таза тұрудың үлгісін алған жоқ. Бұзау, қозымен аралас қарайғы тапал дым үйлер аурудың үясы болды; осыдан қазаққа қыспен бірге әр түрлі аурулардың қонақ болып келетіндігі. Уақытша болатын аурулар өз бетімен тұршыты, қазаққа мәденилерден мерез (сифилис) жиі жұқты¹. Мұны таратқан: 1) ел арасына шыққан татар сәудегерлері; 2) жәрменкеге, үлкен қалаларға келетін қазақ мырзалары, ат қосшылармен. Бұлар әйел сататын жерге баруды өздеріне парыз есебіне ұсталды; 3) Елінен ұзаққа шыққан пайдашылар². Бөкейлікте 100-ден 20 кісі сифилис деп Харозин жазады. Міне, мәдени әсері.

¹ Ақмола, Семей облысында мерез, құрағананы (сифилисті) «ноғай қотыр» дейді. Қырға бұл пәлені алған әжелген ноғай-татар.

² Біздің қырда ноғай қотыр бері келген соң кетпей жүрген себебі жұрттың тұрмысына: 1) топ бір аяқтал қымыз ішеді; 2) бір орамалға қолын сүртеді; 3) неше қонақ қонса, бір көрпе сзлады; 4) бір үйдің ішінде ноғай қотыр ауру болса да, одан жақшыдары сақтанбайды. Еуропада ноғай қотыр көбінесе ақшара сатылатын әйел арқылы ұяласып, бекіліп отыр. Біздің қазақта тұрмыстың, жұрттың соқырлығымен ұя салып отыр.

1905—1916 жылдардың арасында төрт облыс қазақ еліне алты-ақ процент қосылған. Қазақта өлім әйел арасында көбірек. Бұл қазақ әйелінің тұрмысының өте нашарлығын көрсетеді.

1916-шы жылы қазақ жігіттерін қара жұмысқа алғандық жығылған үстіне жудырық болды, бұлардың Рүссия қалаларын армансыз шарлағандығы «сифилисті» өте күшейтті. Қазақтың бұл күнге шейін құрымай келгендігі — жаз таза һауада көшкендігінен, қымыздың қызуынан. Әр түрлі аурулар көптеп өлуге себеп болғандықтан, қазақта өсім аз болды. Қазақтың мың баладан бір жасқа жеткенше 481 бала өліп отырған. Бұл есеп әсіресе бала тәрбиесінің нашарлығын көрсетеді.

IV

Үшінші бөлімдегі тексеріс патша үкіметінің тұсында теріс саясаттың тегеурінімен қазақтың өзүге, құруға бет алғандығын аңғартады. Хүкімет қазақтар діншіл «провославный», ұлтшыл орыс, шаруа құлы жасауға тырысқанда, қазақты үздік ұлттығынан айыруға тырысқанда, қалың ел әм оның оқыған азаматтары не істеді? Қалың қазақ екі-ақ орында наразылық білдірді: шоқкыядыруға тырысқанда, сыпырын жерін алғанда, бір-ақ шаруа жүзінде төмендеп келе жатқандығын, күн сайын құлдық торы шырмал, тұншықтырып келе жатқандығын сезсе-дағы, келешекте өзінің қандай күйге түсетіндігінен хабарсыз болды. Әм «сол тұншықтырған» албастыға қарсы істеген қарсы шарасы болмады. Тек сыртынан татар көргенде терісін жиырып, инесін ғарбайтып, домалаңдағаннан басқаға әлі келмейтін кірпі шешендей болды.

Бар жұмысты тағдырдың тақтағын тапсырып «ақыр заман жуықтадыдан» басқаны білмеді. «Бұл дүние көпірдікі, ол дүние біздікі» дегеннен басқаны білмеді.

Қазақтың оқыған азаматынан ең бірінші бұқараның мұнын жоқтаған, ұлтшылдық негізін салған Шоқан Уәлиханов болды. Бұл дін фанатизмге қарсы болып, қазақтың орыс үкіметі арқылы Еуропаның мәдениетімен құшақтастырам деп ойлады. Шоқан қазақтың келешегі зор деп иманын берік ұстады. Ол кездегі бұқараның пайдасын атак, сыйға айырбастаған хан тұқымдарына, жақсыларға, байларға да қарсы болды; үкіметті де осы пікірмен миандырамын деп көп талаптанғаны желге кетті: отаршыл үкімет көптің пайдасы, мұқтаждығы дегенге құлағын мақтамен тығып көрсен болды. Ақырындап келгенде үкімет аалында қазақ пайдасы деген тілектері іске аспаған соң және де орыс әскерінің Түркістан жағына істеген зорлықтарына шыдай

алмай әскер басы Черниевпен араздасып, көңілі суып, араздасып қырда өлді¹. Шоқан айтады екен: «бәрінен бұрын өзімнің қазақ елімді, одан соң Сібірді, одан соң Рүссияны, содан соң ғана бүкіл адам баласын жақсы көремін; қазақты орыс ұрып жатса, қазаққа болыспын. Орысты француз ұрып жатса, орысқа болысамын», — деп. Шоқанның пікірлес замандас қазақ жолдасы болмағандықтан және Шоқанның пікірлері бір жерге жиналып кітап болып ерте жарық дүниеге шықпағандықтан, кейінгі азаматтарымызға мезгілімен әскер береміз.

Ибраһим Алтынсарин де фанатизмге қарсы болып, миссионерлердің түпкі мақсатына алғашында көз жібермей, оқумен қазақты қатарға кіргізілім деген ойды бояды. Бұндағы ұлтшылдық өрісіне бет алды. Бірақ ақырғы кезде Алтынсарин де орыс төрелеріне наразы болып, орыстан безіп, қырда өлді.

Сібірді бөлу (областничество) ойымен сайлашып қазақты жауынгерлік жолымен бөлек ел қылу ниетімен әскер жинай бастаған Сұлтанғазы Уәлиханов болды. Бірақ мұны үкіметке жағынамын деп ұлы жүздің төрелерінен Тезек айналасы көрсетіп, ұстаттырды.

Сонымен Сұлтанғазының бет алысы соқыр сұрлеуше қалпымен біте қалды. Осы үшеуі ұлтшылдықтың ұшқынын шапыратып, от берді. Ірге қалап ту көтерді. Қазақ шаруасының түрі өзгермей мәдени болмайды деген пікірмен орыс төрелері жоба жол көрсету үшін 1889 жылдан бастап «Ақмола хабарларына» қосымша ретінде «Дала уалаяты» деген газет шығартты. Мұнда қазақтың оқыған азаматтарының біреышырасы жазушы болса да, іске татыр маңызды сөздер әлеумет мәселелері Әлихан Бөкейханов пен Жүсіп Көпеевтің қаламынан ақ шыққан көрінеді. Әлиханның бұқараны жақтағандығы, төрелерді шымшығандығы, Шоқанның кітабын оқысын не тыңнан өзі жол салсын, айтуыр соқырға

¹ Орыс әскері Ташкентті ала бара жатқанда, Шоқан — Кауфманның адютанты Түркістан қаласында Шоқан көшеде келе жатса, орыс солдаттары бір була әйелді мылтықтың найзасымен шапшып өлтірген. Шоқан осыны көріп қызметін тастап кеткен.

«Түркістан да менің өз жұртым елі бойы», — деп, Шоқанның ұлтшылдық қапы қозды. «Шоқан шын ер бойы», — дейді жолдасы Падринов.

Сотыс салтынан сотысқа бармай, жолдан қайтқан әскер басының военно-полевой сотқа берелі. Кауфман Шоқанды сотқа берем деген. Шоқан сотқа берсең бер, мен енді сотысқа өлтірсең де бармаймын деген. Шоқанды сүйткендіктен сотқа бермей, босатып қоя берген.

таяқ ұстатқандай көрініп тұр. Басқалардікі — негізі балдыр-батпақтау аздан әдебиет бөлімі де болған. Мал асырау әм басқа кәсіптер туралы жазылса да, одан пайдаланған қазақ бар деп айтуға аузым бармайлы. Газет орысшаға тәржімеленіп отырған. Сондықтан оқушы орысқа да арналған көрінеді. Қазақтың ас беруі, бәйге тигіш ат шаптыруы, ит жүгіртіп, күс салуы да жазылған.

Хүкімет-қаражатына шыққандықтан, хукімет бұйрықтары да жазылып тұрған. Хүкімет «Дала уалаятының» алдыңғы қасына өзі отырып алғандықтан, газеттің құлашын жаздырмай, өзіне қарсы ләм-мим дегізбей отырды. 1883-ші жылы Гаспринскийдің «Тәржіманы» бірлі-жарым қазақтың көз ашуына себеп болды.

Қалың қазақ арасына ояну сәулесі, оқыған азаматтардың топталуы да 1905 жыл 17 октябрь манифестімен басталды. 5-ші жылға кіргенде қазақ алдына: 1) дін жоғалу, 2) жерден айрылу деген екі жұмбақ көзденен тартылып еді, сондықтан патшаға думаға жіберілген тілектерде дінге еркіндік, жерге еркіндік бірінші планға қойылды. Әсіресе дін артық ұсталды. Науанның батасы мен Қойшығұлдың депутат болғандығы бұған дәлел. Білімімен жолды алған бір Әлихан болмаса, басқа оқыған азаматтар оқушының арқасында депутат болған жоқ. Нар шөккен аналығымен депутат болысты. Бұл нені көрсетеді? Ол кездегі қалың қазақтың выборлық болған жақсыларының думаны болыс сайлауында ұстағандықты көрсетеді. Саясаттың әліп-бінін де оқымағандықты көрсетеді. 1905 жылғы төңкерістің қызу күндерінде қазақ оқығандары бір ұйымда болған жоқ. Түрлісі түрлі партияға кіргендігі азаматтың мақсұты — өзі кірген партия арқылы қазақты адам қылу. Бірақ адам болатын қазақтың әлеуметтік белгілері қандай? Мұны тексерген азамат болмады. Жол сілтеген матбұғат болмады. Шықпай жатып «Серке» мен «Қазақстан» сөйіп қалды. Мұртқа өкпелеп жүргенле сақал шыққандай. Сталының бұратаналар «саяси бәлік» болған жоқ деп думадан мақрұм қалдырды. Бұлардың ішінде қазаққа бұктеме болды. Хүкімет Думаның «құлақ-мұрның» кесіп өзінің ыңғайына билейтін қылды. Дума қарақшы орында қалды. Орыс шkolын бітірген әм оқушы азаматтар боетандықтың буымен көзделсе де хукімет күштекті еште бастаған соң, көбінің тауы қайтып, жігері шағылып қалды. «Уай-хай жылтыр түйме, жылы қызмет» деп қайта көрісті. «Елім» дегенге еден қақпай, жарғанаттай жатып алды. Хүкіметтің

кара кугын жасаған күндерінде, айдауына да, абақтысына да шыдап, ел үшін басын құрбан қылған ат төбелідей ғана азамат тобы болды. Бұл топты баулыған Әлихан, Әлиханның казак еліне істеген тарихи қызметі: әдеби тіл тууына себеп болды, өзіне ерген топты дін фанатизмге қарсы тәрбиеледі. Бұдан барып татардан іргесін аулақ салған казак ұлты туды.

Бірақ Әлиханның казак алында өтемеген борышы: білімімен Европаның таңдамалы оқымыстыларына тең түсіп кұрдаc болса да, казакты салмақтаған, келешекке бақыт көрсеткен «пәнді еңбек» істемегені.

Жүрегі бала, иманы таза, шыншыл, сенімшіл Әлиханға кара тұрмыстың кіріне былғанып, саясат саңдалына түскенше пән жолына түсіп жоспар көрсету керек еді. Саясаттың бұлтак-сұлтағы көп, алдауды керек қылады.

Әлиханда бұл мінез жоқ. Расында Әлихан саяси іске езілген елі үшін амалсыздан кірді, ұлтын өте сүйген жүрегі, біраз жылдар Әлиханның тума пікіріне қарсы жолдарға да түсірді. Басқа жұрттардың басшылары тырым-тырақай болып шет патшалықтарға шығып кеткенде, Әлиханның қоныс аудармай қалуы да елін сүйгендікке дәлел. 1905 жылдан кейін казакқа дін жағынан қысым болған жоқ. Дінге еркіншілік беруі патшаның мұсылманға болысқанынан деген казактарды көп көрдім. Хүкімет дін жағынан жайлытса да, жер жағынан казактың желкесіне әбден мінді. Бұған қарсы бұкара казак оқығандарымен бірігіп наразылық көрсетті. Жер мәселесінде казак оқығандары екі айрылды: 1) қала болып жер алып қалу; 2) қала болмай көшпелі қалыпты сақтау. Бұл екі ойдың тұрмыс жүзінде қайсысы дұрысқа шыққанын өз ретінде айтып өтермін, казак арасына жаңалықтың жалын шашқан, ескі, орта ғасырдан қалған жаңылыс оқуларды (жер зйнамайды, көк өгіз көтеріп тұр, Ғайса тірі, әліп-би, әбжәт сияқты) жоғалтуға тырысқан, дене сокқысын көп жеген казак мұғалімдері, шәкірттері. Бұлар өз әлініше төңкеріс ұясы болған татар медреселерінен шықты.

Және де әдебиет алабын кеңейтіп, оқу ұранын көтерді. Бір Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтан басқа орыс школдарынан шыққан азаматтардың казак тілінде жазған әдеби кітаптары болмады. 1881 жылы Гаспринский: «Орысша білім алғандар, орыс кітаптарын мұсылманша тәржіме қылындар», — деп жар салса, орысша оқығандар бұлж етпеген. Жар салғаннан

кейін 10 жыл өткен соң «Тәржіман» газетінде жазылды: «Сонғы 20 жылдың ішінде шыққан 300-ден астам кітаптарды медреселерден шыққандар жазды; орысша оқығандар ана тілін білмегендіктен бір де кітап жазбады», — деп, біздің де орысша оқығандарымызда осындай көп болды. 1905 жылға шейін парсы, араб тұрмыстарынан алынған шала тілмен жазылған кіесалар шығып, көбінде діншілдік рухы ұран болды. Қазақты білім-өнерге шақырған, ескілікті мінеген әдебиет 5-ші жылдан кейін туа бастады. Алғашқы кезде татар-исламдық әсері күшті болып, ұран ретінде жазылған өлең кітаптар араб-парсы сөздерімен ашы түздыкталатын болды. Міржақыптың «Оян, казак» та жол басы сайын қосқан араб сөздерін азсынып, орыс сөздерін қосу жоғарыға дәлел. Жалғыз-ақ, нағыз казак тілімен Ахмет Байтұрсынов «Қырық мысалды» жазып шығарды. Қазақ елінің әр түрлі тұрмыстың жұмбақтарына кездесіп, дан болып тұрған кезіне «Қырық мысал» мен «Оян, казак» деп келіп, әлеумет жұмбақтарын шешкендіктен, елді оятқан үлкен күш болды, тақпақты сүйетін қазақ бұл екі кітапты үлгі орнында ұстап, мысал орнында айтатын болды, мұсылманша оқығандардың күшімен 1911-ші жылы «Айқап» журналы шықты. Басындағы шығарушы ыңғайымен журнал «Татар исламдық» рухымен кетіп «Уақыт», «Тәржіман» газеттерінің ойын қолданып, казак отырықшы болу деген ойды қуаттады. Бұған қарсы 1913 жылы «Қазақ» газеті шықты. «Жерге отырықшы болудың керегі жоқ» деп. Және де «Қазақ» жалпы казак тобын шақыруға қарсы болды. Бұдан былай казак оқығандарының арасында екі ағым ашық айырылды: 1) Әлихан тобы күнбатыс мәдениетті жазтанып панисламизм рухынан аулақ, казак ұлтын жасамақшы болды; 2) Бақытжан Сейдалиев, Жаһанша тобы ислам дүниесінен қол үзбей, қазақты ислам туының астына жинамақшы болды.

Сонғы топ «Айқап» арқылы өз ойларын таратса да, ішкірінде өз шаруаларымен айналысып, «Айқап» жетім қалды. Ойларында мықты болып «Айқап»ты қолтықтай алмады. Бұлардың елшілікті уақытша ермек қылғандығы белгілі болды. Қаламға ебі барлар «Қазақ»қа ауған соң «Айқап» қансырай бастады. Әсіресе, Көлбайдың журнал бетінде жақсы кісі болып көрінуі, журналдың уәкілі Сәлім Қәшімовтің «Қазақ»ды қарастырып кеткендігі «Айқап»ты алдырушыны да, оған жазушыларды да тоқтатты. 5 миллион ерзақтың ояну дәуірінен

10 жыл өткенде бір журналын жөндеп жүргізе алмай, жалғыз «Қазық»-ки қарап қалды. Бұл-дағы қысша зор-лағанмен жарна салушы аз болып, баспахана ала алмай, жұмасына бір-ақ рет шығып келді.

«Қазақ» газеті саясат ауруын қарайтын тамырына болып, үкіметтің арам ойлы сырларын қазақтың кестелі тілімен қалың қазаққа ұғындырып отырды. Және татар үстемшілдігіне қарсы болды. 1913 жылдардан бастап орыс школдарындағы оқушы қазақ жастары топтана бастады. 1914 жылы Омбыда жасырын «Бірлік» ұйымы ашылды. Мұның мәдени мақсатының астары, көздеген нысаны — саясат екендігі, әлеумет наразылығы. 1916 жылы «Балапан» журналының алдында балапан қанат қакты... жас еді... амалсыз қакты... солтүстіктің суығына шыдай алмады... балапанды көрің: «қорама кір, қолымда тұр. Қалған-күтқанды берермін деп күледі. Солтүстіктің салқын жүрек тас бауыр адамы» дегенінен көрінеді.

«Ғалпия» шәкірттері де ұйымдасты. Бұлар татар мек-ресесін де болса да, «Қазақ» газетінің жолын қуатта-ды. Қазақ әдебиетінің өрісі кеңімеді. Романды ұқсас «Бақытсыз Жамал» мен «Қалың мал» шықты. «Аза-мат», «Маса» және Шәкәрімнің поэмалары, шежіресі, айнасы, Қараштың «Ағз тұлпар, бала тұлпары» шықты. Бастауыш мектептер үшін біраз оқу кітаптары шықты. Абай кітабы басылды. Абай өлеңдері ерте жазылса да, мезгілінде басылмағандықтан, жалпы қазаққа тиісті әсер бере алмады. Алғаш ұлт әдебиетіне өрнек берген, әлеумет тұрмысын толық тексерген, идеалға сілтеген Абай болды. Біраз мысалдар:

Кейбір пірге қол берген

Іші — залым, сырты — абыз, —

деп, елді алдаған ишан, қожа, молда, қажыларды мі-нейді.

Ойында жоқ бірініп,

Салтықов пен Толстой.

Я тілмаш, я адвокат

Болсам деген бәрінде ой.

Военный қызмет іздеме,

Оқалы қнім қиоге.

Қызмет қылма уезге.

Жанбай жатып сөруге, —

деп, қазақтың орыс школында оқығандарының адам-шылықты ойламай, атак, шен іздегендерін, оязға жағы-нып, мендіктен айырылғандарын мінейді.

Ел шабылды, мал басылды.
Ұрлық, өтірік ту де ту,
Байы баспақ, биі саспақ,
Әудекі аспақ сыпыра ку. —

деп берекесі кеткен елді мінейді. Әдебиет сынымен тексергенде төңкеріс алдында сын көтерерлік 20 шақты-ақ кітап болды. Пән театр кітабының басылуына түгіл, жазбасы да болмады. Қаламға тазабы барлардың бәрінде өлең «несі» соғып, қара сөзбен жазуға пән кітаптарына тәржіма қылуға көңілдері жар бермеді. Тай-тұрпағымызға шейін өлеңшіл болдық. Маржанның «Терезеден қараймын, қарындашты жалаймын» дегені сол кездегі «Өлеңшілдерді» толық сипаттайды. «Балапан» иіні тап февраль төңкерісінің алдында № 5-де, «Горе от ума» мақалада татар жұртының молдалары, шәкірттері, жүреңтері таза талаптары мол болғандықтан, халық ағарту жолында көп қызмет істегендері көрсетелін, қазақ туралы айтады: «Біздің іс басындағыларымыз солдәлі молдалар — солбырайған, схоластика мен мпы айналған шәкірттер емес, орыс тәрбиесін, күнбатыс білімін алғандарымыз еді, сондықтан біздің іс аялардікінен тезірек ілгері кетуге тиіс еді.

Ойлағандай болмады. Біз не істедік? Басылған кітап сынын оңнан асыра алмадық. Алты алашқа екі газет шығара алмадық, жалпы жұртқа жылғыз журналды көтерте алмадық. Мектеп деген ауызда күр аты жүр. «Игілік» қауымы, оқу жұрты дегенді шет елден естиміз. Театрдың өзі түрсын, бір кітабын жаза алмадық. Бұл недіктен? Көп білгенімізден! Сары түйме тағып, қанзадан көкірекше киіп, кеудеміздің жоғарылаған, адвокат тәрелеріміз, офицерлеріміз, ақ жағалы сары түймелі тәрелеріміз ондай істерге өздері бас болу түгіл, талантты жастарға жылы жүзі, жұмсақ сөздері де жоқ. Жеңіл-желпі іеке кірісіп жүруге арналады. Олардың көп білгенінен жұртқа, жастарға қайғыдан басқа нәрсе жоқ», — деп, қазақ әдебиетінің өркендемегеніне жоғарғы «Балапан» ойынз қосымша менін көзатын себептері: 1) «Промышленная буржуазияның болмағандығы, бірен-саран қазақ жазушылары да кітаптары өздегіне пайдалы шартпен бастыра алмай, Қазаққа сүйрегендігі бұған дәлел. Татарла Ғүсманов, Хүсәинов аушы сияқты мәдени пікірлер пайла болды; 2) кизиктардың өз елшісіне тиген баспаханының болмағандығы; 3) зекетке қотыр тийын әреқ беретін қазақ байының қайырымсыз болғандығы, ил татар байлары болса, тарихи жолмен

«Ислам дінінің жолына, жетім-жесірге қарас деген ұранымен тәрбиеленіп қалғандығынан дін нұқтасымен байланып, оқу жолына көп жәрдем көрсетті; 4) қазақ оқығандарында шыдамдылықтың, табандылықтың аздығы, Харозни айтты: «Қазақ баласы сүйекке біткен күшімен жасында зерек болады, өсе келе тума күші азайып, жігері жоғалып, атадан көшкен қуат-жігер болмаған соң жасып кетеді», — деп. Татар қанша айтқанмен көптен отырақшы болған, ауыр еңбекке үйренген халық; 5) өте қазақшыл болып, басқа тіл қатыстырмаймыз деп қарысқандығымыз және де өте сыңшылдығымыз — 300 жыл тарихи дәуірді басынан кешірген орыс әдебиетімен таныс боламыз-дағы, Белинский болып Пушкинді іздейміз. Бізде кешірімді сын — «сабасына қарай піспегі» деген сын болмады.

1916-шы жылы қазақ жігіттерінің қара жұмысқа алынуы — қазақ тарихында екінші бел. Сол кезде қырдағы «атқа мінерлер» де, қаладағы оқығандар да сыналды. Жалпы бұқараның ойы өзгерді: 1) бұрын қазақ «ақ патшашыл» еді. «Патша жасырын намаз оқиды» деп дін пердесін жауып, өздеріне жақындатып қоюшы еді. 25 июнь жарлығы шыққан соң қалың қазақ патшаны тұқымымен қарғап-сілеп, мүлде безді; 2) солдат алмайды, ит терісіне алтын сиямен жазыл берген анты бар деген сенімнің желге кеткендігін көрсетті; 3) баламыз оқыса солдатқа кетеді деуші еді. Оқығандар жұмыстан аза болып, оқымағандарды қойдай тізіп көгендеген соң, қазақ жұмыста оқуға ұмтылды; 4) ошақ басынан, үй ішінен шықса өлеміз дейтін жігіттер Руссияны аралап, әр түрлі мәдени тұрақтарды көріп, ысылып, түзеліп қайтты. Сол кезде елдеріне хат жазған жігіттер қайсысы болса да «бекер оқымаған екенбіз» деп жатысты.

Ал енді 16-шы жылдың зиянды жағына келейік. Науд болған шаруа, құрбан болған жан көп болды. Қазақтың атқа мінерлері орыс төрелерімен бірігіп алып сорлыларды, момын байларды соғым қылды. Бұларға қазақ оқығандарының ішінен қосылғандар да болды. Февраль төңкерісінде ұлтшыл болып ұран шақырғандардың Октябрь төңкерісінен кейін көпшіл, ортақшыл болғандардың біреспырасы-ақ сорлылардың қонына қасқыр тісің жабыстырған. Оны тарих ұмытпас. Ол кезде шын жүрегімен ел қамын жеген азамат санаулы. Қазақ даласы сорпа болып жатқанда, ел есінен адасып «князмет мақшар» қнынына ұшырап жатқанда, ұлы Февраль

төңкерісінің сәулесі жалт етіп, қазақ «үф» деп демін алды.

V

Төңкерістен соңғы қазақ қозғалысы туралы толық сын жүргізуге түрлі тараптардан қойылған, салқын қанмен жазылған мағлұматтар жоқ. Сондықтан өз ойымды сынар жақтау болса да, қысқаша айтып өтемін. Февраль төңкерісінің таразысына түскенде бір табақта орыс хұкіметінің тарихи теңдесінің арқасында езілген, қоян жүрек, қорқақ, өзінен басқаға сенбейтін, алдағыш, өтірікшіл, бақ құмар, парашыл қазақ бұқарасы болды.

Екінші табақта қазақ оқығандары болды: «бұлардың көбі-ақ қасқыр тісті «сабаздар», ұлтқа жақыншаймаймылдар еді. Ол кездегі ақ жүрек жастарда тұрмыс тәжірибесі болмады. Енді қалған үркердей халықшыл азаматтар «парламентарный — идеялдық» көзқараспен милаңған, басқа саяси партиялардың астарымен таныс болмаған және қазақ елін «әулие» қылып ұстаған еді. Төңкеріс туды, халықшыл азаматтар Қырылтайды құлдай қылды. Әуелі саяси теңдікке айтысып отырып жетіп, содан кейін шаруа-мәдени хажеттерді орындаймыз деген ойда болды, жоғарыда айтылған қасқыр, маймылдың біразы тәубеге де келеді. Қалған әлеумет ісін сауда-саттық орнында ұстап, атақ-даража арасына кіріп, бір-бірінен кек алысып, «әлеумет үшін жүрміз» деген бетіне перде киді. Өзара өкпе-паз ушығып, көптің ісіне кесірі тиді, осындай өкпе-кектің алаңынан «үш жүз» партиясы туды. Бұл көке де болмай, сорпа да болмай, қоймылжың болды. «Құланның қасуына, мергеннің басуына» дегендей, «үш жүз» большевикті жақтаған болды, кек алу негізіне құрылған бықсыманы қозғай берді, «үш жүздің» адал саяси партия емес екеніне мынадай дәлелдер қоямын: 1) партияға мүшелікке «қырып саят» байларды, жуандарды алды; 2) бұқарашыл, келешік болып отырып «сызге қазақтың нағыз байларынан, жемқорларынан бадырайтып отырып атын атап уәкілдерді шақырды; 3) ұлт айырмалығына қарсы большевик партиясымен тізгіндесін отырып: «Сары орыстың бәрі — бір орыс, хохолды ердің алдығы қасына отырғызбаныз». — деп программа қойды; 4) дінишілдік ұранын көтерді (мұның бәрі ол кезде «үш жүз» газетін оқушыларға мәлім). Төңкерістен кейін қазақ да-

ласы комитетпен даурықты, болыстық тоны комитетке кигізді. Уездік комитеттер де қысқа күнде қырық сайланып отырды. Әдемі ақылды сөзбен жүіе босатуға сенген халықшыл азаматтар алалық-арздықты, сайлау құмарлықты тастаңдар, бірлікке келіңдер деп газет бетін өрнектеді.

Бұл ұран жоғарыда айтылған нашар сипаттар қанына сіңген қазақ еліне бит шаққандай да әсер берген жоқ. Және де бір болыстық елдің ішінде сайлаумен болатын хакімшіліктерге қазақтың екі ұдай болып таласуын оншейін бақ құмарлықтан деп ұғынып жүрді біздің азаматтар. Ашығынан қарағанда ол «таласу» шаруа қожалығынан қолға алу мақсатынан шыққан еді. Болыс, ауылдай болған халық ылымды аз тартады, басқа қара шығындарды аз көтереді. Ашые-беріе ақы жөнінде қарасы жоққа теңдік бермейді және де қызмет атқарғанда алым-шытып ақшасын өсімге жібереді. Осындай пайдаларды көре тұрып сайлау партиясына кірісу жалпы адамшылық есі кірмеген қазақ елінде түгіл, басқа мәдени елдерінің таптар күресінде де бар.

Тұрмыстың негізі — әзір шаруа қожалығына ұмтылуы емес пе? Ұлылы-кішілі съездер болды. «Керек», «болсын» деген жақсы тілектер жазылды, бірақ «керек» деп «болсынды» іске асыратын кім? Қалайша іске асырылады? Іске асырылатын қазақ ортасы қандай? Мұның бәрі есепке алынбады. «парламентарный идеялық» көзқарасты азаматтар қазақты түрлі өрнек салуға келе беретін балауыздай көрді, басқа саяси топтарды бір сөзді «аулия» деп ұғынды. Олардан судан шыққанын лағым... дегендігі ашы тәжірибенің арқасында артынан білінді. Көрпеге қарап аяқ созу бәтмай, қазақтың «тарихи тәжірибесіне» қарай бөлек жол қолдатпай, басқа партияларының әрқайсысының өзі қожалық құрып тұрғанда өзі жақтаған талқа жапқан тонын, біздің азаматтар (қай тараудағы болса да) «бас-көз», жоқ, қазаққа да кигізе берді. Әр аурудың өзіне хас емі бар екендігі есте болмады. «заманына қарай түлкісі» деп жорты берді, екі жамит арасындағы би намаздың көбімен әлі келе жатырмыз.

Оқу жағына келейік. Төңкеріс толқынының алғашқы съездерінде-ақ орыстастару саясатымен түншығын келген ел тілегі қай съезде болса да ұлт мектептері ашылсын, ана тілі деген қолданылсын деген тілектер болды. Орыс школдарына, орта мұсылман медреселеріне стипендиялар ашылсын деді. Қаулы қаулы қалпымен қа-

ла берді. Облыстық, уездік комитеттер өз жалованьяларын елден тиынына шейін теріп алуды білді. Бірақ стипендия акшаларын құттан ала алмады. Алған күнде өз жалованьяларының кемін толтырды. Әр жерлерде шалажансар, жоқтан бар мұғалімдер күресі ашылды. Бірақ бұл күрестар орыстан 300 жыл соң қалған қазақ еліне дария қасындағы тамшыдай ғана болды. Ана тілі болсын деп айттық, бірақ ана тіліндегі кітаптарды шығаруға қам қылынбады. Азаматтар саяси сағымға құлаш ұрып, оқу жағына үстірт қарады. Қолмақ тұсында қазақ даласы «жын ойнағы» болып, земство хұқықтары тарылып, бірен-саран ашылған қазақ күретері жойыла бастады. Қымбатшылық көтерілді. Оқушылар азайып, тарай бастады. Бұған қарсы істелген қам болмады, «кафе, ресторандарға» жүріп акша төлеуге азаматтарымыз табылса да, оқу жолына жоба көрсеткен не жәрдем берген азамат болмады. Байғы саяси сандалмен «сар желе» берілді. Совет хұкіметі екінші орнады.

Мінеки 1922 жылдың ішіндегі халіміз: 1) көптің рухына (психология) үлкен өзгеріс кірді; тұрмысқа көзқарасы өзгерді, жастар, кедейлер хакім болуға үйренді; 2) үй ішінің тұрмысына да үлкен өзгеріс кірді; кедейлерден байыраққа ауысын жатқан әйелдер болса да, әйелдің көпшілігі бостандыққа ұмтылып, дүниеге көзқарасын кеңейтіп, рулықтың түрін бұзып жекелікке бет алды. Әзіргі бостандықтап еңбекшіл қазақ елінің алып отырғаны бар екі олжасы осы.

«Өлгенін жасырасын, көмгенде қайтесін» дегендей, елдің басында тұрған көпшіліктерді де жасырын болмас айттып өтейік: 1) шаруа шалажансарлыққа айналды. Бір жағынан жұт себеп болса, екінші жағынан қазақ аудандарының соғыс майданы болуы. Разверстканың тәртіпсіз алынуы орасан себеп болды; 2) ауру, өлім көбейді; 3) бұрынғы шаруа қуаты болған аудандарда ашаршылық өлшеусіз күшейді; 4) көп жерлерде ашылған мектептер жазбылып қалды. Жабылмаған жерлерде де мектеп бар деген аты, көңілді оқу жоқ. Бала оқытуға ықыластанған ел жоқ. Бала оқытқан ынталы мұғалім жоқ. Бала оқытқан ынталы мұғалімдердің күні, тамағы үшін басқа қызметтерге кіріп кетті. Яки өз шаруаларымен айналысып кетті; 5) басылып, дүрілдеп шытып жатқан кітап жоқ. Басқаларға табылған қағаз, баспаханаларға табылмайды; 6) «Үм-сындық» пен «Мәмбеттің» кебін кнп еңбекшіл қазақ

Мұндай қоян-қолтықта қазақ шаруасы бұрынғыдан да басқа түрге түсіп өзгереді. Шаруалық өзгерісінде ордалы халықтардың жоғалғандығы тарихқа таңсық емес. Тарихи мысалдар: испандар Ямайкаға орнаққан соң 50 жылдан кейін тұрғын халықтан бір жан да қалмаған, бәрі де шаруа құлдығымен құрып біткен. Англияда ірі шаруалар күшейіп, ұсақ егіншілер жоғалып кетті. 1880 жылы Америкада Англияға қарсы төңкеріс жасап, 2 жарым миллион азат болды. Қорытып айтқанда, 16—17—18 ғасырлардың ішінде Еуропа байларының шаруа жолында істеген қиянаттарының салдарымен дүниенің басқа бөлімдерінде қырылған жанның есебі жоқ.

1921 жылы қазақ даласын шимайдан өтетін 20 тарау жолға план жасалған еді. Әр тарауына бірте-бірте темір жол жүргізуге жиһангершілік соғысы, одан кейін төңкеріс бөгет болса да, аздап істеле бастағаны бар. Темір жол қандай үкіметке болса да керек. Сондықтан ерте ме, кеш пе қазақ даласының темір жолмен өрнектелуінде сөз жоқ. Шаруа ғалымдарының айтуына қарағанда темір жол айналасы 20 шақырым жердегі шаруаға өзгеріс кіргізеді. Бұған қарағанда бір Бетпақтың даласы болмаса, басқа жерлер түгелімен темір жолдың күшағына кіреді. Осы кезде сол шаруаның өзгеруіне алдын алып қолайлана бермесе, қазақтың құрып кету қаупі туады.

Қазақ елі құрымас үшін отырықшы болу керек деушілер бар. Қағаз бетінде отырықшы болумен мәдениет көктей түспейді, жерден шықпайды. Отырықшылықтың көп шарттары бар. Сол шарттар орындалса ғана мәдениет гүлденбекші. Төңкеріске шейін отырықшылықтың пайда болған жоқ. Отырықшы болған Тобыл, Бараба, Тары татарларының азнауы, мұжықтарға шіркеуден басқаны болмауы, қазақтың бірен-саран қала болғандар шаруасының төмендемесе ілгерілемегені — жағдайлы шарттарсыз отырықшылықтың өнімсіздігіне дәлел.

Отырықшы болған соң шаруа түрі өзгеріп, ауданы тараяды. Мұндай шаруаны алып бару үшін білімді көсемдер керек (оқытушы, агроном, адам һәм мал зәрігерлері сияқты), бұлар табылса оң жер-су егіндікке қолайлы болса, отырықшы болған артық. Көсемдер болмағанда өншейінде кең қонышты, салмақ, жалқау қазақтарға бірігіп қала болып отыр деу өзімше өтергенмен бірдей. Қазақтың бұл уақытқа шейін көшпелі бо-

лып мал бағумен келуіне түрлі себеп болды: 1) кең өрісте мал өсірудің бейнесі аз болып, пайдасының көп болғандығы, «аз еңбекпен көп еңбек шығару» шаруашылық заңы; 2) қазақ даласының ауасы, топырағы, өсімдігі, суы мал өсіруге қолайлы. Таршылықтың уысына түскен елдер, ешкімнің үгіттеуісіз-ақ бейнесі көп болса да егін сала бастады. Қазақ даласында тұщы су аз. Оңтүстікке орныққан орыс қалалары кей жерде су жетпегендіктен қар жинап, бетін сабанмен жабады.

Жиналған қар жаз ортасына шейін жатады. Малдың ыңғайына қарай отырып 5—7 шақырымнан ауыз су таситын елдер бар. Қысқы уақта қарлы қазанға ерітін, мал суаратын елдер бар. Ең тұщы суға бай Көкшетау уезінің маңдай жерлері орыстың үлесіне кіріп кетті. Ақмола облысында ащы көлдер неше мыңдан болады. Қара топырақты тұщы көлдер түтәлімен келімсекке кетті деуге болады. Қазақ елі көбінесе құдықпен күй көреді. Көкшетауды кіндік қылып алғанда айналасында мал бағуға жазайтын 2 миллион десятинадей жер бар. Бұл жерге арық жүргізілмесе егіндікке жармайды.

Қазақтың тұтастай егіндік жерлері келімсекке кетті. Енді қалғаны ұйыма ғана. Қалған жердің топырағы тәуір болғанмен, басқа бөгеттері бар. Қереку, Семей уездерінде құрғақшылық жиі болады. Қарқаралы, Өскемен тауларындағы егіндікке жазғытуры, күзгі мұз қыраулар, жазғы шықтар үлкен-үлкен зиян келтіреді. Және де Ырғыз, Торғай, Қарқаралы, Өскемен, Зайсан уездерінде көбінесе егінді суарып салмаса шықпайды. Қазақ даласында егін салуға жалпы бөгет: құрғақшылық, шегіртке әм құстардың жеуі.

Бұл бөгеттерден құтылуға қазақ егін салудың тәсілін білмейді. Бұдан нәтиже: қашан мәдениет өркендеп техника күшейгенге шейін қазақ даласына егіншілік кіндік шаруа болмайтындығы, бізде ең негізгі шаруа негізі — кең табиғатпен кәсіпшілік пен мал шаруасы болады.

Көшпелі тұмысты көп тексерген Клемменс 1904 жылы 28 сентябрьде ескілікті жинайтын ұйымның жиналысында айтқан: «Мал бағушылықтан егіншілікке көшу шарт емес. Мұны дәл көрсетіп отыр. Қазірде мәдени Швейцарияда сүт шаруасы үшін көшпелілік бар. Нормандияда қой егінің бағасы көтерілген соң, шақатты жерге егін салған, қой баққан пайдалы деп қой бағу отыр. Кавказ сыртындағы қазақ-орыстар да жарты көшпелі. Арзан ет, тері-терсек көшпелі шаруада ғана

мүмкін. Жалпак даланы іске асыратын көшпелілер. Ондай далада егін салу үшін көп білім, көп еңбек керек», — деп. Қазақ даласы туралы да осы ой болу керек, бізде ілгері басатын кәсіптің бірі — қол кәсібі (кустарничество). Қазақ осы күнде іш киімнен басқаны өзі тоқып отыр. Негізгі кәсіптерді ілгері жіберуден басқа да жұмыстар толып жатыр. Жыл сайын күм басып келе жатқан қазақ даласына ағаш отыртып, бөгеу салу, кара су бөгеу, терең құдықтар қазып тұщы су тауып беру, арық жүргізу, топырақ түзеу сияқты. Мұның бәрінде де білімге піскен қызметкерлер керек. Соңғы жылдардағы ащы тәжірибе, «менің атым жүре тұрсын, сенікі тоқтай тұрсынды» көрсетіп отыр. Қазақтың өзінен шыққан қызметкерлерді алсақ, етектей алып жеңге, жеңнен алып етекке жамаран сияқты. Бір өзінде 5 қызмет болып, дел-далмен тиянақты іс атқара алмай жүр. Тарихи тәрбиенің арқасында зор кемшіліктер мен ауыл үй қонған қазақ елінің алдында жұмбақты ауыр жұмыстар тұр. Мұны менгеріп әкететін білімді қазақ елі жоқ, не жеткілікті оқыған азаматтар жоқ.

Ал енді еріксіз, мәдениет қоғамына сүйрейтін қазақта қандай шарттар бар, соларды қарастырайық: 1) Еуропаның капиталисттарының ыңғайына билеген оқымыстылары: «Ілгері басу тұқымында, Америка негірлерді, индустерлі құл қылу, Рүссияда — бұратаналарды кем ұстау дұрыс; кара тұқым мен сары тұқым ақ тұқымға құл болуға жаратылған» деп құдайды өздеріне еншіге алып елі.

Негрлерден білімпаздардың шығуы, жапонның Рүссияны жанбасқа алып соғуы, бұратаналардан әлеуметшілердің шығуы оқымыстылардың ойын өзгертті. Тұқым басқалығы мәдениетке бөгет емес. 2) Өскей ортаның ати мұраның көрші елдің қазаққа бапсыз болғандығы тарихи тексерісте айтылды. 3) Елдің тығыз отыруы, бұл қазақта жоқ. Тығыз отырып барып мәдени боламын дегенше қазақтың құрып бітіп, сүйегі де табылмап қалар. 4) Пән техника бізде жоқ. 5) Шаруа қалшаның өз бетімен жол салып дүрілдеп кетпейтіндігі жоғарыда айтылды. Жалғыз-ақ қазақтың келешегіне үміт көзімен қаранатын, мәдениетке жетекші болатын шарттар: 1) қазақта діни фанатизмнің әлеіздігі; 2) қазақтың еліктегіштігі; 3) көптің қамын қарастырған хукіметтің барлығы; 4) қазақ елінің жалпы оқуға ұмтылғандығы. Жағдайсыз әм жағдайлы шарттары таразыға салып тартқанда төмендегі екі жолдың қажеттігі еріксіз туа-

ды. Екі жол: 1) оқыған азаматтар өзара саяси-әлеуметтік тәрбиені күшейту. Оның әлсіздігі көп жұмыстарды гүлденуіне бұл уақытқа шейін орасан кесел, кесір болып келді. Патшалық хукіметінің жемсауды, тар ұысты саясатының арқасында қазақ еліне сіңген баққұмарлық, кек алғыштық, жаяу өсекшілдік біздің оқыған азаматтарымыздың көбінде бар. Февраль төңкерісінен бері қарай осы үш мінезбен сипаттанған азаматтарымыз халық жұмысына көп кесел істеді. Бұл туралы сан мысал келтіруге болады. Негізгі ұстаған жолы бір азаматтардың өзара болған араздығы әлеумет жұмысына жабыстырып, түймедей жұмысты түйеге айналдырғандай көп. Мынандай оқиғалар да болды: кейбір азаматтар көздеген орындарға сайлана алмаса, қарсы боп шыға келді. Ең болмаса қызметті селкем-соқ істеді. Тіпті қызметтен безіп шығады. Бақ құмарлықпен қолынан келмейтін жұмыстарды атқаруға, жоғарырақ орындарға ұмтылатындар да көп. Осының бәрі — халық жұмысына бөгет. Негізгі жолдан айрылғандарға сөз жоқ. Ал енді көздеген нысанасы, жүрген ізі бір болса да, оқыған азаматтарымыз әрқайсысы өз бетімен сай өрлесе, халық жүгін өзіне қарай тартпаса, іс оңға басар ма? Баққұндылық, бәсекешілдік, жаяу өсекшілдік, кек алғыштық жүрген жерде қара халықтың қамы қарастырыла ма? Әсіресе терең жардың қабағында тұрған қазақ елі кең жазыққа шыға алар ма? Халық пайдасына деген жеңіл пландар (аурулары былай түрсын) тұрмыс жүзінде іске асар ма? Жоқ, тіпті жоқ. Сондықтан баққұмарлықты, кек алғыштықты, жаяу өсекшілдікті жоғалтатын саяси-әлеуметтік тәрбиені күшейтуді бірінші жолға қойып отырмын.

Осы үш қарсы мінезден сау азаматтар қай жерде болса да көз-құлақ болып, өз алқасындағыларды жоғарыда айтылған үш мінезден сақтандыру керек. Екінші жолға оқуды қойған себебім: оқудың арқасында мінез, шаруа кемшіліктерін жоғалтуға болады. Оқу жолының ұнығатын құрбандықтарға көзді жұму керек. Оқу жұмысы осы күнгі қалыппен жүріп отырса, қазаққа жеткілікті мәдени қызметкерлер 50 жылсыз шыға алмайды. Ол 50 жылға шейінгі қылы-қилы заман өтіп шаруа құлдығы қазақ елін жермен жексен қылуға мүмкін. Мемнің жобам: оқуды бірінші майдан деп, төңкеріс жолын қолдану керек. Бұл ретпен жаңа заңдарды шетірек жайылдыр ПЭП-ке билетпей, мынадай шараларға кірісу керек: уездік қалада бар пәндерді орысша оқытатын

школа ашу керек. Қазақ тілі бір сабақ болып қана кір-
сін. Орыс тілінде оқытылатын дегендегі қоятын дәлелім:
1) қазақтың өзінде жеткілікті оқытушылар жоқ; 2) жал-
пы білімінің әм техникасының өрісін кеңейтетін қазақ ті-
лінде кітап жоқ; 3) тұрмыс бізді мәдениеті көш-құлаш
артық Рүссиямен ауыл үй қондырып отыр; 4) оқу ана
тілінде болсын деп кенірдек қозатын төңкерістің алғаш-
қы қызу күндері өтті. Істін өнімді жағын қарастыру
керек. Бұл школага әр ауылнайлықтан бала беруді әм
баланың шығынын сол ауылнайлыққа міндетті қылу
керек. Бірінші кандидаттыққа кедей баласын қою ке-
рек. Белгілі саннан артық малы бар, аумақты адамдар-
ға балаларын өз күштерімен оқытуды әм жалпы бір
ауылнайлыққа түскен шығынды да төлеуді міндетті қы-
лу керек. Жыл сайын осы ретпен бала алын отыру
керек. Сол уақытта бір ауылнайлықта орта есеппен 10
ауыл балалы десек, 10 жылдың ішінде ауыл басы бір
оқығаннан келеді. Алды бітіріп ауылнайлық басы бір
қызметкерден даяр болады. 20 жылда ауыл басы бір
қызметкерден келеді. Міне сол уақта біздің мұрты-
мызды балта да кеспейді. Қазақ шығын төлеуге үйрен-
ді, сөзсіз орындайды. Ашаршылықтан малы азайған
өлдерге расында шығын төлеу қиын. Оларға түсетін
шығынды сауда ұйымдарына аудару керек. Ел арасы-
на школ үйлерін салып, бала оқытамыз деу іске аспап-
тың хикметі екендігін тұрмыс көрсетіп отыр. Қазақ тілін-
де ашыған курстардың де жілігі татымайтындығын
тұрмыс көрсетіп отыр. Екі жол туралы қазақ азаматта-
ры баспасөз бетінде ой жүргізіп, толғауға салу керек.
Сол уақытта мәселенің беті ашылады.

ӘНГІМЕЛЕР

«Дүрия» — тұңғыш рет «Әйел теңдігі» журналында (1927, 5-саны) жарық көрген. Кемеңгерұлы ақталғаннан кейін шыққан «Алтын сақина» («Жазушы», 1965) жинағына енген. Осы кітапта (үшінші басылымы — 1965 жылғы нұсқасы) түсіп қалған: — «Бүгін осында қон. Арманымыздан шыға кеңесейік деп, Қөбен қолқа салды. Далабай қу көзін мүлгітін жіберіп:

— Жұмысы болмаса төренің қонғаны жақсы, — деді.

Кешеден бері өкінен де, түсінен де Шолпанды шығара алмай келе жатқан ол, көңілін бөлу үшін жаңа да кедеймен қашқан байдың қызын көру үшін тоқтауға көнді. Далабай қу мырық болған түйеше нысылдан отырған Жуантайды тізеге қағып далаға жөнелді. Іле артынан бұрсалаңдан Жуантай да шықты» — деген жолдар «Әйел теңдігі» журналындағы нұсқасы бойынша толықтырылып жіберілді.

«Ерлік жүректе» — «Сана» журналында (1924, 2—3-саны) шыққан. 1965 жылғы («Алтын сақина») басылым бойынша жіберілді.

«Қазақ әйелдері» — «Әйел теңдігі» (1924, 4-саны) журналында шыққан. 1965 жылғы жинаққа кірмеген. Осы жинаққа журналдағы нұсқасы бойынша жіберілді.

«Назика» — «Әйел теңдігінің» 1928 жылғы 4-санында жарияланған.

«Жетім қыз» — «Жас қайрат» журналының 1924 жылғы 6-санынан алынды.

«Отаршылдық үшқындылары» — «Әдебиет термесі» (1925, 1-саны).

«Момынтай» — «Лениншіл жас» (1925, 3—5-сандары) журналында басылған.

«Қанды толқын» — «Еңбекші қазақ» газеті (4 январі, 1926 жыл).

ПЬЕСАЛАР

«Алтын сақина» — 4 перделі драма. Тұңғыш рет 1923 жылы Орынборда Қазақстан мемлекеттік баспасында шыққан. Жиырмаасыншы жылдардың басында көркем үйірмелерде қойылған. Күләш Байсейитованың қолжазба дәптерінде осы пьесаны ел арасына қойғанда жұртшылықтың жақсы қарсы алғанын атап кетеді. Қазақтың ұлт театры ашылатын күні «Еңбекші қазақ» газетінде (13.1. 1926) мынандай хабарландыру бар:

«Ғынуардың 13 күні кешкі сағат 6-да мемлекеттік ұлт театрының ашылу мерекесі болады. Театрдың әртістері Қеменгерұлының «Алтын сақинасын» қояды» делінген.

Смағұл Сәдуақасов «Алғашқы тәжірибелер» атты мақаласында («Еңбекші қазақ», 29.1. 1926) пьеса туралы: «Театрда ойнауға жарайтын пьеса бар ма? деп сұрақ қояды да, төмендегі пьесаларды атайды. Олар: Алдымен «Еңлік — Кебек», «Алтын сақина», «Бәйбіше — тоқал», «Сылаң қыз» да жарайды. «Қызыл сұңқар» да жарал кетеді», — дейді.

«Парашылдар» — бір перделі комедия. «Жаңа мектеп» (1926 ж. 7, 8-сандары) журналында басылған. 1965 жылғы жинақта шықты. Мына кітапқа сол басылымы бойынша жіберілді.

«Ескі оқу» — бір перделі комедия. «Жаңа мектеп» (1927 ж. 1-саны) журналында шыққан. Мына басылымы 1965 жылғы жинақ бойынша жіберіліп отыр.

ОЧЕРК, МАҚАЛА, РЕЦЕНЗИЯЛАР

«Жол әсері» — очерк. «Қазақ тілі» газетінде (15.8. 1924) жарияланған. Қ. Қеменгерұлы Берлин университетінен келген профессор, дәрігер Макс Кучинскиймен бірге Семей уезін аралаған сапарынан көрген, түйгендерін жазады. Бұл жайында ғалым Ысқақ Дүйсенбаевтың «Мұхтар Әуезов» атты кітабында мынандай жолдар бар: «Шамасы, 20 жылдардың басында болу керек, неміс ғалымы (медик) Макс Кучинский бастаған шағын топ жазды күні Мұқандардың ауылына келеді. Неміс оқымыстысының жанында бірі орыс (неміс тілін білетін), бірі қазақ (орыс тілін білетін) екі тілмашы бар екен. Сол жылдары дәрігерлік жоғары мектепте оқып жүрген Қошке Қеменгеров қазақ ауылына келген соң

еркін серуендеп, біраз серпілмек болады да, Мұқаннан өз орнына тілмаштық етуді өтініп, ол кісі ойламаған жерден аз уақыт Кучинскийдің қарамағында қызмет етеді. Ал Макс Кучинский ең алдымен дзанын білімді адамымен сөйлескісі келген тілегін білдіргенде, оны Мұқан Шәкәріммен таныстырады. Неміс ғалымына ол зор құрмет көрсетеді» («Ғылым» баспасы, 1974, 214-бет) деп жазған.

Ескерте кететін бір жәй, Қошқе тілмаш қана емес, профессормен бірге дәрігерлік көмегін де аямаған. Ы. Дүйсенбаевтың «Жоғарғы дәрігерлік мектеп» дегені Қошқе ол кезде Омбының медицина институтында оқып жүрген кезі. «Жол әсерінде» жазғанына қарасак, Қошқенің «Қазақ ауылына келген соң еркін серуендеп» көп «серпілуге» мұршасы болмаған секілді.

«Сурауларымыз, жауаптар (анкеттер)». («Ақ жол» 9, XII, 1924). Кеңес қызметкерлері туралы. «Ақ жол» газетінің басқармасы тарапынан 22 октябрь, 1924 жылы төмендегідей сұрау, анкета жарияланған.

1. Уездік қызметкерлерден бастап ауылдың кеңес адамдарына шейін Кеңес мекемелеріндегі адамдар үкіметті еңбекшіге жақындату үшін, еңбекшілер қожалығын орнату үшін қандай шарттар керек?

Кілең жалшы мен жұмысшыдан сайдау керек пе? Жок орта шаруадан да сайлаған жөн бе?

2. Орта шаруа деп қандай малы, қанша десетине егіні бар, қанша малай жалдаушыны айту керек? Қай елде қандай шек қоюға болады?

3. Кеңес қызметкерлерінің қызмет атқара алуы үшін адамшылығы, білімі қандай болуға тиіс?

4. Жергілікті елдің өзінен сайдағаны дұрыс па, басқа уез басқа болыстан сайлау дұрыс па?

5. Болыстық исполкомдардың мүшесі әр жерде, әр ауылда болғандықтан, көбінесе басы қосылмай қызметті жалғыз исполком төрағасы атқарып жүреді. Жұмысты кеңес арқылы жүргізу үшін қандай даж бар?

6. Ел ішіндегі қызметкерлердің кеңседе отырып жұмыс істейтіні бар. Көбінесе ат үстінде ел қыдырып жүреді. Оларды кеңес жұмысына қалай үйретуге болады?

7. Кей елдерде бір жерде кеңсе болмағандықтан, көшпін жүреді. Бұл әсіресе көшпелі, шалп көшпелі елдерде болады. Кеңесің көшпелі болғаны лайық па? Бір жерге орнату керек пе? Көшпелі болса, қандай негіз, жол

тұтыну керек? Бір жерде қанша уақыт болады? Қандай ауылда орындайды?

8. Болыстық, уездік, райондық қызметкерлер ауысындыру пайдалы ма? Жоқ сырзалы қызметкерлер қалпын отырғыны пайдалы ма? Қандай жұртпен қай кезде ауыстыру керек?

9. Елдегі ру партияларына көпес мекемелері қандай әліс тұтыну керек? Ру партиясын өшіруге талаптану керек пе? Жоқ, ұшыстырып еңбекшілерге пайда келтірмеу жөн бе?

10. Кей елде байдың жалшысын болмаса көпесінің ауыспай, совет болыстық исполкомға сыйлап, сана кірмеген, қашынан қорғалақ, қорқақ, жалыншақ кедей бұйларға батып лау міне алмай, налог жия алмай, қызмет атқара алмай жүр. Сондай адамдардан қайткенде пайда шығады?

11. Көпшелі елдерде байдан қаймықпайтын өжет, етігірі, епті жігіттер болады. Олардың қолынан жақсылық та, жамандық та келеді. Соларды қызметке алып түзетуге болар ма еді?

12. Болыстық, ауылдық қызметкерлердің мінетін аты елдікі. Кей елде дежурный ат деп бірнеше күнге мініп қайтарады. Кей елде кез келген жерден шабармен ұстап ала береді. Партиялы елдің бір үлкен мұқататын қаруы малмен қарсы жағын мұқату. Лау міну туралы ел қызметкерлері қандай жол тұтыну керек?

13. Жер дауы, қолқабыс комитеті, кооперация, оқу жұмыстары туралы ел ішіндегі қызметкерлер салақ жүреді. Іс білмейді. Исполкомдар газет оқып, мағлұмат алып пайдасын көпке тигізбейді. Оларды пайдалы іске қосу үшін қандай шара бар?

14. Болыстық исполком, ауылдық советтердің мұршасы келмей қалатын қауырт жұмыс налог науқаны кезінде болады. Елді де арандатып қалатын кезі сондай науқан кезі. Сол кезде оларға қандай жәрдем, қалай, кәйілі берілу керек?

15. Налок тағы басқа үкіметтің бұйрық-жарлықтары, заңдары туралы ел ешнәресе есті алмайды. Сондықтан ирғи-жығын да көп болады. Бұған не амал ету керек?

16. Ел ішіндегі қызметкерлер ақыны қалай, қайдан алады? Қашан қолына тез тиеді?

Осы сұрауларға берілген К. Кеменгерұлының жауабының (9 декабрь, 1924) «Ақ жол» газетінде жарияланған нұсқасы.

«Тілшілердің міндеті, һәм мәнісі туралы» Кеменгерұлының баяндамасы («Ақ жол», Түркістан баспасы, 1925 жыл, 27 бет). «Ақ жол» тілшілерінің 1925 жылы апрельде болған I конференциясында әр уезден келген тілшілер сөйлеген. «Баяндама» дегенмен 1—2 беттен аспайды. 27 беттік кітапшалада он шақты аламың сөзі берілген. Конференцияның соңында «Басқарма мен тілшілер ортасында болған қатынас туралы» басқарманың хатшысы Хасанғалидың баяндамасында осы жиналыстан шығатын қорытынды ретінде он екі нәрсе деп түбелді:

1. Жұрт қызметіне араласа жүру керек.
2. Қырағы болу керек.
3. Материалды мерзімінде жіберу керек.
4. Басқармамен байланысын мықты болсын.
5. Әр нәрсені жазып ал (мынау газетке жазарлық әңгімелер деп түртіп).
6. Әр мәселені бөлек жаз (бұрын ойлап, темаға бөліп жаз).
7. Сөзді кестелі қылып қысқа жаз.
8. Хабар жазудың техникасын үйрен.
9. Дұрыс жазуға үйрен (газетке жіберген материалмен шыққанын салыстырып кемшілігін жөндеу).
10. Газеттің әсерін байқа (оқушылар арасына қандай әсер).
11. Шын газетшіл бол. Жұртшылық қызметі деп сана.
12. Газеттің газетшісі бол (газеттің мәзгілімен тырнауына, қолына тиюіне).

Осыдан кейін конференцияның жабылуына «Ақ жолдың» шығарушысы Иса Токтыбайұлы, тілшілер атынан Жантеліұлы сөйлейді, конференцияны президентум атанан Байғасқаұлы қорытынды сөзбен жабады.

«Қазақша-орысша тілмаш» туралы түсініс» («Еңбекші қазақ» 24. XI. 26) — мақала 1924 жылы Мәскеуде К. Кеменгерұлының басқаруымен құрамында жеті автор (Буралқиев, Байтәев, Байғасқин, Баймақанов, Дәулетбеков, Темірбеков, Сәрсенбаев) «Қазақша-орысша тілмаш» атты сөздік шығарған. Мынау мақалада Қошқе оқушылардан келіп түскен хаттарға жауап-түсінік берген. Осы басылымды газеттен алынды.

«Қызмет адамдарының қонақасысы» («Еңбекші қазақ», 26. 12. 26) дейтін мақала «айтыс ретінде» деп көрсетілген. Кейін газет бетінде Қошқенің қонақасыға тыйым салу керек деген пікіріне қарсы «Қонақасы — қа-

зақтың бөлінбеген еншісі» деп дау айтып қолдамаушылар да болған. Қошке осы мәселенің төңірегінде бұдан бұрын да «Елге шыққан өкілдерге қонақасы беруге тыйым салу» («Еңбекші қазақ» 7. IV. 23) атты мақаласын жариялаған.

«Мектеп қай тілде болу керек?» («Еңбекші қазақ», 1. 2. 27) — мақала. Газеттен алынды.

«Көркем әдебиет туралы». Қошке («Еңбекші қазақ», 1. 12. 26) 1926 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің бетінде әдебиет төңірегінде болған айтысқа Мұхтар Әуезұлы, Қошке Кеменгерұлы, Ерғали Алдонғаров, Абдрахман Байдильдин, Мәжит Дәулетбаев, Сәбит Мұқанов тағы басқа белгілі жазушылар, әдебиетшілер қатысқан.

Қошкенің мына мақаласы Сәбит Мұқановтың «Көркем әдебиет туралы» («Еңбекші қазақ» 14, 15. X. 26) мақаласына жауап түрінде жазылған. Қошкенің мақаласына қарсы Сәбит «Көркем әдебиет туралы қорытынды пікір» («Еңбекші қазақ», 4, 5. 1. 27) деген мақаласымен айтысты жалғастырады. Сәбит сөзіне көңілі толмаған Қошке «Сәбитпен айтысты доғардым» («Еңбекші қазақ» 30. 1. 27) деп қысқа ғана жауап қайтарады.

Бұған қарсы Сәбит тағы да «Мен айтысты доғармаймын» дегенмен, Қошке тарапынан пейіл болмаған соң әрі қарай жалғаспайды.

«Көркем әдебиет туралы» айтысқа төрелік қорытынды пікірді «Екеу» деген бүркеншік атпен («Еңбекші қазақ», 3. 8. 1927) Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов мақаласы жарияланады. («Екеу» Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезовтің бүркеншік аты дегенді Қайым Мұхаметжанов, орталық архив қызметкері Бейсенбай Байғалиев пен зерттеуші ғалым филология ғылымының докторы Мекемтас Мырзахметовтың пікіріне сүйеніп айттық).

ӨЛЕҢДЕРІ

«Жазғытұры» — «Айқап» журналы, 1915 жыл, 7—8-сандары.

«Солған гүл» — «Айқап», 1915 жыл, 14-саны.

«Бақ іздеген» — «Айқап», 1915 жыл, 12-саны.

«Пайғамбар» («Пророк») — Пушкиннен аударған. «Айқап», 1915 жыл, 4-саны.

Түрмеден жазған өлеңдері — Алматы түрмесінде жатқанда бала-шағасына жазған хаттары. Зайыбы Күлсім шешей мен балаларының есінде қалғандары. Түпнұсқасы сақталмаған.

«Қазақ тарихынан» — СССР халықтарының кіндік баспасы, Мәскеу, 1924 жыл.

Осы жинаққа Қошкениң баласы Нарманбеттің қолындағы нұсқасын жібердік.

МАЗМУНЫ

Қошмұхаммед (Қошқе) Кемелгерұлы (Р. Рүстембекова)

ӘНГІМЕЛЕР

Дүрия	32
Ерлік жүректе	36
Қазақ әйелдері	43
Назика	44
Жетім қыз	46
Момынтай	49
Отаршылдықтардың ұшқындары	58
Қанды толқын	60

ПЬЕСАЛАР

Алтын сақина	63
Парашылдар	84
Ескі оқу	92

ОЧЕРК, МАҚАЛАЛАР

Жол әсері	98
Қазақ тіліне өтініш	103
Сұрауларымыз жауаптар (сұрақтар)	106
Кеңес қызметкерлері туралы «Ақ жол» тілшілерінің бірі- ші конференциясы	110
Тілшілердің міндеті һәм мәнісі туралы жолдас Кемелгерұлы- ның баяндамасы	114
«Қазқша орысша тілмаш» туралы түсініс	114
Қызмет адамдарының қонақасысы	116
Мектеп қай тілде болу керек?	117
Көркем әдебиет туралы зерттеу	120
Өлеңдер	130
Қазақ тарихында	139
Түсініктер (Р. Рүстембекова)	177

Қошқе (Қошмұхаммед) Кемелгерұлы

ШЫҒАРМАЛАР

Редактор: Ж. Қайранбаев.

Техн. редактор: К. Тұрымбетова.

Теруге 22.02.95. жіберілді. Басуға 15.04.95. қол қойылды. Пішімі
84x108 1/32. Шартты баспа табағы 9,66. Есептік баспа табағы 10,85.

Таразымы 1000 дана. Тапсырылыс № 358.

Алматы облыстық «Алатау» баспа-полиграфия корпорациясы.

Қаскелең аудандық баспаханасы. Победа көшесі, 58.